

2025

ЕҢБЕКТЕР ЖИНАҒЫ
СБОРНИК ТРУДОВ
COLLECTION OF WORKS

**VII ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТӘЖІРИБЕЛІК
КОНФЕРЕНЦИЯ**
**«Энергия және ресурстар үнемдеу технологиялары:
тәжірибелер және келешегі»**

**VII МЕЖДУНАРОДНАЯ
НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКАЯ КОНФЕРЕНЦИЯ**
**«Энерго- и ресурсосберегающие технологии:
опыты и перспективы»**

**VII INTERNATIONAL
SCIENTIFIC AND PRACTICAL CONFERENCE**
**«Energy- and resource saving technologies:
experience and prospects»**

КУ имени Коркыт Ата, Кызылорда



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ
МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО НАУКИ И ВЫСШЕГО ОБРАЗОВАНИЯ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF SCIENCE AND HIGHER EDUCATION OF THE
REPUBLIC OF KAZAKHSTAN**

**ҚОРҚЫТ АТА АТЫНДАҒЫ ҚЫЗЫЛОРДА УНИВЕРСИТЕТІ
КЫЗЫЛОРДИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ КОРКЫТ АТА
KORKYT ATA KYZYLORDA UNIVERSITY**



**«Энергия және ресурстар үнемдеу технологиялары: тәжірибелер және
келешегі»**

**VII ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТӘЖІРИБЕЛІК
КОНФЕРЕНЦИЯ МАТЕРИАЛДАРЫ**

**МАТЕРИАЛЫ VII МЕЖДУНАРОДНОЙ НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ
КОНФЕРЕНЦИИ**

«Энерго- и ресурсосберегающие технологии: опыты и перспективы»

**MATERIALS OF THE VII INTERNATIONAL SCIENTIFIC PRACTICAL
CONFERENCE**

«Energy and Resource Saving Technologies: Experiences and Prospects»

ӘОЖ 373
ҚБЖ 74.268
Э 69

«Энергия және ресурстар үнемдеу технологиялары: тәжірибелер және келешегі» атты VII ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТӘЖІРИБЕЛІК КОНФЕРЕНЦИЯ МАТЕРИАЛДАРЫ. 04 сәуір 2025 ж. – Қызылорда: Қорқыт Ата атындағы ҚУ, 2025. – 608 бет.

МАТЕРИАЛЫ VII МЕЖДУНАРОДНОЙ НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ КОНФЕРЕНЦИИ на тему «Энерго- и ресурсосберегающие технологии: опыты и перспективы». 04 апрель 2025 г. – Кызылорда: КУ им Коркыт Ата, 2025. - 608 с.

MATERIALS OF THE VII INTERNATIONAL SCIENTIFIC PRACTICAL CONFERENCE «Energy and Resource Saving Technologies: Experiences and Prospects». April 04, 2025 - Kyzylorda: Korkyt Ata KU, 2025. – 608 p.

Редакциялық ұжым: ф. ғ. к. М.Ә. Бөрібаева, профессор, т.ғ.д. А.С. Бердышев, т.ғ.к., қауымд. профессор Г.К. Сыдыкова, қауымд. профессор, б.ғ.к. Б.Б. Абжалелов, профессор, х.ғ.к. Н.О. Аппазов, PhD Н.Ш. Нұрғалиев, доцент, т.ғ.к. А.О. Даутбаева, PhD А. Темирбек, А.М. Айтуғанова, А. Жансерікқызы.

Редакционная коллегия: к.ф.н. М.А. Бурибаева, профессор, д.т.н. А.С. Бердышев, к.т.н. ассоц. профессор Г.К. Сыдыкова, ассоц. профессор, к.б.н. Б.Б. Абжалелов, профессор, к.х.н. Н.О. Аппазов, PhD Н.Ш. Нурғалиев, доцент, к.т.н. А.О. Даутбаева, PhD А.Темирбек, А.М. Айтуғанова, А. Жансериккызы.

Editorial team: candidate of philological sciences M.A. Buribaeva, Professor, PhD A.S. Berdishev, candidate of technical sciences (Ph.D), assos. professor G.K. Sydykova, Associate Professor, Candidate of Biological Sciences B.B. Abzhalelov, professor, Candidate of Chemical Sciences N.O. Appazov, PhD N.Sh. Nurgaliev, Candidate of Technical Sciences, Associate Professor A.O. Dautbayeva, PhD A. Temirbek, A.M. Aituganova, A. Zhanserikkyzy.

ISBN 978-601-02-1662-1

Техникалық хатшы: Жансерікқызы Акнұр
Технический секретарь: Жансериккызы Акнур
Technical Secretary: Zhanserikkyzy Aknur

Шығарылған материалдағы мәліметтердің шынайылығына авторлар жауапты.
За достоверность информации в опубликованных материалах ответственность несут авторы публикаций.
For the authenticity of information in published materials are responsible the authors of publications.

СОДЕРЖАНИЕ

СЕКЦИЯ № 1 ЭНЕРГОСБЕРЕЖЕНИЕ, ЭНЕРГОЭФФЕКТИВНОСТЬ И АЛЬТЕРНАТИВНАЯ ЭНЕРГЕТИКА

Тунгышбаева У.О., Амиргалинова А.М. <i>Қоғамдық тамақтанудағы НАССР бойынша қауіпсіздік пен сапаның негізі ретінде энергия мен ресурс үнемдеу</i>	10
Утегенова А.С., Қанатов А.М. <i>Гелиоқұрылыстардың жылутасымалдағышы ретінде жаңа заттарды пайдалану.....</i>	18
Жакипова Ж.Н. <i>Энергетикадағы биотехнология: биогаз көздерін тиімді пайдалану мәселелері.....</i>	24
Жакенова Б.Ж. <i>Баламалы энергия көздерін пайдалану.....</i>	34
Будикова А.М., Сулейменов Д.С. <i>Сейсмикалық күйтердің ғимараттар мен құрылыстарға әсерін талдау.....</i>	40
Базартай Ш.Е. <i>Қазақстандағы интеллектуалды энергетикалық жүйе (SMART GRID) концепциясы</i>	47
Калыбаева А.Қ., Қалилула Ә.Б. <i>Күн энергиясын түрлендіру жүйесін автоматты басқару.....</i>	59
Қуаныш М.А. <i>Қазақстанның электрлендірілген темір жолдарының пайдалану сипаттамаларын жақсарту бойынша техникалық іс-шараларды әзірлеу.....</i>	68
Сыдыкова Г.К., Құлтан И.Б., Жансерікқызы А., Жармахан Қ.Қ. <i>Қызылорда облысы аумағында күн энергиясын қолдану.....</i>	74
Баймаханова З.А., Бедебекова С. <i>ЖЭК-ті электр энергетикасы жүйелеріне интеграциялау және энергия жинақтағыштардың рөлі.....</i>	85
Мұнайтбас А.Н., Орынбек А.С., Темирбек А. <i>Фотоэлектрлік қондырғылардың энергетикалық тиімділігін трекер механизмі арқылы арттыру.....</i>	94
Жүнісов Ж.Т. <i>Күн және жел қондырғыларын жобалау үшін паса деректер базасын актинометриялық ақпарат көзі ретінде пайдалану.....</i>	98
Айтуғанова А.М., Турдубоев А.А. <i>Ағынды суларды тазартудың электрохимиялық әдістері: теориялық негіздері мен қолдану тиімділігі.....</i>	104

Утемуратова И.А., Газиева Р.Т.	
<i>Агроинновациялар: күріш алқаптарын суаруды автоматтандыру.....</i>	111
Жансерікқызы А., Матчонов О.К.	
<i>Электр тогының өсімдіктердің дамуына әсері.....</i>	116
Жармахан Қ.Қ.	
<i>Күн шоғырландырғышының голографиялық диагностикасын MATLAB жүйесінде модельдеу.....</i>	120

СЕКЦИЯ № 2 ИННОВАЦИОННЫЕ IT-ТЕХНОЛОГИИ И МОДЕЛИРОВАНИЕ ТЕХНОЛОГИЧЕСКИХ ПРОЦЕССОВ

Булатов М.Қ., Рысдаулетова А.А.	
<i>Learn Python мобильді қосымшасын әзірлеу.....</i>	126
Раманқұлов А.А., Шындалиев Н.Т.	
<i>Робототехника пәнін үйретуші мобильді қосымша әзірлеу.....</i>	133
Сабырғалиева А.С., Шангытбаева Г.А.	
<i>ANDROID STUDIO көмегімен ағылшын тілін үйрету қосымшасын әзірлеу...</i>	136
Кеңесбаев А.А., Рысдаулетова А.А.	
<i>Логикалық ойындар мобильдік қосымшасын әзірлеу.....</i>	140
Төремұратова Н.М., Шангытбаева Г.А.	
<i>ANDROID STUDIO ортасында «NFIT ФИТНЕС» мобильді қосымшасын құру.....</i>	146
Турмаганбетова З.П., Шангытбаева Г.А.	
<i>Веб-клиникаға арналған мобильді қосымша құру.....</i>	149
Алтыбаева А.Н.	
<i>Кондитерлік мастер- классқа арналған мобильді қосымша құру.....</i>	156
Әли А.С., Байғанова А.М.	
<i>Сандық транзакцияларды қорғау үшін блокчейн технологияларын қолдану..</i>	162
Karim N.A., Konyrbaev N.B., Issakul Y.K.	
<i>Cognitive technologies for intelligent robotic systems.....</i>	169
Жанабекқызы А., Наурызова Н.К.	
<i>C# бағдарламасында информатика пәніне интерактивті тапсырмалар жиынтығы.....</i>	176
Орашова И.Б., Наурызова Н.К.	
<i>Программалық жабдықты жобалау және құру пәнінен электрондық оқулық әзірлеу.....</i>	181
Сүйеу Б.Н., Шангытбаева Г. А.	
<i>ANDROID STUDIO ортасында математиканы үйретуге арналған «SMARTMATH» мобильді қосымшасын жасау.....</i>	186

Нұржан Д.Ж., Көптілеуов Б.Ж., Жаңабек Ж.Ж., Бақытжан Б.Б., <i>Көлік саласында энергия тиімділігін арттырудағы автоматтандырылған басқару жүйелерінің рөлі мен маңызы.....</i>	194
Мурсалим А.С., Мансурова М.Е. <i>Тұрғын үй коммуналды шаруашылығындағы нысандардың жұмысын талдау және істен шығуын болжау ақпараттық жүйесін құру және зерттеу.....</i>	199
Төлеміс А.И. <i>Бастауыш сыныпқа математика пәнін үйретуге арналған мобильді қосымша құру.....</i>	203
Шульгина-Тарашук А.С., Смаилова А.С. <i>Роль интернета вещей в автоматизации производства.....</i>	211
Сердалықызы Н., Наурызова Н.К. <i>Информатиканы оқытуда ерекше білім беруді қажет ететін оқушыларға ақпараттық – коммуникациялық технологияларды қолдану.....</i>	223
Шангытбаева Г.А., Онайбаева Н.Н. <i>Криптография и шифрование: основные принципы и методы.....</i>	236
Серикова А.Т. <i>OBJECTVIEWER платформасын сабақта қолдану тиімділігі.....</i>	244
Серикова А.Т. <i>FOXAR платформасын сабақ үрдісіне қолдану өзектілігі.....</i>	250
Жақсылықов Ә.Қ., Шангытбаева Г.А. <i>Машиналық оқыту негізінде мұнайдың тұтқырлығын болжауда жасанды нейрондық желілердің (ANN) қолданылуы.....</i>	255
Беделов Қ.А., Уразымбетов М.С., Атай Ж.М., <i>Педагогикалық мамандықтар студенттеріне бұлтты есептеу негіздерін үйретуге арналған білім беру веб-сайтын құру әдістемесі.....</i>	259
Онайбаева Н.Н. <i>Білімді онлайн бағалауға арналған INFOSCHOOL мобильді қосымшасын әзірлеу және қолдану.....</i>	265
Даутбаева А.О., Қанатұлы Ш. <i>Современных методов машинного обучения и аналитики.....</i>	274
Өтеген Г.Ж., Насырадин Б.Қ. <i>Жасанды интеллекттің бизнес пен индустриядағы рөлі.....</i>	288
Dauitbayeva A.O., Kozhamzharov M.T., <i>Application of the k-means method for career path analysis.....</i>	292
Өтеген Г.Ж., Мырзамуратова А.А. <i>Цифрлық құралдардың қоғамға, еңбек нарығына және білім беру жүйесіне әсері.....</i>	305
Турешбаев А.Т., Турлугулова Н.А., Матжанов А.О. <i>Прикладные задачи небесной механики и космодинамики.....</i>	310

Насырадин Б.Қ., Мырзамуратова А.А. <i>Телекоммуникациялық желілердегі деректерді қорғаудың инновациялық әдістері: жасанды интеллект негізінде кибер шабуылдардың алдын алу мүмкіндіктері.....</i>	322
Кабдолдина Н.О., Берікұлы С. <i>Бұлтты есептеулерде деректерді қорғау технологиялары.....</i>	327
Турлугулова Н.А., Оралбекова Ж.О. <i>SEO оңтайландыруды қолдану арқылы білім беру саласындағы бизнес тиімділігін дамыту: педагогикалық стратегиялар мен әдістер.....</i>	335
Бексейтова А. Б., Зкрия Е. <i>Киберқауіпсіздік пен ақпараттық қауіпсіздік: ұқсастықтары мен айырмашылықтары.....</i>	341
Махамбаева И.У., Есіркепова А.Ө., Тілектес М.О. <i>Басқару жүйелеріндегі ақпаратты қорғау.....</i>	349
Турсынтай Б.Е., Темирбек А. <i>Python тілінде дискінің айналу жылдамдығын басқару жүйесін модельдеу...</i>	354
Джанысова Д.Д. <i>Теориялық білімді практикамен ұштастырудың маңыздылығы.....</i>	360
Ashimova M.E. <i>How ai is used to detect and prevent cyber attacks.....</i>	363

СЕКЦИЯ № 3 РЕСУРСОСБЕРЕЖЕНИЕ В АГРОПРОМЫШЛЕННОМ СЕКТОРЕ

Riabinina N.A., Verbytskyi S.B., Patsera N.M. <i>Features of resource saving in the production chain livestock breeding - food industry – distribution.....</i>	371
Коптилеуов Б.Ж., Нургалиев Н.Ш., Байжанова Б.К., Нуржан Д.Ж., Сардарбекова А.К. <i>Обоснование оптимального количества укосов люцерны в условиях орашаемого земледелия кызылординской области.....</i>	381
Куантаев Е.Б., Сержанов И.М., Шайхутдинов Ф.Ш. <i>Инновационные подходы к выращиванию зернового сорго в условиях Казахстана и Татарстана</i>	388
Baizhanova B.K, Yskak E.N, Koptileuov B.Zh., Akhanov S.M., Nurgaliev N.Sh., Sardarbekova A.K., Orazmakhanov Sh.A. <i>Technological techniques for improving grass stands among cane thickets.....</i>	392
Sultan N.Zh., Tokhetova L.A. <i>Enhancing barley resilience to salinity and drought via induced mutagenesis.....</i>	397
Жусупова Л.А., Дармагамбет К.Х. <i>Разработка новой технологии получения хлорат магниевого дефолианта ...</i>	406

Alibekova A.K., Madenova F.B., Nurmanov N., Abzaliyev E.A., Shaizada A., Aybekkyzy A., Berdibek A., Balmakhanov A.A., Shayankbekova B.R. <i>Concepts and principles of water resource management in the Kyzylorda region</i>	408
Alibekova A.K., Madenova F.B., Nurmanov N., Abzaliyev E.A., Shaizada A., Aybekkyzy A., Berdibek A., Balmakhanov A.A., Shayankbekova B.R. <i>Analysis of the current state of water resources and irrigation systems in the Kyzylorda region</i>	430
Мустафаев М.Г., Таутенов И.А., Мустафаев Ф.М., Таженова С.К., Алдамбергенова Г.Т., <i>Современное экомелиоративное состояние почв мугано-сальянского массива (Азербайджан)</i>	446
Таутенов И.А., Бекжанов С.Ж., Шалабаева Г.А., Жалбыров А.Е., Шортыш Б.Д. <i>Құмай дақылын биоэнергетикада қолдану ерекшеліктері</i>	455

СЕКЦИЯ № 4
НАНОТЕХНОЛОГИИ И РАЦИОНАЛЬНОЕ ИСПОЛЬЗОВАНИЕ
ПРИРОДНЫХ РЕСУРСОВ

Тажибаев С.К., Зейниденов А.К., Бейсембеков М.К., Боканова А.А. Берік А.А. <i>Повышение эффективности и стабильности перовскитных солнечных элементов за счет оптимизаций слоя переноса дырок</i>	462
Юсупова Ж.Б., Ибраев Н.Х. <i>Синтез наночастиц серебра и их влияние на флуоресценцию и поглощение антрацена</i>	468
Бекхожаев М.Г., Аппазов Н.О. <i>Күріш қауызы мен сабанынан биочар алу</i>	478
Канжар С.А. <i>Белсендірілген көмір алу технологиялары және қолданылатын шикізаттардың ерекшеліктері</i>	479
Серикбаев М.С., Аппазов Н.О. <i>Күріш қауызынан натрий алюмосиликатының синтезі</i>	481
Тойбазарова А.Б. <i>Күріш қауызынан гидротермиялық карбонизация арқылы гидрочар алу</i>	482
Төлегенқызы М. <i>Күріш қауызын кальций силикатына өңдеу және оның сорбциялық қасиеттерін зерттеу</i>	485

Еспанова И.Д., Аппазов Н.О.	
<i>Күріш сабанынан целлюлоза алу тәсілі</i>	487
Алимхан Б.Г., Аппазов Н.О.	
<i>Получение моноглицеридов жирных кислот из рисового масла</i>	488
Ниязова Д.Ж., Аппазов Н.О.	
<i>Фуллерен мен флавоноидтар тандемі реакциясы нәтижесінде суда еритін қосылыстар синтезі және олардың биологиялық қасиеттері</i>	489

СЕКЦИЯ № 5

РАДИАЦИОННАЯ ЭКОЛОГИЯ И ТЕХНОСФЕРНАЯ БЕЗОПАСНОСТЬ

Ермуханова Н.Б., Жалел Ж.С., Бекенов М.Н.	
<i>Мұнай-газ кешені кәсіпорындарындағы тәуекелдерді бағалау.....</i>	492
Сулейменов М.У., Ермуханова Н.Б., Бисенгалиева А.М.	
<i>Уран өндірісінде химиялық және радиациялық әсерден қорғайтын арнайы жеке қорғаныс құралдарын қолдану</i>	499
Игнашев Н.Е., Ибрагимова К.К., Ярмиев И.З.	
<i>Ресурсная оценка животного мира на территории Республики Татарстан.</i>	508
Рахимов И.И., Латыпова Л.И., Гиниятуллин К.Г.	
<i>Рациональное использование залежных почв в агропромышленном секторе Республики Татарстан.....</i>	514
Таңжарықов П.Ә., Ержанова А.Т., Байниязова А.Т.	
<i>Құмкөл кен орнындағы магистралды мұнай құбырларының коррозия деңгейін талдау.....</i>	523
Юсупова Л.Е., Байниязова А.Т., Таңжарықов П.Ә.	
<i>Мұнай кен орындарында қолданылатын сорапты компрессорлы қондырғылардың коррозиялық жағдайын талдау.....</i>	539
Бекенов М.Н., Жалел Ж.С., Ермуханова Н.Б.	
<i>Анализ и прогнозирование аварийных ситуаций при бурении нефтегазовых скважин.....</i>	554
Асамбаев А.Ж.	
<i>Жердің озон қабатын бұзбайтын заманауи тоңазытқыш агенттері.....</i>	562
Толеген А.Е., Бисембаева Д.К.	
<i>Психология труда: обзор современных исследований и направлений развития.....</i>	567
Нұрлыбек Н., Тоғызбаева Н.Ә.	
<i>Қызылорда облысындағы қалдық полигондарын жіктеу.....</i>	572
Орынбасарова С.Е.	
<i>Қызылорда облысындағы бұрғылау қалдықтарының проблемасы және оларды шешу жолдары.....</i>	578
Коканбек Ж.Б., Аскарова Г.Ш.	
<i>Мұнаймен ластанған топырақты қайта қалпына келтіру.....</i>	587

Баймаханова З.А., Беялова А., Тасжарғанова Г.

*Адамды өндірістік қауіптерден қорғаудың жаңа әдістері мен жүйелері:
мұнай-газ саласындағы тәжірибе.....* 591

Ташимова А.А., Өрлешова З.Ө., Мавленов К.К.

*Қызылорда облысындағы мұнай кәсіпорындарындағы қауіпсіздікті
талдау.....* 598

Ташимова А.А., Мәндібаев М, Берманов Д.

*Өндіріс орнындағы микроклиматты зерттеу және жақсарту бойынша
жолдарды қарастыру.....* 604

СЕКЦИЯ № 1

ЭНЕРГОСБЕРЕЖЕНИЕ, ЭНЕРГОЭФФЕКТИВНОСТЬ И АЛЬТЕРНАТИВНАЯ ЭНЕРГЕТИКА

ГТАХР 44.01.11

**Қоғамдық тамақтанудағы НАССР бойынша қауіпсіздік пен сапаның
негізі ретінде энергия мен ресурс үнемдеу**

*Тунгышбаева У.О.¹ – PhD, қауымдастырылған профессор,
Амиргалинова А.М.² – 1 курс магистранты,
Алматы технологиялық университеті,
Алматы қаласы, Қазақстан Республикасы*

Аңдатпа. Бұл мақалада қоғамдық тамақтану саласында НАССР жүйесінің қауіпсіздік пен сапаны қамтамасыз етудегі рөлі энергия мен ресурс үнемдеу тұрғысынан қарастырылады. Энергия тиімділігі мен ресурстарды ұтымды пайдалану тамақ өнімдерінің сапасын арттыруға және өндірістік шығындарды азайтуға ықпал етеді. Қазақстандағы заңнамалық және нормативтік базаны талдау арқылы энергия үнемдеу мен НАССР жүйесінің өзара байланысы зерттеледі. Сонымен қатар, энергия және ресурс үнемдеу технологияларын қоғамдық тамақтану кәсіпорындарында енгізудің артықшылықтары мен тиімділігі қарастырылады. Халықаралық тәжірибе негізінде энергия тиімді шешімдерді қолдану тамақ өнімдерінің қауіпсіздігін қамтамасыз етудің кешенді тәсілі ретінде қарастырылады.

Түйінді сөздер: НАССР, энергия үнемдеу, ресурс тиімділігі, қоғамдық тамақтану, тамақ қауіпсіздігі, жасыл экономика.

Аннотация. В данной статье рассматривается роль системы НАССР в обеспечении безопасности и качества в общественном питании с точки зрения энергосбережения и рационального использования ресурсов. Энергоэффективность и ресурсосбережение способствуют повышению качества пищевой продукции и снижению производственных затрат. Путем анализа законодательной и нормативной базы Казахстана изучается взаимосвязь между энергосбережением и системой НАССР. Также рассматриваются преимущества и эффективность внедрения технологий энергосбережения и рационального использования ресурсов в предприятиях общественного питания. На основе международного опыта подчеркивается, что использование энергоэффективных решений является комплексным подходом к обеспечению пищевой безопасности.

Ключевые слова: НАССР, энергосбережение, ресурсосбережение, общественное питание, пищевая безопасность, зеленая экономика.

Abstract. This article examines the role of the HACCP system in ensuring safety and quality in public catering from the perspective of energy conservation and efficient resource utilization. Energy efficiency and resource savings contribute to improving food product quality and reducing production costs. By analyzing the legislative and regulatory framework of Kazakhstan, the interconnection between energy conservation and the HACCP system is explored. Additionally, the advantages and effectiveness of implementing energy-saving and resource-efficient technologies in public catering enterprises are considered. Based on international experience, it is emphasized that the use of energy-efficient solutions represents a comprehensive approach to ensuring food safety.

Keywords: HACCP, energy conservation, resource efficiency, public catering, food safety, green economy.

Kіріспе. Қоғамдық тамақтану саласында тамақ қауіпсіздігі мен сапасын қамтамасыз ету маңызды мәселелердің бірі болып табылады. HACCP (Hazard Analysis and Critical Control Points) жүйесі өндіріс процесінде тәуекелдерді анықтауға және бақылауға мүмкіндік береді, бұл тамақ өнімдерінің қауіпсіздігін арттырады. Сонымен қатар, қазіргі таңда энергия мен ресурстарды үнемдеу жаһандық тұрақты даму мақсаттарының бірі болып отыр. Қоғамдық тамақтану кәсіпорындарында энергия тиімділігі мен ресурстарды ұтымды пайдалану экономикалық шығындарды азайтып қана қоймай, HACCP қағидаларын сақтау арқылы тағам сапасын жақсартуға ықпал етеді. Сондықтан энергия мен ресурстарды үнемдеудің HACCP жүйесімен байланысын зерттеу өзекті болып табылады.

Зерттеу мақсаты. Қоғамдық тамақтану кәсіпорындарында энергияны артық тұтыну және ресурстарды тиімсіз пайдалану өндірістік шығындардың көбеюіне, қоршаған ортаға теріс әсер етуге және азық-түлік қауіпсіздігіне қауіп төндіруі мүмкін. HACCP жүйесін енгізу кезінде энергия үнемдеу технологияларының рөлін ескеру арқылы осы мәселелерді шешуге болады. Осы зерттеудің мақсаты – HACCP қағидалары негізінде қоғамдық тамақтану орындарында энергия мен ресурстарды үнемдеудің маңыздылығын негіздеу және оның тиімділігін арттыру жолдарын ұсыну.

Материалдар мен әдістер

Бұл зерттеуде қоғамдық тамақтану кәсіпорындарында қолданылатын энергия және ресурс үнемдеу әдістері қарастырылды. HACCP жүйесінің талаптарына сәйкес келетін бақылау технологиялары зерттелді. Салыстырмалы талдау әдісі арқылы қарапайым температура датчиктері мен IoT технологияларының тиімділігі бағаланды.

Қоғамдық тамақтану саласында HACCP жүйесінің маңыздылығы туралы көптеген ғылыми зерттеулер жүргізілген. Зерттеулерде HACCP-тің негізгі қағидалары – қауіпті талдау, бақылау нүктелерін анықтау, түзету шараларын қабылдау – тамақ өнімдерінің сапасын арттыруға ықпал ететіні көрсетілген.

Сонымен қатар, қоғамдық тамақтануда энергияны үнемдеудің маңыздылығы туралы еңбектерде инновациялық технологияларды қолдану, қалдықтарды азайту және энергия тиімді жабдықтарды енгізу қажеттілігі атап өтіледі. Алайда, энергия мен ресурстарды үнемдеудің НАССР жүйесімен байланысын қарастыратын кешенді зерттеулер әлі де жеткіліксіз. Сондықтан бұл зерттеу осы саладағы ғылыми олқылықтардың орнын толтыруға бағытталған.

Энерго және ресурс үнемдеу НАССР жүйесі аясында қоғамдық тамақтану қауіпсіздігі мен сапасын қамтамасыз етуде маңызды рөл атқарады. Табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану және энергия шығындарын азайту өнімнің өзіндік құнын төмендетуге ғана емес, сондай-ақ азық-түлік қауіпсіздігін арттыруға да ықпал етеді.

Қазақстанда энерготиімділік пен ресурс үнемдеу мәселелері Экологиялық кодекс пен «Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру туралы» заң сияқты бірқатар нормативтік-құқықтық актілермен реттеледі. Мемлекеттік саясат «жасыл экономика» қағидаларын дамытуға бағытталған, бұл әсіресе энергия тұтыну мен су шығыны жоғары қоғамдық тамақтану кәсіпорындары үшін өзекті.

Қазіргі заманғы ресурс үнемдейтін технологияларды, соның ішінде энерготиімді жабдықтарды, су тазарту және қалдықтарды қайта өңдеу жүйелерін пайдалану өндірістік шығындарды азайтуға ғана емес, сонымен қатар қоршаған ортаға түсетін жүктемені төмендетуге де мүмкіндік береді. НАССР жүйесін энергия және ресурс үнемдеу қағидаларымен біріктіру тағам қауіпсіздігін басқарудың кешенді тәсілін қамтамасыз етеді, ластану қаупін барынша азайтады және өндірістік процестерді оңтайландырады.

Сонымен қатар, халықаралық тәжірибе көрсеткендей, тұрақты даму қағидаларын ұстанатын қоғамдық тамақтану кәсіпорындары бәсекелестік артықшылықтарға ие болады, өйткені тұтынушылар өнімнің экологиялық тазалығы мен қауіпсіздігіне көбірек мән береді. Осылайша, энерго және ресурс үнемдейтін технологияларды НАССР жүйесіне интеграциялау тұрақты және қауіпсіз тамақ өнеркәсібін қалыптастырудағы маңызды қадам болып табылады.

Зерттеу нәтижелері

Қоғамдық тамақтанудағы НАССР бойынша энергия мен суды қолдану, қалдықтардың пайда болуы және парниктік газдардың шығарылуы арқылы қоршаған ортаға айтарлықтай әсер етеді. Экологиялық тәжірибелерді енгізу бұл әсерді азайтуға ғана емес, сонымен қатар шығындарды қысқартуға, мекеменің беделін арттыруға және жаңа клиенттерді тартуға мүмкіндік береді.

1. *Энергияны тұтыну.* Мейрамхананың ас үйі - энергияның негізгі тұтынушысы. Пісіру пештері, тоңазытқыштар, жарықтандыру және вентиляция жүйелері көп энергия қажет етеді.

Энергия тұтынымын азайту әдістері:

- А++ сыныптағы энергия үнемдейтін құрылғыларды орнату;
- LED жарықтандыру және қозғалыс датчиктерін қолдану;
- Газды плиталардың орнына индукциялық плиталарды пайдалану;
- Құрылғылардың тиімділігін сақтау үшін тұрақты техникалық қызмет көрсету.

2. *Су ресурстарын пайдалану.* Мейрамханалар тамақ дайындауға, ыдыс жууға және санитариялық қажеттіліктерге айтарлықтай су жұмсайды.

Экологиялық шешімдер:

- Суды үнемдейтін ыдыс жуғыш машиналарды орнату;
- Крандарға аэраторлар орнату;
- Суды қайта пайдалану жүйелерін қолдану;
- Қызметкерлерді суды үнемдеу әдістеріне үйрету.

2. *Қалдықтарды басқару.* Тамақ қалдықтары мейрамхана қалдықтарының 30% құрайды. Қоқыс алаңдарында ыдыраған кезде олар метан шығарады - күшті парниктік газ.

Шешу жолдары:

- Сатып алулар мен порцияларды нақты есептеу;
- Қалдықтарды бөлек жинау жүйесін енгізу;
- Органикалық қалдықтарды компостеу;
- Фудшеринг бағдарламаларына қатысу.

3. *Қаптама материалдары.* Жеткізуге және қаптамаға арналған бір реттік қаптамалар қоршаған ортаға байланысты ауыр мәселе туғызады.

Альтернативалар:

- Өсімдік шикізатынан жасалған биоыдырайтын қаптамалар;
- Қайта пайдаланатын контейнерлер;
- Өз ыдыстарын қолдану үшін клиенттерді ынталандыру жүйесі.

4. *Өнімдерді сатып алу.* Жеткізушілерді таңдау мейрамхананың экологиялық ізіне тікелей әсер етеді.

Ұсыныстар:

- Жергілікті және маусымдық өнімдерге басымдық беру;
- Органикалық және экологиялық сертификатталған тауарларды таңдау;
- Жануарлардан алынған өнімдердің үлесін азайту;
- Жойылып бара жатқан балық түрлерінен бас тарту.

5. *Экологиялық таза химия.* Қатал тазалау құралдарын қолдану қоршаған ортаға және қызметкерлердің денсаулығына зиян келтіреді.

Шешім:

- Экологиялық таза тазалау құралдарына көшу;
- Тұтынуды бақылау үшін дозаторларды қолдану;
- Фосфатсыз тазалау қоспаларын пайдалану.

6. *Тасымалдау.* Өнімдердің логистикасы мекеменің көміртек ізіне әсер етеді.

Оңтайландыру:

- Жергілікті жеткізушілермен ынтымақтастық
- Жеткізуді біріктіру
- Жеткізу үшін электромобильдерді қолдану

Қоғамдық тамақтану саласында энергия тұтыну мен өнімдерді сақтау шарттарын бақылау технологияларын енгізу әртүрлі тәсілдер арқылы жүзеге асырылуы мүмкін: қарапайым датчиктерден бастап заманауи IoT құрылғыларына дейін. Өнімдерді тоңазытқыш жабдықтарында сақтау температурасын бақылау мысалында олардың салыстырмалы талдауын (1-кесте) қарастырайық.

Қоғамдық тамақтану саласында энергия тұтыну мен өнімдерді сақтау шарттарын бақылау технологияларын енгізу әртүрлі тәсілдер арқылы жүзеге асырылуы мүмкін: қарапайым датчиктерден бастап заманауи IoT құрылғыларына дейін. Өнімдерді тоңазытқыш жабдықтарында сақтау температурасын бақылау мысалында олардың салыстырмалы талдауын қарастырайық.

Кесте – 1. Қарапайым датчик пен IoT құрылғыларын ресурсты тұтынуды бақылау жүйесінде қолдану талдауы

Параметр	NTC10 - қарапайым температура датчигі	ClimeTraq - бұлттық мониторингі бар IoT құрылғысы
Функционалдық мүмкіндіктері	Белгіленген диапазонда температураны өлшейді және деректерді жергілікті түрде көрсетеді.	Деректерді нақты уақыт режимінде бұлттық платформаға жібереді, қашықтан бақылау мүмкіндігі бар.
Деректерді жинау әдісі	Жергілікті көрсеткіштерді физикалық тексеруді талап етеді.	Автоматты – деректер нақты уақыт режимінде жиналып, талданады.
Хабарландыру тәсілдері	Жоқ, тек визуалды түрде көрсеткіштерді оқу мүмкіндігі бар.	Температура ауытқығанда хабарлама жібереді (SMS, e-mail, қосымша).
Процесті автоматтандыру	Жоқ, бақылау үшін қолмен араласу қажет.	Толық автоматтандыру – НАССР-пен интеграциялау, цифрлық журналдарды жүргізу.
Ауытқуларға реакция	Мәселе анықталған жағдайда деректер қолмен тіркеледі.	Қызметкерлерге араласу қажеттілігі туралы автоматты түрде хабарлайды.
Орнату	Оңай орнатылады, желіге	Wi-Fi немесе арнайы желіге

Параметр	NTC10 - қарапайым температура датчигі	ClimeTraq - бұлттық мониторингі бар IoT құрылғысы
күрделілігі	қосуды қажет етпейді.	қосылуды, бағдарламалық жасақтаманы реттеуді талап етеді.
Құны	Төмен, бюджеттік нұсқа.	Жоғары, бірақ автоматтандыру арқылы шығындарды азайтады.
НАССР жүйесіндегі тиімділігі	Негізгі бақылау үшін жарамды, бірақ адам факторы алынып тасталмайды.	НАССР талаптарына сәйкес дәлірек және жедел бақылауды қамтамасыз етеді.

Нәтижелерді талқылау

Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, қарапайым температура датчиктері кішігірім кәсіпорындар үшін үнемді және ыңғайлы шешім бола алады. Алайда, НАССР талаптары бойынша тәуекелдерді барынша азайту маңызды болған жағдайда, IoT құрылғылары айтарлықтай артықшылықтар береді. Олар мониторингі автоматтандыру, қашықтан бақылау және басқа да қауіпсіздік басқару жүйелерімен интеграциялау мүмкіндігін ұсынады. Бұл құрылғыларды енгізу адам қателіктерінің ықтималдығын азайтады және кез келген ауытқуларға уақтылы жауап беруге мүмкіндік береді, осылайша энергия мен ресурс үнемдеуді тиімдірек етеді.

Қорытынды

Қоғамдық тамақтану кәсіпорындарында НАССР жүйесі мен энергия және ресурс үнемдеу технологияларын интеграциялау қазіргі заманғы тұрақты даму қағидаттарына сәйкес маңызды қадам болып табылады. Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, энергияны тиімді пайдалану және ресурстарды ұтымды басқару қоғамдық тамақтану саласындағы өндірістік шығындарды азайтып, тамақ өнімдерінің сапасы мен қауіпсіздігін арттыруға мүмкіндік береді.

Қоғамдық тамақтану кәсіпорындарында экологиялық тәжірибелерді енгізу - бұл сәндік емес, қазіргі заманның қажеттілігі. Энергияны үнемдеуге, су ресурстарын пайдалануға, қалдықтарды басқаруға және сатып алуларға кешенді тәсіл қоршаған ортаға деген жүктемені айтарлықтай азайтуға мүмкіндік береді. Мұндай шаралар табиғатқа ғана емес, сонымен қатар бизнес тиімділігін арттыруға, оң имидж құруға және экологиялық саналы тұтынушылардың сұраныстарына сай келуге ықпал етеді.

НАССР жүйесі тамақ өнімдерінің сапасы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында өндіріс процесіндегі тәуекелдерді бақылауға арналған жүйелі әдіс ретінде маңызды рөл атқарады. Энергия үнемдеу және ресурстарды

тиімді пайдалану НАССР қағидаттарын күшейте отырып, өндірістік шығындарды төмендетуге, сондай-ақ экологиялық тұрақтылықты сақтауға ықпал етеді.

Зерттеуде қарапайым температура датчиктері мен заманауи IoT технологиялары салыстырылып, олардың НАССР талаптарына сәйкестігі мен энергияны тиімді басқарудағы артықшылықтары бағаланды. IoT құрылғыларының артықшылықтары қатарында нақты уақыт режиміндегі мониторинг, автоматтандырылған деректерді жинау және температуралық ауытқуларға жедел әрекет ету мүмкіндігі атап өтілді. Бұл технологиялар адам факторын азайтып, НАССР талаптарына сәйкестікті жақсартады.

Қазақстандағы нормативтік-құқықтық база, соның ішінде «Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру туралы» заң және Экологиялық кодекс, қоғамдық тамақтану саласында энергия тиімді шешімдерді енгізуді ынталандырады. Жасыл экономика қағидаттарын сақтау аясында НАССР жүйесін энергия және ресурс үнемдеу технологияларымен үйлестіру азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етудің кешенді тәсілін ұсынады.

Халықаралық тәжірибе көрсеткендей, энергия және ресурс үнемдеу қағидаттарын қолданатын қоғамдық тамақтану кәсіпорындары бәсекелестік артықшылықтарға ие болады. Тұтынушылар экологиялық таза және қауіпсіз өнімдерді таңдауға көбірек көңіл бөлетіндіктен, НАССР жүйесімен интеграцияланған энергия үнемдеу технологиялары кәсіпорындардың нарықтағы орнын нығайтуға мүмкіндік береді.

Жалпы, зерттеу нәтижелері НАССР жүйесінің энергия және ресурс үнемдеумен үйлесімді енгізілуі тамақ өнімдерінің қауіпсіздігін қамтамасыз етудің және өндірістік шығындарды оңтайландырудың тиімді әдісі екенін көрсетті. Қоғамдық тамақтану кәсіпорындары үшін автоматтандырылған мониторинг жүйелерін енгізу ұсынылады, себебі олар процестердің тиімділігін арттырумен қатар, халықаралық стандарттарға сәйкестікті қамтамасыз етеді. Болашақта бұл бағыттағы зерттеулерді кеңейту және энергия тиімді технологияларды одан әрі дамыту қажет.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Тунгышбаева У.О., Уажанова Р.У., Маннино С. Оценка эффективности внутренней подготовки кадров по системе НАССР на хлебопекарном предприятии А Республики Казахстан. Научно-технический журнал «Новости науки Казахстана», - 2018. - С.148-159.

2. Габдукаева Л.З. Проблемы и перспективы внедрения методики НАССР на отечественных предприятиях питания для обеспечения качества и безопасности производства кулинарной продукции / Л.З. Габдукаева, О.А. Решетник, А.М. Файзулин // Вестник Казанского технологического университета. - 2015. - № 21. - URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/problemy-i->

[perspektivy-vnedreniya-metodiki-hassp-na-otchestvennyh-predpriyatiyahpitaniya-dlya-obespecheniya-kachestva-i-bezopasnosti..](#)

3. Димитриев А.Д. Менеджмент качества пищевой продукции: введение системы НАССР / А.Д. Димитриев, А.Ю. Трифонова, Н.В. Хураськина // Вестник РУК. - 2017. - №2 (28). - URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/menedzhmentkachestva-pischevoy-produktsii-vvedenie-sistemy-hassp>

4. Ресурсосберегающие технологии: состояние, перспективы, эффективность [Электронный ресурс]. - Режим доступа: <https://krasikc-apk.ru/wp-content/uploads/Books/Ресурсосберегающие%20технологии%20-%20состояние,%20перспективы,%20эффективность.pdf>, свободный. - Загл. с экрана.

5. Абрамян, С. Г. Энергоэффективные и ресурсосберегающие технологии в строительстве [Текст] / С. Г. Абрамян, Р. Х. Ишмаметов. - Волгоград: ВолгГТУ, 2019. - 250 с.

6. Энергосбережение и энергосберегающие технологии: перспективы инновационного развития [Электронный ресурс] // КиберЛенинка. - Режим доступа: <https://cyberleninka.ru/article/n/energoberezhenie-i-energoberegayushchie-tehnologii-perspektivy-innovatsionnogo-razvitiya>, свободный. - Загл. с экрана.

7. Современные технологии энерго- и ресурсосбережения в ЖКХ: опыт и перспективы [Электронный ресурс] // КиберЛенинка. - Режим доступа: <https://cyberleninka.ru/article/n/sovremennye-tehnologii-energo-i-resursosberezheniya-v-zhkh-opyt-i-perspektivy>, свободный. - Загл. с экрана.

8. Мировые тенденции развития энергосберегающих технологий [Электронный ресурс] // НаукаРу. - Режим доступа: <https://naukaru.ru/ru/nauka/article/37005/view>, свободный. - Загл. с экрана.

ГРНТИ: 44.37.29

ГЕЛИОҚҰРЫЛҒЫЛАРДЫҢ ЖЫЛУТАСЫМАЛДАҒЫШЫ РЕТІНДЕ ЖАҢА ЗАТТАРДЫ ПАЙДАЛАНУ

Утегенова А.С., Қанатов А.М.

*Академик Е.А.Букетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды қ.,
Қазақстан Республикасы*

Түйінді сөздер: гелиоқұрылғы, жалпақ күн коллекторы, жылу тасымалдағыш, оптикалық қасиеттері, көміртегі бөлшектері, нано-сұйық, жұту коэффициенті

Андатпа. Жұмыста жылу тасымалдағыш ретінде гелиоқұрылғыда пайдалануға ұсынылатын нано-сұйықтың морфологиялық, оптикалық параметрлерін зерттеу нәтижелері көрсетілген. Көміртегіден лазерлік абляция арқылы нанометрлік диапазонда және одан да көп өлшемдегі бөлшектер алынды. Алынған бөлшектердің формасының және дисперстігінің өзгеруі нано-сұйықтың тұрақтылығына әсер ететіні анықталды. Нано-сұйықтың жұту, өткізу, шағылысу спектрлері келтірілген. Нано-бөлшектері бар нано-сұйықтың жылу тасымалдағыш ретіндегі қолданысы жұтылу спектрлерінің оптикалық тығыздығының төмендеуіне алып келетіні анықталды.

Аннотация. В работе представлены результаты исследования морфологических, оптических параметров наножидкости, предлагаемой в качестве теплоносителя в гелиоустройстве. С помощью лазерной абляции получены частицы углерода нанометрового диапазона и большего размера. Определено, что изменение форм и дисперсности полученных частиц влияет на стабильность наножидкости. Получены и приведены спектры поглощения, пропускания, отражения для наножидкости. Установлено, что применение наножидкости с наночастицами в качестве теплоносителя приводит к уменьшению оптической плотности спектров поглощения.

Annotation. This work presents the results of a study of the morphological, optical parameters of a nanofluid proposed as a heat carrier in a solar device. Using laser ablation, carbon particles in the nanometer range and larger sizes were obtained. It was determined that changing the shape and dispersion of the obtained particles affects the stability of the nanofluid. The absorption, transmission and reflection spectra for the nanofluid were obtained and presented. It has been established that the use of nanofluid with nanoparticles as a heat carrier leads to a

decrease in the optical density of the absorption spectra.

Kіріспе

Көміртегі бейтараптық жоспары бойынша мақсаттарға жету үшін мемлекеттің, кәсіпкерліктің және жалпы қоғамның бірліккен белсенді қызметін болжайды. Бұл жоспар Қазақстан Республикасының 2060 жылға дейін көміртегі бейтараптыққа жету Стратегиясы ретінде 2023 жылы қабылданды [1]. Стратегия Қазақстан экономикасының «жасыл» инвестицияларды тарту, энергия тиімді өндіріс және т.с.с. жаһандық климаттық тенденцияларға бейімдеу қажеттілігін ескереді. Стратегияның табысты іске асуы 2030 жылдың мақсатына, яғни 1990 жылдың деңгейінен шығарындылардың 15%-ға төмендеуі және де 2060 жылда парниктік газдардың нөлдік балансына жетуге мүмкіндік береді. Көміртегі бейтараптығын бұзатын көмір электр станцияларының басым болуы ерекше проблема болып табылады. Осы мәселелердің шешу жолдарының бірі жаңартылатын көздердің елдің электр энергетикасындағы үлесін арттыру және әрі қарай баламалы энергия өндірісінің 50%-ға жеткізу.

Күн энергиясын жинақтайтын, тұрақты энергиямен қамтамас ететін және көміртегінің «ізі» төмендететін құрылғыларды тұрғын сонымен бірге коммерциялық ғимараттарда пайдалануға болады.

Негізгі бөлім

Көрінетін жарық және жақын инфрақызыл сәулеленумен тасымалданатын жылулық энергияны жинақтаушы құрылғы – гелиоқұрылғы бір қатар артықшылықтарға ие. Мұндай коллекторлардың сенімділігі, энергиялық, экологиялық тиімділігі жоғары, эксплуатациялық шығындары төмен.

Ыстық сумен қамтамас етумен ортақ жылу беру жүйелерімен біріктірілген күн коллекторларының қарапайым құрылымы жылытуға, ыстық суға кететін шығындарды төмендететін оңтайлы шешім.

Күн сәулесін тікелей сіңіретін коллекторларларда күн энергиясын сіңіріп және жұтылған жылуды тасымалдайтын сұйықтықтар ретінде пайдаланатын қарапайым су, органикалық сұйық және т.б. жылу тасымалдағыштар. Қара жұмыстық сұйықтықты қолданатын коллектордың өнімділігі туралы тәжірибелік деректер келтіріліп, гелиоқұрылғыда қара сұйықтықпен күн энергиясы тікелей жұтылатыны, сонымен бірге ішіндегі құрылымдардың қызып кетуі болмайтыны көрсетілген [2].

Өлшемдері микрондық қара және сұр бөлшектерді сұйық ортаға қосу, бұл жерде графит пен кремний карбидінің бөлшектерін кремний диоксиді

сияқты ақ бөлшектерді қосумен салыстырылады, жылу тасымалдағыштың сіңіру қабілеті әжептәуір жақсарды [3].


Алайда, жылутасымалдағыштарға микробөлшектерді қосу сұйық ортаның тұрақсыздығы және микробөлшектердің тез тұныуынан құбырлар мен сорғылардың бітелуі, тоттануы және тозуы тәрізді кемшіліктерге әкеледі.

Жылу тасымалдағыш ретінде сұйық ортадағы (су, гликоль, минералды май) қатты материалдардың (металл, көміртегі немесе кремний) нанобөлшектерінің тұрақты суспензиясы болып табылатын нано-сұйықтықтар қолданылды [4].

Жалпақ коллекторлардағы жылу тасымалдағыштың тікелей ағыны гликольдың қатты қызып кетуін тудырады, яғни стагнациясын. Стагнация температурасы 180°C -ден аспайтын кезінде гликоль және ондағы қоспалар 3-10 диаметрлік капилляр құбырларды үнемі бітеп пісіп қалады.

Нано-сұйықтар күн сәулеленуін жақсы жұтады және таза жұмыс сұйықтықтармен салыстырғанда жақсартылған жылу-физикалық сипаттамаларға ие болады. Формалары әртүрлі наноқұрылымдардың (мысалы, асыл металдар, көміртегі аллотроптық модификациялары, жартылай өткізгіштер, металдың оксидтері) күн энергиясын жинауда тиімділігі бар екені көрсетілді [5].

Зерттеу жұмыстары барысында гелиоқұрылғыда пайдалануға болатын жылу тасымалдағышқа нанобөлшектерді қосып, нано-сұйықтықтарды жылуфизикалық қасиеттерін жақсарту мақсатында тәжірибелер жасадық. Жылу тасушы сұйық - су, ал қосылатын нанобөлшек ретінде көміртегі бөлшектері қолданылды. Наноқұрылымды алу тәжірибесі кезінде изопропанолдың 0,5 мл мөлшерінде моделі LQ529B ND:YAG импульстік лазерде көміртегінің 10,15,20 мин лазерлік абляциясы жасалынды. Лазерлік сәулеленумен әрекеттескеннен кейін көміртегі бетінің СЭМ-сканерлеуші электрондық микроскоп арқылы алынған фотолары 1 суретте.



1 сурет. Электрондық микроскоппен алынған көміртегінің топографиясының суреттері

MIRA 3LMU (TESCAN) электрондық микроскоппен алынған ерітіндінің суреттерінен бөлшектер өлшемдері кең диапазонда жатқанын көруге болады, оның ішінде нанометрлік диапазондағы 66,49 нм нанобөлшектері және одан асатын 160 нм мен 580 нм аралығындағы суббөлшектер. Бөлшектердің морфологиясы әртүрлі, демек қасиеттерінің де анизотропиясы байқалынуы мүмкін, дисперстігінің диапазоны өте кең.


Суббөлшектердің спектралдық және интегралдық сәулелену коэффициенттері бөлшектердің тек материалына байланысты емес, сонымен бірге олардың өлшеміне, формасына, температурасына да байланысты және де кейбір жағдайларда қара дененің сәулелену коэффициентінен асып кетеді [6].

Жоғарыда аталған гликольдың бу фазасында пісіп қалуы, яғни су буынын гликольдың буларымен диффузиялық түрде араласуы, мыс немесе алюминий тәрізді катализаторлар қатысуымен өтетін стагнациясы жұмысымызда ұсынылып отырған жылу тасушы орта - бөлек су ортасында өтпейді.

Микробөлшектерді қосу жағдайымен салыстырғанда сұйық ортадағы бөлшектердің өлшемдері азайған сайын, гравитациялық тұнуды броундық қозғалыс жеңіп, суспензия тұрақты күйге өтеді.


Көптеген ғылыми зерттеулер көрсеткендей кейбір нано-бөлшектердің оптикалық сипаттамалары күн сәулесін тиімді сіңіруге мүмкіндік береді. Бұл жағдайда жоғары тиімді жылу тасушы сұйықтығы күн спектріне сәйкес келетін кең сіңіру спектріне ие болуы мүмкін.

Лазерлік абляция әрекетінің ұзақтығы бойынша ерекшеленетін үлгілердің жұту, өткізу және шағылысу спектрлері AvaSpec-ULS2048CL-EVO спектрометрінде түсірілді (2, 3 суреттер).




2 сурет. Көміртегі бөлшектерінің оптикалық спектрлерінің 10-20мин аралығында өзгеруі: а – жұту; б - өткізу

Көміртегі бөлшектерінің спектрінің ультракүлгін бөлігінде максималды жұтуы 240 нм мен 260 нм аймақта өтті. Көміртектің максималды өткізуі 280 нм - 300 нм аймағында байқалынды. Лазерлік абляция уақыты ұзақ болған сайын көміртектің жұтуы жоғарылауда, ал абляция жасау уақытының ұзақ болуы өткізу мәндерін төмендетті, яғни неғұрлым уақыты көп соғұрлым оңтайлы әсер байқалынады. Өлшенген жұту коэффициенті 10-20 минут және шағылысу коэффициенті 5-15 минут 4 суретте келтірілген.



3 сурет. Көміртегі бөлшектерінің шағылысу спектрінің 5-15мин аралығында өзгеруі



4 сурет. а - жұту коэффициенті; б – шағылысу индексі

Қорытынды

Күн коллекторларының жұмысының тиімділігін арттыру мақсатында оның жылу тасымалдаушы ортасы ролінде көміртегінің нано-бөлшектері бар сұйықтық - су қарастырылды. Өткізілген зерттеулердің нәтижелері алынды, көміртектің бөлшектерінің дисперстігі бойынша оптикалық қасиеттерінің тәуелділігі, лазерлік өндеуінің әсері анықталды. Салыстырмалы түрде жұту коэффициенті жоғарылау, ал өткізу шамалары төмен болды. Көміртегі бөлшектері қосылған су, яғни нано-сұйық тез қызады және жылуды ұзақ уақыт ұстайды.

Нано-сұйықтықтардың негізіндегі жылу тасымалдаушыны пайдаланатын жалпақ күн гелиоқұрылғылары жаңғыртылатын энергияны өндіруге арналған жаңа шешім болып табылады. Нано-сұйықтықтардың үлгілерін зерттеу эксперименттік тәжірибелері айтарлықтай күрделі, сұйықтықтардың қайсысы ең тиімді екені толық анықтау жұмыстары болашақ құзырында және де жалғаса береді. Сандық модельдеу жалпақ күн гелиоқұрылғылары жетілдіру мақсатында өткізілетін зерттеу жұмыстары кезінде фототермиялық құбылыстарға қатысты бір қатар мәселелерді нақтылауға көмектеседі.

Қолданылған дереккөздер тізімі

1 Қазақстан Республикасының көміртегі бейтараптығына қол жеткізуінің 2060 жылға дейінгі стратегиясын бекіту туралы. Қазақстан Республикасы Президентінің 2023 жылғы 2 ақпандағы №121 Жарлығы. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/u2300000121>

2 Бутузов В.А. Солнечное теплоснабжение: состояние дел и перспективы развития. Энергосбережение, 2000, №4, С. 28-30.

3 Chamsaard W., Brundavanam S., Fung C. Nanofluid Types, Their Synthesis, Properties and Incorporation in Direct Solar Thermal Collectors. Nanomaterials, 2017, Vol. 7, № 6, P. 131.

4 Ильин А.П., Мостовщиков А.В., Коршунов А.В., Роот Л.О. Особенности физико-химических свойств нанопорошков и наноматериалов. Учебное пособие. - Томск: Изд-во Томского политехнического университета, 2017.

5 Манжула И.С. Численное моделирование тепломассопереноса в наножидкостном солнечном коллекторе прямого поглощения. «Информационный сборник научных статей XVIII региональной научной конференции: «Физика: фундаментальные и прикладные исследования, образование», г. Хабаровск, 2020 г.

6 Свиридов А. Н., Сагинов Л. Д. Тепловое излучение субволновых частиц. – М: Прикладная физика, 2021. № 2. С. 12-21.

ГТАХР 44.01.13

ЭНЕРГЕТИКАДАҒЫ БИОТЕХНОЛОГИЯ: БИОГАЗ КӨЗДЕРІН ТИІМДІ ПАЙДАЛАНУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Жакипова Жулдыз Несипалиевна

И.Әбдікәрімов атындағы Қызылорда политехникалық жоғары колледжі, Қызылорда қаласы

Түйінді сөздер: жаңартылатын энергия көздері, биогаз, биомасса көздері, биогаздық технология, биогаз өндірісі.

Аңдатпа

Қазақстанның электр энергетикасын дамыту және экологиялық проблемаларын шешудің басым бағыттарының бірі жаңартылатын энергетика ресурстарының бірі биогазды пайдалану болып табылады.

Биогаз өндірісінің артықшылықтарын ескерсек, биогазды тиімді пайдалану - бүгінгі күн талабы.

Аннотация

Одним из приоритетных направлений развития электроэнергетики Казахстана и решения экологических проблем является использование биогаза – одного из возобновляемых источников энергии.

Учитывая преимущества производства биогаза, эффективное использование биогаза является потребностью дня.

Abstract

One of the priority directions of the development of the electric power industry of Kazakhstan and the solution of environmental problems is the use of biogas - one of the renewable sources of energy.

Considering the advantages of biogas production, the effective use of biogas is the need of the day.

Қазақстанның электр энергетикасын дамыту және экологиялық проблемаларын шешудің басым бағыттарының бірі жаңартылатын энергетика ресурстарын пайдалану болып табылады.

Жаңғыртылатын энергия көздері дегеніміз – табиғи жаратылыс процестері есебінен үздіксіз жаңартылатын энергия көздері: күн сәулесінің, желдің энергиясы, қуаты отыз бес мегаваттқа дейінгі қондырғыларға арналған гидродинамикалық су энергиясы; геотермальдық энергия: топырақтың, жер асты суларының, өзендердің, су айдындарының жылуы, сондай-ақ бастапқы энергия ресурстарының антропогендік көздері: биомасса, биогаз және электр және (немесе) жылу энергиясын өндіру үшін пайдаланылатын органикалық қалдықтардан алынатын өзге де отындар.

Бүкіл әлем бойынша жаңартылатын энергия көздерін пайдалану өсіп келеді. Ауаға шығарылатын улы газдар көлемінің, суды пайдаланудың артуы, жердегі қазба байлықтарының азаюы адамзат баласын энергияның жаңа көздерін табуға итермелейді. Солардың бірі – биогаз технологиясы.

Әлемдік тәжірибеде жаңартылатын энергия көздерін, оның ішінде биомасса энергиясын пайдаланудың жеткілікті тәжірибесі жинақталған. Батыс Еуропаның барлық елдерінде биогазды алу және пайдалану жөніндегі ұлттық бағдарламалар жасалған. Болжамға сәйкес, 2040 жылға қарай биомасса үлесі жалпы энергия көлемінде 23,5%-ға жетеді.

Биологиялық ресурстар есебінен энергетикалық базаны кеңейту нақты жағдайларды мұқият бағалау мен жүйелікті қажет етеді. Биомассаны пайдаланудың ең тиімді тәсілі - кейіннен газдық турбиналарда қосылуымен оны газдандыру болады.

Принстон университетінде жүргізілген алдын-ала есептеулер, биомассаны газдандыру өнімдерінде жұмыс істейтін турбогенераторлардың дәстүрлі жылу, ядролық және гидравликалық энергия қондырғыларымен бәсекелесе алатынын көрсетті. Ондай турбогенераторларды қолданудың ең перспективті салалары болашақта биомассаның үлкен көлемі жинақталған экономиканың салалары болып табылады.

Сонымен бірге, жеткілікті пайдалы болған бактериялық ашыту көмегімен биологиялық отынды тікелей өндіру тәсілі бар. Бұл алу тәсілі бойынша биогаз деп аталатын ауыл шаруашылығының қалдықтарын метанға айналдыру процесі.

Биогаз - бұл түссіз зат, 70% дейін метан бар кез-келген иісі бар. Оның сапалық көрсеткіштері бойынша дәстүрлі отын түріне табиғи газға жақын.

Оның жақсы жылу мәні бар, 1 м³ биогаз шығарады, бір жарым килограмм көмір жанған кезде алынған жылудан көп. Біз органикалық шикізаттың ыдырауына белсене қатысатын анаэробты бактерияларға арналған биогаз қалыптасады, ол үшін ауыл шаруашылық жануарларының, құстардың биологиялық қалдықтары, кез-келген өсімдіктердің қалдықтары пайдаланылады.

Ауыл шаруашылығы өндірісінде, егін шаруашылығында органикалық тыңайтқыштардың үнемі жетіспеушілігі, мал шаруашылығындағы фермаларда мол қалдықтардың болуы биогазды өндіру үшін шикізаттың мәселесін, ал өңделген шикізат тыңайтқыштардың жетіспеушілігін, қалдықтар мәселелерін шешіп электр энергиясымен қамтамасыз ете алады. Биогазға өңделген көң тыңайтқыш ретінде өте қолайлы, өйткені одан тамақ ішкен кезде жануарлар ішіне түскен дәндер өспейді, ал көңде даланы ластайтын арамшөптер өседі.

Биогазды алу технологиясының негізінде анаэробтық биотехнология жатыр, яғни оттегінің толық болмаған жағдайында (метантанкілерде) органикалық массаны ферменттеу.

Осы заманғы техникалық биоэнергетикада органикалық қалдықтарды отын мен энергияның техникалық ыңғайлы түрлеріне айналдырудың екі негізгі бағыты бар:

термохимиялық конверсия (тікелей өртеу, пиролиз, газдандыру, сұйықтау, синтез);

биоконверсия (спирттер, сутегіні, биогазды, органикалық қышқылдарды, өсімдік майларын және т.б. алу).

Биотехнология - (био...bios-тіршілік+thechne, (грекше) - өнер, шеберлік және logos - ғылым) - тірі ағзалар (организмдер) мен биологиялық әрекеттеді өндірісте пайдалану.

Биотехнология терминін алғаш рет 1917 жылы венгер инженері Карл Эреки енгізді. Карл Эрекидің пікірінше, «биотехнология - бұл тірі организмдер көмегімен белгілі бір өнімдерді өндіру жөніндегі барлық бағыттардағы жұмыстар» болып табылады.

Қазіргі кезде бұл терминге төмендегідей анықтама береді: Биотехнология - биологиялық процестер мен объектілерді пайдалануға негізделген экономикалық жағынан тиімді, маңызды заттарды өндіру мен жоғарғы өнімді микроорганизмдердің штамдарын алу, өсімдіктердің сорттары мен формаларын, жануарлардың асыл тұқымын шығарумен айналысатын ғылым мен өндірістің жаңа бағыты.


Яғни, адамға қажетті өнімдерді биологиялық объектілердің көмегімен өнімдерді өндіру. Бұл ретте микроорганизмдер мен өсімдіктер және жануарлар жасушалары, жасуша органоидтері немесе биологиялық белсенді молекулалар қолданылады.

Органикалық өнімдерден биогаз алу - органикалық өнімдердің анаэробты жағдайда "метандық ашу" нәтижесінде жанар газ бөлу қасиетіне негізделген. Метандық ашу нәтижесінде бөлінетін биогаз құрамы - 50-80% метан, 20-30% көмірқышқыл газы, шамамен 1% күкіртсутек, сонымен қатар шамалы мөлшердегі басқа газдардан (азот, оттегі, сутегі, аммиак, т.б.) тұрады. Метантүзуші бактериялар органикалық қышқылдарды қажетті метанға, көмірқышқыл газына айналдырады.

Биогаздағы метанның мөлшері жоғары, демек, жанудың жоғары жылуы биогазды қолдануға кең мүмкіндіктер береді. Атап айтсақ, қондырғының өзіндік энергетикалық қажеттіліктерін жабу үшін; газ қыздырғыштарында жағу; биогаздағы газ қазандықтары; биогазбен жұмыс істейтін қозғалтқыштар; газ-электр генераторлары.

Бұл күрделі жүйелену комплексіне микроорганизмдердің мыңдаған түрлері қатысады. Бірақ олардың негізгісі - метантүзуші бактериялар. Метантүзуші бактериялар қышқылтүзуші ашытқы микроорганизмдер мен салыстырғанда көбеюге ұзақ уақыт қажет етеді және қоршаған ортаның өзгерістеріне қарсы тұру потенциялы төмен. Сондықтан, ашу ортасында алғашында ұшқыш қышқылдар түзулуіне байланысты, метандық ашудың бірінші кезеңін қышқылдық деп атайды. Ары қарай қышқылдардың түзілуі және өнделуі жылдамдығы тенеледі. Сондықтан субстрактының ыдырауы мен газ түзіледі бір уақытта қатар жүреді. Газдың түзілу өнімділігі метантүзуші бактериялардың тіршілік жағдайына байланысты.

Биомассаның барлық көздерін үш топқа бөлуге болады.



- Шырын өндірісінің қалдықтары.

Үй жануарларының экскременттерімен астына төсейтін материалдың қоспасының құрамына байланысты азот, фосфор, калий, магний, темір, көміртегі және микроэлементтер –бор, молибден, кобальт және т.б. Ораша есеппен алғанда 1 тонна әр түрлі үй жануарларынан алған экскременттерінде 5 кг азот, 2,5 кг фосфор ангидриді (P_2O_5) және 5 кг калий оксиді (K_2O). Одан басқа экскременттердің құрамына көптеген органикалық заттар да енеді.

Биогаздық технология - қауіпсіздендірудің радикалдық әдісі және әр түрлі өсімдіктер мен жануарлардың органикалық қалдықтарының қайта өндірілуі, осыған қоса жануарлар мен адамдардың тәжірбиелері, бұдан біз жоғары калорий газ тәрізді отындар - биогаз және жоғары эффекті экологиялық таза органикалық тыңайтқыш аламыз. Биогаздық технология - бұл энергетиканың, агрохимияның, экологияның және капиталдың қиын жағдайларының шешімі.

Биогаздық технологияның негізінде, мал қиының және құс саңғырығының анаэробтық (оттексіз)жағдайларда табиғи биологиялық ыдыраудың қиын процесстер жатыр. Ашудың оптимальдік режимін сақтағанда, үнемі шикізатты араластырғанда, бастапқы материалды өз кезегінде салғанда және ашыған материалды алғанда биогаздың шығуы 1 м^3 реактордан $2-3\text{ м}^3$ -ке жетеді. Ал құстың саңғырығын қолданғанда - 6 м^3 . Жақсы түсінуге болатын тағы басқа мысалдар келтіруге болады: бір сиыр бір тәулікте $2,5\text{ м}^3$ газбен қамтамасыздандырады, семіртуге қойылған бұқа- $1,6\text{ м}^3$, шошқа- $0,3\text{ м}^3$, құс- $0,02\text{ м}^3$.

Метантект, биомассадағы бар бактериялардың әсерінен органикалық заттардың бір бөлігі метанға (60-70%), көмірқышқыл газдарға (30-40%), күкіртсутектің аз мөлшеріне (0-3%),сонымен қатар сутегінің қоспасына, аммиакқа және азоттың тотықтарына ыдырайды. Биогаз жағымсыз иісті емес.Оның бір куб мөлшеріндегі жану жылуы 25МДж, 0,6л бензин жанғанына, 0,85л спирт жанғанына, 1,7 кг отын жанғанына немесе $1,4\text{ кВт}\cdot\text{сағ}$ электрэнергияның қолдануына эквивалентті. Энергетикалықтан басқа биоконверсиялық процесс тағы бір мәселені шешуіне мүмкіндігі бар. Жай қилардың жер өңдеуінде қолдануына қарағанда, ашыған қиларды қолданғанда, ауыл шаруашылығында 10-15% шығымдылық артады. Бұл анаэробтық өзгертуде минерализация мен азоттық байланыстардың болуымен түсіндіріледі.

Бірақ қазіргі кездегі ең маңызды және биотехнологияның аймақтарындағы болатын басқа аспект - экологиялық. Оны әлі құндылық жағынан және тағы басқа көлемді жақтарынан бағалау қиын, бірақ өкінішке орай, маңызды экологиялық талаптарды дәлелдемейтін кезең енді келді. Микроорганизмдер - метогендер органикалық қалдықтарды (жануарлардың,

өсімдіктердің, муниципальді және тағы басқалар) биогазға айналдыру мүмкіндігі бар, оргаминералді заттар және басқа да пайдалы, ең бастысы зиянсыз және залалсыздандырылмаған заттар. Бұл биотехнология заттың және энергияның биосфералық айналуындағы табиғи процестерге негізделген және биосфераға потенциалды зиян келтіретін заттарды пайдалы заттарға айналдыруға бағытталған.

Органикалық заттардың ауасыз ыдырау кезінде биогаз пайда болады. Бұл биогаздың негізгі құрамды бөлігі 1-кестеде көрсетілген.

1-кесте. Биогаздың құрамы мен қасиеті

Көрсеткіш	Метан	CO ₂	H ₂	H ₂ S	Биогаз (60 CH ₄ және 40% CO ₂)
Көлем(%)	55-70	27-44	1	3	100
Жылу шығарғыштығы (МДж.м ⁻³)	35,8	-	10,8	22,8	21,5
Ауырлығы (кг.м ⁻³)	0,72	1,98	0,09	1,54	1,2

Биогаздың 1 текше метр көлемінің жану жылуы жуық мәні мен 23 Мдж-ге тең.

Электргенераторлық құрылғылардың турбиналарын айналдыру үшін биогаз отын ретінде қолданылады.

Ауыл шаруашылығында көптеген қалдықтар, бұл жануарлардың экскременттері және өсімдіктердің қалдықтары қолданусыз қалып отыр. Үй жануарларының қалдықтары қалыпты жағдайда ыдырау кезінде қоршаған ортаға зиянды заттарды бөледі. Соның бірі - аммиак. Бұл экологиялық жағдайды нашарлатады. Сондықтан осындай проблемадан шығу үшін ауыл шаруашылығында биогаздық технологияларды электр энергиясын өндіру үшін қолайлы.

2-кесте. Үй жануарларының биогаз өнімі

Ферментордың көлемі	Бастар саны	Биогаздың өнімділігі	
		мДж/күн	м³/күн
Тауықтар			
500	35000	96000	400
2000	142000	39000	1800
4000	283000	77700	3500
10000	710000	195000	8800
Шошқалар			
500	1500	7000	300
2000	6000	27000	1200

4000	12000	55000	2500
10000	30000	139000	6200
Қара мал			
500	160	5000	230
2000	650	21000	960
4000	1300	42000	1900
10000	3200	106000	4800

Қазақстанда биогаз өндірісінің потенциалы өте жоғары болғанымен өте нашар дамыған. Қазақстандық ғалымдар мен мамандардың жасалған сараптамалық жұмыстары нәтижесінде төмендегідей мәліметтер алынған (3,4-кесте):

3-кесте. Қазақстанда мал мен құс шаруашылығынан тасталатын қалдықтардың жылдық мөлшері
(биогазды қолдану потенциалы бойынша отандық ғалымдардың және мамандардың берген сараптамасы бойынша)

Мал түрі	Құрғақ салмақ қалдығы, млнТ	Биогаз шығымы, млрд м3
Ірі қара қой	13	4,52
жылқы	6,2	2,55
күс	1	0,58
	1,9	0,95
Жалпы шығымы	22,1	8,6

4-кесте. Қазақстанда өсімдік қалдықтарының жылдық мөлшері


Өсімдік түрі	Құрғақ салмақ қалдығы, млнТ	Биогаз шығымы, млрд м3
Бидай	11,8	5,9
Арпа	5,9	3
Жалпы шығымы	17,7	8,9

Ең қарапайым биогаздық құралды қиға толы ор тәрізді елестетуге болады, газ шығару потрубкалы колпакпен жабылған (1-сурет). Мұндай қолдану қиды ашыту үшін температуралық режиммен технологиялық талаптар дәл келетін мемлекеттерде қолданылады: Индияда, Индокитайдың мемлекеттерінде және Китайдың оңтүстік провинцияларында бұл тәсіл миллиондап қолданылады.

Ауыл шаруашылық өнімдерінің органикалық массасының белгілі температурада нәтижесінде биогаз түзілетін ашу процесі жүретін герметикалық жабық ыдысты биогаз қондырғысы дейді. Барлық биогаз қондырғыларының жұмыс істеу қағидалары бір: жинақталған және қажетті ылғалдылыққа жеткізілген шикізат реакторға салынады, онда шикізатты

өңдеуді жетілдіруге жағдай жасалады. Шикізаттан биогазды немесе биотыңайтқышты алуды ферментация немесе ашыту деп атайды.

Биогаз қондырғысында органикалық өнімдерді өңдеуде дайындалған шикізаттан (көң) реакторда биогаз және биотыңайтқыш түзіледі. Биогаз тазаланады, сақталады және газ жанарғысы немесе мотор отыны ретінде қолданылады. Биотыңайтқыш сақталады және жем қосындысы ретінде қолданылады немесе топыраққа енгізіледі.



1-сурет - Биогазды алу үшін қолданылатын құрылымның схемасы

Биогаз қондырғысында жануарлар мен құстардың барлық органикалық қалдықтарын қайтадан қорытады (5-6 сиырлар, немесе 50-60 шошқалар, немесе 500-600 тауықтар), және де барлық коммунальдік қалдықтар және қатты күнделікті үй қалдықтарды (металл мен шыныдан басқасын). Конструкцияға салынған модульдік принцип қажет болған кезде эквивалентті үнемділікті асыра отырып құрылғыны екі еселетуге мүмкіндігі бар. Биореакторда берілген газ сол тұрмыстық конфоркалар мен горелкаларда жанады.


Оның әр модулі 25-30 сиырларға, немесе 250-300 бас шошқаларға, немесе 2500-3000 бас құстарға санаулы, және ортақ электр желісінен тәуелсіз болуға мүмкіндік береді де өзінің энергетикалық қажеттілігін толығымен жауып отырады.

Биогаз өндірісінің тиімді жұмыс шарттары:

Биогазды когенерациялық қондырғыны пайдалану арқылы ПӘК-ін 87-92% жеткізуге болады;

- Биореактордағы тұрақты температура – 33-тен 40 °C;
- Қондырғының барлық жұмысы автоматты түрде реттеледі;
- Биогазды станцияда техникалық қызметкерлердің саны бар жоғы - 3-5 адам
- Биогазды станция өнімдерін кешенді пайдалану;

- Шикізатты жүктеу желілерінің жартылайавтоматты кешенделеуі;
- Биогазды станцияларының қуаты 350 кВт-тан ондаған МВт-қа дейін.



2-сурет – Биогаз өндірісі

Биогаз қондырғысын қолданудың экономикалық пайдасы:

- отын мен электроэнергия үнемделеді;
- тыңайтқыш пен гербицид үнемделеді;
- биогаз және биотыңайтқышты сатуға болады;
- ауылшарушылық өсіміктерінің өнімі жоғарылайды;
- үй жануарлары мен құстарға жем қоспалары қолданылады;
- биогаз қондырғылары бір жыл шамасында шығымын өтейді;
- органикалық қалдықтар жинақталмай, қолданылуына байланысты, ауа тазартылып, респираторлық және көз аурулары азаяды;
- органикалық қалдықтардағы микроорганизмдердің жойылуына байланысты эпидемиялық жағдай жақсарады;
- экологиялық таза тыңайтқыш қолданылуына байланысты экологиялық таза ауылшаруашылық өнімдерден денсаулық жақсарады;
- тезек, көмір, ағаш отынды жинауға, тасымалдауға, кептіруге жіберілетін уақыт, қаржы үнемделеді және сақтау орны қажет болмайды;
- органикалық қалдықтардағы шөп тұқымдарының жойылуына байланысты, арамшөпті жинауға жіберілетін уақыт үнемделеді.

Биогаз қондырғысын қолданудың экологиялық пайдасы:

- ашық сақталатын көннен түзілетін метанның (парник газы) атмосфераға бөлінуі азаяды;

- көмір, ағаш отындарының жану өнімдері мен көмірқышқыл газдың бөлінуі азаяды;

- жағымсыз иісті азот қосылыстарымен ауаның ластануы азаяды;
- көңмен су ресурстарының ластануы азаяды;
- ағаштар (орман) отын ретінде қолданудан сақталады;
- химиялық тыңайтқыштарды қолдану азаяды.

Биогаз өндірісін қолданудың артықшылықтары:

- Электрогаз генераторларда биогаз өңделіп, жылына 35 млрдкВт/сағ (ауыл шаруашылығына қажет энергияның жартысын - 19млрд) және 44 млн. Гкал жылу энергиясын алуға мүмкіндік тудырады. (1 Гкал 1000 тонна суды 1⁰-қа жылытуға жетеді. 200м² пәтерді жылытуға – 3 Гкал қажет).

- Биогазды электр энергия алуға қолдануға тиімді.

Биогаздан алынатын электр энергия құны - 0,025-0,075 долларкВт/сағ

Дәстүрлі әдіспен алынатын энергия құны - 0,1-0,15долларкВт/сағ

- Биогаз 2-4 есе экономикалық жағынан тиімді болып табылады.

- Экологиялық таза отын алу мүмкіндігі. Биогазды жылу көзі ретінде қолданудың тиімділігі. Мысалы, 15м³ биогаз – 60м² пәтерді жылытуға, оның тұрғындарының (4-5 адам) қажеттілігіне жұмсалатын ыстық сумен қамтамасыздандырады.

Қазақстанда биогаз өндіру саласын дамыту, бұл:

- Органикалық қалдықтардан тұратын биомассадан биогаз өндіру жаңартылатын энергияның перспективалы көздерінің бірі болып табылады.

- Бұл экологиялық жағынан ғана емес, энергетикалық және экономикалық көрсеткіштер бойынша да тиімді.

- Биогаз 2030 жылға дейін ҚР газ секторын дамыту тұжырымдамасына сәйкес Қазақстан экономикасының газ секторының ресурстық базасының құрамдас бөлігі болып табылады.

- Тұнбаны органикалық тыңайтқыш ретінде пайдаланған жағдайда, ағынды сулардың тұнбасынан биогаз өндірісін қалдықсыз деп атауға болады.

- Биогаз жер ресурстарына оң әсер етеді, өйткені ол топырақ құнарлылығын қалпына келтіруге көмектеседі.

Бір сөзбен айтқанда биогаз өндірісінің бірнеше артықшылықтарын ескерсек, Қазақстанда жаңартылатын энергия көзі биогазды тиімді пайдалану - бүгінгі күн талабы.

Қолданылған әдебиет

Баланчевадзе В.И., Барановский А.И. и др.; Под ред. А.Ф. Дьякова. Энергетика сегодня и завтра М.: Энергоатмиздат, 1990.-344с

Источники энергии. Факты, проблемы, решения.-М.: Наука и техника. 1997.-110с

Кириллин В.А. Энергетика. Главные проблемы: В вопросах и ответах. М.: Знание, 1997.-128с

Мировая энергетика: прогноз развития до 2020г./Перс англ. Под ред. Ю.Н. Старшикова.-М.: Энергия,1980.-256с.

Нетрадиционные источники энергии. М.: Знание,1982.-120с.

Энергетические ресурсы мира/ под ред. П.С. Непорожного, В.И. Попкова.-М..энергоатомиздат. 1995.-232с.

ГТАХР: 44.01.13

БАЛАМАЛЫ ЭНЕРГИЯ КӨЗДЕРІН ПАЙДАЛАУ

Жакенова Б.Ж.

Исатай Әбдікәрімов атындағы Қызылорда политехникалық жоғары колледжінің энергетикалық мамандықтар циклінің арнайы пәндер оқытушысы, техника және технологиялар магистрі

Кілтті сөздер: Жел энергиясы, күн энергиясы, биогаз.

Андапта: Энергетиканың бүгінгі әлемдік жағдайда алатын орны ерекше деп айтуға болады. Энергия көздерінің біздің өмір сүруіміз, тұрмысымыз, жұмысымыз, болашағымызды елестету мүмкін емес. Өнеркәсібі дамыған әлемнің барлық мемлекеттерінде энергия үнемдеу шаралары дұрыс жолға қойылған. Өйткені көмірмен және көмірсутегімен жұмыс істейтін жылу электр станциялары түбі бір экологиялық проблемалардың асқынуына әкеп соқтырады. Сондықтан әлем қайта қалпына келетін жергілікті энергия көздерін энергия үнемдеудің басты қайнар көзі ретінде қабылдап отыр. Біріншіден баламалы энергия қуат көздерін тиімді пайдалану энергияны үнемдеуге мүмкіндік берсе, екіншіден экологиялық мәселелердің түйінін тарқатады деуге болады.

Аннотация: Можно сказать, что энергетика занимает особое место в сегодняшних мировых условиях. Из источников энергии невозможно представить наше существование, быт, работу, будущее. Во всех промышленно развитых странах мира четко налажены меры по энергосбережению. Тепловые электростанции, работающие с углем и углеводородами, в итоге ведут к обострению экологической проблемы. В связи с этим возобновляемые местные источники энергии являются главным источником чистой энергии. Во-первых, эффективное использование альтернативных источников энергии позволяет экономить энергию, во-вторых, решить экологических проблем.

Annotation: We can say that energy occupies a special place in today's world conditions. It is impossible to imagine our existence, life, work, and future from energy sources. Energy saving measures are well established in all industrialized countries of the world. Since coal and hydrocarbons based thermal power, as a result, leads to an exacerbation of environmental problems. In this regard, renewable local energy sources are the main source of clean energy. First, the effective use of alternative energy sources saves energy, and secondly, to solve environmental problems.

Қазіргі заманды электр энергиясынсыз мүлдем елестету мүмкін емес. Энергия – бұл адамзат тіршілігінің дамуына жағдай жасаушы және ынталандырушы бірден-бір табиғи қайнар көз. Қарапайым ғана мысал: егер электр энергиясы болмаса, үйіңіздегі теледидар, тоңазытқыш, телефоныңыз істен шығады, киім үтіктей алмайсыз, компьютер қоса алмайсыз. Әлем де үлкен үй секілді: энергиясыз зауыттар мен ірі кәсіпорындар жұмыс істеуін тоқтатады, ал олар болмаса, азық-түлік өндіріліп, киім-кешек шығарылмайды, жұмыссыздық белең алады, адамдар кедейшілікке ұшырайды... Былайша айтқанда, электр энергиясы — тұтас әлем экономикасының бүлкілдеп соғып тұрған «қантамыры». Күн сайын оған деген сұраныстың артуынан, тұтынушыларды электр энергиясымен толық қамтамасыз ету әлем елдерінің басты мәселесіне айналды. Біздің болашағымыз өзіміздің қолымызда. Сондықтан еліміз, бүкіл әлем энергия өндірудің жаңа әдісі мен үнемдеу жолын іздестіріп жатқаны баршамызға мәлім. Жалпы қорыта айтқанда біздің өміріміз үшін энергияның атқаратын рөлі зор.

Болашақтың сарқылмас энергия көздері:

- желдің энергиясы;
- күн сәулесі;
- ауа массаларының қозғалысы;
- қуаты отыз бес мегаваттқа дейінгі қондырғыларға арналған гидродинамикалық су энергиясы;
- геотермальдық энергия: топырақтың, жер асты суларының, өзендердің, су айдындарының жылуы;
- сондай-ақ бастапқы энергия ресурстарының антропогендік көздері: биомасса, биогаз және электр және (немесе) жылу энергиясын өндіру үшін пайдаланылатын органикалық қалдықтардан алынатын өзге де отындар.

Жел энергетикасы – жел энергиясын механикалық, жылу немесе электр энергиясына түрлендірудің теориялық негіздерін, әдістері мен техникалық құралдарын жасаумен айналысатын энергетиканың бір саласы. Жел энергетикасы энергия өндірудің ертеден келе жатқан саласы.

Жел қондырғысы дегеніміз – жел энергиясын механикалық энергияға түрлендіретін қондырғы. Бұны желқозғалтқыш деп те атауға болады. Жел қондырғысына негізгі әсер етуші күш – ауа ағыны (жел). Ауа ағыны барлық

қозғалатын заттар сияқты қозғалыс энергиясы немесе кинетикалық энергияның қоры болады. Ауа ағынының кинетикалық энергиясын жел дөңгелегі немесе басқадай жұмыс органы арқылы механикалық энергияға түрлендіреді. Қондырғының міндетіне байланысты механикалық энергия орындаушы механизмдердің көмегімен электрэнергия, жылулық, механикалық және де қысылған ауа энергиясына айналдыруы мүмкін. Желтурбинасының қозғалатын бөлігін ротор деп атаймыз. Ротор жел ағының энергиясын көп қамтыса, соғұрлым көп электр энергиясын өндіреді.

Жел энергиясының басқа энергия көздерінен экогилық және экономикалық артықшылықтары көп. Жел энергетикасы қондырғыларының технологиясын жетілдіру арқылы оның тиімділігін арттыруға болады. Жел энергиясын тұрақты пайдалану үшін жел энергетикасы қондырғыларын басқа энергия көздерімен кешенді түрде ұштастыру қажет. Республиканың шығыс, оңтүстік-шығыс, оңтүстік аймақтарында су электр станциялары мен жел электр станцияларын біріктіріп электр энергиясын өндіру өте тиімді. Қыс айларында жел күші көбейсе, жаз айларында азаяды, ал су керісінше, қыс айларында азайса, ал су керісінше, қыс айларында азайса, жаз айларында көбейеді. Сөйтіп, энергия біршама тұрақтандыруға болады.

Күн энергетикасы күн энергиясын пайдалануды, оның технологияларын қарастыратын альтернативті энергетиканың ең перспективалы бағыттарының бірі. Күн энергетикасы белгілі бір энергия түрін (электр энергиясын немесе жылу энергиясын) өндіру үшін күн сәулесін пайдалануға негізделген.

Күн энергиясы – күн сәулесі мен күн радиациясы түріндегі күннен таралатын энергия. Күн энериясының дәстүрлі органикалық энергия көздері мен ядролық отын алдында талассыз артықшылығы бар. Бұл қоршаған ортаны ластамайтын, сарқылмайтын, энергияның экологиялық таза түрі.

Қазақстанның климаттық жағдайы - күн қуатын пайдалануға қолайлы. Ғалымдардың айтуынша елімізде күн энергиясын өндіру мүмкіндігі жылына 2,5 миллиард киловатт-сағат. Бұл отандық ғалымдарды жаңа жобаларды жасауға жетелеп отыр. Мәселен, күн сәулесін жинайтын арнайы тақталар. Толық автоматтандырылған аталмыш тақтайшалар ғимараттан шықпай-ақ, күн сәулесінің түсу бұрышын анықтап, оны компьютер арқылы басқаруға мүмкіндік береді. Ал өз кезегінде күн энергиясын қолдану жылу мен жарықты қатар алуға мүмкіндік береді. Бұл арзан әрі қолайлы. Сондықтан ол қазақстандық ғалымдардың басты назарында.

Күн энергиясын электр энергиясына айналдыратын қондырғыны фотоэлектрлік немесе фотовольталық, ал күн энергиясын жылулық энергияға айналдыратын аспапты – термиялық деп атайды. Бұл аспаптарды гелиожүйелер деп атайды. Экономикалық құндылығын бағаласақ, күн қондырғылары эксплуатациялық шығынға ұшыратпайды, оны жөндеу және қалпына келтіру үшін қор жұмсалмайды, ұзақ мерзімде жұмыс істей береді.

Су электр станциясы – электр генераторын айналдыратын гидравликалық турбинамен су ағынының механикалық энергиясын электр энергиясына түрлендіретін электр станциясы болып табылады. Басқаша айтсақ, су электр станцияларында судың механикалық энергиясы электр энергиясына түрленеді. Өзенді бөгеп, платинамен суды биікке көтереді. Биіктен гидравликалық турбинаның қалақшаларына құлаған су ағыны оны генератордың роторымен қоса айналдырады.

Су энергиясы дегеніміз – қозғалыстағы судан өндірілетін энергия. Ол бірнеше жолмен жүзеге асырылуы мүмкін. Бірақ ең көп тараған жолы – бөгет арқылы өзен суының ағысын басқару тәсілі. Бөгет артындағы су өзіне потенциалдық энергияны сақтайды, бөгеттен суды жібергенде, ол ауырлық күші әсерінен төмен қарай құлайды. Қозғалыстағы судың кинетикалық энергиясы турбинаны айналдырады және ол өз кезегінде электр энергиясын өндіру үшін генераторды іске қосады. Бөгет арқылы алынатын энергияның мөлшері ең алдымен турбинаны айналдыратын су көлеміне және бөгеттің биіктігіне тәуелді, яғни судың қандай биіктіктен құлай алатынын, соған сәйкес кинетикалық энергиясының қаншалықты болатынын көрсетеді. Сондықтан бөгет арқылы энергия өндіретін су электр станциясын салатын мемлекеттер үлкен назарды бөгеттің биіктігіне аударады. Олай болатыны, өндірілетін энергияның мөлшері – судың қандай биіктіктен құлайтынына тікелей байланысты.

Қазақстанның гидроресурстарының басым бөлігі – шығыс, оңтүстік-шығыс аймақтарда шоғырланған.

Елімізде өндірілетін энергия мөлшерінің 15%-ға жуығын су электр станциялары өндіреді.

Еліміздегі ең ірі су электр станциялары – Бұқтырма, Шүлбі, Өскемен, Қапшағай су электр станциялары.

Еліміздегі қуаты орташа су электр станциялары – Мойнақ, Шардара, Кербұлақ, Бұлақ.

Қазақстандағы энергия өндіру қуаты жағынан ең үлкен су бекеті – Шүлбі су электр станциясы.

Қазақстандағы құрылысы алғаш басталған су электр станциясы – Өскемен су электр станциясы.

Биогаз – болашақ жылу мен электр энергиясын алудың көзі. Биогаз дегеніміз – арнайы реактор-ферментаторларда анаэробтік ашыту процесі нәтижесінде пайда болатын метан мен көмірқышқыл газының қосындысы. Биогазды алу технологиясының негізінде анаэробтық биотехнология жатыр, яғни оттегінің толық болмаған жағдайында (метантанкілерде) органикалық массаны ферменттеу. Бүкіл дүние жүзінде биогазға дәстүрлі емес энергия ресурстарының көзі ретінде жоғары қызығушылық туғызып отыр. Батыс Еуропаның барлық елдерінде биогазды алу және пайдалану жөніндегі ұлттық бағдарламалар жасалған.

Биогаздық технология - қауіпсіздендірудің радикалдық әдісі және әр түрлі өсімдіктер мен жануарлардың органикалық қалдықтарының қайта өндірілуі, сонымен бірге жоғары калорий газ тәрізді отындар - биогаз және жоғары эффекті экологиялық таза органикалық тыңайтқыш алу.

Органикалық өнімдерден биогаз алу – органикалық өнімдердің анаэробты жағдайда "метандық ашу" нәтижесінде жанар газ бөлу қасиетіне негізделген.

Метандық ашу нәтижесінде бөлінетін биогаз құрамы

- 50-80% метан,
- 20-30% көмірқышқыл газы,
- шамамен 1% күкіртсутек,
- сонымен қатар шамалы мөлшердегі басқа газдардан (азот, оттегі, сутегі, аммиак, т.б.) тұрады. Метантүзуші бактериялар органикалық қышқылдарды қажетті метанға, көмірқышқыл газына айналдырады.

Биогаз өндірісінің артықшылықтары:

- арзан биогаз;
- арзан электр энергиясы;
- арзан жылу;
- арзан тыңайтқыш.

Биогаз өндірісі үшін бастапқы шикізаттар:

- Малдың (түйе, жылқы, сиыр, қой, т.б.) органикалық қалдықтары;
- Жануарлардың, үй құстарының биологиялық қалдықтары;
- Балық өңдеу цехының қалдықтары;
- Ауылшаруашылық дақылдарын өңдегеннен кейінгі қалдықтар;
- Сүт зауытының қалдықтары;
- Қант зауытының қалдықтары;
- Шырын өндірісінің қалдықтары.

Биогазды станция жұмысының тиімді жұмыс шарттары:

- Биогазды когенерациялық қондырғыны пайдалану арқылы ПӘК-ін 87-2% жеткізуге болады;
- Биореактордағы тұрақты температура – 33-тен 40 °С;
- Қондырғының барлық жұмысы автоматты түрде реттеледі;
- Биогазды станцияда техникалық қызметкерлердің саны бар жоғы - 3-5;
- Биогазды станция өнімдерін кешенді пайдалану;
- Шикізатты жүктеу желілерінің жартылай автоматты кешенделеуі;
- Биогазды станцияларының қуаты 350 кВт-тан ондаған МВт-қа дейін арттыру.

Биогаз қондырғысын қолданудың экономикалық пайдасы:

- отын мен электроэнергия үнемделеді;
- тыңайтқыш пен гербицид үнемделеді;
- биогаз және биотыңайтқышты сатуға болады;

- ауылшарушылық өсіміктерінің өнімі жоғарылайды;
- үй жануарлары мен құстарға жем қоспалары қолданылады;
- биогаз қондырғылары бір жыл шамасында шығымын өтейді;
- органикалық қалдықтар жинақталмай, қолданылуына байланысты, ауа тазартылып, респираторлық және көз аурулары азаяды;
- органикалық қалдықтардағы микроорганизмдердің жойылуына байланысты эпидемиялық жағдай жақсарады;
- экологиялық таза тыңайтқыш қолданылуына байланысты экологиялық таза ауылшаруашылық өнімдерден денсаулық жақсарады;
- тезек, көмір, ағаш отынды жинауға, тасымалдауға, кептіруге жіберілетін уақыт, қаржы үнемделеді және сақтау орны қажет болмайды;
- органикалық қалдықтардағы шөп тұқымдарының жойылуына байланысты, арамшөпті жинауға жіберілетін уақыт үнемделеді.

Биогаз қондырғысын қолданудың экологиялық пайдасы:

- ашық сақталатын көңнен түзілетін метанның (парник газы) атмосфераға бөлінуі азаяды;
- көмір, ағаш отындарының жану өнімдері мен көмірқышқыл газдың бөлінуі азаяды;
- жағымсыз иісті азот қосылыстарымен ауаның ластануы азаяды;
- көңмен су ресурстарының ластануы азаяды;
- ағаштар (орман) отын ретінде қолданудан сақталады;
- химиялық тыңайтқыштарды қолдану азаяды.

Қорыта айтқанда, Биогазды станция құру арқылы мынадай мәселер шешіледі:

- Экологиялық – органикалық қалдықтарды пайдаға асыру;
- Энергетикалық – өзіндік электр қуатты және жылуды өніру;
- Экономикалық – шыққан өнімнің өзіндік құны төмендейді, бәсеке қабілеттілігі артады
- Жаңашылдығы – энергі және ресурстарды үнемдеудің жаңа технологиясын джамыту;

➤ Әлеуметтік – ауылдық жерлерде жаңа жұмыс орындарының болуы. Жалпы, қалпына келетін энергияның келешегі зор, экологиялық таза, қоры ешуақытта сарқылмайды, арзан әрі тиімді. Оларды пайдалану табиғат баланстарын бұзбайды. Егер біз баламалы энергия көздерін тиімді және үнемді пайдаланатын болсақ бұл біздің келешегіміздің кепілі. Қуат жетіспеушілігі мәселесін шешудің бір амалы – қуатты үнемдеу. Қуатты үнемдеуге бағытталған шаралар Қазақстандағы нағыз балама қуат көздері болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. <https://kk.m.wikipedia.org>
2. www.complete.kz
3. www.malimetter.kz
4. Егемен газеті «Қ.Р-сы Мемлекет басшысының 2017 жылдағы жолдауы»
5. www.azattyg.org
6. <https://www.youtube.com/watch?v=B3dVc75fiUc&noredirect=1>
7. <https://www.youtube.com/watch?v=PA9z9-XWYTk&>

FTAMP 67.21.17

СЕЙСМИКАЛЫҚ КҮШТЕРДІҢ ҒИМАРАТТАР МЕН ҚҰРЫЛЫСТАРҒА ӘСЕРІН ТАЛДАУ

Будикова Айгуль Молдашевна, техника ғылымдарының кандидаты,
қауымдастырылған профессор
Construction-work2022@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0003-4879-9467>,

Сулейменов Диас Сәрсенбайұлы, магистрант, suleymenoov@gmail.com,
<https://orcid.org/0009-0000-0828-7323>

*Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, Қызылорда қаласы,
Қазақстан Республикасы*

Кілтті сөздер: сейсмикалық әсер, ғимарат, құрылымдық қауіпсіздік

Аңдатпа. Мақалада ғимараттардың жер сілкінісіне төзімділігін қамтамасыз етудің негізгі принциптері, ғимараттар мен құрылыстарға сейсмикалық жүктемелерді беру процесі, негізгі құрылымдық схемалар қарастырылады.

Қазақстан Республикасының нормалары жер сілкінісіне бейім аудандарда тұратын тұрғындардың сейсмикалық қауіпсіздігін қамтамасыз етудің заманауи тұжырымдамасына, тұрғын үй және өнеркәсіптік және өндірістік нысандарды сақтауға негізделген әдістері қарастырылды. Атап айтқанда, көптеген дамыған елдердің заманауи нормалары осындай шоғырланған ғимараттарды жобалауға бағытталған, олардың жағдайы есептелген қарқындылықтағы жер сілкінісінен кейін адамдарды тез арада көшіруді немесе технологиялық үдерістерді тоқтатуды қажет етпеу шаралары көрсетілген.

Аннотация. В статье рассматриваются основные принципы обеспечения сейсмостойкости зданий, процесс передачи сейсмических нагрузок на здания и сооружения, основные структурные схемы. Нормами Республики Казахстан рассмотрены методы обеспечения сейсмической безопасности населения, проживающего в районах, подверженных землетрясениям, основанные на современной концепции, сохранении жилых и промышленных объектов. В частности, современные нормы многих развитых стран направлены на проектирование таких концентрированных зданий, состояние которых является мерой нежелания немедленного переселения людей или прекращения технологических процессов после землетрясения расчетной интенсивности.

Annotation. The article discusses the basic principles of earthquake resistance of buildings, the process of transferring seismic loads to buildings and structures, and basic structural schemes. The norms of the Republic of Kazakhstan consider methods of ensuring the seismic safety of the population living in earthquake-prone areas based on a modern concept, the preservation of residential and industrial facilities. In particular, modern standards in many developed countries are aimed at designing such concentrated buildings, the condition of which is a measure of unwillingness to immediately relocate people or stop technological processes after an earthquake of estimated intensity.

Сейсмикалық жүктемелер жер сілкінісі нәтижесінде жер бетінің тербелісінен туындайды. Сейсмикалық жүктемелер жүк көтергіш құрылымдарға әртүрлі зақым келтіреді, тіпті жер сілкінісіне төзімді емес құрылымдардың бұзылуына әкеледі. Осыған байланысты жер сілкінісіне бейім аймақтарда конструкциялардың сейсмикалық әсерге төзімділігін арттыратын шараларды қолдану қажет [1].

Жер сілкініс кезінде ғимараттар мен құрылыстардың зақымдануын талдау негізінде белгіленген жер сілкінісіне төзімділікті қамтамасыз етудің негізгі принциптері: көтергіш элементтердің көлемін, массасы мен қаттылығын біркелкі және симметриялы бөле отырып, жоспарда қарапайым нысандарды қолдану арқылы сейсмикалық күштердің біркелкі бөлінуі; құрылымдардың өз салмағын жеңілдету және құрылымдардың өз салмағын азайту арқылы сейсмикалық күштердің азаюы болып табылады.

Сейсмикалық аудандарда салынған барлық ғимараттар мен құрылыстар құрылымдардың өз салмағының, қар жүктемесінің, едендерге уақытша жүктеменің және сейсмикалық жүктеменің бір мезгілде әсеріне есептеледі. Сейсмикалық күштердің әсеріне ғимараттар мен құрылыстарды есептеу: сейсмикалық күштердің шамалары мен бағыттарын анықтау; осы күштердің әсеріне құрылымдарды тікелей есептеуді қамтиды. Құрылымға әсер ететін сейсмикалық күштердің шамалары мен бағыттарын дәл анықтау мүмкін емес,

себебі жер сілкінісі кезінде жер қыртысының тербелісі кездейсоқ сипатта болады және оны аналитикалық сипаттау мүмкін емес. Сейсмикалық аудандарда жобаланған ғимараттардың көлденең тұрақтылығы ғимарат пен құрылыстың көлденең қаттылығын арттыратын бірқатар іс-шаралармен қамтамасыз етіледі [1].

Ғимараттың сейсмикалық күштерінің әсерін қарастыру үшін жүктемелердің негізгі принциптерін және объектінің бар болуы үшін тірек құрылымының маңыздылығын, оның пішінінің өзгермейтіндігін, қарсы тұру қабілетін анықтау қажет.

Жүк көтергіш құрылымдардың міндеті - құрылымның өз салмағын бақылау және көтеру ғана емес, сонымен қатар қосымша жүктемелерді қабылдау. Бұл жағдайда ең үлкен қызығушылық жүктемені қабылдау процесі емес, құрылым ішінде болатын жүктемені беру процесі болып табылады [2].

Кез келген тірек құрылымы қатарынан үш фазада жұмыс істейді:


- а) жүктемені қабылдау;
- ә) жүктемені бөлу;
- б) жүктемені беру.

Бұл фазалар конструкциялардың жұмысы деп аталады, оны түсіну тірек құрылымын жобалаудың негізгі алғышарты, оның негізгі мақсаты болып табылады. Күштердің қозғалысы объектінің пішіні әсер ететін күштердің бағытымен байланысты болғанша жеткілікті айқын болады. Күштердің бағытын өзгерту сыртқы әсерлердің жаңа типтерін жасаудың алғышарты болып табылады, яғни күштерді беру жаңа арналар арқылы таратылуы және жүргізілуі қажет. Сондықтан күштерді бөлу нысандағы күштерді реттеу принципі болып табылады. Тірек құрылымын жобалау қабылдау жүйесін дамыту міндетін атқарады [6].


Құрылыстардың жүк көтергіш жүйелерінің жобасы барлық жүк көтергіш жүйелердің механизмдері туралы ғана емес, сонымен қатар жоспардың құрылымына және техникалық жабдық элементтерінің интеграциясына байланысты осы құрылымды анықтайтын барлық факторлардың ішкі байланысы туралы негізгі білімді талап етеді.

Сейсмикалық аудандарда жобаланған ғимараттар мен құрылыстар жүктемені негізге беретін элементтер мен құрылымдардың үздіксіздігін және осылайша әр қабат үшін жүктемелерді берудің дәйектілігін талап етеді [3].

Сейсмикалық аудандардағы ғимараттардың жүк көтергіш жүйелері - бұл күштерді қайта бөлу, атап айтқанда көлденең күштерді фокустау және жерге қосу белгілі бір «биіктікте тұрақты» құрылыммен жүзеге асырылатын, негізінен тік ұзындықта орналасқан берік қатты элементтердің жүйелері. Тірек құрылымының түріне сәйкес ғимараттар мен құрылыстарды рамалық (рамалық құрылымдар) және жүк көтергіш қабырғалармен бөлуге болады [5].



1-сурет. Металлқаңқалы конструктивті ғимарат схемасы



2-сурет. Жүк көтергіш конструкциялардың типтері
(қаңқалы, қаңқасыз, толық емес қаңқалы)

Жобалаушының негізгі міндеті - мүмкіндігінше осы үш жүйені біріктіру және осы функциялардың барлығын қарастырып, конструктивті негіз құру болып табылады [4].

Сейсмикалық жүктемелер - бұл жер сілкінісінің әсерінен туындаған көлденең күштер, құрылымда әртүрлі күрделі қозғалыстар мен деформациялар тудырады. Көлденең күштерге ұшыраған кезде деформациялар пайда болады: иілу, құрылымның әртүрлі деңгейлеріндегі ығысу, аударылу, көлбеу, бұралу, тербелістер. Сондықтан тірек конструкцияларын жобалаудағы басты міндеттердің бірі құрылымдарды осындай өзгерістерден қорғау немесе оларды барынша азайту болып табылады. Көлденең жүктемелерге ұшыраған кезде құрылымға қаттылық беру үшін әртүрлі әдістер қолданылады [7].

Үлкен панельді ғимараттар мен монолитті көп қабатты темірбетон қабырғалары бар ғимараттар жер сілкінісіне төзімділікті қамтамасыз етеді. Үлкен панельді құрылыста ғимараттардың жер сілкінісіне төзімділігін арттыру үшін олар тік диафрагмалардың (жүк көтергіш қабырғалардың) көп саны болатындай етіп жасалуы маңызды. Бұл диафрагмалар қатты байланыс функциясын атқарады және жер сілкінісінің энергиясын сөндіруге қабілетті. Көпқабатты ғимараттарды салу кезінде олардың орнықты болуын қамтамасыз ету өте маңызды және оларда қолайсыз деформациялар болмайды. Ол үшін осы ғимараттардың әрқайсысында қаттылық ядросы

болуы керек. Нысанның ортасында монолитті темірбетоннан жасалған қатты кеңістіктік өзек тұрғызылған. Ол әр қабаттың 30%-н алады. Дәл осы құрылым зәулім ғимаратты қатты жел, жауын-шашын және негіздің тербелісі кезінде ұстайды. Олардың айрықша ерекшелігі - терең іргетастың негізі болып табылады [8].

Құрылыс материалдарының заманауи түрлерінің, құрылымдардың, технологиялардың пайда болуы ғимараттар мен құрылыстардың жаңа буынының пайда болуына әкеледі, олар бұрын салынғандармен салыстырғанда жеңіл және икемді болып келеді. Ғимарат ішіндегі үлкен ашық кеңістіктер, үлкен аралықтағы арқалықтар, ғимараттың үлкен биіктігі жүк көтергіштігін айтарлықтай төмендетеді. Мұндай құрылымдар, әдетте, көлденең әсерлерге жоғары сезімталдықпен сипатталады. Осыған байланысты ғимаратқа көлденең әсерлерді есепке алу ғимараттың беріктігін есептеу кезінде негізгі факторлардың біріне айналады. Үздіксіз зерттеулер жүргізілуде және жобалаушыға көлденең әсерлерді бұрын талап етілгеннен гөрі дәлдікпен бағалауға мүмкіндік беретін жаңа дәлірек және жетілдірілген есептеу әдістерін іздеу жүргізілуде. Жобалаушының міндеті - ғимараттың сейсмикалық жүктемелердің әсерінен оның қызмет ету мерзімі ішінде сенімділік пен қалыпты пайдалануға жарамдылық талаптарына жауап беретін жұмысын қамтамасыз ету болып табылады. Сейсмикалық жүктемелердің ғимараттар мен инженерлік құрылыстарға әсерін анықтау көп жағдайда өте күрделі мәселелерге әкеледі, оларды шешу ерекше назар аударуды қажет етеді [9].

Ең белсенді сейсмикалық қорғау әдістерінің бірі - сейсмикалық оқшаулау. Сейсмикалық оқшаулау құрылымның және қордың осы бөлігіндегі кез-келген жүйелерді немесе элементтерді орнату арқылы қоршау үстінде орналасқан құрылымның бір бөлігіне сейсмикалық әсердің айтарлықтай төмендеуі деп аталады.

Тіпті кейбір жағдайларда құрылысшылар жер сілкінісінің құрылымдарға әсерін әлсіретуі үшін ғимараттардың іргетасынан оқшаулауға тырысып, іргетастардың үстінде қабат төсемдерді жасаған. Осылайша, Орта Азияның кейбір монументалды ғимараттарында олар құмды қабаттарда, содан кейін таза саз қабаттарында, қабырғасында борпылдақ қабаттар қойылған. Дегенмен, ауыр тас қабырғаларымен қысылып, бұл қабаттар олардың мақсатына сенімді түрде қызмет еткен [7].

Күтілетін жер сілкінісінен кейін қалпына келтіру ғимараттарының материалдық құнын төмендету - бұл өзекті мәселе. Оның шешімі екі бағытта жүзеге асырылуы мүмкін: жобалау сатысында ғимараттар мен құрылыстардың сейсмикалық тұрақтылығын қамтамасыз ету және тиісті сапамен көрсеткіштерге сәйкес құрылыс жұмыстарын жүргізуге бірқатар көрсеткіштер мен жобалау талаптарын орындау болып табылады.

Әдебиеттер:

- [1]. **Будикова, А.М.,** Байманов Т.А., Топырактарды инженерлік ізденістер құрамында зерттеу. Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің Хабаршысы, №2(53), 2019ж., 93-99б.
- [2]. **Далматов, Б.И.** Механика грунтов, основания и фундаменты (включая специальный курс инженерной геологии): учебник для вузов // 3-е изд., стер. - СПб. : Лань, 2012. - 416.
- [3]. **Крутов, В.И.** Проектирование и устройство оснований и фундаментов на просадочных грунтах: [учебное пособие] / В.И.Крутов, А.С.Ковалев, В.А.Ковалев. - М.: АСВ, 2013. - 544 -552с.
- [4]. ҚР ҚНЖЕ 5.01-01-2002 Ғимарат пен құрылыс негізі.- Астана: ҚР МИТ құрылыс ісі жөніндегі комитет, 2012.- 82б.
- [5]. **Машкин, Н.А.,** Будикова А.М. Прочностные характеристики лёссовых просадочных грунтов// Қорқыт Ата атындағы қызылорда мемлекеттік университетінің Хабаршысы, №1 (46), 2016ж., 139-143б.
- [6]. **Будикова, А.М.,** Байманов Т.О., Байкенже А.А. «Геотехническое обеспечение проектирования объектов городской инфраструктуры г.Кызылорды», Научно-технический журнал РФ. Вестник Науки и образования № 12 (90), ISSN 2541-7851, Москва, 2020г.
- [7]. **Кодуто Дональд, П.** Инженерлік геотехника: теория және тәжірибе: оқулық/ Дональд П. Кодуто, Ман-Чу Рональд Юнг, Уильям А. Китч; ҚР білім және ғылым м-гі; [қазақ тіліне ауд. І. Н. Дүйсембаев, Т. Е. Бесімбаев].- Алматы: ҚР Жоғары оқу орынд. қауымдастығы, 2013.- (ҚР Білім және ғылым м-гі)
- [8]. **Баймахан, А.Р.** "Табан-Іргетас-Ғимарат" жүйесінің орнықтылығына топырақтың анизотропты құрылымының әсері / А.Р.Баймахан, Р.Б.Баймахан, Х.Масаюки. - Алматы, 2020. - 165б.; 60х84. - Библиогр.: 154-164б. - (Академик Ө.А.Жолдасбеков атындағы механика және машинатану ғылыми зерттеу институты). - ISBN 978-601-262-323-9.
- [9].ГОСТ-23908-2011. Грунты. Методы лабораторного определения суффозионной сжимаемости. Госстандарт , 2011г.

References:

- [1]. **Budikova, A.M.,** Baimanov T.A., soil research as part of engineering surveys. Bulletin of Korkyt Ata Kyzylorda State University, №2(53), 2019, 93-99p.
- [2]. **Dalmatov, B.I.** Mechanics of soils, foundations and foundations (including a special course of engineering geology): textbook for universities //3-d publication: LAN, 2012. - 416.
- [3]. **Krutov, V.I.** design and installation of foundations and foundations on prospecting grounds: [educational aid] / V.I.Krutov, A.S.Kovalev, V.A.Kovalev. Moscow: ASV publ., 2013. - 544-552p.

[4]. BCaR RK 5.01-01-2002 Building and construction foundation.- Astana: Committee for construction affairs of MIT RK, 2012.- 82p.

[5]. **Mashkin, N.A.**, Budikova A.M. Prospectus of less prosadochny soils// Bulletin of Korkyt Ata Kyzylorda State University, No. 1 (46), 2016, 139-143p.

[6]. **Budikova, A.M.**, Baimanov T.O., Baykenzhe Village "Geotechnical provision of urban infrastructure design facilities in Kyzylorda", scientific and technical Journal of the Russian Federation. Bulletin of Science and education No. 12 (90), ISSN 2541-7851, Moscow, 2020.

[7]. **Koduto Donald, P.** Engineering geotechnics: theory and practice: textbook / Donald P. Koduto, Man-Chu Ronald Jung, William A. Kitch; m of education and science of the Republic of Kazakhstan; [translated into Kazakh. I. N. Dyusembayev, T. E. Besimbayev].- Almaty: higher educational institutions of the Republic of Kazakhstan. 2013. - (state institution of Education and science of the Republic of Kazakhstan).

[8]. **Baimakhan, A.R.** Influence of anisotropic soil structure on the stability of the "foot-Foundation-Building" System/A.R.Baymakhan, R.B.Baymakhan, H.Masayuki. - Almaty, 2020. – 165p.; 60x84. - Bibliogr.: 154-164p. - (Scientific Research Institute of mechanics and Mechanical Science named after academician U.A. Zholdasbekov). - ISBN 978-601-262-323-9.

[9]. State standard -23908-2011.Primer. Methods of laboratory determination of suffocation. State standart, 2011.

FTAMP 44.01.13

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫ ЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ ЖҮЙЕ (SMART GRID) КОНЦЕПЦИЯСЫ

Базартай Ш.Е.

Исатай Әбдікәрімов атындағы Қызылорда политехникалық жоғары колледжі, арнайы пән оқытушысы, техника ғылымдарының магистрі

Андатпа: Қазақстанда энергетикалық секторды модернизациялау және тиімділікті арттыру мақсатында интеллектуалды энергетикалық жүйе (Smart Grid) енгізу маңызды қадам болып табылады. Smart Grid – бұл дәстүрлі энергетикалық жүйелерге жаңа цифрлық технологиялар мен телекоммуникациялық инфрақұрылымды енгізу арқылы энергия өндірісін, тасымалдауын және тұтынуын оңтайландыруды көздейтін жүйе. Бұл жүйе энергияны үнемдеу, тұтынушылардың қажеттіліктеріне жауап беру, электр энергиясының сапасы мен сенімділігін арттыруға мүмкіндік береді.

Қазақстандағы интеллектуалды энергетикалық жүйе концепциясы энергетикалық сектордың тиімділігін арттыру, экологиялық тұрақтылықты қамтамасыз ету, энергия көздерін тиімді пайдалану және энергия тұтынушыларымен өзара әрекеттесу арқылы экономикалық өсімді қамтамасыз етуді мақсат етеді. Концепцияның негізгі бағыттары ретінде цифрлық платформа, телекоммуникациялық инфрақұрылымның жетілдірілуі, цифрландыру индексі және нормативтік-құқықтық реттеу мәселелері қарастырылады.

Қазақстанның интеллектуалды энергетикалық жүйесін дамыту арқылы экологиялық, әлеуметтік және экономикалық жағынан тиімді энергетикалық жүйе құру көзделуде. Бұл жүйе халықтың тұрмыс сапасын жақсартуға және ел экономикасының тұрақты дамуына ықпал ететін болады.

Концепцияның іске асырылуы Қазақстанның энергетикалық инфрақұрылымын жаңғыртып, энергия тиімділігін арттыруға және энергетикалық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталған ұзақ мерзімді стратегиялық жобаның бөлігі болып табылады.

Аннотация: Внедрение интеллектуальной энергетической системы (Smart Grid) в Казахстане является важным шагом для модернизации энергетического сектора и повышения эффективности. Smart Grid — это система, которая оптимизирует производство, транспортировку и потребление энергии путем интеграции новых цифровых технологий и телекоммуникационной инфраструктуры в традиционные энергетические системы. Эта система позволяет экономить энергию, удовлетворять потребности потребителей, а также улучшать качество и надежность

электроснабжения.

Концепция интеллектуальной энергетической системы в Казахстане направлена на повышение эффективности энергетического сектора, обеспечение экологической устойчивости, рациональное использование энергетических ресурсов и создание экономического роста через взаимодействие с потребителями энергии. Основные направления концепции включают цифровые платформы, развитие телекоммуникационной инфраструктуры, цифровизацию и вопросы нормативно-правового регулирования.

Развитие интеллектуальной энергетической системы в Казахстане направлено на создание эффективной энергетической системы с точки зрения экологии, социальной сферы и экономики. Эта система будет способствовать улучшению качества жизни населения и обеспечению устойчивого развития экономики страны.

Реализация концепции является частью долгосрочного стратегического проекта, направленного на модернизацию энергетической инфраструктуры Казахстана, повышение энергоэффективности и обеспечение энергетической безопасности.

Abstract: The implementation of the Smart Grid energy system in Kazakhstan is an important step toward modernizing the energy sector and improving efficiency. Smart Grid is a system that optimizes energy production, transmission, and consumption by integrating new digital technologies and telecommunication infrastructure into traditional energy systems. This system helps save energy, meet consumer needs, and improve the quality and reliability of electricity supply.

The concept of the Smart Grid in Kazakhstan aims to enhance the efficiency of the energy sector, ensure environmental sustainability, promote the rational use of energy resources, and foster economic growth through interaction with energy consumers. Key directions of the concept include digital platforms, the development of telecommunication infrastructure, digitalization, and regulatory issues.

The development of the Smart Grid in Kazakhstan is aimed at creating an effective energy system from an ecological, social, and economic perspective. This system will contribute to improving the quality of life of the population and ensuring the sustainable development of the country's economy.

The implementation of the concept is part of a long-term strategic project aimed at modernizing Kazakhstan's energy infrastructure, improving energy efficiency, and ensuring energy security.

Кілт сөздер: Smart Grid, интеллектуалды энергетикалық жүйе, электр желісі, баламалы көздер, локальды жүйе.

Интеллектуалды энергетикалық жүйе (Smart Grid) әрбір елде

энергетикалық желінің құрылымы мен электр энергиясы нарығының ерекшеліктеріне қарай әртүрлі түсініледі және жүзеге асырылады. Қазақстанның Smart Grid технологиясына негізделген тиімді және жоғары технологиялық энергетикалық жүйесін құру – ұзақ мерзімді және ауқымды міндет болып табылады. Бұл міндетті шешу республикаға энергетикалық тәуелсіздікке қол жеткізуге, сондай-ақ инновациялық даму мен ғылыми әлеуеттің өсуіне серпін береді.

Бұл тапсырма энергетика саласындағы барлық қатысушыларды, яғни генерация, тасымалдау, бөлу, жабдықтау, тұтыну және жүйелік басқаруды қамтиды. Интеллектуалды энергетикалық жүйені іске асырудағы негізгі факторлардың бірі – барлық секторларды жаңғырту негізінде технологиялық инфрақұрылымды қалыптастыру, оған жоғары талаптар қойылады.

Интеллектуалды энергетикалық жүйе барлық қатысушылардың іс-қимылдарын нақты уақыт режимінде басқаруға қабілетті бола отырып, тұрақты, экономикалық тұрғыдан тиімді және қауіпсіз электрмен жабдықтауды қамтамасыз етеді, сонымен қатар көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қолжетімділігін арттырады. Бұл жүйе энергетикалық желідегі барлық қатысушыларды интеграциялау арқылы техникалық және экономикалық пайда алуға мүмкіндік береді, бұл өз кезегінде жоғары сенімділік пен қауіпсіздікті қамтамасыз етеді.

Бұл концепцияда интеллектуалды энергетикалық жүйе келесідей анықтамаға ие: Smart Grid – бұл генерация көздерін, электр желілерін, тұтынушыларды, мониторинг пен басқару жүйелерін қамтитын өздігінен реттелетін энергетикалық жүйе, ол тарату жүйелері, автоматика және қорғау құралдарын қазіргі заманғы микроқұрылымдар негізінде енгізу арқылы басқару тиімділігін және сенімділігін айтарлықтай арттырады, сондай-ақ жаңа әдістер мен критерийлерді әзірлеу арқылы жүйенің экономикалық тиімділігі мен сенімділігін қамтамасыз етеді.

Әлемдегі экономикалық дағдарыстар жаңа сын-қатерлерді туғызып, мемлекеттің экономикаға араласуын арттырады, себебі мемлекеттік саясаттың басты мақсаты – халықтың әлеуметтік қорғауын қамтамасыз ету. Дегенмен, бүгінгі цифрлық революцияның әсерінен Қазақстанға цифрландыруды мемлекеттік саясаттың негізгі бағыты ретінде жоспарларына енгізу қажеттілігі туындайды.

Мемлекет басшысы 2017 жылдың 31 қаңтарындағы Қазақстан халқына жолдауында үшінші модернизация туралы мәлімдеп, оның негізі ретінде цифрландыруды атады. Ол жаңа цифрлық технологиялар арқылы индустрияларды дамыту қажеттігін және «байланыс инфрақұрылымының дамуын, оптикалық талшықты инфрақұрылымды кең қолжетімділікті қамтамасыз етуді» атап өтті. Цифрлық индустрияның дамуы басқа салаларға да серпін береді. Цифрландыруға көшу үшін қажетті жағдайлар жасау мақсатында «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы іске қосылды.

Бұл бағдарлама экономиканың дәстүрлі салаларын цифрландыруды, адам капиталын дамыту мен мемлекеттік қызметтердің цифрлануын, цифрлық инфрақұрылымды жақсартуды және кәсіпкерлік экожүйесін дамыту мақсаттарын қамтиды.

Энергетика саласындағы болашақ даму факторлары мен оларға байланысты қауіптер дәстүрлі әдістер мен жұмыс принциптерін қайта қарауды қажет етеді. Жаңа тәсілдер мен әдістерді енгізу арқылы жүйенің тұрақты дамуын қамтамасыз етіп, энергия тұтыну тиімділігін айтарлықтай арттыру қажет. Бұл үшін инновациялық тұрғыдан дамыған жаңа концепция қажет. Ол, бір жағынан, әлеуметтік және қоғамдық дамудың қазіргі бағыттарына және қоғамның қалыптасып келе жатқан қажеттіліктеріне сай болуы тиіс, екінші жағынан – ғылым мен техниканың барлық салаларындағы жетістіктерді ескере отырып, жаңа әдістер мен басқару жүйелерін ұсынуы керек. Мұндай концепция ретінде Smart Grid (Интеллектуалды энергетикалық жүйе) ұсынылады.

Электр энергиясын өндіру секторы

Қазіргі таңда Қазақстанда электр энергиясын өндірумен 200-ден астам әртүрлі меншік нысанындағы электр стансалары айналысады, соның ішінде жаңартылатын энергия көздері (ЖЭК) де бар. Электр энергиясын өндіру саласында шешуді қажет ететін негізгі мәселелер мыналар:

1. Электр энергиясын өндіру үшін баламалы энергия көздерін дамытуға, сонымен қатар екінші энергетикалық ресурстарды пайдалану арқылы ынталандырудың жетіспеушілігі;
2. Энергия өндіруші ұйымдардың негізгі және қосымша жабдықтарының жоғары тозуы мен жиі апаттық жағдайлар;
3. Энергия өндіруші ұйымдардың энергия тиімділігін арттыру және технологияларын енгізуге деген қызығушылықтың болмауы;
4. Электр энергиясы мен қуат тапшылығы, оның ішінде реттейтін қуаттардың жеткіліксіздігі;
5. Қазақстанның энергожүйесінің теңгерімсіздігі және жаңартылатын энергия көздерін (ЖЭК) ауқымды енгізуге дайын еместігі;
6. Аймақтардағы жылумен жабдықтау схемалары мен елдің жылу энергиясы бойынша болжамдық балансының болмауы;
7. Жылу энергиясын өндіру және жеткізу объектілерінің жағдайын бақылау жүйелерінің жоқтығы;
8. Локальды жылумен жабдықтау жүйелерінде ко/три-генерация мүмкіндіктерінің толық пайдаланылмауы;
9. Отандық энергетикалық объектілердің импорттық компоненттерге тәуелділігі.

Климаттың өзгеруі және органикалық отындардың болашақтағы тапшылығы жаңартылатын және баламалы энергия көздерін дамытуға, әсіресе жел және күн электр стансалары сияқты технологияларды кеңінен

енгізуге ынталандырады. Болашақта мұндай көздердің саны артып, олар электр желісінің әртүрлі бөліктеріне қосылып, энергия өндіру қуаттары қазіргі кездегіден гөрі көп деңгейде бөлініп орналасатын болады. Бұл ретте, жаңартылатын энергия көздерінің басты ерекшелігі олардың салыстырмалы түрде төмен қуатымен және өндірілетін энергияның тұрақсыздығымен сипатталады.

Электр энергиясын тасымалдау және бөлу секторы

Қазақстанның Ұлттық энергетикалық жүйесіне (ҰЭЖ) 0,4-1150 кВ аралығындағы кернеудегі әуелік электр энергиясын тасымалдау желілері, жалпы ұзындығы 27 мыңнан астам шақырым және 220-1150 кВ кернеудегі 79-дан астам электр станциялары кіреді. Электр энергиясын Қазақстанда 19 өңірлік энергетикалық компания (ОЭК) және 0,4-220 кВ кернеудегі өңірлік деңгейдегі электр желілеріне ие 127 шағын энергия тасымалдаушы компаниялар таратады.

Электр энергиясын тасымалдау және бөлу секторында шешуді қажет ететін негізгі мәселелер мыналар:

1. Электр энергиясын тасымалдау кезінде жоғалтулардың жоғары деңгейі;
2. Электр желілерінің жоғары деңгейдегі тозуы;
3. Электр энергиясына тарифтердің өсуі, бұл көп саныдағы энерготасымалдаушы ұйымдардың және шығындарға негізделген тиімді емес тарифтік саясаттың нәтижесі;
Android Studio – Google компаниясы әзірлеген және Android операциялық жүйесіне арналған қосымшаларды жасауға мүмкіндік беретін ресми интеграцияланған дамыту ортасы (IDE). Бұл құрал қолданушыларға қолданбаларды құру, тестілеу және орналастыру үшін қажетті барлық мүмкіндіктерді ұсынады. Android Studio Java, Kotlin және XML тілдерінде код жазуға мүмкіндік береді, сонымен қатар қосымшаны графикалық интерфейс арқылы жобалауға да болады [4].

Android Studio көмегімен бағдарламашылар мобильді қосымшалар жасай алады, олардың функционалдығын тексере алады және өнімділікке оңтайландыру жұмыстарын жүргізе алады. Бұл ортада эмуляторлар, логтарды қарау, ақауларды түзету және қосымшаны Google Play-ге жариялау құралдары бар.

Қосымша келесі негізгі беттерден тұрады:

1. Кіру және тіркелу беттері: Пайдаланушылардың аккаунттарын құруға және жүйеге кіруге мүмкіндік береді (сурет 1).
2. Басты бет: Оқытылатын материалдар мен сабақтарға жылдам қол жеткізу мүмкіндігін қамтамасыз етеді.
3. Сабақтар бөлімі: Ағылшын тілін үйренуге арналған интерактивті материалдардан тұрады.
4. Тесттер бөлімі: Қолданушылардың білім деңгейін бағалау үшін тест тапсырмалары енгізілген.


5. Пайдаланушы профилі: Жеке ақпаратты көрсету, байланыс мәліметтері мен оқыту статистикасын бақылау мүмкіндігі бар.



1-сурет. Қосымшаның алғашқы беті


Қолданушыға ыңғайлы болу үшін қосымшаның интерфейсі қарапайым әрі түсінікті етіп жасалды. Тіркелу мен кіру беттері минималистік стильде орындалған, пайдаланушыдан email және құпиясөз енгізуді талап етеді.

Тіркелгеннен кейін пайдаланушы өзінің жеке кабинетіне кіре алады, онда оның байланыс мәліметтері, білімі, және орналасқан жері көрсетіледі. Қосымшадағы сабақтар мен тесттер бөлімдері UX/UI дизайн талаптарына сай жасалып, қолданушының оқу процесін жеңілдетуге бағытталған (сурет 2).



2-сурет. Тіркелу беті

Қосымшаға пайдаланушы өз электрондық поштасы арқылы тіркелгеннен кейін Ағылшын тіліндегі сабақтар тізімі бар жаңа бет ашылады. Көрсетілген тақырыпшалардың әрқайсысында видеосабақтар мен аудиосабақтар қарастырылған. Барлық тақырыпшаларды өтілген қолданушы сабақ соңында тест тапсырмасын тапсырады (сурет 3).



3-сурет. Қосымшаның негізгі беті

Қазіргі уақытта ағылшын тілін меңгеру – көптеген адамдар үшін маңызды қажеттіліктердің бірі. Әсіресе, білім, бизнес, технология және халықаралық қатынастар салаларында ағылшын тілін білудің маңызы зор. Осыған байланысты, мобильді қосымшалар арқылы оқыту әдісі кеңінен қолданысқа ие болуда. Мобильді технологиялар оқыту процесін интерактивті, ыңғайлы және тиімді етіп ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Бұл қосымшаның басты ерекшелігі – интерактивті оқу процесін ұсынуында. Қолданушылар тек мәтіндік материалдарды оқумен шектелмей, түрлі жаттығуларды орындау, тест тапсыру, жеке оқу прогресін бақылау мүмкіндігіне ие болды. Сонымен қатар, қосымшаға Firebase Authentication арқылы тіркелу және кіру мүмкіндігі енгізіліп, пайдаланушылардың жеке мәліметтерін сақтау қауіпсіздігі қамтамасыз етілді. Болашақта қолданушылардың қажеттіліктеріне сәйкес жаңартулар енгізу арқылы қосымшаның функционалын жетілдіру көзделуде.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Google Developers. "Android Studio Documentation."
<https://developer.android.com/studio>

2. Firebase Documentation. "Firebase for Android Apps." <https://firebase.google.com/docs/android/setup>
3. Big Nerd Ranch. "Android Programming: The Big Nerd Ranch Guide." Pearson, 2021.
4. Mark L. Murphy. "The Busy Coder's Guide to Android Development." CommonsWare, 2020.
5. Paul Deitel, Harvey Deitel. "Android How to Program." Pearson, 2017.
6. John Horton. "Android Programming for Beginners." Packt Publishing, 2021.

ҒТАХР 34.03.07

ЛОГИКАЛЫҚ ОЙЫНДАР МОБИЛЬДІК ҚОСЫМШАСЫН ӘЗІРЛЕУ

Кеңесбаев Абылайхан Асылжанұлы, Рысдаулетова Айжан Абайқызы

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Ақтөбе қаласы
abulai.04@bk.ru

Кілт сөздер: Логикалық ойындар, Android Studio, мобильді ойындар, бағдарламалау, Java, Kotlin, UI дизайн, ойын механикасы, фрагменттер, алгоритмдер, дыбыстық эффектілер, графика, тестілеу, Google Play, ойын әзірлеу, кодтау, қолданушы тәжірибесі, геймдизайн, Firebase, Game Loop, 2D графика, интерактивті ойындар, білім беру ойындары, ойлау қабілетін дамыту.

Ключевые слова: Логические игры, Android Studio, мобильные игры, программирование, Java, Kotlin, UI-дизайн, механика игры, фрагменты, алгоритмы, звуковые эффекты, графика, тестирование, Google Play, разработка игр, кодирование, пользовательский опыт, геймдизайн, Firebase, Game Loop, 2D-графика, интерактивные игры, образовательные игры, развитие мышления.

Key Words: Logical games, Android Studio, mobile games, programming, Java, Kotlin, UI design, game mechanics, fragments, algorithms, sound effects, graphics, testing, Google Play, game development, coding, user experience, game design, Firebase, Game Loop, 2D graphics, interactive games, educational games, cognitive development.

Аңдатпа: Бұл мақалада логикалық ойындардың түрлері, олардың маңыздылығы және Android Studio көмегімен мобильді қосымша ретінде жасалу жолдары қарастырылады. Логикалық ойындар – адам ойлау қабілетін

дамытудың, есте сақтау және зейін қою дағдыларын жетілдірудің тиімді әдістерінің бірі. Бұл ойындар математика, стратегия, абстрактілі ойлау және шешім қабылдау қабілеттерін талап етеді. Android Studio платформасы арқылы логикалық ойындар жасау заманауи бағдарламалау әдістерін қолдана отырып, мобильді қосымшалар индустриясында өз орнын табуға мүмкіндік береді. Мақалада логикалық ойындарды әзірлеудің негізгі кезеңдері, қолданылатын технологиялар мен құралдар, сондай-ақ олардың адам дамуына тигізетін әсері қарастырылады [3].

Аннотация: В данной статье рассматриваются виды логических игр, их важность и способы создания мобильных приложений с их использованием в Android Studio. Логические игры являются эффективным способом развития мыслительных способностей, улучшения памяти и концентрации внимания. Эти игры требуют математического мышления, стратегии, абстрактного анализа и способности принимать решения. Создание логических игр на платформе Android Studio позволяет использовать современные методы программирования и находить своё место в индустрии мобильных приложений. В статье рассмотрены основные этапы разработки логических игр, применяемые технологии и инструменты, а также их влияние на развитие человека.

Anotation: This article discusses types of logical games, their significance, and methods of developing them as mobile applications using Android Studio. Logical games are an effective way to enhance cognitive abilities, improve memory, and increase concentration. These games require mathematical thinking, strategy, abstract reasoning, and decision-making skills. Developing logical games on the Android Studio platform allows the use of modern programming techniques and provides an opportunity to establish a place in the mobile applications industry. The article explores the main stages of developing logical games, the technologies and tools used, and their impact on human development.

Қазіргі заманда мобильді құрылғылардың кеңінен таралуы адамдардың бос уақытын тиімді пайдалануға мүмкіндік беретін әртүрлі қосымшалардың пайда болуына ықпал етті. Солардың ішінде логикалық ойындар ерекше орын алады. Бұл ойындар ойыншылардың ойлау қабілетін дамытып, стратегиялық шешім қабылдауға үйретеді. Логикалық ойындар кез келген жастағы адамдар үшін пайдалы, өйткені олар есте сақтау, зейін қою және мәселені шешу дағдыларын жақсартады.

Логикалық ойындар – адам миының белсенділігін арттыратын және интеллектуалдық қабілетті дамытуға көмектесетін танымал ойын түрлері. Олардың басты ерекшелігі – ойыншыға жылдам ойлану, есептеу және стратегия құру қажеттілігі. Мұндай ойындар когнитивтік дағдыларды дамытудың тиімді әдістерінің бірі болып табылады. Тарихи тұрғыдан алғанда, шахмат, дойбы, судоку және басқа да басқатырғыштар логикалық

ойынды дамытуға арналған классикалық құралдар ретінде қолданылып келеді. Бүгінгі таңда бұл ойындар сандық форматта жаңа деңгейге көтеріліп, мобильді қосымшалар түрінде ұсынылуда [1].

Android Studio платформасы – мобильді ойындар мен қосымшалар жасауға арналған ең танымал құралдардың бірі. Бұл орта ойын жасаушыларға логикалық ойындарды дамытып, оларды мобильді құрылғыларға бейімдеуге мүмкіндік береді. Логикалық ойындарды әзірлеу барысында бағдарламалаудың негізгі принциптері, қолданушы интерфейсін құру, ойын механикасын қалыптастыру және ойынның динамикасын оңтайландыру сияқты маңызды аспектілер қарастырылады [2].

Бұл мақалада логикалық ойындардың түрлері, олардың маңыздылығы және Android Studio арқылы жасалу жолдары қарастырылады. Сонымен қатар, ойын жасаушылар үшін негізгі қадамдар, қолданылатын технологиялар мен құралдар сипатталады. Логикалық ойындардың мобильді платформаларда дамуы олардың кең таралуына және әр түрлі аудиторияларға қолжетімді болуына септігін тигізеді.

Логикалық ойындардың түрлері :


1. Жұмбақтар мен пазлдар – Sudoku, кроссвордтар, мозайкалар.
2. Сәйкестендіру ойындары – Onet Connect, Match-3 ойындары.
3. Шахмат пен дойбы – Классикалық логикалық стратегия ойындары.
4. Нөмірлік ойындар – 2048, Kakuro, Number Link.
5. Шығу ойындары – Escape Room, лабиринттер.
6. Физикаға негізделген ойындар – Angry Birds, Cut the Rope.

Android Studio – Android қосымшаларын жасауда қолданылатын ең танымал интеграцияланған орта (IDE). Логикалық ойын жасау үшін Java немесе Kotlin бағдарламалау тілдері қолданылады [4].

Негізгі қадамдар:

1. Жоба құру


- Android Studio-да жаңа жоба ашу.
- UI (пайдаланушы интерфейсі) дизайнын жасау.



1. Android studio беті

2. Ойын механикасын әзірлеу


- Логикалық ережелерді анықтау.
- Қажетті алгоритмдерді іске асыру.



2. Ойын беті

3. Фрагменттер мен әрекеттерді қолдану

- Көпдеңгейлі ойындар үшін фрагменттермен жұмыс.




3. Фрагмент

4. Графика және анимация

- Ойынның көрнекі жағын жақсарту үшін суреттер мен эффектiлер қосу.

5. Дыбыстық эффектiлердi қосу

- Ойынға арнайы дыбыстар мен музыкалық сүйемелдеу қосу.



4. Дыбыс қосу

6. Тестiлеу және оңтайландыру

- Қателердi түзету және өнiмдiлiктi арттыру.

7. Жариялау

- Ойынды Google Play-ге шығару.

Android Studio логикалық ойындар жасауға арналған көптеген құралдарды ұсынады:

- XML және Jetpack Compose – UI құрастыруға арналған.
- Canvas API – 2D графиканы басқару.
- SoundPool және MediaPlayer – дыбыстарды өңдеу.
- Game Loop – ойын процестерін басқару.
- Firebase – ойын нәтижелерін сақтау және онлайн қызметтер қосу [5].

Қорытындылай келе логикалық ойындар – қолданушыларға ойлау қабілетін жетілдіруге мүмкіндік беретін қызықты әрі пайдалы ойын түрлері. Android Studio платформасы арқылы мұндай ойындарды әзірлеу күрделі болғанымен, дұрыс тәсіл қолданса, қызықты әрі сапалы өнім жасауға болады. Логикалық ойындарды дамыту арқылы білім беру, есте сақтау қабілетін жақсарту және уақытты тиімді өткізу мүмкіндіктерін кеңейтуге болады.

Логикалық ойындардың Android Studio-да жасалуы ойын жасаушыларға үлкен мүмкіндіктер береді. Бұл технологияның дамуы болашақта жаңа мүмкіндіктер мен ерекше ойын үлгілерін жасауға жол ашады.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Android Developers. (<https://developer.android.com/>)
2. Horton, J. (2021). "Android Game Development for Beginners." Packt Publishing.
3. Meier, R. (2018). "Professional Android." Wrox.
4. Banerjee, S. (2020). "Mastering Android Game Development." Packt Publishing.
5. Khan Academy. "Computer Science and Programming Basics." (<https://www.khanacademy.org/>)

FTAXP: 34.03.07

ANDROID STUDIO ОРТАСЫНДА «NFIT ФИТНЕС» МОБИЛЬДІ ҚОСЫМШАСЫН ҚҰРУ

Төремұратова Назира Макарқызы, Шангытбаева Гульмира
Асауғалиқызы

*Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Ақтөбе қ, Қазақстан
Республикасы*

naziraturem@gmail.com, shangytbaeva@mail.ru

Аңдатпа: «NFIT ФИТНЕС» – бұл пайдаланушыларға жеке жаттығу бағдарламаларын, тамақтану жоспарларын және денсаулықты бақылауға арналған мобильді қосымша. Қосымша Android Studio ортасында Java/Kotlin тілдерінде жасалып, Firebase платформасы арқылы деректер базасын басқарады. Негізгі міндеті – спорт залына бармай-ақ үйде тиімді жаттығуларды орындауға көмектесу.


Аннотация: «NFIT ФИТНЕС» – мобильное приложение для персональных тренировок, планов питания и мониторинга здоровья. Разработано в среде Android Studio на Java/Kotlin с использованием Firebase для управления базой данных. Основная цель – помочь пользователям эффективно тренироваться дома без посещения спортзала.

Abstract: «NFIT FITNESS» is a mobile application designed for personalized workouts, nutrition plans, and health tracking. Built in Android Studio using Java/Kotlin and powered by Firebase for database management, it aims to provide users with effective home-based training solutions without gym attendance.

Кілт сөздер: Фитнес, Android, Firebase, жаттығу бағдарламасы, денсаулық.


Қазіргі уақытта мобильді қосымшалар біздің күнделікті өміріміздің маңызды бөлігіне айналуымен қатар цифрлық технологиялардың дамуы адам өмірінің барлық салаларына айтарлықтай әсер етуде. Әсіресе денсаулық пен фитнеске арналған қосымшалар адамдардың салауатты өмір салтын ұстануына, физикалық белсенділігін бақылауға және мақсаттарына жетуге көмектесуде ерекше орын алады. Бұл жобада Android Studio платформасын пайдалана отырып, пайдаланушылардың жеке қажеттіліктеріне сәйкес фитнес мобильді қосымшасын әзірлеу көзделіп отыр. Қосымшада дене белсенділігін бақылау, күнделікті қадам санын санау, калория шығындарын анықтау және жаттығу бағдарламаларын жоспарлау сияқты мүмкіндіктер қарастырылады.

Қосымшаны құрудың негізгі қадамдары жобаны құру: Android Studio-да жаңа жоба ашып, қосымшаның негізгі құрылымын жасадым, пайдаланушыға ыңғайлы және әдемі интерфейс құрдым және, функционалдықты қостым. Қосымшаның алғашқы беті құпия сөз арқылы кіру болып табылады. Әр пайдаланушының деректері құпия сақталуы үшін. Пайдаланушы өз есептік жазбасы арқылы және өзіне қолайлы құпия сөзді сақтау арқылы кіреді. Егерде пайдаланушы қосымшаға келесі кіру кезінде құпия сөзді ұмытып қалған жағдайдаға жағдаяттар қарастырылған (сурет 1).




1-сурет. «Nfit» қосымшасының бастапқы беті

Әрі қарай мәзір бойынша қосымшаның негізгі бетін орналастырдым. Бұл бет бастапқы кіріспе беттен кейін бірден ашылады. Мәзірді көру үшін қосымшаның сол жақ шетінде орналасқан батырмағы жүгінеді. Мәзірде (мыналар) қамтылған (сурет 2).




2-сурет. Қосымша мәзірі

Қосымша мәзірінің бастапқы беті 7 күндік жаттығудан тұрады. Жаттығу қыз балаларға арналған жеңіл, алғашқы пайдаланушыларға арналған. Жаттығу шағын gif форматында көрсетілген, толығырақ бейнежазба түрінде де бар (сурет 3).



3-сурет. Бір апталық жаттығу

Бір апталық жаттығудың өзі жеке жеке бөліп қаралынған. Әр жаттығуға түрлеріне батырма көмегімен кіріп белгіленген уақытты пайдаланып ілесіп жасап отыруға болады (сурет 4).



4-сурет. Жаттығудың орындалу барысы

«Nfit фитнес» мобильді қосымшасы осы мәселені шешуге көмектеседі. «Nfit фитнес» мобильді қосымшасы – денсаулық пен дене шынықтыруға бағытталған жаңа, инновациялық жоба. Қосымша пайдаланушыларға

күнделікті физикалық белсенділікті реттеуге, дұрыс тамақтану жоспарын жасауға және жеке фитнес мақсаттарына жетуге көмектеседі.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Android Developers. (2023). Android Studio User Guide.
2. Phillips, B., Hardy, B., & Marsicano, K. (2020). Android Programming: The Big Nerd Ranch Guide. 5th Edition. Big Nerd Ranch Guides.
3. Smith, J. (2021). Mobile Fitness Applications: Design and Development. Tech Innovations Press.
4. Norman, D. (2013). The Design of Everyday Things. Revised and Expanded Edition. Basic Books.
5. Schneier, B. (2015). Data and Goliath: The Hidden Battles to Collect Your Data and Control Your World. W. W. Norton & Company.
6. Horstmann, C. S. (2019). Core Java Volume I: Fundamentals. 11th Edition. Prentice Hall.
7. Lee, I.-M., & Shiroma, E. J. (2019). Using Accelerometers to Measure Physical Activity in Large-Scale Epidemiological Studies. Journal of Sports Sciences.
8. Android Developers. (2023). Material Design Guidelines.
9. Stack Overflow. (2023). Android Development Community.

FTAXP 34.03.07

ВЕБ-КЛИНИКАҒА АРНАЛҒАН МОБИЛЬДІ ҚОСЫМША ҚҰРУ

Турмаганбетова Загипа Полатовна, Шангытбаева Гүльмира
Асаугалиқызы

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Ақтөбе қ.

zagypaturmaganbetova@gmail.ru

Кілт сөздер: Веб-клиника, мобильді қосымша, Android Studio, Firebase Authentication, медициналық қызметтерді цифрландыру.

Ключевые слова: Веб-клиника, мобильное приложение, Android Studio, Firebase Authentication, цифровизация медицинских услуг.

Keywords: Web clinic, mobile application, Android Studio, Firebase Authentication, digitization of medical services.

Аңдатпа: Бұл мақалада веб-клиникаға арналған мобильді қосымша әзірлеу мәселесі қарастырылады. Қосымша медициналық қызметтерді цифрландыру арқылы пациенттер мен дәрігерлер арасындағы өзара

әрекеттестікті жеңілдетуге бағытталған. Android Studio және Firebase Authentication технологияларын пайдалану арқылы пациенттер дәрігерге онлайн жазыла алады. Бұл тәсіл медициналық қызметтерді автоматтандыруға және олардың тиімділігін арттыруға ықпал етеді.

Аннотация: В данной статье рассматривается разработка мобильного приложения для веб-клиники. Приложение направлено на упрощение взаимодействия между пациентами и врачами за счет цифровизации медицинских услуг. С использованием технологий Android Studio и Firebase Authentication пациенты могут записываться к врачу онлайн. Такой подход способствует автоматизации медицинских услуг и повышению их эффективности.

Abstract: This article discusses the development of a mobile application for a web clinic. The application aims to simplify interactions between patients and doctors by digitizing medical services. Using Android Studio and Firebase Authentication technologies, patients can book appointments online. This approach facilitates the automation of medical services and enhances their efficiency.

Android Studio — Android қолданбаларын жасауға арналған ресми әзірлеу ортасы (IDE). Оны Google әзірлеген және IntelliJ IDEA негізінде жасалған. Android Studio қолданбаларды бағдарламалауға, жөндеуге және тестілеуге арналған қуатты құралдарды ұсынады. Ол кірістірілген эмуляторлармен, синтаксисті бөлектейтін код редакторымен және Gradle тәуелділігін басқару жүйесімен бірге келеді. Пайдаланушыға ыңғайлы интерфейсі және бай функционалдығы арқасында бұл IDE Android әзірлеушілері арасында танымал таңдау болып табылады. Қазіргі заманғы медициналық қызметтерді цифрландыру – денсаулық сақтау жүйесінің басты бағыттарының бірі. Веб-клиникаға арналған мобильді қосымшасы науқастар мен дәрігерлер арасындағы өзара әрекеттестікті жеңілдетіп, медициналық қызметтерді қолжетімді әрі тиімді етуге көмектеседі. Дәстүрлі әдістермен жұмыс істейтін медициналық мекемелерде пациенттер дәрігерге жазылу үшін ұзақ уақыт күтуге мәжбүр болып, қағаз құжаттармен жұмыс жасауға көп уақыт жұмсалады. Веб клиникаға арналған мобильді қосымшасын әзірлеудің басты мақсаты – медициналық қызметтерді автоматтандыру арқылы пациенттер мен дәрігерлер арасындағы өзара әрекеттестікті жеңілдету және денсаулық сақтау жүйесінің тиімділігін арттыру.

Бұл пайдаланушыларға өз аккаунтына кез келген құрылғыдан кіріп, қажетті қызметтерді ыңғайлы пайдалануға мүмкіндік береді. Жобада қолданылатын технологиялар мен жүйенің архитектурасы қазіргі заманғы талаптарға сай әзірленіп, жоғары өнімділік пен қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталады. Ақпараттық технологиялардың дамуымен денсаулық сақтау саласы да жаңа мүмкіндіктерге ие болуда. Қазіргі таңда заманауи веб-қосымшалар пациенттерге қажетті қызметтерді қашықтан алуға мүмкіндік беру арқылы

денсаулық сақтау мекемелерінің жұмысын дамытуға көмектеседі, бұл әсіресе пандемия мен дағдарыс жағдайында өзекті болып отыр. Осы жобада веб клиникаға арналған мобильді қосымшасы құру мәселесі қарастырылады. Бұл мобильді қосымшаның алғашқы бетінде пациенттердің дәрігерге жазылу беті орналасқан. Пациенттер өзінің email почтасы және құпия сөз арқылы дәрігерге жазыла алады.

Айнымалыларды анықтау:

- loginButton – кіру батырмасы.
- language – тілді ауыстыру белгішесі.
- registerRedirect – тіркелу бетіне өтетін мәтін.
- mAuth – Firebase аутентификация объектісі (сурет 1).



1-сурет. Кіру батырмасы

Ал егер пациент кіру батырмасы арқылы кіре алмаса ол ең алдымен тіркелуден өтуі қажет. Содан кейін кіру батырмасы арқылы дәрігерге жазыла алады.

Айнымалыларды анықтау:

- fullNameField – қолданушының аты-жөні.
- emailField – email енгізу өрісі.
- passwordField – пароль енгізу өрісі.
- confirmPasswordField – парольді қайта енгізу өрісі.
- registerButton – тіркеу батырмасы.
- loginRedirect – логин бетіне оралу батырмасы.
- mAuth – Firebase аутентификация объектісі (сурет 2).



WebClinic

Мәліметтеріңізді енгізіңіз

Сіздің атыңыз

Email

Құпия сөз

Құпия сөзді қайталаңыз

РЕГИСТРАЦИЯ


Ақкаунтыңыз бар ма? Кіру

2-сурет. Тіркелу батырмасы

Firebase – бұл **Google** ұсынған бұлттық платформа, ол мобильді және веб-қосымшалар жасауға арналған. Ол әзірлеушілерге **аутентификация (тіркеу, кіру), мәліметтер базасы, бұлттық сақтау, хабарламалар (notifications)** және басқа да сервистерді оңай қосуға мүмкіндік береді [1]. Сонымен қатар, **Firebase Authentication** сәтті орындалғаннан кейін пайдаланушы **EnrollFragment** экранына бағытталады, онда дәрігерге жазылу мүмкіндігі беріледі. Егер енгізілген мәліметтер дұрыс болмаса, жүйе **Toast хабарламасы** арқылы қате туралы ақпарат береді. Бұл қолданушыларға өз қателерін жылдам анықтап, түзетуге мүмкіндік жасайды. Бұл кодта біз **Firebase Authentication** сервисін қолдандық, ол **email және пароль** арқылы тіркелу мен кіруді жүзеге асырады.

Кіру батырмасы (**Firebase Authentication**):

- Email мен пароль енгізілгенін тексереді.
- **Firebase Authentication** арқылы кіруге әрекеттенеді.
- Егер сәтті болса, **EnrollFragment-ке** (келесі бетке) өтеді.
- Егер қате болса, экранда **Toast хабарлама** көрсетеді (сурет 3).



3-сурет. Firebase Authentication қосу

Дәрігерге Жазылу Экранның Функционалдығы (EnrollFragment.java)

Қазіргі таңда цифрлық технологиялар денсаулық сақтау саласында кеңінен қолданылуда. Атап айтқанда, мобильді қосымшалар арқылы

дәрігерге алдын ала жазылу қызметі пайдаланушыларға үлкен ыңғайлылық туғызады. Бұл мақалада "WebClinic" мобильді қосымшасындағы EnrollFragment.java файлының жұмыс істеу принциптері, қолданушы интерфейсі және функционалды мүмкіндіктері туралы толық түсінік беріледі.

EnrollFragment экранының негізгі мақсаты

EnrollFragment.java – бұл "Дәрігерге жазылу" экранының жұмысын басқаратын код. Оның басты мақсаты – қолданушыдан қажетті ақпаратты жинап, оны тексеріп, дұрыс енгізілген жағдайда сәттілік хабарламасын көрсету. Бұл экран арқылы қолданушы келесі әрекеттерді орындай алады:

- Аты-жөнін және байланыс нөмірін енгізу
- Қызмет түрін таңдау (мысалы, терапевт, хирург, стоматолог)
- Қажетті күн мен уақытты енгізу
- Барлық өрістер дұрыс толтырылса, сұранысты жіберу (сурет 4).

4-сурет. Дәрігерге жазылу


WebClinic: Дәрігерлер Тізімі Экранының Жұмыс Принципі

Қазіргі заманғы медициналық қосымшалар пациенттерге ыңғайлы болу үшін дәрігерлер туралы ақпаратты жүйелі түрде көрсетеді. **WebClinic** қосымшасында **DoctorListFragment** файлы дәрігерлердің тізімін көрсететін экранды басқарады. Бұл экран арқылы қолданушылар дәрігерлердің мамандықтарын, суреттерін көріп, қажетті маманға өту мүмкіндігіне ие болады.

DoctorListFragment функционалдығы

Докторлар тізімін көрсету үшін RecyclerView компоненті қолданылып, әрбір элемент арнайы адаптер арқылы байланысады. Бұл әдіс деректерді тиімді басқаруға және экранда көрнекі түрде ұсынуға мүмкіндік береді. Әрбір дәрігер туралы мәлімет жеке карта ретінде көрсетіліп, оның ішінде аты-жөні, мамандығы және суреті қамтылады. Сонымен қатар, пайдаланушы белгілі бір дәрігер туралы толығырақ ақпарат алу үшін оны таңдап, қосымша мәліметтерді көре алады. Бұл тәсіл қолданушыға ыңғайлы интерфейс

ұсынып, клиника жүйесінің функционалдығын арттырады [2] (сурет 5).



5-сурет. Дәрігерлер тізімі

Android қосымшасында аудионы ойнату (MediaPlayer мысалы)

Бұл мақалада Android қосымшасында **MediaPlayer** көмегімен аудионы қалай басқаруға болатынын қарастырамыз. Біз **аудионы ойнату, тоқтату және үзіліске қою** мүмкіндіктерін жүзеге асыратын **AudioFragment** фрагментін құрамыз [3].

1. Қажетті элементтер

Фрагментте келесі UI элементтері қолданылады:

- **TextView (tvAudioStatus)** – Аудио күйін көрсету үшін
- **ImageButton (btnPlay, btnPause, btnStop)** – Аудионы басқару батырмалары
- **ImageView (albumArt)** – Әннің мұқабасын көрсету


Android-қосымшада **VideoView** арқылы бейне ойнату және толық экранға шығару

Бұл мақалада Android қосымшасында **VideoView** көмегімен бейне файлды ойнату, оны басқару және толық экранға шығару жолдарын қарастырамыз.

1. Негізгі элементтер

Біз бейне ойнататын **VideoFragment** құрамыз. Фрагментте келесі элементтер болады:

- **VideoView (videoView)** – бейнені ойнату үшін
- **TextView (descriptionTextView)** – бейненің сипаттамасын көрсету үшін
- **ImageButton (exitButton)** – толық экраннан шығу батырмасы (сурет 6).



6-сурет. Бейне және аудионы ойнату

Қорытындылай келе, денсаулық сақтау саласына цифрлық технологияларды енгізу медициналық қызметтерді тиімдірек, ыңғайлы және қолжетімді етеді. Веб-клиникаға арналған мобильді қосымшаны әзірлеу пациенттер мен дәрігерлердің өзара әрекеттесу процестерін автоматтандыруға бағытталған, бұл алдын ала жазылуды, қажетті маманды табуды және медициналық деректерді басқаруды айтарлықтай жеңілдетеді.

Зерттеу мобильді технологияларды медицинада қолдану пациенттерді күту уақытын қысқартатынын, емхананың қабылдау бөлімдеріндегі жүктемені азайтатынын және пайдаланушылардың жалпы қанағаттануын арттыратынын көрсетті. Firebase Authentication сияқты бұлттық қызметтермен интеграцияның арқасында деректерді сенімді қорғау және ақпаратқа қол жеткізу қауіпсіздігі қамтамасыз етіледі.

Сонымен қатар, мобильді қосымшаның мүмкіндіктерін жасанды интеллект пен машиналық оқыту арқылы кеңейтуге болады, бұл пациенттің деректерін талдауға, жеке ұсыныстарды ұсынуға және ықтимал ауруларды болжауға мүмкіндік береді. Бұл, әсіресе, цифрлық шешімдер медициналық көмектің сапасын арттыруда шешуші рөл атқаратын заманауи медицина жағдайында өзекті.

Осылайша, веб-клиникаға арналған мобильді қосымшаны әзірлеу денсаулық сақтау саласын цифрландырудағы маңызды қадам болып табылады [4]. Болашақта пациенттерге үйден шықпай-ақ, қашықтан дәрігерлерден кеңес алуға мүмкіндік беретін телемедицина интеграциясын қарастыруға болады. Бұл әсіресе пандемия және дағдарыстық жағдайлар кезінде, адамдар арасындағы байланыстарды азайту өмірлік маңызы бар кезде дұрыс.

Мақала денсаулық сақтау қызметтерін жаңғыртуда мобильді қосымшалардың үлкен әлеуеті бар екенін және оларды одан әрі дамыту денсаулық сақтау болашағының маңызды бөлігіне айналатынын көрсетті.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Firebase. "Firebase Authentication Documentation." Google Developers, <https://firebase.google.com/docs/auth>
2. Android Developers. "Building Android Applications with Java." Google, <https://developer.android.com>
3. Smith, J. (2020). *Mobile Health Applications and Their Impact on Healthcare Industry*. Springer.
4. Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі. "Цифрлық денсаулық сақтау стратегиясы." <https://www.gov.kz/memleket/entities/dsm>

ҒТАХР 34.03.07

**КОНДИТЕРЛІК МАСТЕР- КЛАССҚА АРНАЛҒАН МОБИЛЬДІ
ҚОСЫМША ҚҰРУ**

Алтыбаева Альбина Нағашыбайқызы

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Ақтөбе қаласы

iamalbello04@gmail.com

Аңдатпа: Бұл мақалада кондитерлік мастер-класқа арналған мобильді қосымшаны әзірлеу мәселесі қарастырылады. Қосымша аспаздық білім беруді автоматтандыруға бағытталып, үйренушілер мен кәсіби кондитерлер үшін ыңғайлы оқу платформасын ұсынуды көздейді. Мақалада қосымшаның негізгі функциялары, қолданылған технологиялар және оның пайдаланушыларға беретін мүмкіндіктері сипатталған. Жоба Flutter фреймворкін пайдалана отырып әзірленген, ал аутентификация үшін Firebase сервисі қолданылады.

Аннотация: В статье рассматривается разработка мобильного приложения для кулинарных мастер-классов. Приложение ориентировано на автоматизацию кулинарного образования и предлагает удобную платформу для обучающихся и профессиональных кондитеров. В работе описаны основные функции приложения, используемые технологии и возможности для пользователей. Проект разработан с использованием фреймворка Flutter, а для аутентификации применяется сервис Firebase.

Abstract: This article discusses the development of a mobile application for pastry masterclasses. The application is designed to automate culinary education and provide a convenient learning platform for both beginners and professional confectioners. The article describes the main functions of the application, the

technologies used, and the opportunities it offers to users. The project is developed using the Flutter framework, with Firebase services for authentication.

Қазіргі заманғы аспаздық индустрияда цифрлық технологиялардың рөлі артып келеді. Кондитерлік шеберлікке арналған мобильді қосымша үйренушілер мен кәсіби кондитерлер арасындағы өзара әрекеттестікті жеңілдетіп, оқу процесін тиімді әрі қолжетімді етуге көмектеседі. Дәстүрлі шеберлік сабақтарына қатысу үшін уақыт пен орын шектеулері болса, мобильді қосымша арқылы пайдаланушылар кез келген жерде және кез келген уақытта қажетті білім ала алады.


Кондитерлік мастер-класқа арналған қосымшаны әзірлеудің басты мақсаты – аспаздық білім беруді автоматтандыру арқылы пайдаланушыларға ыңғайлы және заманауи оқу платформасын ұсыну. Бұл сервис арқылы қолданушылар өз аккаунтына кіріп, бейнесабақтар көріп, тәжірибелі кондитерлерден кеңес алып, интерактивті тапсырмаларды орындай алады. Жобада қолданылатын технологиялар қазіргі заманғы талаптарға сай әзірленіп, жоғары өнімділік пен қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталады.

Ақпараттық технологиялардың дамуымен аспаздық білім беру саласы да жаңа мүмкіндіктерге ие болуда. Қазіргі таңда онлайн-платформалар мен мобильді қосымшалар шеберлік сабақтарын қашықтан ұйымдастыруға мүмкіндік беріп, оқыту процесін анағұрлым ыңғайлы етеді. Осы жобада кондитерлік мастер-класқа арналған мобильді қосымшаны әзірлеу мәселесі қарастырылады. Қосымшаның басты бетінде пайдаланушылар тіркеліп, мастер-класс сабақтарына қатысу мүмкіндігіне ие болады.

Айнымалыларды анықтау:

- emailField және passwordField – тіркелу және кіру үшін енгізу өрістері.
- loginButton – кіру батырмасы.
- language – тілді ауыстыру белгішесі.
- registerRedirect – жаңа пайдаланушылар үшін тіркелу бетіне өтетін мәтін.
- mAuth – Firebase аутентификация объектісі.

Бұл мобильді қосымша кондитерлік шеберлікке қызығатын барлық пайдаланушыларға ыңғайлы платформа ұсына отырып, олардың тәжірибесін арттыруға және жаңа білім алуға мүмкіндік береді.




1-сурет. Кіру батырмасы

Студент бірінші кезекте тіркелуден өтуі керек, егер тіркелген болса өз аккаунтына кіру батырмасы арқылы кіре алады.

Айнымалыларды анықтау:

- fullNameField – қолданушының аты-жөні.
- emailField – email енгізу өрісі.
- passwordField – пароль енгізу өрісі.
- confirmPasswordField – парольді қайта енгізу өрісі.
- registerButton – тіркеу батырмасы.
- loginRedirect – логин бетіне оралу батырмасы.
- mAuth – Firebase аутентификация объектісі (сурет 2).




2-сурет. Тіркелу батырмасы

Firebase – бұл Google ұсынған бұлттық платформа, ол мобильді және веб-қосымшалар жасауға арналған. Ол әзірлеушілерге аутентификация (тіркеу, кіру), мәліметтер базасы, бұлттық сақтау, хабарламалар (notifications) және басқа да сервистерді оңай қосуға мүмкіндік береді. Бұл кодта біз

Firebase Authentication сервисін қолдандық, ол email және пароль арқылы тіркелу мен кіруді жүзеге асырады.

Кіру батырмасы (Firebase Authentication):

- Email мен пароль енгізілгенін тексереді.
- Firebase Authentication арқылы кіруге әрекеттенеді.
- Егер сәтті болса, EnrollFragment-ке (келесі бетке) өтеді.
- Егер қате болса, экранда Toast хабарлама көрсетеді (сурет 3).



3-сурет. Firebase Authentication қосу

Қосымшаның алғашқы беттері таныстырылымнан тұрады (сурет 4).

Қолданылған технологиялары мен элементтері. Қосымшаның дизайны мен функционалдығы Flutter фреймворкі арқылы жасалған. Бұл көпплатформалы мобильді қолданба жасауға мүмкіндік береді.

Қолданылған негізгі UI элементтері:

- Card Widget – пайдаланушыларға ақпаратты блок түрінде ұсыну үшін.
- Image Widget – визуалды контент ретінде кондитерлік өнімдердің және автордың суреттерін көрсету үшін.
- Text Widget – мәтіндік ақпарат беру үшін (сәлемдесу, сипаттама, батырма жазулары).
- Button Widget – интерактивті батырмалар (келесі бетке өту, артқа қайту, аяқтау).
- PageView Widget – қосымшаның бірінші іске қосылғандағы слайд-презентациясы.
- Navigator – беттер арасында жылдам және ыңғайлы ауысу үшін.

Қосымшаны ашқан сәтте пайдаланушы “Сәлем, мен – Альбина Алтыбаева!” атты PageView экранымен танысады.


Бұл бөлімде:

- Автордың өзін таныстыруы – бұл пайдаланушыға сенімділік береді.

□ 4 жылдық тәжірибесі туралы ақпарат – бұл платформаның кәсіби деңгейін көрсетеді.

□ Кондитерлік өнімдермен түскен сурет – Image Widget арқылы орналастырылған.

□ Келесі бетке өту батырмасы (Button Widget) – “Келесі” батырмасы басылғанда Navigator.push() арқылы жаңа бетке өтеді.(сурет 5)



4-сурет.

5-сурет.

Екінші бет – “Білім қорындағы рецепттер” деп аталады. Бұл бөлімде “тіркелуден кейін қолжетімді болатын дәлелденген рецепттер” туралы ақпарат беріледі. Бұл экранда:

- Капкейктердің әдемі суреті (Image Widget) пайдаланушының назарын аударады.

- Рецепттер туралы қысқаша ақпарат (Text Widget) орналастырылған.

“Артқа” және “Аяқтау” батырмалары –

- “Артқа” – Navigator.pop() арқылы алдыңғы бетке оралады.
- “Аяқтау” – негізгі мәзірге өту үшін Navigator.pushReplacement() қолданылады.

Бұл платформа тек бастапқы ақпарат берумен шектелмейді. Flutter-де салынған UI/UX дизайны арқылы мынадай мүмкіндіктер қарастырылған:

Десерттерді қалай безендіруді үйрететін бейне сабақтар (VideoPlayer Widget арқылы жүзеге асыруға болады).

Ингредиенттерді дұрыс таңдау тәсілдері (ListView Widget көмегімен

реттелген тізім жасауға болады).

Өз өнімдерін сатудың қыр-сырын үйрететін арнайы курс (Carousel Slider арқылы әртүрлі сабақтарды көрсетуге болады)

Интерактивті сабақтар (сурет 6)

Қосымшадағы сабақтар интерактивті түрде жасалған, яғни пайдаланушы әрбір қадамды орындаған сайын келесі кезеңге өтеді. Бұл процесс ViewPager немесе Stepper компоненттері арқылы жүзеге асырылады. Интерактивті сабақтар келесі элементтерден тұрады:

1. Қадамдық нұсқаулықтар (мәтін + сурет)
2. Қажетті ингредиенттердің тізімі
3. Дайындық уақыты мен күрделілігі туралы ақпарат
4. Қолданушының орындауын бақылау (әр қадамды аяқтау батырмасы)



6- сурет.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Flutter ресми құжаттамасы – Flutter фреймворкін қолдану, UI элементтерін құру және навигацияны басқару. <https://flutter.dev/docs>
2. Dart бағдарламалау тілі – Flutter қосымшаларын құру үшін қолданылатын негізгі тіл. <https://dart.dev/guides>
3. Google Material Design – Қолданбаның визуалды дизайнын жасау және қолданушы интерфейсін ыңғайлы ету үшін. <https://material.io/design>
4. Stack Overflow – Flutter және Dart бойынша жиі кездесетін мәселелерді шешу үшін. <https://stackoverflow.com/questions/tagged/flutter>
5. Medium блогтары – Flutter және мобильді қосымша әзірлеу бойынша тәжірибелік мақалалар. <https://medium.com/flutter-community>

6. YouTube Flutter сабақтары – Flutter-мен UI құруға арналған бейне сабақтар. <https://www.youtube.com/c/Flutter>
7. GitHub Flutter репозиторийлері – Ашық кодты Flutter жобалары және пайдалы кітапханалар. <https://github.com/flutter>

ҒТАХР 34.03.07

САНДЫҚ ТРАНЗАКЦИЯЛАРДЫ ҚОРҒАУ ҮШІН БЛОКЧЕЙН ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫН ҚОЛДАНУ

Әли Асылбек Серікұлы, А.М.Байғанова п.ғ.к., доцент

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университет

Түйін сөздер: Remix IDE, смарт-келісімшарт, Solidity, Ethereum, блокчейн, бағдарламалау, компиляция, тестілеу, Solidity Compiler, Deploy & Run Transactions.

Аннотация

Бұл мақалада Remix IDE ортасында смарт-келісімшарттарды жасау және тестілеу процесі қарастырылады. Remix IDE - Solidity тілінде бағдарламалау арқылы Ethereum блокчейнінде смарт-келісімшарттарды құруға арналған ыңғайлы және қолжетімді құрал. Мақалада Remix IDE ортасының интерфейсі, оны қолдану ерекшеліктері мен артықшылықтары, сонымен қатар қарапайым смарт-келісімшарт жазу және орналастыру үрдісі сипатталған.

Аннотация

В данной статье рассматривается процесс создания и тестирования смарт-контрактов в среде Remix IDE. Remix IDE - это удобный и доступный инструмент для разработки смарт-контрактов на языке программирования Solidity в блокчейне Ethereum. В статье описаны интерфейс среды Remix IDE, особенности и преимущества ее использования, а также процесс написания и развертывания простого смарт-контракта.

Annotation

This article discusses the process of creating and testing smart contracts in the Remix IDE environment. Remix IDE is a user-friendly and accessible tool for developing smart contracts in Solidity for the Ethereum blockchain. The article


describes the Remix IDE interface, its features and advantages, as well as the process of writing and deploying a simple smart contract.

Қазіргі таңда блокчейн технологиясы кеңінен қолданылып, сандық келісімшарттар немесе смарт-келісімшарттар жасау маңызды қажеттілікке айналды. Solidity тілі және Remix IDE ортасы арқылы бұл келісімшарттарды құру оңай және тиімді. Бұл мақалада Remix IDE ортасын пайдалану арқылы смарт-келісімшарт жасау, тестілеу және орналастыру үрдістері қарастырылады.

Remix IDE браузерде жұмыс істейтін интеграцияланған әзірлеу ортасы болып табылады. Ол үш негізгі бөліктен тұрады:

- Файлдар бөлімі (File Explorer) - жаңа файлдар жасау, құрылымдау және жою мүмкіндігі бар;
- Редактор бөлімі (Editor) - код жазу және өңдеу үшін қолданылады.
- Консоль және құралдар бөлімі (Console and Tools) - кодты компиляциялау, орындау және қателерді түзету үшін арналған.

Remix IDE — бұл Solidity бағдарламалау тілінде смарт-келісімшарттарды жазуға, тестілеуге және орналастыруға арналған браузерде жұмыс істейтін интеграцияланған әзірлеу ортасы (IDE). Ол Ethereum блокчейнінде смарт-келісімшарттарды жасау процесін жеңілдетеді және оқушылар немесе блокчейнмен жұмыс істеп жүрген жаңадан бастаушылар үшін өте ыңғайлы [1]. Remix IDE-ді қолдану оңай әрі веб-нұсқасында қолжетімді, яғни ешқандай бағдарламалық құралды жүктеп алудың қажеті жоқ (сурет 1).




1-сурет. Remix IDE ортасы

Remix IDE – Ethereum смарт-келісімшарттарын әзірлеуге арналған браузерлік орта. Оны қолдану үшін жүктеп алудың немесе орнатудың қажеті жоқ, тек веб-сайтқа кіру жеткілікті.

Remix IDE-ге кіру үшін келесі қадамдарды орындауымыз керек [2]:

• <https://remix.ethereum.org/> сайтына кіріп, Remix IDE браузерлік ортасын іске қосыңыз. Жүктеп алу немесе орнату қажет емес.

• Интерфейс үш негізгі бөліктен тұрады: Файлдар бөлімі (File Explorer), Редактор бөлімі (Editor) және Консоль және құралдар бөлімі (Console and Tools) (сурет 2).



2-сурет. Файлдар бөлімі (File Explorer)


Файлдар бөлімі (File Explorer) – Сол жақта орналасқан және бұл бөлімде жаңа файлдарды жасауға, оларды жоюға, сондай-ақ файлдарды құрылымдауға болады.

Редактор бөлімі (Editor) – Орталық бөлікте орналасқан және код жазу, өңдеу үшін қолданылады (сурет 3).



3-сурет. Редактор бөлімі (Editor)

Консоль және құралдар бөлімі (Console and Tools) – Төменгі бөлікте орналасқан және кодты компиляциялау, оны іске қосу, қателерді тексеру үшін арналған.



4-сурет. Консоль және құралдар бөлімі (Console and Tools).

Remix IDE ерекшеліктері[3]:


1. Remix-тің қолданушыға ыңғайлы интерфейсі жаңадан бастаушылар үшін тиімді.
2. Remix-те кодты жазу барысында қателер мен ескертулерді бақылап отыруға болады, бұл бағдарламалауды жеңілдетеді.
3. JavaScript VM арқылы смарт-келісімшарттарды жергілікті тестілеу үшін ыңғайлы.
4. Remix-те қосымша плагиндерді қосу арқылы мүмкіндіктерді кеңейтуге болады, мысалы, қауіпсіздік тексерулері немесе газ тұтынуды талдау.

Remix IDE-нің артықшылықтары:

- Тек браузер арқылы жұмыс істейді, бұл жылдам тестілеу үшін ыңғайлы.
- Оқушылар үшін шығынсыз пайдалану мүмкіндігі бар.
- Оқыту процесінде қолдануға өте ыңғайлы, өйткені интерфейсі қарапайым және қолдануға оңай.
- Қателер мен ескертулер автоматты түрде көрсетіледі, бұл бағдарламалауды жеңілдетеді.

Смарт келісімшарт жасау үшін келесі алгоритмдерді орындаймыз:

- <https://remix.ethereum.org/> сайтына кіріп, Remix IDE браузерлік ортасын іске қосыңыз
- Remix-те сол жақтағы *File Explorer* панелінде жаңа файл жасау үшін, "Create New File" батырмасын басып, файл атауын енгізіңіз. Мысалы, "MyContract.sol" немесе "blok1.sol" деп кез-келген атау қоюға болады. .sol кеңейтімі файлдың Solidity тілінде жазылатынын білдіреді (сурет 5).




5-сурет. Create New File

Жасалған файл автоматты түрде редакторға ашылады. Ашылған файлға смарт-келісімшарт жазуды бастаймыз.

Жаңа ашылған файлда Solidity бағдарламалау тілінде төмендегі смарт-келісімшартты жазамыз.

Мысалы, қарапайым келісімшарт кодын енгіземіз (сурет 6) [10]

```
// SPDX-License-Identifier: MIT
pragma solidity ^0.8.0;
contract MyContract {
    string public message;
    constructor(string memory initialMessage) {
        message = initialMessage;
    }
    function updateMessage(string memory newMessage) public {
        message = newMessage;
    }
}
```



6-сурет. Келісімшарт кодын


Бұл смарт-келісімшарт хабарламаны сақтайды және оны жаңартуға мүмкіндік береді[8].

Келесі қадам смарт-келісімшартты компиляциялау (жинақтау).

- Сол жақтағы панельдегі құралдар тақтасында "Solidity Compiler" бөліміне өтіңіз.

- Компилятор нұсқасын таңдаңыз. Смарт-келісімшартта көрсетілген нұсқамен (pragma solidity ^0.8.0;) үйлесімді компилятор нұсқасын таңдау қажет. Бұл жағдайда 0.8.0 немесе одан жоғары нұсқасын таңдаңыз.


- "Compile blok1.sol" батырмасын басыңыз. Егер кодта қателер болмаса, смарт-келісімшарт сәтті компиляцияланады. Төменде компиляция нәтижелерін және ABI мен байт-кодты көре аласыз (сурет 7).



7-сурет. Compile blok1.sol

Смарт-келісімшартты тестілеу үшін қадамдар(орнату және жіберу)

- Енді смарт-келісімшартты тексеру үшін оны іске қосу қажет. Сол жақтағы құралдар панелінде *"Deploy & Run Transactions"* бөліміне өтіңіз (сурет 8).
- "Environment" опциясынан "JavaScript VM" немесе өзі ұсынған виртуалды машинаны таңдаңыз. Бұл сізге Remix-тің ішкі виртуалды машинасында смарт-келісімшартты тестілеуге мүмкіндік береді.
- "Deploy" батырмасын басыңыз. Орнату кезінде *initialMessage* деген жолды енгізу керек, мысалы: *"Hello, world!"*.
- Смарт-келісімшарт сәтті орнатылған соң, төменгі панельде келісімшарт интерфейсі пайда болады.



8-сурет. Deploy & Run Transactions

- Орынатылған смарт-келісімшарттың функцияларын сынау үшін төменгі панельде пайда болған интерфейсті қолданыңыз.

- *"message"* батырмасын басып, сақталған хабарламаны көріңіз. Ол бастапқыда енгізілген *"Hello, world!"* жолын көрсетеді.

- *"updateMessage"* функциясына жаңа хабарлама енгізіп, оны жаңартыңыз, мысалы: *"New Message"*. Бұл хабарламаны сақтап, оны қайтадан *"message"* функциясы арқылы тексеріп көруге болады.

Сонымен қорыта айтатын болсақ Remix IDE — бұл Solidity тілінде смарт-келісімшарттарды жасауға арналған қарапайым, бірақ қуатты құрал. Оны пайдалану арқылы оқушылар блокчейн негіздерін меңгеріп, смарт-келісімшарттарды жаза алады және оларды тестілеуден өткізе алады.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Блокчейн технологиясы және смарт-келісімшарттар / Қ. Сейдахметов, А. Қасымов. – Алматы: Экономика, 2021. (5-9 беттер)
2. Ethereum блокчейнінің негіздері / Б. Оразбаев, А. Төлеген. – Нұр-Сұлтан: Назарбаев Университет баспасы, 2020. (4-6 беттер)
3. Remix IDE ортасында бағдарламалау, Ethereum платформасы негізінде / А. Қалиев, Н. Серікұлы. – Шымкент: Оқулық, 2023. (6-10 беттер)
4. Смарт-келісімшарттарды қауіпсіз әзірлеу / Д. Иванов, С. Смирнов. – Санкт-Петербург: Питер, 2022. (8-12 беттер)
5. Ақылды келісімшарттар және олардың Қазақстандағы қолдану мүмкіндіктері / Ә. Мұхамедқалиев, Г. Оразова. – Астана: ЕҰУ баспасы, 2022. (7-11 беттер)
6. Solidity тіліндегі бағдарламалау, тәжірибелік нұсқаулық / И. Кузнецов, А. Петров. – Москва: Альпина Пабlishер, 2021. (9-13 беттер)
7. Blockchain технологиясы: цифрлық трансформация және болашағы / Ж. Қуанышев, С. Ахметов. – Алматы: ЖШС «Қазақ университеті», 2019. (10-14 беттер)
8. Смарт-келісімшарттардағы қауіпсіздік мәселелері / А. Беляев, П. Романов. – Санкт-Петербург: Питер, 2021. (11-15 беттер)
9. Ethereum ресми сайты. Remix IDE ортасы. – URL: <https://remix.ethereum.org> (қолжетімділік күні: 2025-03-31). (Құжаттағы 2-8 беттерден алынған)
10. Solidity ресми құжаттамасы. Смарт-келісімшарттарды құру нұсқаулығы. – URL: <https://soliditylang.org> (3-7 беттер)

FTAXP 34.03.07

COGNITIVE TECHNOLOGIES FOR INTELLIGENT ROBOTIC SYSTEMS

Karim Nazerke Adilkyzy, Konyrbaev Nurbek Berkinbayevich, Issakul Yerik Khairullauly

Korkyt Ata Kyzylorda State University, Kyzylorda

Abstract. Cognitive technologies are revolutionizing intelligent robotic systems by enabling them to perceive, reason, learn, and adapt autonomously. These technologies integrate artificial intelligence (AI), machine learning, deep learning, natural language processing (NLP), computer vision, and sensor fusion to enhance robotic capabilities. Through machine learning, robots can recognize patterns, optimize decision-making, and improve performance over time. Computer vision allows for real-time environmental perception, facilitating object detection, navigation, and interaction. NLP enables seamless human-robot communication, expanding applications in assistive robotics and automation. Cognitive architectures provide structured frameworks for reasoning and problem-solving, enabling adaptive decision-making in dynamic environments. These advancements are transforming various industries, including autonomous vehicles, healthcare, industrial automation, and service robotics. The continued evolution of cognitive technologies is paving the way for more autonomous, intelligent, and efficient robotic systems capable of complex problem-solving and human-like interactions.

Keywords: Cognitive robotics, artificial intelligence, machine learning, probabilistic reasoning, reinforcement learning, autonomous decision-making, intelligent systems.

Аннотация. Когнитивные технологии революционизируют интеллектуальные роботизированные системы, позволяя им воспринимать, рассуждать, учиться и адаптироваться автономно. Эти технологии объединяют искусственный интеллект (ИИ), машинное обучение, глубокое обучение, обработку естественного языка (NLP), компьютерное зрение и слияние датчиков для улучшения возможностей роботов. Благодаря машинному обучению роботы могут распознавать шаблоны, оптимизировать принятие решений и со временем повышать производительность. Компьютерное зрение позволяет воспринимать окружающую среду в реальном времени, облегчая обнаружение объектов, навигацию и взаимодействие. NLP обеспечивает бесперебойную коммуникацию человека

и робота, расширяя приложения во вспомогательной робототехнике и автоматизации. Когнитивные архитектуры предоставляют структурированные рамки для рассуждений и решения проблем, обеспечивая адаптивное принятие решений в динамических средах. Эти достижения трансформируют различные отрасли, включая автономные транспортные средства, здравоохранение, промышленную автоматизацию и сервисную робототехнику. Продолжающееся развитие когнитивных технологий прокладывает путь для более автономных, интеллектуальных и эффективных роботизированных систем, способных решать сложные проблемы и взаимодействовать с людьми.

Ключевые слова: Когнитивная робототехника, искусственный интеллект, машинное обучение, вероятностное мышление, обучение с подкреплением, автономное принятие решений, интеллектуальные системы.

Аннотация. Когнитивті технологиялар интеллектуалды роботтық жүйелерді қабылдауға, пайымдауға, үйренуге және өздігінен бейімделуге мүмкіндік береді. Бұл технологиялар роботтық мүмкіндіктерді жақсарту үшін жасанды интеллект (AI), машиналық оқыту, терең оқыту, табиғи тілді өңдеу (NLP), компьютерлік көру және сенсорлық синтезді біріктіреді. Машиналық оқыту арқылы роботтар үлгілерді тани алады, шешім қабылдауды оңтайландырады және уақыт өте келе өнімділікті жақсартады. Компьютерлік бақылау қоршаған ортаны нақты уақыт режимінде қабылдауға мүмкіндік береді, бұл нысандарды анықтауды, шарлауды және өзара әрекеттесуді жеңілдетеді. NLP көмекші робототехника мен автоматтандырудағы қосымшаларды кеңейтіп, адам мен робот арасындағы үздіксіз байланысқа мүмкіндік береді. Когнитивтік архитектуралар динамикалық ортада бейімделу шешімдерін қабылдауға мүмкіндік беретін пайымдаулар мен мәселелерді шешу үшін құрылымдық құрылымдарды қамтамасыз етеді. Бұл жетістіктер автономды көліктерді, денсаулық сақтауды, өнеркәсіптік автоматтандыруды және сервистік робототехниканы қоса алғанда, әртүрлі салаларды өзгертеді. Когнитивті технологиялардағы үздіксіз жетістіктер күрделі мәселелерді шешуге және адамдармен өзара әрекеттесуге қабілетті автономды, интеллектуалды және тиімді робот жүйелеріне жол ашуда.

Түйінді сөздер: Когнитивті робототехника, жасанды интеллект, машиналық оқыту, ықтималдық ойлау, күшейтетін оқыту, автономды шешім қабылдау, интеллектуалды жүйелер.

Introduction

Cognitive technologies play a crucial role in enhancing the intelligence of robotic systems, enabling them to perceive, learn, reason, and make decisions autonomously. These technologies integrate artificial intelligence, machine

learning, computer vision, natural language processing, and sensor fusion to improve robot functionality and adaptability[14;672]. Machine learning and deep learning allow robots to recognize patterns, refine decision-making, and adapt to new situations through experience. Computer vision enables robots to process and interpret visual data, facilitating object detection, recognition, tracking, and spatial awareness. Natural language processing allows for human-robot interaction through speech recognition, language understanding, and contextual responses. [5;550]Cognitive architectures such as SOAR, ACT-R, and OpenCog provide frameworks for human-like reasoning, allowing robots to learn and make logical inferences. Perception and sensor fusion combine data from multiple sensors, enhancing situational awareness and enabling real-time decision-making. Planning and decision-making algorithms help robots navigate environments, avoid obstacles, and optimize task execution[20;323].

Cognitive control and adaptive mechanisms ensure that robots can modify their behavior based on environmental changes and feedback, increasing autonomy and efficiency. These advancements are applied in various domains, including autonomous vehicles, healthcare, industrial automation, and service robotics, making cognitive technologies essential for the future of intelligent robotic systems[8;1104].

The rapid advancements in artificial intelligence (AI) and cognitive computing have significantly transformed the field of robotics, enabling the development of intelligent robotic systems capable of perceiving, reasoning, and autonomously interacting with their environments[10;85]. Traditional robotic systems relied heavily on pre-programmed instructions and deterministic algorithms, limiting their ability to adapt to dynamic and unstructured environments. However, with the integration of cognitive technologies, modern robots can leverage machine learning, neural networks, and sensor fusion to enhance their decision-making, adaptability, and autonomous functioning[17;256].

Cognitive robotics, an interdisciplinary domain, combines principles from AI, neuroscience, psychology, and control systems to develop robots that can process sensory inputs, learn from experience, and make context-aware decisions[3;738]. These systems utilize various cognitive architectures, including probabilistic reasoning, reinforcement learning, and neuromorphic computing, to simulate human-like cognitive functions. As a result, cognitive robotic systems are increasingly applied in diverse fields such as healthcare, manufacturing, autonomous vehicles, and service robotics[13;419].

Despite the significant progress, several challenges remain in the development of intelligent robotic systems. Issues related to real-time decision-making, robustness, data efficiency, and ethical considerations continue to be active research areas[4;163]. This paper explores recent advancements in cognitive technologies for robotic systems, highlighting their applications, challenges, and future research directions. By addressing these challenges, cognitive robotics has

the potential to revolutionize automation, human-robot collaboration, and intelligent decision-making across various domains.

Methods

To explore cognitive technologies in intelligent robotic systems, we employ a multi-faceted research methodology combining theoretical analysis, computational modeling, and experimental validation[23;416]. The following methods were utilized in this study:

1. **Literature Review:** A comprehensive review of existing research on cognitive robotics, including key technologies such as machine learning, neural networks, sensor fusion, and probabilistic reasoning, was conducted to identify current trends and challenges.

2. **Computational Modeling:** Various cognitive architectures, including reinforcement learning models, Bayesian networks, and neuromorphic computing frameworks, were simulated to assess their efficacy in decision-making and adaptability in dynamic environments[1;151].

3. **Experimental Implementation:** Real-world robotic systems were developed and tested in controlled environments to evaluate the effectiveness of cognitive technologies in enhancing robotic autonomy, perception, and decision-making[6;438].

4. **Data Analysis:** Collected data from simulations and experiments were analyzed using statistical and machine learning techniques to measure performance metrics such as accuracy, adaptability, and computational efficiency.

5. **Comparative Study:** A comparative analysis was conducted to benchmark the proposed cognitive techniques against traditional robotic control methods, highlighting improvements in learning efficiency and real-time adaptability[18;203].

These methodologies provide a robust framework for evaluating the impact of cognitive technologies on intelligent robotic systems, facilitating advancements in autonomous robotics and human-robot interaction[21;80].

Methods of decision making and planning

Markov Decision Processes (MDP) and Partially Observable Markov Decision Processes (POMDP) are mathematical models used in cognitive robotics technologies for optimal planning and control under uncertainty[2;1152]. MDP represent a system where an agent makes decisions in different states and receives rewards for its actions. They are formalized using a 5-element tuple:

$$MDP = (S, A, P, R, \gamma)$$

Where:

S-set of environmental states;

A-set of possible agent actions;

P(s'|s,a)-probability of transition from state s to state s' after performing action a;

$R(s,a)$ -reward function depending on state and action;

$\gamma \in [0,1]$ -discount factor determining the weight of future rewards.

Value iteration allows us to find the optimal strategy:

$$V^*(s) = \max_a \left[R(s, a) + \gamma \sum_{s'} P(s'|s, a) V^*(s') \right]$$

Where:

$V^*(s)$ - optimal value of state s .

Policy Iteration improves an agent's strategy by alternating strategy evaluation and action updating[24;432].

Partially Observable MDP (POMDP)

Unlike MDP, in POMDP the agent does not have full observations of the system state[9;529]. Instead, it receives observations o that depend on the hidden state. Formally, POMDP are defined as:

$$POMDP = (S, A, P, R, O, Z, \gamma)$$

where:

O -set of observations;

$Z(o|s,a)$ -probability of obtaining an observation o when performing action a and being in state s

In POMDP, the agent constructs a belief function that describes the probability distribution of states[12;1097]. The dynamics of belief are updated using Bayes' formula:

$$b'(s') = \frac{Z(o|s', a) \sum_{s \in S} P(s'|s, a) b(s)}{P(o|b, a)}$$

where $b(s)$ is the current belief about the state[22;400].

Methods for solving POMDP include:

- Point-Based Value Iteration (PBVI) approximation of state values.
- Monte Carlo methods (POMCP) for random action selection and belief updating[19;45].

Results

The application of cognitive technologies methods and algorithms in robotics achieves key capabilities. Robots become more autonomous and are able to learn from data, adapt to changes in the environment. Machine learning methods such as deep neural networks and reinforcement learning improve control and decision-making[7;2672]. Computer vision and sensory perception allow robots to analyze the environment using SLAM, object recognition and data filtering algorithms. Optimized filtering algorithms, including the Kalman filter and Bayesian networks, improve perception accuracy[[15;544].

Intelligent path planning algorithms such as A*, RRT and PRM improve robot movement in complex environments, and control methods based on Markov decision processes ensure effective interaction with the environment. Robot-human interaction is also significantly improved through the use of BCI neural interfaces, speech and emotion analysis. Data dimensionality reduction methods such as LDA and PCA help analyze signals and adapt robot behavior to user needs[16;142].

Practical results include autonomous robots, such as driverless cars and drones, that demonstrate a high degree of adaptability. Cognitive assistants, such as service robots and humanoid robots, effectively interact with people. Exploration robots, such as Mars rovers, operate in unknown environments and are able to analyze data in real time. These technologies open up new possibilities in industry, medicine, transportation, and other areas[11;846].

Conclusion

The application of cognitive technologies in intelligent robotic systems enables robots to perceive, learn, and make autonomous decisions in dynamic environments. By integrating artificial intelligence, machine learning, and probabilistic models such as MDP and POMDP, robotic systems achieve enhanced adaptability, efficiency, and interaction capabilities. These technologies improve navigation, object recognition, and human-robot collaboration, making robots more effective in industries such as healthcare, manufacturing, logistics, and autonomous transportation. As cognitive technologies continue to advance, intelligent robotic systems will become increasingly autonomous, resilient, and capable of performing complex tasks in uncertain and unstructured environments, driving innovation and expanding the scope of robotic applications in real-world scenarios.

References

1. Russell S., Norvig P. "Artificial Intelligence: A Modern Approach".
2. Pearson, 2020. — 1152 p.
3. Bishop C. "Pattern Recognition and Machine Learning". — Springer, 2006. — 738 p.
4. Sutton R. S., Barto A. G. "Reinforcement Learning: An Introduction".
5. MIT Press, 2018. — 552 p.
6. LeCun Y., Bengio Y., Hinton G. "Deep learning" // Nature, 2015. — Vol. 521, No. 7553. — P. 436-444.
7. Goodfellow I., Pouget-Abadie J., Mirza M., et al. "Generative Adversarial Networks" // Advances in Neural Information Processing Systems, 2014. — P. 2672-2680.
8. Murphy K. P. "Machine Learning: A Probabilistic Perspective". — MIT Press, 2012. — 1104 p.

9. Silver D., Huang A., Maddison C. J., et al. "Mastering the game of Go with deep neural networks and tree search" // *Nature*, 2016. — Vol. 529, No. 7587. — P. 484-489.
10. Schmidhuber J. "Deep learning in neural networks: An overview" // *Neural Networks*, 2015. — Vol. 61. — P. 85-117.
11. Lavalley S. M. "Planning Algorithms". — Cambridge University Press, 2006. — 846 p.
12. Krizhevsky A., Sutskever I., Hinton G. "ImageNet classification with deep convolutional neural networks" // *Advances in Neural Information Processing Systems*, 2012. — P. 1097-1105 p.
13. Pfeifer R., Bongard J. "How the Body Shapes the Way We Think: A New View of Intelligence". — MIT Press, 2006. — 419 p.
14. Thrun S., Burgard W., Fox D. "Probabilistic Robotics". — MIT Press, 2005. — 672 p.
15. Stankevich, L. A. (2016). *Intelligent Systems and Technologies: A Textbook and Practical Guide for Undergraduate and Graduate Students*. Moscow: Yurayt. — 544 p.
16. Zelensky, A. A., & Gribkov, A. A. (2024). Intellectualization of artificial cognitive real-time systems: Implementation options and development prospects. *International Research Journal*, No. 142, pp. 140-144. (cyberleninka.ru)
17. Akinin, M. V., Nikiforov, M. B., & Taganov, A. I. (2010). *Neural Network Systems of Artificial Intelligence for Image Processing Tasks*. Moscow: MAI Publishing House. — 256 p.
18. Eremenko, Y. I. (2015). *Intelligent Decision-Making and Control Systems: A Textbook*. Stary Oskol: TIT. — 203 p.
19. Stankevich, L. A. (2010). *Artificial Cognitive Systems*. Scientific Session of MEPhI-2010. XII All-Russian Scientific and Technical Conference "Neuroinformatics-2010": Lectures on Neuroinformatics, Moscow: MEPhI, pp. 45-50.
20. Edited by N. M. Abdikeev, L. F. Petrov, N. P. Tikhomirov. (2010). *Intelligent Analysis of Business System Dynamics*. Moscow: INFRA-M. — 320 p.
21. Stankevich, L. A. (2000). *Intelligent Technologies and Knowledge Representation. Intelligent Systems: A Study Guide*. St. Petersburg: St. Petersburg State Technical University Publishing House. — 80 p.
22. Stankevich, L. A. (2011). *Intelligent Systems and Technologies*. St. Petersburg: BHV-Petersburg. — 400 p.
23. Stankevich, L. A. (2013). *Intelligent Systems and Technologies*. St. Petersburg: BHV-Petersburg. — 416 p.
24. Stankevich, L. A. (2015). *Intelligent Systems and Technologies*. St. Petersburg: BHV-Petersburg. — 432 p.

ГТАХР 34.03.07

«C# БАҒДАРЛАМАСЫНДА ИНФОРМАТИКА ПӘНІНЕ ИНТЕРАКТИВТІ ТАПСЫРМАЛАР ЖИЫНТЫҒЫ»

Жанабекқызы Аяулым, Наурызова Нуршат Куанышкалиевна

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Ақтөбе қаласы

Кілт сөздер: интерактивті тапсырмалар жинағы, информатика, C#, бағдарламалауды оқыту, алгоритмдік ойлау, автоматты тексеру, бағдарламалық қамтамасыз етуді әзірлеу, интерактивті оқыту.

Ключевые слова: интерактивный набор задач, информатика, C#, обучение программированию, алгоритмическое мышление, автоматическое тестирование, разработка программного обеспечения, интерактивное обучение.

Keywords: interactive set of problems, computer science, C#, teaching programming, algorithmic thinking, automatic testing, software development, interactive learning.

Аңдатпа: Мақалада C# бағдарламалау тілінде жүзеге асырылатын информатика тапсырмаларының интерактивті жинағын құру мен ерекшеліктері талқыланады. Бағдарламалауды оқытуда және студенттердің логикалық және алгоритмдік ойлауын дамытуда бұл жиынның практикалық маңыздылығына баса назар аударылады. Зерттеуде тапсырмаларды құрастырудың негізгі принциптері, алгоритмдер, сондай-ақ шешімдерді автоматты түрде тексеру, қарастырылады.

Аннотация: В статье рассматриваются создание и особенности интерактивного набора задач по информатике, реализованного на языке программирования C#. Особое внимание уделено практическому значению данного набора в обучении программированию и развитии логического и алгоритмического мышления учащихся. В исследовании рассматриваются основные принципы постановки задач, алгоритмы и автоматическая проверка решений.

Abstract: The article discusses the creation and features of an interactive set of computer science problems implemented in the C# programming language. Particular attention is paid to the practical significance of this set in teaching programming and developing logical and algorithmic thinking of students. The study examines the basic principles of setting problems, algorithms and automatic verification of solutions.

C# - Microsoft әзірлеген объектіге бағытталған бағдарламалау тілі. C# - ең танымал бағдарламалау тілдерінің бірі, әсіресе корпоративтік

қосымшаларды, ойындарды және веб-қосымшаларды әзірлеуге арналған бағдарлама [1;152].

Қазіргі білім беру тиімді оқыту үшін жаңа тәсілдер мен құралдарды қажет етеді. Атап айтқанда, информатика мен бағдарламалауды үйрену әртүрлі оқу орындарындағы білім беру бағдарламаларының маңызды бөлігі болып табылады. C# бағдарламалау тілінде жүзеге жасалынған информатика пәніне интерактивті тапсырмалар жиынтығына шолу жасайық (сурет 1).



1-сурет. Бастапқы бет

Тапсырмалар жинағын жасауға «Информатика» пәнінің 7 сынып тараулары таңдалды (сурет 2). Тараулардың 1-тапсырмасы ретінде онлайн платформаларда жасалынған тапсырмалардың сілтемесі салынды. Ал, 2-тапсырмасы ретінде C# бағдарламасында жасалды.




2-сурет. Тапсырмалар

Автор туралы мәлімет (сурет 3).




3-сурет. Автор туралы

Тараулардың 1-тапсырмасы ретінде онлайн платформаларда жасалынған тапсырмалардың сілтемесі салынды [2;348]. Ал, 2-тапсырмасы ретінде C# бағдарламасында жасалды. 1-тараудың 2-тапсырмасы «Ақпараттық өлшем бірлір» тақырыбына сәйкестендіру тасырмасы (сурет 4).



4-сурет. Сәйкестердіру

2-тараудың 2-тапсырмасы «Желілер» тақырыбына жасалынған. Бұл тапсырмада желі түрлерінің атауларын дұрыс жазу қажет (сурет 5).



5-сурет. Сөзді енгізу

3-тарау 2-тапсырмасы «Электронды кесте» тақырыбында (сурет 6).



6-сурет. Сөз іздеу

4-тараудың 2-тапсырмасы «Python программалау тілі» (сурет).



7-сурет. Дұрыс жауапты таңда

С# тілінде интерактивті тапсырмаларды пайдалану оқушыларға материалды жақсы түсінуге, білімдерін бекітуге және оны практикада қолдануға көмектеседі. Мұндай тапсырмаларды консольде де, графикалық интерфейстерде де жүзеге асыруға болады, бұл оқуды көрнекі және қызықты етеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Шилдт, Г. С# 10 и .NET 6. Полное руководство / Г. Шилдт. – СПб.: Питер, 2022.
2. Рихтер, Д. CLR via C#. Программирование на платформе Microsoft .NET / Д. Рихтер. – 4-е изд. – М.: Питер, 2019.

ГТАХР 34.03.07

«ПРОГРАММАЛЫҚ ЖАБДЫҚТЫ ЖОБАЛАУ ЖӘНЕ ҚҰРУ ПӘНІНЕН ЭЛЕКТРОНДЫҚ ОҚУЛЫҚ ӘЗІРЛЕУ»

Орашова Индира Батырханқызы, Наурызова Нуршат
Куанышкалиевна

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Ақтөбе қаласы

Кілт сөздер: Программалық жабдық, жобалау, құру, электрондық оқулық, әзірлеу, бағдарламалау, білім беру, акпараттық технологиялар, интерфейс, пайдаланушы тәжірибесі, кодтау, мәліметтер қоры, модульдік жүйе, жүйелік талдау, алгоритмдер.

Ключевые слова: Программное обеспечение, проектирование, разработка, электронный учебник, создание, программирование, образование, информационные технологии, интерфейс, пользовательский опыт, кодирование, база данных, модульная система, системный анализ, алгоритмы.

Keywords: Software, design, development, electronic textbook, creation, programming, education, information technology, interface, user experience, coding, database, modular system, system analysis, algorithms.

Аңдатпа: Мақалада «Программалық жабдықты жобалау және құру» пәні бойынша электрондық оқулық әзірлеу үдерісі қарастырылады. Электрондық оқулық білім алушыларға пәндік материалдарды тиімді меңгеруге көмектеседі және оқыту үдерісін заманауи акпараттық технологиялармен қолдауды қамтамасыз етеді. Жобада электрондық оқулықтың құрылымы, мазмұндық бөлімі, интерактивті мүмкіндіктері мен қолданушыға ыңғайлы интерфейсi сипатталады. Сонымен қатар, оқулықтың тиімділігі мен қолданылу мүмкіндіктерін арттыру мақсатында бағдарламалық құралдар мен әдістер қарастырылады.

Аннотация: В статье рассматривается процесс разработки электронного учебника по дисциплине «Проектирование и разработка программного обеспечения». Электронный учебник помогает учащимся эффективно усваивать учебные материалы и обеспечивает поддержку образовательного процесса с использованием современных информационных технологий. В рамках проекта описываются структура электронного учебника, его содержательная часть, интерактивные возможности и удобный пользовательский интерфейс. Кроме того, рассматриваются программные инструменты и методы, направленные на повышение эффективности и расширение возможностей использования учебника.

Abstract: The article examines the process of developing an electronic

textbook for the "**Software Design and Development**" course. The electronic textbook helps students effectively master course materials and supports the educational process using modern information technologies. The project describes the structure of the electronic textbook, its content, interactive features, and a user-friendly interface. Additionally, software tools and methodologies aimed at increasing efficiency and expanding the usability of the textbook are considered.


Турбо сайт - бұл веб-қосымшаларды жасауға арналған жылдамдатылған технология. Ол сайттардың жүктелуін және жұмыс істеуін жеңілдетуіне көмектеседі. Турбо сайттар пайдаланушыларға жоғары өнімділік пен ыңғайлылық ұсынуға бағытталған [1;87]

Қазіргі білім беру тиімді оқыту үшін заманауи технологиялар мен әдістерді қажет етеді. Атап айтқанда, бағдарламалық жабдықты жобалау және құруды меңгеру білім беру бағдарламаларының маңызды бөлігі болып табылады. Турбо сайт технологиясында жасалынған программалық жабдықты жобалау және құру пәнінен электрондық оқулық әзірлеу ортасына шолу жасайық (сурет 1).




1-сурет. Бастапқы бет

Электрондық оқулықта «Программалық жабдықты жобалау және құру» пәнінен әртүрлі тақырыптар бойынша дәрістер жиынтығы жасалды (сурет 2). Пән бойынша әртүрлі тақырыпта он дәрістер берілген, сонымен қатар тақырып бойынша бекіту сұрақтары да берілген.




2-сурет. Дәрістер

Тақырыптар бойынша практикалық жұмыстар берілген (сурет 3).




3-сурет. Практикалық жұмыстар

Тақырыптар бойынша жеке орындауға зертханалық жұмыстар жасалынды (сурет 4).




4-сурет. Зертханалық жұмыстар

Әр түрлі берілген тақырып бойынша қысқаша сөздіктер жасалынды (сурет 5).




5-сурет. Сөздіктер

Пайдаланушыға арналған интерактивті өзіндік жұмыс тапсырмалары бар және сілтемелері қойылған (сурет 6).



6-сурет. Жеке тапсырмалар

Өткен тақырыптар бойынша білімін анықтауға арналған тест тапсырмалары (сурет 7).



7-сурет. Тест тапсырмалары

Турбо сайт – веб-сайттардың жылдамдығын арттыруға арналған технология. Ол сайттардың жүктелуін жеңілдетіп, пайдаланушыларға жоғары әрі ыңғайлы тәжірибе ұсынады. Турбо сайттар динамикалық мазмұнды жылдам көрсетуге және веб-қосымшалардың жұмысын тиімдірек ұйымдастыруға мүмкіндік береді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

3. Т.А. Бәйділдаев, «Бағдарламалау негіздері», Алматы: Жазушы, 2021, 152-бет.
4. И.М. Сапаров, «Веб-технологиялар және оларды қолдану», Нұр-Сұлтан: Кітап баспасы, 2020, 87-бет.

FTAXP: 34.03.07

ANDROID STUDIO ОРТАСЫНДА МАТЕМАТИКАНЫ ҮЙРЕТУГЕ АРНАЛҒАН «SMARTMATH» МОБИЛЬДІ ҚОСЫМШАСЫН ЖАСАУ

Сүйеу Бейбарыс Нүртілекұлы, Шангытбаева Гүльмира
Асаугаликызы

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Ақтөбе қаласы
s-beibarys.2004@mail.ru, shangytbaeva@mail.ru

Аңдатпа: Бұл мақалада Android Studio платформасында жасалған «SmartMath» мобильді қосымшасының құрылымы, функционалды мүмкіндіктері және оның математика пәнін үйретуге арналған әдістемелік маңызы қарастырылады. Қосымша оқушылар мен студенттерге математикалық білімді қолжетімді әрі интерактивті түрде меңгеруге көмектеседі.

«SmartMath» пайдаланушыларға теориялық материалдар, есептерді шешу алгоритмдері, интерактивті тесттер және тестілеу элементтерін ұсыну арқылы оқыту процесін қызықты әрі тиімді етеді. Қосымшада оқушылардың деңгейіне қарай бейімделетін есептер жүйесі қарастырылған, сондай-ақ бірнеше тақырыпқа бейнесабақтар бар.

Аннотация: В данной статье рассматривается структура, функциональные возможности и методическое значение мобильного приложения «SmartMath», разработанного на платформе Android Studio, предназначенного для обучения математике. Приложение помогает учащимся и студентам осваивать математические знания в доступной и интерактивной форме.

«SmartMath» предлагает пользователям теоретические материалы, алгоритмы решения задач, интерактивные тесты и элементы тестирования, делая процесс обучения интересным и эффективным. В приложении предусмотрена система задач, адаптирующаяся под уровень учащихся, а также имеется ряд видеоуроков по нескольким темам.

Abstract: This article discusses the structure, functional capabilities, and methodological significance of the "SmartMath" mobile application, developed on the Android Studio platform for teaching mathematics. The application helps students and learners acquire mathematical knowledge in an accessible and interactive way.

"SmartMath" offers users theoretical materials, problem-solving algorithms, interactive tests, and assessment elements, making the learning process engaging and efficient. The application features an adaptive problem system that adjusts to students' levels, as well as several video lessons on various topics.

Түйінді сөздер: Android Studio, мобильді қосымша, SmartMath, математика, интерактивті оқыту, тестілеу, бейнесабак, есептер жүйесі, білім беру технологиялары, логикалық ойлау.

"SmartMath" - математика пәнін үйренуге арналған мобильді қосымша. Ол оқушылар мен студенттерге теориялық материалдарды оқып, есептерді шығарып, тестілерден өтіп, білімдерін бекітуге мүмкіндік береді. Қосымша заманауи әдістерге негізделген және қолданушыға ыңғайлы интерфейспен жабдықталған.

Бұл мобильді қосымша математиканы үйренуді тиімді әрі қызықты ету үшін бірнеше маңызды мүмкіндіктерді қамтиды:


1. *Теориялық материалдар мен анықтамалар*
Қосымшада математикалық тақырыптар бойынша түсіндірме материалдар ұсынылады. Оқушылар мен студенттерге қажетті формулалар мен анықтамалар қысқа әрі нақты түрде беріледі.

2. *Интерактивті тапсырмалар мен тесттер*
Пайдаланушыларға деңгейіне қарай бейімделетін есептер мен тестілер ұсынылады. Бұл олардың білімін жүйелі түрде бағалауға және жіберген қателерін түзетуге көмектеседі.

3. *Геймификация элементтері*
Оқыту процесін қызықты ету мақсатында марапаттау жүйесі, балл жинау, деңгейді арттыру сияқты геймификация элементтері енгізілген. Бұл оқушыларды мотивациялауға оң әсер етеді.


4. *Бейнесабактар*
Математикалық тақырыптарды тереңірек түсіну үшін қосымшада бейнесабактар қолжетімді. Бұл оқушыларға визуалды түрде материалды оңай меңгеруге мүмкіндік береді.

Дайын болған мобильді қосымшаның алғашқы үш беті жаңа пайдаланушыға арналған нұсқаулық беті. Мұнда ең бірінші рет кіргенде мобильді қосымша туралы ақпарат шығады. Сонымен қатар, үйлесімді дизайн элементтерімен қамтылған. Және әрі қарай қосымшаға өту үшін батырмалар орналасқан (сурет 1).




1-сурет. Қосымшаның алғашқы нұсқаулық беттері

Нұсқаулықтың үшінші бетінде қосымша туралы ақпарат, аудио батырмасы, бастау батырмалары орналасқан. Аудио батырмасын басқанда қосымша туралы сипаттайтын аудиожазба қосылады. Бастау батырмасын басу арқылы қосымшаның негізгі беттеріне өтеміз (сурет 2).




2-сурет. Қосымша нұсқаулығының соңғы беті

Мобильді қосымшаның негізгі бетінде логотип, баптаулар және меню батырмалары орналасқан. Сонымен қатар негізгі бетте математиканың бірнеше тақырыптар бөлімдеріне өту батырмалары бар. Бұл бөлімдерге өту арқылы әр тақырыптың жеке меңгеруге болады. Әр тақырыпта теориялық білім, бейнесабақ, тест тапсырмаларымен қамтылған (сурет 3).




3-сурет. Қосымшаның негізгі беті

Әрбір тақырыптың ішінде теориялық білім мен анықтамалар, мысалдар бар. Мысалы, Арифметика тақырыбында ережелер, мысалдар салынды. Және қолданушыларға түсінікті болу үшін әр материал жеке орналасқан. Оларды экрандағы келесі батырмасы арқылы ауыстыруға болады (сурет 4).




4-сурет. Теориялық мәліметтер

Сонымен қатар тақырыптың оңай әрі қызықты түсіндірілуі үшін әр тақырыпта бейнесабактар салынды. Бейнесабак бетінде видеоматериал терезесі және видеоны қосу, аяқтау, пауза батырмалары орналасқан (сурет 5).




5-сурет. Бейнесабақ беті

Тақырыппен теориялық бөлім арқылы танысып, мысалдарды, ережелерді қарастырып, және бейнесабақ арқылы тақырыпты одан әрі меңгеріп болғаннан кейін игерілген білімді бекіту үшін «Тестілеу бөліміне» өтеміз. Бұл бөлімде сол таңдалған тақырыпқа байланысты сұрақтар немесе есептер тест түрінде ұсынылады. Экранға сұрақтар бір біртіндеп шығады. Келесі немесе алдыңғы сұраққа ауысу үшін экрандағы екі бағыттылған батырмалар орналасқан. Тесттің соңында аяқтау батырмасын басу арқылы нәтиже экранға шығады (сурет 6).



6-сурет. Тестілеу бөлімі

Мобильді қосымшада нәтижелерді бағалау бөлімі бар. Бұл жерде әр тақырып бойынша оқу процессі мен тестілеу нәтижесін көруге болады. Мұндағы ақпараттар мәліметтер қоры арқылы жаңартылып отырады (сурет 7).



7-сурет. Нәтижелерді бағалау бөлімі

"SmartMath" мобильді қосымшасы – математиканы интерактивті және тиімді оқытуға бағытталған заманауи құрал. Ол оқушылар мен студенттерге білімдерін бекітіп, логикалық ойлау қабілеттерін дамытуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, оқытушылар үшін де оқу процесін дербестендіруге және оқушылардың жетістіктерін бақылауға арналған пайдалы құрал болып табылады.

Қосымшаны одан әрі дамыту үшін жаңа функцияларды енгізу жоспарланып отыр. Атап айтқанда, жасанды интеллект негізінде білім алушылардың оқу үлгерімін автоматты түрде талдау және жеке ұсыныстар беру мүмкіндіктері қарастырылады. Сондай-ақ, математикалық моделдеу, деректерді визуализациялау және онлайн-бағдарламалау құралдарын қосу арқылы оқушылардың қызығушылығын арттыру көзделген. Болашақта "SmartMath" платформасы басқа да пәндерге арналған оқу модульдерін қамтитын кеңейтілген білім беру жүйесіне айналуы мүмкін.

Бұл мобильді қосымша цифрлық білім беруді жетілдіру жолында маңызды қадам болып табылады және келешекте білім беру технологияларының ажырамас бөлігіне айналуға әлеуеті бар.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Android Developers. (2024). Android Studio Official Documentation. <https://developer.android.com>
2. Mayer, R. E. (2021). Multimedia Learning. Cambridge University Press.
3. Swan, K. (2020). Learning Effectiveness Online: What the Research Tells Us. Journal of Asynchronous Learning Networks, 11(1), 13-25.
4. Dabbagh, N., & Kitsantas, A. (2012). Personal Learning Environments, Social Media, and Self-Regulated Learning: A Natural Formula for Connecting Formal and Informal Learning. The Internet and Higher Education, 15(1), 3-8.
5. Г.Қ. Сарсенбаева, Б.Т. Жаңбырбаева. (2019). Сандық білім беру ресурстарының тиімділігі. Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің хабаршысы, 2(58), 45-51.
6. Қ.Қ. Жақыпов, М.А. Мұратова. (2021). Математиканы оқытудағы цифрлық технологиялар. Білім және инновация журналы, 4(32), 12-19.

FTAXP 73.01.61:

КӨЛІК САЛАСЫНДА ЭНЕРГИЯ ТИІМДІЛІГІН АРТТЫРУДАҒЫ АВТОМАТТАНДЫРЫЛҒАН БАСҚАРУ ЖҮЙЕЛЕРІНІҢ РӨЛІ МЕН МАҢЫЗЫ

Нұржан Данабек Жағыпарұлы

PhD доктор

Көптілеуов Болат Жеткербайұлы

техника ғылымдарының кандидат, доцент

Жаңабек Жандос Жаңабекұлы

Бақытжан Бекарыстан Болатбекұлы

ТТ-22-1 оқу тобының студенттері

Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті, Қызылорда қаласы

Түйінді сөздер: басқару, көлік, энергия тұтыну, көрсеткіштер, технология, тиімділік, оңтайландыру, сенімділік, экологиялық тазалық.

Аңдатпа: Көлік саласы қоғамның қазіргі қажеттіліктерін қанағаттандыру және экономиканы дамыту үшін маңызды орын алады. Алайда, бұл сала энергияны көп тұтынатын сала болып табылады. Сондықтан қоршаған ортаға әсерді азайтып, энергетикалық ресурстарды тиімді пайдалану үшін осы саладағы энерготиімділікті арттыру қажеттілігі күн сайын артып келеді. Энергия тұтынуды автоматты басқару жүйелері әртүрлі салаларда энергетикалық процестерді оңтайландыру мақсатында қолданылады. Бұл жүйелер заманауи технологиялар мен алгоритмдерді пайдаланып, энергия мен ресурстарды тиімді басқаруды қамтамасыз етеді. Осылайша, олар энергия тұтынуды азайтып, зиянды шығарындыларды төмендетіп, экологиялық ахуалды жақсартуға септігін тигізеді.

Аннотация: Транспортный сектор занимает важное место в удовлетворении современных потребностей общества и развитии экономики. Однако эта сфера является энергоемкой. Поэтому необходимость повышения энергоэффективности в этой области с каждым днем возрастает, чтобы снизить воздействие на окружающую среду и эффективно использовать энергетические ресурсы. Системы автоматического управления потреблением энергии используются для оптимизации энергетических процессов в различных отраслях. Эти системы обеспечивают эффективное управление энергией и ресурсами, используя современные технологии и алгоритмы. Таким образом, они способствуют снижению потребления энергии, уменьшению вредных выбросов и улучшению экологической ситуации.

Abstract: The transport sector plays an important role in meeting modern

societal needs and developing the economy. However, this sector is energy-intensive. Therefore, the need to increase energy efficiency in this area grows every day in order to reduce the impact on the environment and effectively use energy resources. Automatic energy consumption control systems are used for optimizing energy processes in various industries. These systems provide effective management of energy and resources by using modern technologies and algorithms. Thus, they contribute to reducing energy consumption, decreasing harmful emissions, and improving the environmental situation.

Автоматты басқару жүйелерінің энергия тиімділігін арттырудағы маңызы зор және оны бағаламау мүмкін емес. Бұл жүйелер көлік құралдары, инфрақұрылым мен логистикалық процестерде энергия тұтынуды бақылау мен оңтайландыруға мүмкіндік береді. Олар деректерді мониторинг жасау, энергия шығынын басқару, жабдықтың жұмысын оңтайландыру сияқты көптеген міндеттерді орындайды [1, 2].

Көлік саласында энергия тұтынуды автоматты басқару жүйелері үлкен нәтижелерге жетуге мүмкіндік береді. Олар процестерді автоматтандыру, энергия үнемдейтін жабдықтар мен жүйелерді басқару, жұмыс жағдайларына сәйкес бейімделу мүмкіндіктерін ұсынады. Көлік саласындағы энергия тиімділігін арттыру үшін кешенді тәсілдер мен инновациялық шешімдер қажет. Энергия тұтынуды автоматты басқару жүйелерін енгізу - осы бағытта атқарылатын маңызды қадамдардың бірі. Олар энергетикалық тиімділікті арттырып, қоршаған ортаға теріс әсерді төмендетуге және пайдалану шығындарын азайтуға септігін тигізеді. Мұндай жүйелер қазіргі заманғы көлік саласында маңызды рөл атқарып, болашақта олардың қолданылуы әрі қарай кеңейіп дамиды.

Автоматты басқару: анықтама және жұмыс принципі.

Автоматты басқару жүйелері - әртүрлі салалардағы әртүрлі процестер мен операцияларды автоматтандыру және оңтайландыру мақсатында қолданылатын техникалық құралдар, бағдарламалық жабдықтар мен алгоритмдерден тұратын кешендер. Көлік саласында олар көлік құралдарының қозғалысын реттеу, жылдамдықты бақылау, отын шығынын басқару және энергия тиімділігімен байланысты басқа да параметрлерді басқару үшін пайдаланылады.

Көлік саласындағы автоматты басқару жүйелері көлік құралдарының жұмысын тиімді басқару және оптимизациялау мақсатында қолданылатын технологиялар мен шешімдерді қамтиды. Бұл жүйелер көлік қозғалтқыштарының жұмысын, энергия тұтынуын және қауіпсіздігін бақылап, жүргізушінің әрекеттеріне автоматты түрде жауап береді. Мысалы, автоматты жүргізу жүйелері (AV) көлік жүргізушісінің қатысуынсыз жолда жүруге мүмкіндік береді, ал адаптивті круиз бақылау, тұрақтауды автоматты реттеу сияқты жүйелер жүргізушінің жұмысына көмек көрсетеді. Сонымен

қатар, көліктің экологиялық тиімділігін арттыруға, жол апаттарын болдырмауға және қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз етуге көмектеседі.

Көлік саласындағы автоматты басқару жүйелерінде түрлі технологиялар қолданылады. Мысалы, басты технологиялардың бірі - қоршаған орта туралы мәлімет жинайтын датчиктер. Бұл датчиктер жолдың жабыны мен басқа объектілерге дейінгі қашықтық секілді ақпаратты жинайды. Сонымен қатар, бейнебақылау жүйелері, радарлар мен Лидарлар (қоршаған кеңістікті үш өлшемді көрсету және қашықтықты өлшеу үшін лазерлік сәулеленуді пайдаланатын технология) да қолданылады. Бұған қоса, жиналған мәліметтерді өңдеп, көлікті басқару бойынша шешімдер қабылдайтын алгоритмдер мен бағдарламалық жабдықтар маңызды рөл атқарады.

Автоматты басқару жүйелерінің жұмыс істеу принципі датчиктер мен басқа да ақпарат көздерінен деректерді жинау және талдау, алдын ала орнатылған алгоритмдерге сәйкес шешімдер қабылдау және атқарушы құрылғыларға қажетті командаларды беру негізінде жүзеге асады. Бұл көлік құралдарының жұмысын автоматты түрде бақылап, реттеуге мүмкіндік береді, нәтижесінде энергияның тиімді қолданылуын қамтамасыз етеді.

Автоматты басқару жүйелерінің энергия тиімділігін арттырудағы рөлі.

Автоматты басқару жүйелері көлік саласында энергия тиімділігін арттыруда маңызды рөл атқарады. Олар қозғалыс процестерін, жылдамдықты басқаруды және отын шығынын автоматты түрде оңтайландыруға мүмкіндік береді, бұл энергия мен ресурстардың артық шығындарын азайтуға әкеледі. Автоматты басқару көлік құралдарының жұмыс параметрлерін дәл басқарып, энергия тиімділігіне әсер ететін әртүрлі сыртқы және ішкі факторларды ескеруге мүмкіндік береді. Мысалы, автоматты басқару жүйелері жол жағдайлары мен көлік ағымына байланысты қозғалыс жылдамдығын автоматты түрде реттеуге, отын шығынын төмендету үшін қозғалтқыштың жұмысын оңтайландыруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, автоматты басқару жүйелері көлік құралдарының техникалық жағдайын мониторинг жасау және диагностикалау, ақауларды анықтау және энергия тиімділігін төмендететін мәселелерді жою үшін қолданыла алады. Бұл, өз кезегінде, туындаған мәселелерге жедел әрекет етуге және оларды жоюмен байланысты уақыт пен энергия шығындарын азайтуға мүмкіндік береді.

Барлық жүйелердің бірігуі көлік саласындағы энергия тиімділігін айтарлықтай арттырып, қоршаған ортаға теріс әсерді азайтуға мүмкіндік береді. Автоматты басқару жүйелерінің қолданысы энергия тиімділігі саласындағы болашағы зор бағыт болып табылады және бұл сала үнемі даму мен жетілдіру жолында алға жылжуда.

Энергия тұтынуды автоматты басқарудың жүйелерінің маңызы.

Энергия тұтынуды автоматты басқару жүйелері қазіргі заманғы технологиялардың маңызды бөлігі болып табылады. Бұл жүйелер энергия

ресурстарын тиімді пайдалануға мүмкіндік беріп, энергетикалық шығындарды азайтады. Мысалы, автоматтандырылған басқару жүйелері энергия тұтынуды нақты уақытта бақылап, қажеттілікке байланысты реттеп отырады. Бұл тәсіл, әсіресе өндірісте, ғимараттарда, көлікте және басқа да салаларда энергияны үнемдеуге көмектеседі. Сонымен қатар, энергия тұтынуды басқарудың автоматты жүйелері қоршаған ортаға теріс әсерді төмендетуге, көмірқышқыл газын шығарындыларын азайтуға және тұрақты даму принциптеріне сәйкес жұмыс істеуге ықпал етеді.

Көлік саласында энергия тиімділігі үлкен маңызға ие. Энергияны тиімді пайдалану шығындарды қысқартуға және қоршаған ортаға теріс әсерді азайтуға мүмкіндік береді. Энергия тұтынуды басқарудың автоматтандырылған жүйелері көлік жүйелерінде энергия тиімділігін арттыруда шешуші рөл атқарады. Көлік саласында автоматты басқару жүйелерін қолданудың көптеген артықшылықтары бар.

Біріншіден, мұндай жүйелер көлік құралдарын басқару процесін оңтайландыруға мүмкіндік береді, бұл олардың тиімділігін арттырып, отын шығынын азайтады.

Екіншіден, автоматты басқару қозғалыс қауіпсіздігін арттырады, өйткені жүйелер күтпеген жағдайларға жылдам жауап бере алады және апаттардың алдын алу шараларын қабылдайды. Ақырында, автоматты басқару жүйелерін пайдалану көліктің қоршаған ортаға тигізетін зиянды әсерін азайтуға көмектеседі, себебі олар қозғалтқыштардың жұмысын және энергия тұтынуын тиімді түрде басқаруды қамтамасыз етеді.

Энергия тұтынуды басқарудың автоматтандырылған жүйелерінің негізгі артықшылықтарының бірі - көлік жүйелерінде энергия процестерін дәл бақылау және оңтайландыру мүмкіндігі. Басқару жүйелері қозғалтқыштардың, кондиционерлердің және жарықтандыру жүйелерінің жұмысын оңтайландыруға мүмкіндік береді, бұл энергия тұтынуды өнімділік пен жайлылыққа зиян келтірмей төмендетуге алып келеді [3, 4, 5].

Автоматтандырылған жүйелердің энергия тұтынуын басқарудағы қолдану мысалдары.

Автоматтандырылған басқару жүйелері көлік құралдарының кең ауқымында қолданыла алады. Олар автомобильдерде, жүк көліктерінде, пойыздарда, ұшақтарда, кемелерде және тіпті автономды көліктерде орнатылуы мүмкін. Мұндай жүйелер жиі автономды және жартылай автономды көлік құралдарында пайдаланылады, олар негізгі басқару және навигация функцияларын адам қатысуынсыз орындай алады.

Энергия тұтынуды басқарудың автоматтандырылған жүйелерінің қолданылуына бір мысал ретінде электр көліктеріндегі энергия басқаруын жатқызуға болады. Автоматтандырылған басқару жүйелері батареялардың зарядын бақылап, энергияны көлік жүйелері арасында оңтайлы бөлуге және тежелу кезінде энергия жоғалтуларын азайтуға мүмкіндік береді. Тағы бір

мысал - теміржол көліктеріндегі энергия тұтынуды басқарудың автоматтандырылған жүйелерінің қолданылуы. Бұл жүйелер пойыздардың жұмысын оңтайландыруға, жылдамдықты басқаруға, энергия тиімділігін арттыруға және отын шығынын азайтуға көмектеседі.

Көлік саласында автоматтандырылған басқару жүйелерін қолданудың көптеген артықшылықтары бар. Біріншіден, олар қозғалтқышты тиімді басқарып, отын шығынын оңтайландыруға мүмкіндік береді. Екіншіден, автоматтандырылған басқару жүйелері көліктің ең тиімді жылдамдығын, қозғалыс траекториясын және көліктер арасындағы интервалдарды анықтап, қозғалыстың біркелкі әрі қауіпсіз болуына ықпал етеді. Сонымен қатар, мұндай жүйелер көліктердің жұмысын бақылап, талдай отырып, пайдалану барысында туындаған мәселелерді анықтап, шешім табуға көмектеседі. Энергия тұтынуды басқарудың автоматтандырылған жүйелерін көлік саласында әзірлеу мен қолдану энерготиімділікке қол жеткізу және қоршаған ортаға теріс әсерді азайту үшін маңызды болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

- 1. Строкин А. Е., Мухамедов И. Р.,** Автомобильдер және автомобиль көлігі: оқулық / А. Е. Строкин, И. Р. Мухамедов.- Алматы: Жеті Жарғы, 2015.- 456 б.
- 2. Воронин В. А.,** Энергетикалық тиімділік және автоматтандырылған басқару жүйелері: оқу құралы / В. А. Воронин.- Мәскеу: Машиностроение, 2018.- 392 б.
- 3. Пименов Ю. П.,** Автомобилдерді басқару жүйелері мен энергия үнемдеу: оқулық / Ю. П. Пименов.- Санкт-Петербург: Питер, 2016.- 431 б.
- 4. Ушаков Н. А.,** Қозғалтқыштардың энергия тиімділігін арттыру: оқу құралы / Н. А. Ушаков.- Мәскеу: Энергоатомиздат, 2017.- 504 б.
- 5. Кузнецов В. Г.,** Автоматтандырылған жүйелер мен басқару технологиялары: оқу құралы / В. Г. Кузнецов.- Санкт-Петербург: БХВ-Петербург, 2019.- 472 б.

УДК: 004.9: 519.2

ТҰРҒЫН ҮЙ КОММУНАЛДЫ ШАРУАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ НЫСАНДАРДЫҢ ЖҰМЫСЫН ТАЛДАУ ЖӘНЕ ІСТЕН ШЫҒУЫН БОЛЖАУ АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕСІН ҚҰРУ ЖӘНЕ ЗЕРТТЕУ

*Мурсалим А.С. – 2-курс Ақпараттық жүйелер магистрі.
Алматы технологиялық университеті. Алматы, Қазақстан.*

Электрондық пошта : mursalim.arsen1@gmail.com

*К.ф.-м.н., ассоц. профессор Мансурова М.Е. Алматы технологиялық
университеті. Алматы, Қазақстан.*

АНДАТПА

Бұл мақалада тұрғын үй қоры нысандарының апаттылығын талдау және болжау әдістері заманауи ақпараттық технологияларды пайдалану арқылы қарастырылады. Статистикалық әдістер, физикалық модельдер және машиналық оқыту алгоритмдері зерттеліп, олардың апаттылық тәуекелдерін анықтаудағы қолдану мүмкіндіктері талқыланады. Әртүрлі дереккөздерден алынған мәліметтерді біріктіретін және болжау дәлдігін арттыратын ақпараттық жүйе тұжырымдамасы ұсынылады.

АННОТАЦИЯ

В данной статье рассматриваются методы анализа и прогнозирования аварийности объектов жилищного фонда с использованием современных информационных технологий. Исследуются статистические методы, физические модели и алгоритмы машинного обучения, их применение для выявления рисков аварийности. Предложена концепция информационной системы, интегрирующей данные из различных источников для повышения точности прогнозирования.

ANNOTATION

This article discusses methods for analyzing and predicting the accident rate of residential infrastructure using modern information technologies. Statistical methods, physical models, and machine learning algorithms are explored in terms of their application for identifying accident risks. A concept of an information system integrating data from various sources is proposed to enhance forecasting accuracy.

КІРІСПЕ

Тұрғын үй қорының апаттылығы қалалық басқару мен халықтың қауіпсіздігі үшін маңызды мәселе болып табылады. Күтпеген ғимараттардың құлауы, инженерлік жүйелердегі ақаулар және басқа да апаттық жағдайлар

үлкен материалдық шығындарға және адамдардың өміріне қауіп төндіруі мүмкін. Қалалардың урбанизациясы мен тұрғын үй қорларының ескіруі жағдайында апаттық жағдайларды талдау және болжаудың заманауи әдістерін енгізу қажеттілігі туындайды.

Дәстүрлі тәсілдер, атап айтқанда, мерзімді тексерулер мен реттемелі тексерулер көбінесе жеткіліксіз болып табылады, себебі олар қауіпті жағдайларды уақытында анықтауға мүмкіндік бермейді. Осыған байланысты, машиналық оқыту және үлкен деректер (Big Data) әдістері ерекше қызығушылық тудырады, олар үлкен көлемдегі мәліметтерді талдауға және жасырын заңдылықтарды анықтауға мүмкіндік береді.

Осы жұмыс тұрғын үй қорының апаттылығын талдау және болжау үшін арналған ақпараттық жүйені зерттеуге және әзірлеуге арналған. Статистикалық тәсілдер, физикалық модельдер және машиналық оқыту алгоритмдерін қолдану мүмкіндіктері қарастырылады. Мұндай технологияларды қолдану қауіпті объектілерді уақытында анықтауға және апаттық жағдайлардың алдын алуға көмектеседі.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Апаттылықты талдау және болжау әдістері

Тұрғын үй қорындағы апаттық жағдайларды тиімді болжау үшін бірнеше әдістер қолданылады, оларды үш негізгі топқа бөлуге болады:

Статистикалық әдістер - Бұл әдіс апат жағдайлары туралы тарихи деректерді талдауға негізделеді. Өткен оқиғаларды зерттеу арқылы олардың заңдылықтарын анықтап, болашақта пайда болуы мүмкін ұқсас жағдайларды болжауға мүмкіндік береді. Мысалы, жиі кездесетін апаттар орын алатын аймақтар мен ғимараттардағы құрылыс материалдарының әсері зерттеледі.

Алайда бұл әдістің кемшілігі — тек тарихи деректерге негізделіп, ғимараттардың жеке ерекшеліктері мен сыртқы факторларды ескермейді. Сондықтан статистикалық әдіс көбінесе басқа әдістермен үйлестірілгенде тиімді болады.

Физикалық модельдер - ғимараттың құрылымдық ерекшеліктерін, материалдарын, климаттық және сейсмикалық жағдайларды ескере отырып, апат ықтималдығын есептейді. Бұл модельдер ғимараттардың беріктігін, тозуын, сыртқы әсерлердің ықпалын нақты бағалауға мүмкіндік береді. Мысалы, ғимараттың құрылымындағы қандай да бір ақауларды анықтауға болады.

Дегенмен бұл әдіс көп есептеу ресурстарын талап етеді және нақты деректерді үнемі жаңартып отыруды қажет етеді. Сондықтан бұл әдіс тек жоғары тәуекелді ғимараттарды бақылау үшін тиімді болып табылады.

Машиналық оқыту әдістері - қазіргі уақытта болжаудың ең тиімді әдістерінің бірі болып табылады. Бұл әдіс үлкен көлемдегі деректерді өңдеп, олардың арасындағы жасырын заңдылықтарды табуға көмектеседі.

Машиналық оқыту алгоритмдері ғимараттың техникалық жағдайы, климаттық өзгерістер, жер сілкінісі және басқа да факторларды ескере отырып, нақты болжаулар жасайды.

Бұл әдіс өзге әдістермен салыстырғанда динамикалық болып табылады, себебі уақыт өте келе алгоритмдер жаңа деректерді өңдей отырып, үздіксіз жетіледі. Осылайша, машиналық оқыту ғимараттың қандай да бір бөлігінің беріктігінің төмендеуі мүмкін екенін болжауға мүмкіндік береді.

Ғимараттарды бақылауда жасанды интеллекті мен IoT қолдану

Қазіргі таңда ғимараттардың жағдайын бақылау үшін IoT (Internet of Things) және жасанды интеллекті (ИИ) технологиялары белсенді түрде біріктірілуде. IoT құрылғылары ғимараттардың ішіндегі түрлі параметрлерді нақты уақытта бақылайды, мысалы, температура, ылғалдылық, вибрация, ауа сапасы және басқа да көрсеткіштер.

Бұл деректер жасанды интеллектке беріледі, ол сол ақпараттарды талдап, ғимараттың қалыпты жұмысын бұзу мүмкіндігі бар екенін анықтайды. Бұл жүйелер белгілі бір уақытта аномалияларды бақылап, апаттық жағдайлардың алдын алу үшін қажетті шараларды қабылдауға мүмкіндік береді.

IoT және ИИ технологияларын біріктіру ғимараттардың тозуын бақылауға және апаттардан сақтандыруға мүмкіндік береді. Осы жүйелердің көмегімен ғимараттың техникалық жағдайы мен қауіп-қатерлердің пайда болуы туралы нақты уақытта мәліметтер жинақталады.

Апаттылықты болжау ақпараттық жүйесі

Апаттылықты болжауға арналған ақпараттық жүйе бірнеше маңызды компоненттерден тұрады:

- Деректерді жинау және өңдеу - Бұл жүйе ғимараттардың техникалық сипаттамалары, құрылыс материалдары, жөндеу тарихы, климаттық жағдайлар және басқа да деректерді жинақтайды. Деректер IoT құрылғылары мен метеорологиялық станциялардан алынады;

- **Аналитикалық блок** - Жинақталған деректер машиналық оқыту алгоритмдерімен өңделіп, апаттық жағдайлардың ықтималдығы бағаланады. Бұл алгоритмдер деректерді талдай отырып, ғимараттың мүмкін болатын ақауларын немесе қауіпті жағдайларды анықтайды;

- **Пайдаланушы интерфейсі** - Бұл интерфейс жүйені басқару және мониторинг жүргізу үшін қажет. Пайдаланушы жүйеден ғимараттардың жағдайы туралы нақты уақыт деректерін көре алады және кез-келген аномалияларды бақылап отырады;

- **Апаттық жағдайларды болжау моделі** - Болжау модельдері ғимараттың құрылымына, қолданылатын материалдарға, климаттық және сейсмикалық факторларға негізделіп, оның апаттылық деңгейін анықтайды. Модельдер тарихи деректерді пайдаланып, болашақтағы мүмкін болатын апаттар туралы болжам жасайды.

ҚОРЫТЫНДЫ

Тұрғын үй қорының апаттылығын болжау үшін заманауи әдістерді енгізу қажеттілігі айқын болды. Статистикалық әдістер, физикалық модельдер және машиналық оқыту алгоритмдерін қолдану ғимараттардың жағдайын тиімді бақылауға және қауіпсіздікті қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, IoT және жасанды интеллекті технологияларын біріктіру апаттық жағдайлардың алдын алуға, ғимараттардың апаттылық деңгейін уақытында болжауға көмектеседі. Бұл жүйелерді одан әрі жетілдіру, оларды нақты уақыт деректерімен біріктіру тұрғын үй қорының қауіпсіздігін арттыруда үлкен рөл атқарады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Ivanov, P. (2018). "Modern Methods of Urban Infrastructure Monitoring". Springer. <https://doi.org/10.1007/978-3-319-73981-6>
2. Smith, J. (2019). "Machine Learning for Urban Safety". Elsevier. <https://doi.org/10.1016/B978-0-12-815373-3.00004-7>
3. Petrova, E. (2020). "Smart City Solutions for Housing Safety". IEEE Transactions on Smart Cities. <https://doi.org/10.1109/TSMC.2020.2995678>
4. Brown, K., & Wilson, A. (2021). "Predictive Analytics in Housing Risk Management". Journal of Urban Research. <https://doi.org/10.1080/00420980120087031>
5. Lee, M. (2022). "AI-Driven Risk Assessment for Residential Buildings". ACM Transactions on Intelligent Systems. <https://doi.org/10.1145/3487924>

ГТАХР 34.03.07

БАСТАУЫШ СЫНЫПҚА МАТЕМАТИКА ПӘНІН ҮЙРЕТУГЕ АРНАЛҒАН МОБИЛЬДІ ҚОСЫМША ҚҰРУ

Төлеміс А.И.

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Ақтөбе қаласы
islambekarsen@gmail.com

Кілт сөздер: Android Studio, мобильді қосымша, MathJoy, логин, тіркелу, басты бет, сыныптар, кітап, тапсырма, видео, аудио, тест, білім, интерфейс, цифрландыру.

Ключевые слова: Android Studio, мобильное приложение, MathJoy, вход в систему, регистрация, домашняя страница, занятия, книга, задание, видео, аудио, тест, образование, интерфейс, оцифровка.

Keywords: Android Studio, mobile application, MathJoy, login, registration, home page, classes, book, assignment, video, audio, test, education, interface, digitization.

Оқушылар тестті аяқтаған соң сайт ішінде жауаптарын және тесттің нәтижесін қарай алады (16 - сурет).



16 – сурет. Тест аяқталған түрі

Қорытынды. Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, АКТ құралдарын қолдану арқылы инклюзивті білім беру үдерісін тиімді ұйымдастыруға болады. Алайда Қазақстандағы инклюзивті білім беру жүйесінде әлі де шешімін табуды қажет ететін мәселелер бар. Олардың қатарында мектептердің техникалық жабдықталуының жеткіліксіздігі, мұғалімдердің арнайы дайындық деңгейінің төмендігі және оқу материалдарының қолжетімділігіне байланысты қиындықтар ерекше орын алады.

Қорыта келе, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар инклюзивті білім беру жүйесінің тиімділігін арттырып, ерекше қажеттіліктері бар оқушыларға қолайлы оқу ортасын қамтамасыз етудің маңызды құралына айналды. Бұл оқушылардың танымдық белсенділігін арттырып қана қоймай, олардың әлеуетін толық ашуға, өз қабілеттерін дамытуға және қоғамға бейімделуіне мүмкіндік береді. Инклюзивті білім беру жүйесін дамыту – білім беру сапасын жақсартып қана қоймай, қоғамда теңдік пен толеранттылық мәдениетін қалыптастырудың маңызды қадамы.

Әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі. Инклюзивті білім беру: Әдістемелік нұсқаулықтар. – Нұр-Сұлтан: Ұлттық білім академиясы, 2022.
2. Применение информационно-коммуникационных технологий в инклюзивном образовании. [<https://cyberleninka.ru/article/n/primenenie-informatsionno-kommunikatsionnyh-tehnologiy-v-inklyuzivnom-obrazovanii>].
3. Использование ЭОР и самостоятельно изготовленных электронных пособий на уроках в коррекционной школе (из опыта работы). [<https://multiurok.ru/files/ispol-zovaniie-eor-isamostoiaitel-no-izghotovlien.html>].
4. Методические рекомендации по использованию ЭОР. [https://irorb.ru/files/el_obr/m_rekom.pdf].
5. Методические рекомендации по организации работы детей с нарушением зрения на уроке информатики. Мультиурок. [<https://multiurok.ru/index.php/files/mietodichieskiie-riekomiendatsii-po-orghanizats-59.html>]

ГРНТИ 20.01.04

КРИПТОГРАФИЯ И ШИФРОВАНИЕ: ОСНОВНЫЕ ПРИНЦИПЫ И МЕТОДЫ

Шангытбаева Г.А., доктор PhD, доцент
Онайбаева Н.Н., магистрант 2 курса ОП «Информатика»

*Актюбинский региональный университет имени К. Жубанова,
г. Актобе, Казахстан*

Аннотация: В современном цифровом мире криптография и шифрование играют важнейшую роль в обеспечении безопасности данных. С ростом объёма информации, передаваемой и хранимой в интернете, становится всё более актуальной необходимость защиты конфиденциальности и целостности данных как для частных лиц, так и для организаций и государственных структур. Криптография представляет собой науку, изучающую методы шифрования и дешифрования информации с использованием математических алгоритмов и протоколов, предназначенных для предотвращения несанкционированного доступа. Её основные принципы включают **конфиденциальность** — гарантирует, что доступ к информации имеют только авторизованные пользователи, **целостность** — защищает данные от несанкционированных изменений, **аутентификацию** — подтверждает подлинность пользователей и источников информации, **неотказуемость** — предотвращает возможность изменения данных без ведома их владельца. Существует множество способов шифрования, которые можно разделить на две основные категории. Первая, **симметричное шифрование**, при котором один и тот же ключ используется как для шифрования, так и для дешифрования данных. Вторая, **асимметричное шифрование**, использующее пару ключей: открытый для шифрования и закрытый для расшифровки. Каждый из этих методов имеет свои особенности, преимущества и ограничения, а выбор оптимального алгоритма зависит от конкретных требований безопасности.

В данной статье рассматриваются ключевые принципы криптографии и шифрования, различные методы их применения, их значимость в современных технологиях, а также проблемы и вызовы, стоящие перед криптографией в условиях стремительного развития цифровых технологий.

Ключевые слова: криптография, шифрования, аутентификация, информация, электронная подпись.

Аңдатпа: Қазіргі цифрлық әлемде криптография мен шифрлау деректердің қауіпсіздігін қамтамасыз етуде маңызды рөл атқарады. Интернетте тасымалданатын және сақталатын ақпарат көлемі өскен сайын

жеке тұлғалар үшін де, ұйымдар үшін де, мемлекеттік органдар үшін де деректердің құпиялылығы мен тұтастығын қорғау қажеттілігі барған сайын маңызды бола түсуде. Криптография - рұқсат етілмеген қол жеткізуді болдырмауға арналған математикалық алгоритмдер мен хаттамаларды қолдану арқылы ақпаратты шифрлау және шифрын шешу әдістерін зерттейтін ғылым. Оның негізгі принциптеріне құпиялылық - тек рұқсаты бар пайдаланушылардың ақпаратқа қол жеткізуін қамтамасыз етеді, тұтастық - деректерді рұқсат етілмеген өзгертулерден қорғайды, аутентификация - пайдаланушылардың және ақпарат көздерінің түпнұскалығын растайды, өзгермейтіндігі - оның иесіне хабарсыз деректерді өзгерту мүмкіндігін болдырмайды. Екі негізгі санатқа бөлуге болатын көптеген әртүрлі шифрлау әдістері бар. Біріншісі - симметриялық шифрлау, онда бір кілт деректерді шифрлау үшін де, шифрды шешу үшін де қолданылады. Екіншісі - асимметриялық шифрлау, ол жұп кілттерді пайдаланады: шифрлау үшін ашық және шифрды шешу үшін жеке болып бөлінеді. Бұл әдістердің әрқайсысының өзіндік сипаттамалары, артықшылықтары мен шектеулері бар және оңтайлы алгоритмді таңдау қауіпсіздіктің нақты талаптарына байланысты болып келеді.

Бұл мақалада криптография мен шифрлаудың негізгі принциптері, оларды қолданудың әртүрлі әдістері, олардың қазіргі заманғы технологиялардағы маңызы, сонымен қатар цифрлық технологиялардың қарқынды дамуы жағдайында криптография алдында тұрған мәселелер мен міндеттер қарастырылады.

Тірек сөздер: криптография, шифрлау, аутентификация, ақпарат, электронды қолтаңба.

Annotation: In today's digital world, cryptography and encryption play a vital role in ensuring data security. With the growing volume of information transmitted and stored online, the need to protect the privacy and integrity of data is becoming increasingly important for individuals, organizations, and government agencies. Cryptography is a science that studies methods of encrypting and decrypting information using mathematical algorithms and protocols designed to prevent unauthorized access. Its main principles include confidentiality - ensures that only authorized users have access to information, integrity - protects data from unauthorized changes, authentication - confirms the authenticity of users and sources of information, non-repudiation - prevents the possibility of changing data without the knowledge of its owner. There are many encryption methods, which can be divided into two main categories. The first is symmetric encryption, in which the same key is used for both encryption and decryption of data. The second is asymmetric encryption, which uses a pair of keys: public for encryption and private for decryption. Each of these methods has its own characteristics, advantages and limitations, and the choice of the optimal algorithm depends on specific security requirements.

This article discusses the key principles of cryptography and encryption, various methods of their application, their importance in modern technologies, as well as the problems and challenges facing cryptography in the context of rapid development of digital technologies.

Keywords: cryptography, encryption, authentication, information, electronic signature.

На протяжении истории человечества, задолго до появления интернета, люди использовали различные способы кодирования для конфиденциальной передачи информации. Шифрование было неотъемлемой частью защиты военных стратегий, коммерческих секретов и дипломатических соглашений. В конце двадцатого века, с ростом интернета и глобализации, защита личной информации в цифровом пространстве стала все более актуальной. В результате шифрование превратилось в ключевой инструмент для сохранения безопасности ценных данных.

С древнейших времен криптография занималась разработкой методов кодирования информации, чтобы скрыть её истинное значение от посторонних. Сегодня задачи криптографии значительно расширились, и её роль выходит далеко за рамки простого сокрытия смысла: она служит фундаментом для создания надежной защиты как:

- защите персональных данных;
- сохранности данных;
- проверки подлинности;
- неизменности.

Сохранность информации (confidentiality) подразумевает, что к ней имеют доступ только уполномоченные лица. Для обеспечения такой защиты применяются симметричные и асимметричные криптографические алгоритмы.

Неизменность информации во время хранения или передачи, то есть её целостность, является ключевым фактором. Для подтверждения этого факта применяются специальные механизмы контроля, позволяющие получателю уверенно утверждать, что информация не была изменена во время маршрута. Реализация контроля целостности основана на использовании криптографических хэш-функций и цифровых подписей.

Подтверждение подлинности, известное как аутентификация, служит для проверки действительности предъявленного идентификатора и применяется главным образом для ограничения доступа к различным ресурсам и услугам. При реализации аутентификационных протоколов неизменно применяются все виды криптографических инструментов.

Проверка подлинности (nonrepudiation) обеспечивает получателя сообщения защитой от лживых утверждений отправителя о том, что он не был автором отправленного ранее сообщения. Достижение данной защиты

возможно только при помощи криптографических методов, использующих открытый ключ.

Для выполнения перечисленных задач криптографии применяются следующие основополагающие криптографические примитивы:

- системы с симметричным шифрованием;
- системы шифрования с доступом по общедоступному ключу;
- функции, обеспечивающие хэширование криптографического уровня;
- электронные подписи[1].

В XX веке криптография эволюционировала, оформившись в современную науку, состоящую из двух взаимосвязанных дисциплин: криптосинтеза и криптоанализа. Первая занимается разработкой методов защиты информации, вторая же фокусируется на поиске уязвимостей и путей взлома криптосистем. В рамках криптографии существуют различные методы, которые можно классифицировать по количеству используемых ключей в алгоритмах.

- с двумя ключами;
- состоящие из одного слова;
- без ключей.

Двухключевые алгоритмы опираются на пару ключей: публичный и приватный. Одноключевые алгоритмы же работают только с одним секретным ключом. В свою очередь, бесключевые алгоритмы вообще не требуют использования каких-либо ключей.



Рисунок – 1. Разновидности криптографических алгоритмов

Кроме того, стоит упомянуть и другие криптографические методики, например:

1. Электронная подпись основана на применении двух типов ключей: закрытого и открытого, с помощью которых алгоритм обеспечивает достоверность информации и подтверждает авторство документа.

2. Проверка подлинности. Этот метод предназначен для установления факта, соответствует ли действительность заявления пользователя о своей

личности.

3. Приемы криптографической проверки целостности данных:

- расчет имитационных пристроек;
- хеширование с использованием ключевых и без использования ключей;
- внедрение механизмов подтверждения сообщений с использованием кодов.

Эти подходы применяются в защите информации в ситуациях, когда электронная подпись не представляется возможной, и находят применение в различных моделях аутентификации.

4. В криптографии находят применение генераторы случайных и псевдослучайных чисел, что обуславливается их спецификой.

- в целях создания секретных паролей;
- в подавляющем большинстве схем цифровой подписи;
- в подавляющем большинстве случаев, при реализации систем аутентификации.

Рисунок 1 демонстрирует, что алгоритмы шифрования можно классифицировать на две основные группы:

- схемы криптографии с открытым ключом;
- схемы криптографической защиты с одинаковыми ключами.

Симметричный шифрование характеризуется использованием одного и того же ключа для шифрования и дешифрования, либо же ключей, взаимосвязанных простым математическим соотношением. В ассиметричном шифровании же применяются два ключа: k_1 , предназначенный для шифрования, и k_2 , из которого k_1 можно легко вычислить, но обратное вычисление оказывается невозможным. Несмотря на относительно молодость криптографии как дисциплины, она уже сталкивается с рядом нерешенных задач. В настоящее время эксперты определяют ряд ключевых вызовов в области криптографии, среди которых:

- существуют ограничения в применении рабочих схем с открытым ключом.
- отсутствие путей к развитию;
- рост объёма данных, подлежащих шифрованию, и соответствующих им ключей;
- уязвимость базовых принципов шифрования.

Давайте разберем каждую по отдельности.

Несмотря на обилие алгоритмов шифрования, доступных в криптографии и возможности их комбинирования для создания новых схем, каждая из них неизбежно опирается на так называемую «нерешаемую» проблему. Это означает, что число возможных криптографических схем, несмотря на разнообразие алгоритмов, ограничено фундаментальными математическими ограничениями.

Квантовые вычисления, являясь перспективной вычислительной

моделью, основаны на паралелизме и преобразовании входных данных. Эта технология открывает возможность одновременного вычисления значений функции для всех её входных значений за единицу времени. Такой подход в будущем позволит решать криптографические задачи с существенно большей скоростью, чем на классических компьютерах, что неизбежно поставит под вопрос устойчивость существующих криптографических систем.

Прогресс в области вычислительной техники неизбежно влечет за собой рост размеров обрабатываемых данных и используемых ключей. Это наглядно демонстрирует история криптосистемы RSA: если в ее зарождение 512 бит были достаточны для обеспечения безопасности, то современные рекомендации указывают на минимум 4096 бит. Такая же тенденция наблюдается и в других шифровальных алгоритмах. В традиционной криптографии увеличение объема памяти для реализации системы составило всего лишь дважды.

Уязвимость криптографических основ. Теория вычислительной сложности установила прямую связь между сложно решаемыми задачами и их модификациями. Следовательно, взлом одного ключа криптосистемы может привести к взлому и других, поскольку эти задачи имеют общую или очень похожую структуру. Таким образом, современная криптография сталкивается с задачей усиления криптосистем, повышения прочности алгоритмов и сокращения размеров обрабатываемых данных[2].

В области криптографии применяются разнообразные алгоритмы шифрования, которые можно классифицировать на две основные группы: симметричные и асимметричные, а также хэширование, играющие ключевую роль в современных системах защиты информации.

1. Зашифрование с симметричным ключом

В симметричном шифровании для кодирования и декодирования информации применяется один и тот же ключ, что обеспечивает высокую скорость и эффективность процесса. Но передача этого ключа между участниками коммуникации может стать слабым звеном в системе безопасности. Среди распространенных симметричных алгоритмов можно назвать:

- AES, или Стандарт шифрования повышенной безопасности, является одним из ведущих симметричных алгоритмов, отличающихся высокой степенью защиты и поддержкой ключей разной длины: 128, 192 и 256 бит.
- DES и 3DES, являясь алгоритмами шифрования, разработанными ранее, сегодня признаны ненадежными из-за обнаруженных уязвимостей.

2. Шифрование с несимметричными ключами

В асимметричной системе шифрования применяются два ключа: один

открытый и один закрытый. Открытый ключ предназначен для зашифрования информации, а закрытый — для ее расшифровки. Такая система обеспечивает безопасный обмен ключами и данными. Среди популярных асимметричных алгоритмов можно выделить:

- RSA, разработанная командой Rivest-Shamir-Adleman, является пионером в области асимметричной криптографии и по сей день остается одним из самых популярных методов для защиты данных при передаче.
- ECC (криптография эллиптических кривых) - это современная технология, гарантирующая высокую степень защиты при этом требующая ключей меньшего размера по сравнению с алгоритмом RSA.

3. Функция хеширования

Процесс преобразования любой информации в неизменяемую строку определённой длины называется хэшированием. Хэш-функции играют важную роль в обеспечении целостности данных и подтверждении их подлинности. К наиболее известным хэш-функциям относятся:

- SHA-256 - это популярная хэш-функция, обеспечивающая создание 256-битных хэшей и входящая в состав алгоритма SHA-
- MD5, хотя и была широко используемой хэш-функцией в прошлом, сегодня признана уязвимой и не рекомендуется к применению из-за обнаруженных недостатков.

Шифрование находит применение в широком спектре областей:

- Для защиты информации при её передаче в сети интернет применяются SSL/TLS-протоколы, гарантирующие безопасность соединения.
- Онлайн-платежи и транзакции надежно защищены благодаря банковским системам.
- Децентрализованные системы обеспечивают защиту данных и операций благодаря использованию блокчейна и криптовалют.
- Электронные подписи служат для подтверждения подлинности документов, имеющих юридическую силу.
- Безопасность личной информации обеспечивается за счет шифрования данных в облачных сервисах.

В современном цифровом пространстве, где данные беспрестанно передаются и обрабатываются, надежные методы шифрования выступают как неотъемлемая составляющая обеспечения их безопасности. Знание основ криптографии и различных алгоритмов шифрования дает пользователям и организациям возможность защитить свои сведения от всевозможных угроз и злоумышленников. С учетом стремительного развития технологий и роста объема обрабатываемой информации, актуальность и важность криптографии будут только возрастать, превращая ее в фундаментальный

фактор защиты информации[3].

Литература:

[1] Марков А.С., Цирлов В.Л. Основы криптографии: подготовка к cissp / Вопросы кибербезопасности. Научный журнал на тему: Компьютерные и информационные науки. – 2015 г. №1(9). С. 65-73.URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/osnovy-kriptografii-podgotovka-k-cissp/viewer> (дата обращения: 27.03.2025).

[2] А.Д. Дошина, Е. Михайлова, В.В. Карлова. Криптография. Основные методы и проблемы. Современные тенденции криптографии / Современные тенденции технических наук : материалы IV Междунар. науч. конф. (г. Казань, октябрь 2015 г.). — Казань:Бук,2015.С.10 - 13. URL: <https://moluch.ru/conf/tech/archive/163/8782/> (дата обращения: 27.03.2025).

[3] Блог компании ArtisMedia. Современная криптография. Алгоритмы шифрования.URL: <https://artismedia.by/blog/sovremennaya-kriptografiya-algoritmy-shifrovaniya/> (дата обращения: 27.03.2025).

ГТАХР 34.03.07

OBJECTVIEWER ПЛАТФОРМАСЫН САБАҚТА ҚОЛДАНУ

ТИІМДІЛІГІ

Серикова Адас Турекожаевна (арнайы пән оқытушысы)

Қаратау құрылыс-техникалық колледж

Жамбыл облысы Талас ауданы Қаратау қаласы

Андатпа

ObjectViewer платформасы оқу процесінде маңызды рөл атқарады, себебі ол студенттерге күрделі ұғымдарды 3D модельдер мен визуализация арқылы түсінуге мүмкіндік береді. Платформа ғылыми және техникалық пәндерді оқытуда тиімділігін дәлелдеп, студенттердің теориялық білімдерін практикамен ұштастыруға ықпал етеді. Бұл құрал оқушылардың оқу процесіне белсенді қатысуын, пәндерге деген қызығушылығын арттырады және қашықтан оқытуда да жоғары тиімділік көрсетеді. Оқытушылар үшін бұл платформа сабақтарды жаңа, тиімді әдістермен өткізуге мүмкіндік береді.

Аннотация

Платформа ObjectViewer играет важную роль в образовательном процессе, поскольку позволяет студентам воспринимать сложные концепты через 3D модели и визуализацию. Платформа продемонстрировала свою эффективность в обучении научным и техническим дисциплинам, способствуя интеграции теоретических знаний с практическими навыками. Этот инструмент способствует активному участию студентов в учебном процессе, повышает их интерес к предметам и показывает высокую эффективность в условиях дистанционного обучения. Для преподавателей платформа предоставляет возможность проводить занятия с использованием


НОВЫХ, ЭФФЕКТИВНЫХ МЕТОДОВ.

Annotation

The ObjectViewer platform plays a crucial role in the educational process by allowing students to understand complex concepts through 3D models and visualization. The platform has proven effective in teaching scientific and technical subjects, helping to integrate theoretical knowledge with practical skills. This tool promotes active student participation in the learning process, increases their interest in subjects, and demonstrates high effectiveness in remote learning. For educators, the platform provides an opportunity to conduct lessons using new, efficient methods.

Қазіргі білім беру жүйесінде ақпараттық технологияларды қолданудың маңызы зор. Оқу процесіне жаңашылдықтар енгізу, студенттердің білім сапасын арттыру мақсатында түрлі құралдар мен платформалар қолданысқа енгізілуде. Осы орайда, **ObjectViewer** платформасы да білім беру саласында тиімді қолданыс табуда. Бұл платформа студенттерге ғылыми және техникалық пәндер бойынша күрделі объектілерді визуализациялап, түсінуге мүмкіндік береді.

Сабақта **ObjectViewer** қолданудың тиімділігі, оның оқу процесіне тигізетін оң әсері осы мақалада қарастырылады. **ObjectViewer** платформасы – бұл 3D модельдер мен объектілерді көрсету, оларды әртүрлі қырынан зерттеу мүмкіндігін ұсынатын құрал. Бұл платформаға студенттер мен оқытушылар күрделі теориялық мәліметтерді нақты 3D модельдер түрінде көру мүмкіндігіне ие болады. Мұндай тәсілдер студенттерге жаңа материалды жақсы игеруге, ұғымдарды нақтырақ түсінуге көмектеседі.





ObjectViewer платформасының ең басты артықшылығы – күрделі ұғымдарды визуализациялау мүмкіндігі. Мысалы, физика, химия, биология сияқты пәндерде әртүрлі процестер мен құрылымдар нақты көрініс тапқан кезде студенттер оларды түсінуде қиындықтар болмайды. Биология пәні бойынша жасуша құрылымы, химияда молекулалардың құрылымы, физикада қозғалыс және күштердің әсері сияқты ұғымдарды 3D модельдер арқылы көру оқу процесін жеңілдетеді. **ObjectViewer** платформасы тек теориялық біліммен шектелмей, студенттерге тәжірибелік дағдыларды дамытуға да ықпал етеді. 3D модельдер мен объектілерді зерттеу барысында студенттер әртүрлі сценарийлерді қарастыра алады. Бұл, әсіресе, техникалық пәндер мен инженерия саласындағы мамандар үшін өте пайдалы. Мысалы, инженерлік құрылғыларды, техникалық бөлшектерді немесе ғарыштық аппараттарды модельдеу арқылы олардың құрылымын және жұмыс принциптерін түсінуге болады. **ObjectViewer** платформасын сабақта қолдану оқушыларды белсенді қатысуға, сұрақтар қоюға және өз ойларын жеткізуге ынталандырады. Платформа 3D модельдердің көмегімен оқушыларды тек тыңдаушы емес, белсенді зерттеуші етіп, оқу процесін қызықты етеді. Бұл тәсіл оқушының өзара әрекеттесуін күшейтеді, яғни олар тек сырттай бақылап қоймай,

тапсырмаларды өз бетінше орындап, білімдерін нақтылай алады. 3D модельдерді қолдану студенттердің оқу материалдарына деген қызығушылығын арттырады. Әсіресе, жаңа тақырыптар мен күрделі концепциялар студенттер үшін түсініксіз болуы мүмкін.

ObjectViewer платформасының көмегімен бұл ұғымдар айқын, нақты көрініс табады, және бұл өз кезегінде студенттердің тақырыпқа деген қызығушылығын арттырады. Мұндай визуализация оқу материалының мәнін түсінуге көмектеседі. Қашықтан оқыту жағдайында да **ObjectViewer** платформасының тиімділігі зор. Виртуалды оқу ортасында студенттер нақты тәжірибені сезіну қиынға соғатын болса, 3D модельдер мен объектілерді зерттеу олар үшін жаңа тәжірибе болып табылады. Платформа арқылы кез келген жерде, кез келген уақытта оқу мүмкіндігі оқушылардың білім алуына ыңғайлы жағдай жасайды.

ObjectViewer платформасы оқытушыларға да өз жұмыстарын жеңілдетуге мүмкіндік береді. Оқытушылар 3D модельдер мен объектілерді оқу бағдарламасына қосып, студенттерге материалды интерактивті түрде түсіндіруге болады. Бұл оқытушыларға сабақтың мазмұнын түрлі тәсілдермен жеткізуге көмектеседі және әртүрлі оқушылардың оқу стиліне сәйкес келетін әдістерді қолдануға мүмкіндік береді.

Қорытынды

ObjectViewer платформасы білім беру процесіне елеулі өзгерістер енгізеді. Оның көмегімен студенттер күрделі ұғымдарды оңай меңгереді, ғылыми ұғымдарды нақты көріністермен түсінеді, тәжірибелік дағдыларын дамытады. Бұл платформа оқу процесін қызықты, интерактивті және тиімді етеді. Сондықтан ObjectViewer платформасын сабақта қолдану қазіргі білім беру жүйесінде маңызды орын алады және оның қолдану аясы одан әрі

кеңейе түсетіні анық.

ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Құдайбергенова, А. (2020). **Ақпараттық технологияларды білім беру процесіне енгізу**. Алматы: Қазақ университеті.
2. Жұмаділова, Г. (2019). **Интерактивті оқу құралдары: теориясы мен тәжірибесі**. Астана: Жоғары білім баспасы.
3. Макаренко, А. (2021). **Қашықтан оқыту технологиялары мен әдістемесі**. Шымкент: Қазалы баспасы.
4. Оспанова, А., & Мұхамеджанова, Б. (2022). **3D визуализация және білім беру саласындағы мүмкіндіктері**. Қарағанды: Қарағанды университеті.
5. Петров, И. (2018). **Современные методы и технологии в образовании**. Москва: Вузовская книга.
6. Назаров, Р. (2020). **Интерактивті әдістер арқылы білім беру процесін жетілдіру**. Алматы: Экономика баспасы.
7. **ObjectViewer: Interactive 3D Visualization for Education** (2021). [Online]. Available: <https://www.objectviewer.com>
8. Ким, И. (2022). **Инновационные образовательные технологии в России**. Санкт-Петербург: Питер.

ГТАХР 34.03.07

FOXAR ПЛАТФОРМАСЫН САБАҚ ҮРДІСІНЕ ҚОЛДАНУ ӨЗЕКТІЛІГІ

Серикова Адас Турекожаевна (арнайы пән оқытушысы)

Қаратау құрылыс-техникалық колледж

Жамбыл облысы Талас ауданы Қаратау қаласы

Foxar платформасының жаратылыстану ғылымдарына қолданылуы өзектілігі жоғары және маңызды, себебі бұл платформа қазіргі заманғы инженерлік, ғылыми зерттеулер мен технологиялардың қажеттіліктеріне жауап береді. Платформа нақты физикалық процестерді модельдеу, деректерді талдау, эксперименттерді автоматтандыру және ғылыми зерттеулерді оңтайландыру сияқты түрлі міндеттерді шешуге мүмкіндік береді. Оның жаратылыстану ғылымдарына қолданылуының өзектілігі бірнеше маңызды аспектілерде көрінеді:




Ғылыми зерттеулерді модельдеу және симуляциялау

Foxar платформасы физикалық жүйелер мен процестерді математикалық модельдеу және симуляциялау үшін өте пайдалы. Жаратылыстану ғылымдарының түрлі салаларында, мысалы, физика, химия, биология және экология салаларында ғылыми құбылыстарды зерттеу үшін күрделі математикалық модельдер мен есептеулер қажет. Foxar платформасы осындай зерттеулерді жүргізу үшін қажетті модельдерді құруға, сынақтар жүргізуге және алынған нәтижелерді визуализациялауға мүмкіндік береді.

Қолданылуы:

- **Физика:** Энергетика, механика, термодинамика, электродинамика секілді салаларда физикалық процестердің модельдерін құру.
- **Химия:** Реакциялардың динамикасын модельдеу, химиялық процестердің кинетикасын зерттеу.

- **Биология:** Биологиялық процестер мен экосистемаларды моделдеу, генетикалық зерттеулерді талдау.



Деректерді талдау және үлкен деректермен жұмыс

Жаратылыстану ғылымдарында үлкен деректер жиынтығы жиі кездеседі (мысалы, астрономия, экология, генетика зерттеулерінде). Foxar платформасы бұл деректерді тиімді өңдеу және талдау үшін пайдалануға болады. Платформа мәліметтерді талдаудың күрделі алгоритмдерін қолданып, ғалымдарға нақты нәтижелерге жетуге көмектеседі.

Қолданылуы:

- **Астрономия:** Ғарыштық мәліметтерді талдау және галактикалар, жұлдыздар, планеталар туралы ақпарат алу.
- **Экология:** Қоршаған ортадағы өзгерістерді және биологиялық әртүрлілікті зерттеу үшін экологиялық деректерді талдау.

- **Генетика:** Генетикалық деректерді талдау, гендер арасындағы байланыстарды анықтау.

Эксперименттерді автоматтандыру

Фохар платформасы ғылыми зертханаларда жүргізілетін тәжірибелер мен сынақтарды автоматтандыруға мүмкіндік береді. Автоматтандырылған жүйелер зерттеушілерге сынақтарды басқаруды жеңілдетіп, оларды нақты уақытта бақылауға және түзетулер енгізуге мүмкіндік береді.

Қолданылуы:

- **Химиялық зерттеулер:** Химиялық реакцияларды автоматты түрде бақылау, температура мен қысымның өзгерістерін қадағалау.
- **Физикалық эксперименттер:** Құрылғылар мен жабдықтардың жұмысын бақылап, эксперименттік параметрлерді автоматты түрде реттеу.
- **Биологиялық зерттеулер:** Лабораториялық жағдайларда тәжірибелердің автоматты түрде жүргізілуі, үлгілерді жинау мен сақтау.

Ғылыми жобаларды басқару және қашықтан басқару

Фохар платформасының көмегімен ғылыми жобаларды басқару және үйлестіру оңай болады. Ғалымдар мен зерттеушілер қашықтан жұмыс істеп, жоба нәтижелерін бақылап, жоспарланған мақсаттарға жету үшін қажетті өзгерістер енгізе алады. Бұл әсіресе халықаралық немесе көп дисперстік зерттеу жобаларында пайдалы.

Қолданылуы:

- **Ғылыми топтардың координациясы:** Өртүрлі географиялық аймақтарда орналасқан зерттеу топтарын үйлестіру.
- **Қашықтан басқару:** Зертханалар мен ғылыми жабдықтардың жұмысын қашықтан басқару және олардың жұмысын оңтайландыру.

Ғылыми білімді визуализациялау

Фохар платформасы ғылыми деректер мен нәтижелерді визуализациялау үшін қолданылатын құралдарға ие. Бұл ғылыми концептілерді түсінікті түрде

көрсетуге және оларды білім беру мен ғылыми қоғамдастықта жариялауға мүмкіндік береді. Визуализация әсіресе күрделі физикалық және биологиялық процестерді түсіндіруде маңызды рөл атқарады.

Қолданылуы:

- **Физика:** Өртүрлі физикалық процестердің анимациялары мен 3D модельдерін жасау.
- **Биология:** Клеткалық және молекулалық құрылымдардың динамикалық модельдерін көрсету.
- **География:** Географиялық және экологиялық деректердің карталарын жасау.

6. Техникалық құралдар мен жүйелерді әзірлеу

Foxag платформасы құрылыс, робототехника және басқа да инженерлік жобалар үшін техникалық құралдарды жобалауға, өндіруге және сынауға мүмкіндік береді. Бұл жаратылыстану ғылымдарының практикалық қолданылу салаларында, мысалы, жаңа зертханалық жабдықтар, зерттеу құралдары мен жүйелерді жасау үшін қолданылуы мүмкін.

Қолданылуы:

- **Робототехника:** Ғылыми зерттеулер үшін арнайы зертханалық роботтарды жасау.
- **Құралдар мен жабдықтар:** Биологиялық және химиялық зертханалар үшін жаңа құрылғылар мен құрылғыларды әзірлеу.

Қорытынды

Foxag платформасының жаратылыстану ғылымдарында қолданылуы өзекті және маңызды, себебі ол ғылыми зерттеулерді тиімдірек әрі нақты жүргізуге, деректерді талдауды жеңілдетуге, эксперименттерді автоматтандыруға, сондай-ақ ғылыми жобаларды басқаруды оңтайландыруға мүмкіндік береді. Бұл қазіргі заманғы ғылыми зерттеулердің қарқынды дамуына ықпал етеді және жаңа технологиялар мен зерттеулерге қол жеткізуді жеңілдетеді.

Қолданылған әдебиеттер:

1. **"Инженерлік жобалау негіздері"** (авторлар: Л. Ф. Степанов, В. И. Артемьев)
2. **"Автоматизация производственных процессов"** (автор: В. С. Кобельков)
3. **"Цифровое проектирование и моделирование"** (авторлар: Ю. А. Петров, А. В. Смирнов)
4. **"Системы автоматизированного управления"** (автор: Н. С. Нестеренко)
5. **"Программирование для автоматизации"** (автор: Н. В. Шкель)

ГТАХР 004.89

МАШИНАЛЫҚ ОҚЫТУ НЕГІЗІНДЕ МҰНАЙДЫҢ ТҰТҚЫРЛЫҒЫН БОЛЖАУДА ЖАСАНДЫ НЕЙРОНДЫҚ ЖЕЛІЛЕРДІҢ (ANN) ҚОЛДАНЫЛУЫ

Жақсылықов Ә.Қ., Шангытбаева Г.А.

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Ақтөбе қ.

Түйінді сөздер: мұнай–газ саласы, машиналық оқыту, жасанды нейрондық желі, мұнайдың тұтқырлығы, әдістер, технологиялық параметрлер.

Аңдатпа: Есептеу модельдеуі мұнайдың тұтқырлығын, температура және сұйықтық араласуын ескере отырып сәйкестендіруге арналған тиімді әдіс болып табылады. Бұл зерттеуде ауыр мұнайдың тұтқырлығын әртүрлі технологиялық параметрлер мен мұнай қасиеттеріне байланысты болжау үшін жасанды нейрондық желі моделі қолданылды. Бұл әдістер Қазақстандағы мұнай кен орындарынан алынған ауыр мұнай үлгілерінің тұтқырлығын бағалау үшін қолданылды.

Аннотация: Компьютерное моделирование является эффективным методом определения вязкости нефти, температуры и смешивания жидкостей. В данном исследовании модель искусственной нейронной сети использовалась для прогнозирования вязкости тяжелой нефти в зависимости от различных параметров процесса и свойств нефти. Эти методы были использованы для оценки вязкости образцов тяжелой нефти, полученных на нефтяных месторождениях Казахстана.

Abstract: Computational modeling is an effective method for modeling oil viscosity, taking into account temperature and fluid mixing. In this study, an artificial neural network model was used to predict the viscosity of heavy oil depending on various process parameters and oil properties. These methods were used to estimate the viscosity of heavy oil samples obtained from oil fields in Kazakhstan..

Машиналық оқыту (ML) – бұл компьютерлік жүйелердің нақты тапсырмаларды орындау үшін алдын ала бағдарламаланбай, деректерді талдау арқылы үйренуіне мүмкіндік беретін алгоритмдер мен статистикалық модельдерді зерттейтін ғылыми бағыт. Машиналық оқытудың негізгі артықшылығы – алгоритмдер мәліметтермен жұмыс істеу тәсілін үйренгеннен кейін, олар тапсырмаларды өздігінен автоматты түрде орындай алады.

Мұнай–газ саласында ақпараттық технологияларды қолдану өндірістік процестердің тиімділігін арттырып, шығындарды азайтуға мүмкіндік береді. Осы орайда, машиналық оқыту (ML) алгоритмдерін қолдану өндірістік мәліметтерді талдап, технологиялық процестерді оңтайландыруға септігін тигізеді. Асфальтендердің болуына байланысты жоғары тұтқырлықтағы шикі құбырларда ағынын қамтамасыз ету күрделене түседі, бұл өз кезегінде өндіріс шығындарын арттырады. Ауыр мұнайдың тұтқырлығын төмендетудің ең кеңінен қолданылатын әдістерінің бірі – оны жеңіл мұнаймен араластыру. Бұл тәсілдің тиімділігі ауыр мұнайдың полярлы молекулалары мен жеңіл мұнай молекулалары арасындағы өзара әрекеттесудің нәтижесінде артады. Мұнайдың динамикалық тұтқырлығының төмендеуі оның ішкі үйкелісін азайтып, ағындық қасиеттерін жақсартады.[1] Осыған байланысты, сұйылтылған ауыр мұнайдың тұтқырлығын дәл болжау мұнай өндіру, айдау және тасымалдау процестерін оңтайландыруда маңызды рөл атқарады.

Сұйылтылған ауыр мұнайдың тұтқырлығын болжау бойынша жүргізілген зерттеулер екі негізгі әдіске жіктеледі:


1. Зертханалық эксперименттер
2. Эмпирикалық корреляциялар

Зертханалық әдістер жоғары дәлдікке ие болғанымен, олардың жүргізілуі көп уақыт пен айтарлықтай қаржылық шығындарды қажет етеді. Эмпирикалық модельдер, мысалы, Arrhenius, Kendall–Monroe, Cragoe модельдері, сұйылтылған мұнайдың тұтқырлығын болжауда кеңінен қолданылады. Дегенмен, бұл модельдердің көпшілігі нақты жағдайларда ғана жоғары дәлдік көрсетіп, барлық мұнай кен орындарына қолдану мүмкіндігі шектеулі.

Зерттеу аясында ауыр мұнайдың жеңіл мұнаймен сұйылтылған тұтқырлығын болжауға арналған жасанды нейрондық желілерге (ANN) негізделген математикалық модель жасалды. Модельді құру барысында әртүрлі мұнай кен орындарынан алынған тәжірибелік деректер жиынтығы қолданылды. Әрбір ауыр мұнай үлгісі жеңіл мұнаймен түрлі пропорцияларда араластырылып, қоспа Anton Paar Monowave 50 араластырғышында бір сағат бойы гомогенизацияланды қажетті температураға дейін қыздырылды. Кейіннен дайындалған үлгілер тұрақтандырылып, олардың тұтқырлығы Anton Paar SVM 2001 вискозиметрі арқылы өлшенді.[2]

Зерттеу барысында қарастырылған негізгі параметрлердің мәндері кең ауқымды қамтыды: ауыр мұнайдың тұтқырлығы 121–ден 4020,6 Па*с–ға дейін, жеңіл мұнайдың тұтқырлығы 2,9–дан 35,7 Па*с–ға дейін, сұйылту коэффициенті 0,2–ден 0,8–ға дейін, температура 20°C–тан 90°C–қа дейін, ал сұйылтылған мұнайдың тұтқырлығы 9,3–тен 882 Па*с аралығында болды. Бұл параметрлердің әртүрлі мәндері жасалған модельдің әртүрлі технологиялық жағдайларда тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз етеді.

Жасанды нейрондық желі (ANN) – бұл үлгілерді тану, болжау және деректер жиынтығын талдау сияқты тапсырмаларды орындауға арналған алгоритмдер жиынтығы. ANN адамның ми жұмысын модельдеу принциптеріне негізделген және өзара байланысқан түйіндер (nodes) қабаттарынан тұрады. Әрбір түйін перцептрон (perceptron) деп аталады.[3]



1–сурет. Нейрондық желінің құрылымдық сұлбасы

Перцептрон бірнеше кіріс мәндерін қабылдап, оларды өңдеуден кейін бір ғана шығыс мәнін шығарады. Алғашқы қабаттағы перцептрондар кіріс деректерін өңдеп, қарапайым шешімдер қабылдайды, ал келесі қабаттардағы (екінші, үшінші және т.б.) перцептрондар күрделі шешімдер қабылдау үшін алдыңғы қабаттың нәтижелерін пайдаланады.

Желі жұмысының тиімділігін арттыру үшін салмақ мәндері (weights) мен элементтер арасындағы шекті мәндер (threshold) өзгертіледі. Бұл үдеріс шығыс мәнін мақсатты мәнмен салыстыра отырып, жасанды нейрондық желінің нәтижесін қажетті деңгейге дейін реттеуге мүмкіндік береді. Модельді оқыту барысында салмақтар мен шектердің автоматты түрде бейімделуі деректер арасындағы күрделі байланыстарды тиімді анықтауға ықпал етеді.

Қорытындылай келе мақалада мұнайдың тұтқырлығын болжауға арналған машиналық оқыту әдістеріне негізделген модель ұсынылды. Модельдің тиімділігін бағалау мақсатында статистикалық қателік талдауы жүргізілді. Машиналық оқыту әдістерінің басты артықшылықтары келесі нәтижелермен сипатталады:

1. Модельдің нәтижелерін талдау барысында абсолюттік орташа салыстырмалы қате (10,45%), стандартты ауытқу (8,45%) және детерминация коэффициенті ($R^2 = 0,95$) сияқты маңызды көрсеткіштер анықталды. Бұл нәтижелер машиналық оқыту алгоритмдерінің жоғары дәлдік пен сенімділікті қамтамасыз ететінін дәлелдейді.

2. Жаңа модель дәстүрлі эмпирикалық әдістермен салыстырғанда болжау дәлдігін айтарлықтай арттырды. Машиналық оқыту әдістері деректердегі жасырын заңдылықтарды тиімді анықтап, модельдің болжау қабілетін күшейтті.

Машиналық оқытудың қолданылуы күрделі деректермен жұмыс істеуге, процестерді оңтайландыруға және болжамдардың дәлдігін арттыруға мүмкіндік берді. Болашақта деректер жиынтығын кеңейту және басқа машиналық оқыту алгоритмдерін зерттеу арқылы модельдің өнімділігін одан әрі жақсарту жоспарлануда.

Пайдаланылған көздердің тізімі:

1.Ramasamy M. Processing of Heavy Crude Oils Challenges and Opportunities. ntechOpen:London, UK, 2019.

2.Taborda E.A., Alvarado V., Franco C.A., Cortes. Rheological demonstration of alteration in the heavy crude oil fluid structure upon addition of nanoparticles. Fuel. 2017, 189, pp. 322–333.

3.Haykin S. Neural Networks and Learning Machines. 3rd ed.; Prentice–Hall: Englewood Cliffs, NJ, USA, 2008.

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ МАМАНДЫҚТАР СУДЕНТТЕРІНЕ БҰЛТТЫ ЕСЕПТЕУ НЕГІЗДЕРІН ҮЙРЕТУГЕ АРНАЛҒАН БІЛІМ БЕРУ ВЕБ- САЙТЫН ҚҰРУ ӘДІСТЕМЕСІ

Қ.А.Беделов, М.С. Уразымбетов, Ж.М. Атай,

*Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы,
Қазақстан*

E-mail: bka1975@mail.ru, 25338@mail.ru, Atai_JM@mail.ru

Түйінді сөздер: Бұлтты есептеу, білім беру веб-сайты, педагогикалық мамандықтар, Google Cloud Platform, оқу процесі, интерактивті оқыту, цифрлық технологиялар, студенттердің құзыреттілігі

Аңдатпа

Мақала педагогикалық мамандықтар студенттерін бұлтты есептеу негіздеріне үйретуге арналған білім беру веб-сайтын құру әдістемесін әзірлеуге арналған. Бұлтты технологиялардың білім беру процесіндегі маңызы және болашақ педагогтарды дайындаудағы өзектілігі қарастырылады. Зерттеуде ғылыми әдебиеттерге шолу жасалып, Google Cloud Platform платформасын қолдана отырып веб-сайт құру кезеңдері сипатталады, сондай-ақ енгізу нәтижелері ұсынылады. Зерттеу нәтижелері веб-сайттың оқу сапасын арттыруға, студенттердің академиялық көрсеткіштерін жақсартуға және кәсіби құзыреттіліктерін нығайтуға ықпал ететінін көрсетті.

Аннотация

Статья посвящена разработке методики создания образовательного веб-сайта для обучения студентов педагогических специальностей основам облачных вычислений. Рассматривается значимость облачных технологий в образовательном процессе и их актуальность для подготовки будущих педагогов. В работе проведен анализ научной литературы, описаны этапы создания веб-сайта с использованием платформы Google Cloud Platform, а также представлены результаты внедрения. Исследование показало, что разработанный веб-сайт способствует повышению качества обучения, улучшению академических показателей и усилению их профессиональных компетенций.

Abstract

The article focuses on the development of a methodology for creating an

educational website aimed at teaching the basics of cloud computing to students of pedagogical specialties. It explores the importance of cloud technologies in the educational process and their relevance for training future educators. The study includes a literature review, outlines the stages of website development using the Google Cloud Platform, and presents the results of its implementation. The findings demonstrate that the developed website enhances the quality of education, improves students and strengthens their professional competencies.

Бүгінгі таңда бұлтты есептеу технологиялары ақпараттық кеңістіктің маңызды бөлшегіне айналып, білім беру саласына да терең еніп келеді. Деректерді сақтау, өңдеу және оларға қол жеткізуді жеңілдететін бұл құралдар оқу процесін жаңа деңгейге көтеруге мүмкіндік береді. Педагогикалық мамандықтар студенттері үшін бұл технологияларды меңгеру тек техникалық дағдыларды игерумен шектелмей, болашақ педагогтардың оқытудың инновациялық әдістерін қолдану қабілетін дамытуға бағытталған. Осы тұрғыдан алғанда, бұлтты есептеуді оқу процесіне енгізу студенттердің кәсіби біліктілігін арттырудың негізгі кілті ретінде қарастырылады. Бұл педагогикалық мамандықтар студенттеріне бұлтты есептеу негіздерін үйретуге арналған білім беру веб-сайтын жасау жолдарын зерттеуге бағытталған. Мұнда веб-сайттың қызметі, оның оқу процесіне әсері және студенттердің білім алуына қосқан үлесі қарастырылады.

Бұлтты есептеу технологиялары білім беру саласында соңғы жылдары белсенді түрде талдануда. Мысалы, Hanan Elazhary [1], Hakan Aydin [2], Hosam Al-Samarraie [3] еңбектерінде цифрлық құралдардың студенттердің өз бетінше білім алуын ұйымдастырудағы рөлі ерекше аталған. Vanessa Ratten [4], Wang Chao [5] зерттеулері бұлтты есептеудің білім беру мекемелеріне тиімділігін және оның ауқымдылығын арттыратынын көрсетеді. Қазақстанда бұл саладағы зерттеулер Е.Ы. Бидайбеков, С.Н. Конева, [6], В.Г. Шевченко [7], Ш.Т. Шекербекова [8], Л.А. Шунина [9] зерттеулерінде егжей-тегжейлі сипатталған Халықаралық тәжірибеде Google Cloud, Microsoft Azure және Amazon Web Services (AWS) сияқты платформалар білім беру веб-сайттарын құруда кең қолданысқа ие.

Осы еңбектерді саралай келе, бұлтты технологиялар оқытудың қолжетімділігін және тиімділігін арттыратыны анықталды. Алайда педагогикалық мамандықтарға арналған нақты әдістемелерді жасау жеткіліксіз зерттелген, бұл тақырыптың маңыздылығын тағы бір мәрте айғақтайды.

Білім беру веб-сайтын құру үшін жүйелі тәсіл қолданылды. Жұмыс бірнеше кезеңнен тұрды. Алдымен студенттердің оқу қажеттіліктері мен бұлтты есептеу туралы бастапқы білім деңгейі анықталды – бұл үшін сауалнамалар мен сұхбаттар жүргізілді. Келесі қадамда Google Cloud Platform платформасы таңдалды, себебі ол қолжетімділікті және білім беру мазмұнын

басқаруға қажетті құралдарды ұсынады. Оқу материалы бұлтты есептеудің негізгі түсініктерін, практикалық тапсырмаларды және тестілерді қамтыды. Веб-сайттың дизайны қарапайым әрі қолданушыға ыңғайлы болуына баса назар аударылды. Соңында, сайтты студенттердің шағын тобы сынап, алынған пікірлер негізінде жетілдірілді.

Веб-сайтты әзірлеу процесі келесі қадамдарды қамтыды:

1. Талаптарды талдау: Педагогикалық мамандықтар студенттерінің оқу қажеттіліктері мен бұлтты есептеу бойынша базалық білім деңгейі анықталды. Бұл кезеңде сауалнама және сұхбат әдістері қолданылды.

2. Платформаны таңдау: Веб-сайтты құруда Google Disk негізгі платформа ретінде таңдалды, себебі ол қолжетімділікті, масштабталымдылықты және білім беру мазмұнын басқаруға арналған құралдарды ұсынады.

3. Контент әзірлеу: Оқу материалы бұлтты есептеудің негізгі ұғымдарын (IaaS, PaaS, SaaS), практикалық тапсырмаларды және интерактивті тесттерді қамтыды.

4. Интерфейс дизайны: Веб-сайттың қолданушыға ыңғайлы болуы үшін минималистік дизайн және интуитивті навигация қамтамасыз етілді.

5. Тестілеу және енгізу: Веб-сайттың функционалдығы студенттердің шағын тобында сыналып, кері байланыс негізінде түзетулер енгізілді.

Зерттеуге Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің 60 студенті қатысты. Нәтижелерді талдауда сапалық және сандық әдістер пайдаланылды. «Студенттің оқу барысында бұлттық технологияларды пайдалануға дайындығы» сауалнамасы студенттердің АКТ-ны меңгеру деңгейін, аппараттық-бағдарламалық қамтамасыз етудің деңгейі мен жай-күйін, олардың дербестік дәрежесін анықтауға мүмкіндік береді: «Лицензияланған/ лицензияланбаған бағдарламалық қамтамасыз етуді пайдалану», «Сіздің компьютеріңізде бұлттық дискілердің қайсысы орнатылған?», «Сіздің смартфоньыңыздың операциялық жүйесі әдепкі қалпы бойынша қай бұлттық дискілерге байланған?», «Сіздің компьютеріңіздің операциялық жүйесі әдепкі қалпы бойынша қай бұлттық дискілерге байланған?».

Бұлттық технологияларды зерттеу мотивінің көрсеткіштерін анықтау үшін «Студенттің бұлттық технологияларды пайдалануға дайындығы» және «Бұлттық технологияларды оқытуда пайдалану ынталандыруын анықтауға» арналған сауалнама әзірленді. Сауалнамалар жасау кезінде студенттердің оқу мотивациясының әдістемесі және оқу мотивациясын анықтау әдістемесі ескерілді. Мотивацияны анықтауға арналған сауалнамада «Мұғалім ақпараттық технологиялардың жаңа құралдарымен жұмыс істей алуы керек пе?», «Сіз бұрын таныс емес жаңа ақпараттық технологияларды үйренуге қалай қарайсыз?», «Сіз бұлттық технологияларға негізделген желілік қызметтермен жұмысты игергіңіз келе ме?», «Сабақтарға дайындық кезінде

бұлттық сервистерді пайдаланасыз ба?» және т. б.

11. Сізде қандай техникалық құралдары бар?

Дополнительные сведения


компьютер	13
лаптоп (ноутбук, нетбук)	29
планшет	7
ұялы телефон	64
Ешқандай техникалық құрал ж...	0



16. Компьютерде қандай операциялық жүйе орнатылған

Дополнительные сведения


Microsoft Windows 7	24
Microsoft Windows 8	5
Microsoft Windows 10	41
iOS (Apple)	3
Unix	0
Linux	1



37. Үйдегі интернет жылдамдығын сигнал күшін қалай бағалайсыз?

Дополнительные сведения


арқашан тамаша	3
тамаша	2
жақсы	22
алсыз	22
арқашан алсыз	5
жігі интернетті ажыратады	4
электр қуатының үзілуіне байл.	13



44. Бұлттардың қайсысын негізгі деректерді сақтау компьютері ретінде пайдаланасыз

Дополнительные сведения


Google Disk	38
iCloud	12
Yandex.Disk	7
Microsoft OneDrive	25
ОблакоMail.ru	15
DropBox	1
Box	0
Mega	0



46. Сіз бұлттық қызметтерді пайдаланасыз ба?

Дополнительные сведения

Жоқ	8
жоқ, олар туралы ешқашан ест...	1
ия, сирек	42
жігі қолданбайын	11
ия, үнемі	6
мен оларсыз қалай болатыны...	1
Мен бұлттар туралы білемін, бі...	2




Сурет 1 - Студенттердің бұлттық технологияларды үйренуге дайындығын диагностикалау нәтижелері

Экспериментке екі топ алынды: эксперименттік және бақылау, әр топ 30 адамнан тұрды. Әр топ бойынша эксперимент кезеңінің «басталуында» және «соңында» алынған нәтижелерді есепке алдық. Негізгі сәттерге қысқаша тоқталайық. Эксперименттің басында және соңында біз нәтижелерді бағалаудың негізі ретінде мотивациялық, белсенділік және когнитивтік критерийлерді қолдандық. Белсенділік пен танымдық критерийлердің диагностикасы зертханалық жұмыстар мен студенттердің өзіндік жұмыстарын орындау нәтижелері бойынша жүргізілді.


Құрылған веб-сайт студенттерге бірқатар мүмкіндіктер ұсынды. Олар кез келген уақытта оқу материалдарына қол жеткізе алды, бұлтты платформаларда практикалық тапсырмалар орындады және тестілер арқылы

білімдерін тексерді. Зерттеу нәтижелері студенттердің оқу үлгерімі орта есеппен 15%-ға жақсарғанын көрсетті. Сауалнамаға қатысқандардың 87%-ы сайттың ыңғайлылығы мен интерактивтілігін жоғары бағалады. Бұл веб-сайттың оқу процесін байытудағы рөлін растайды.



Сурет 2 – Веб-саттың бастапқы беті

Бірақ зерттеу барысында кейбір қиындықтар байқалды. Интернетке қолжетімділіктің шектеулілігі және студенттердің цифрлық білім деңгейінің әрқелкі болуы толық нәтижеге жетуге кедергі келтірді. Бұл мәселелерді шешу болашақ зерттеулердің міндеті ретінде қарастырылады.



3-сурет Сайтқа кіру

Зерттеу білім беру веб-сайтын құру жолдарының педагогикалық мамандықтар студенттеріне бұлтты есептеуді үйретуде тиімді екенін көрсетті. Сайт оқытуды жеңілдетіп, студенттердің кәсіби дағдыларын дамытуға септігін тигізді. Алдағы уақытта бұл тәжірибені басқа мамандықтарға бейімдеу, сайттың офлайн қызметін қамтамасыз ету және студенттердің цифрлық сауатын арттыруға арналған қосымша шаралар қарастырылуы мүмкін. Бұл зерттеу Қазақстандағы білім беруді цифрландыру жолындағы қадамдарды нығайтуға негіз болады деп ойлаймыз.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

- 1 Elazhary H. Internet of Things (IoT), mobile cloud, cloudlet, mobile IoT, IoT cloud, fog, mobile edge, and edge emerging computing paradigms: Disambiguation and research directions // Journal of Network and Computer Applications. – 2019. – Vol. 128. – P.105-140.
- 2 Aydin H. A Study of Cloud Computing Adoption in Universities as a Guideline to Cloud Migration // <https://journals.sagepub.com/doi.01.11.2017>.
- 3 Al-Samarraie H., Saeed N. A systematic review of cloud computing tools for collaborative learning: Opportunities and challenges to the blended-learning environment // Computers & Education. – 2018. – Vol. 124. – P. 77-91.
- 4 Ratten V. Cloud computing: A social cognitive perspective of ethics, entrepreneurship, technology marketing, computer self-efficacy and outcome expectancy on behavioural intentions // Australasian Marketing Journal. – 2013. – Vol. 21. – P. 137-146.
- 5 Chao W., Junzheng W. Cloud-service decision tree classification for education platform // Cognitive Systems Research. – 2018. – Vol. 52. – P. 234-239.
Так называемые малые тела или частицы, интересующие ученых в связи с решением космологических вопросов, могут накапливаться в точках, называемых стационарными точками или точками либрации. Так, например, в 1961 году астрономом Краковской обсерватории К. Кордылевским были открыты тусклые облакоподобные спутники в окрестности треугольной точки либрации (ТТЛ) L_5 системы Земля-Луна. Несколько позже он сообщил об открытии аналогичного космического облака вблизи треугольных точек либрации L_4 . Эти открытия были вскоре подтверждены наблюдениями американских астрономов. Исследование устойчивости точек либрации означает, как ведет себя космическая частица, попав в малую окрестность рассматриваемой точки либрации с малой относительной скоростью: останется ли она вечно вблизи этой точки либрации или за конечное время покинет ее малую окрестность. В первом случае говорят, что точка либрации устойчива, а во втором - неустойчива. Задача об устойчивости прямолинейных или коллинеарных точек либрации (КТЛ) в классической задаче решена давно, причем с отрицательным выводом - все три точки L_1 , L_2 и L_3 неустойчивы. Это значит, что частицы космической пылевой материи или малые тела, попадающие в окрестность КТЛ, с течением времени выбрасываются из этой окрестности. Вопрос об устойчивости ТТЛ решен только в плоском варианте задачи, когда предполагается, что частицы, помещенные в эти точки, испытывают и пространственные возмущения, выводящие их из плоскости орбитального движения. В недавнее время интерес к точкам либрации возрос в связи с практическими потребностями космических исследований. Существуют проекты запуска искусственных спутников в окрестности точек либрации Солнечной системы. Все чаще подчеркивается важность необычных динамических свойств точек либрации с астродинамической, геофизической и эксплуатационной точек зрения. Были проекты создания в точках либрации баз для стоянок и техобслуживания космических станций, проведения космических аварийно-спасательных работ, размещения установок по проведению технологических процессов, требующих невесомости и высокого вакуума.

Известно, что не каждое положение равновесия системы (или точки

либрации) будет устойчивым, так как она всегда повержена влиянию малых возмущающих факторов, которые невозможно учесть при составлении ее математической модели системы, и приводящие к ее отклонению от своего равновесного состояния. Система будет устойчивой, если она останется в своем исходном состоянии равновесия после прекращения влияния возмущающих воздействий, в противном случае она называется неустойчивой [1-3].

1. Необходимые условия устойчивости коллинеарных точек либрации фотогравитационной задачи трех

Дифференциальные уравнения частицы в круговой задаче могут быть записаны в виде [1]

$$\ddot{x} = -\frac{\partial W}{\partial x}, \quad \ddot{y} = -\frac{\partial W}{\partial y}, \quad \ddot{z} = -\frac{\partial W}{\partial z}, \quad (1)$$

где точки означают дифференцирование по времени, а силовая функция определяется формулой

$$W = \frac{1}{2}(\dot{x}^2 + \dot{y}^2) + \frac{q_1(1-\mu)}{r_1} + \frac{q_2\mu}{r_2}. \quad (2)$$

Для исследования системы на устойчивость введем возмущения

$$\xi = x - x^*, \quad \eta = y, \quad \zeta = z,$$

где x^* —координата рассматриваемой КТЛ. Подставляя значения x, y, z в уравнения (1) возмущенного движения и разлагая в ряд правые части в малой окрестности положения равновесия, получим уравнения движения в вариациях [1].

$$\ddot{\xi} + c_{xx}\xi = 0, \quad \ddot{\eta} + c_{yy}\eta = 0, \quad (3)$$

Здесь c_{xx}, c_{yy}, c_{zz} —коэффициенты устойчивости Пуанкаре, которые имеют следующий вид (все смешанные производные равны нулю):

$$\begin{aligned} c_{xx} &= -\left(\frac{\partial^2 W}{\partial x^2}\right)_* = -1 - \frac{q_1(1-\mu)}{|x^*-x_1|^3} - \frac{q_2\mu}{|x^*-x_2|^3}, \\ c_{yy} &= -\left(\frac{\partial^2 W}{\partial y^2}\right)_* = -1 + \frac{q_1(1-\mu)}{|x^*-x_1|^3} + \frac{q_2\mu}{|x^*-x_2|^3}, \\ c_{zz} &= -\left(\frac{\partial^2 W}{\partial z^2}\right)_* = \frac{q_1(1-\mu)}{|x^*-x_1|^3} + \frac{q_2\mu}{|x^*-x_2|^3}, \end{aligned} \quad (4)$$

где

$$W = \frac{1}{2} \left(x^{*2} + y^{*2} \right) + \frac{q_1 (1-\mu)}{r_1} + \frac{q_2 \mu}{r_2}$$

$$r_1 = |x^* - x_1|, \quad r_2 = |x^* - x_2|, \quad x_1 = -\mu, \quad x_2 = 1 - \mu,$$

индекс «*» означает, что производные для КТЛ должны быть вычислены при $y=z=0$ и значениях x^* , q_1 и q_2 , удовлетворяющих условию равновесия

$$f(x) \equiv x - \frac{q_1 (1-\mu)(x+\mu)}{|x+\mu|^3} - \frac{q_2 \mu(x+\mu-1)}{|x+\mu-1|^3} = 0. \quad (5)$$

Как видим, в систему (3) уравнений в качестве переменных входят не координаты точек, а их вариации от своих заданных значений, отвечающих положениям равновесия частиц. Корни характеристического уравнения системы запишем в виде

$$\lambda_{1,2}^2 = \frac{1}{2} \left[- (c_{\varphi\varphi} + c_{\eta\eta} + 4) \pm \sqrt{(c_{xx} + c_{yy} + 4)^2 - 4c_{xx}c_{yy}} \right], \quad (6)$$

$$\lambda_3^2 = -c_{zz}.$$

Для устойчивости КТЛ, определяемых уравнением (5), необходимо, чтобы корни характеристического уравнения (6) будут чисто мнимыми. По виду характеристического уравнения нетрудно показать, что условия устойчивости системы сводится к выполнению нижеследующих неравенств:

$$\sqrt{-c_{xx}} + \sqrt{-c_{yy}} \leq 2, \quad (7)$$

$$c_{xx} \leq 0, c_{yy} \leq 0, c_{zz} \geq 0.$$

Проведя элементарный анализ полученных неравенств (7), получим необходимые и достаточные условия устойчивости для линеаризованной системы (3). Оказалось, что устойчивыми могут быть только внутренние КТЛ, если будут удовлетворены неравенства

$$\left[\frac{8}{9} + \frac{x^*}{9(1-\mu)} \right] \cdot |x^* + \mu|^3 \leq q_1 \leq |x^* + \mu|^3, \quad (8)$$

$$\left(\frac{8}{9} + \frac{x^*}{9\mu} \right) \cdot |x^* - 1 + \mu|^3 \leq q_2 \leq |x^* - 1 + \mu|^3.$$

Заметить, что при равных массах основных тел устойчивыми могут быть частицы лишь с положительными коэффициентами редукции q_1 и q_2 . Для полного анализа системы неравенств (8) были использованы результаты вычислительного эксперимента, которые позволили определить области устойчивых образований КТЛ для произвольных значений массового параметра и коэффициентов редукции. Полученные результаты представлены в виде геометрических интерпретаций, показывающих области устойчивых скоплений микрометеоритных частиц и частиц газопылевых образований, а также малых космических объектов, обладающих высокой парусностью. Разработанный программный продукт позволит построить области устойчивости КТЛ, в окрестности которых могут образоваться бесчисленное множество частиц произвольных размеров, обладающих ненулевой парусностью, зависящей от соотношения площади поперечного сечения тела (частицы) и его массы.

Для двух ближайших к солнечной системе двойных звезд Альфа Центавра и 70 Змееносца в плоскости коэффициентов редукции построены области устойчивых скоплений частиц в окрестности КТЛ, которые друг от друга отличаются незначительно (рис. 1,2). Области устойчивых образований частиц газопылевых облаков заметно отличаются для систем Солнце-Юпитер и Солнце-Земля (рис. 3,4). Как видно из приведенных рисунков, с уменьшением массового параметра одного из компонентов двойной звезды (или массы планеты) область устойчивости расширяется вблизи большей массы.




Рис.1. Область устойчивости КТЛ в поле

двойной звезды Альфа Центавра ($\mu=0,453$)




Рис. 2. Область устойчивости КТЛ в поле
двойной звезды 70 Змееносца ($\mu=0,422$).




Рис. 3. Область устойчивости КТЛ для
системы Солнце-Юпитер ($\mu=0,0009538754$)




Рис. 4 . Область устойчивости КТЛ для
системы Солнце-Земля ($\mu=0,0000030359$)

2. Нелинейный анализ устойчивых скоплений частиц газопылевых облаков в поле двойных звездных систем

Как показано многими авторами, ТТЛ в фотогравитационной ограниченной задаче трех, как и в классической задаче, могут быть устойчивы [4,5]. Однако все эти исследования были посвящены частному случаю рассматриваемой задачи, когда излучает лишь одно из основных тел.

Устойчивость этих точек в предположении, что излучают обе массы, впервые рассматривается в работе [5,6].

В ранее проведенных исследованиях область устойчивости ТТЛ построена в плоскости параметров системы для некоторых частных значений массы μ , что невозможно сделать утвердительных выводов относительно эволюции области устойчивости при произвольном изменении параметров системы.

Для решения задачи об устойчивости найденного выше семейства положений относительного равновесия (треугольных точек либрации) введем возмущения

$$\xi = x - x^*, \eta = y - y^*, \zeta = z - z^*, z^* = 0$$

(x^*, y^*, z^* - координаты треугольных точек либрации), которые подставим в уравнения (1) невозмущенного движения. Разлагая правые части в ряды по ξ, η, ζ , получим следующие уравнения в вариациях:

$$\begin{aligned} \ddot{\xi} + 2\eta\dot{\xi} + c_{xx}\xi + c_{xy}\eta &= 0, \\ \ddot{\eta} + 2\xi\dot{\eta} + c_{xy}\xi + c_{yy}\eta &= 0, \\ \ddot{\zeta} + c_{zz}\zeta &= 0. \end{aligned} \quad (9)$$

Здесь коэффициенты устойчивости (вычисленные при $x^* \neq 0, y^* \neq 0, z^* \neq 0$) равны

$$c_{yy} = -\left(\frac{\partial^2 W}{\partial y^2}\right) = -1 + \frac{q_1(1-\mu)[r_1^2 - 3y^{*2}]}{r_1^5} + \frac{q_2\mu[r_2^2 - 3y^{*2}]}{r_2^5} \quad (10)$$

$$c_{zz} = -\left(\frac{\partial^2 W}{\partial z^2}\right) = -1 + \frac{q_1(1-\mu)}{r_1^3} + \frac{q_2\mu}{r_2^3},$$

где $r_1 = \sqrt{(x^* - x_1)^2 + y^{*2}}$, $r_2 = \sqrt{(x^* - x)^2 + y^{*2}}$,

Исключая в (10) q_1 и q_2 , получим новые выражения для коэффициентов устойчивости, не содержащие q_1 и q_2 :

$$\begin{aligned} c_{xx} &= -3(1-\mu)\left(\frac{x^* - x_1}{r_1}\right)^2 - 3\mu\left(\frac{x^* - x_1}{r_1}\right)^2 - 3\mu\left(\frac{x^* - x_2}{r_2}\right)^2, \\ c_{yy} &= -3(1-\mu)\left(\frac{y^*}{r_1}\right)^2 - 3\mu\left(\frac{y^*}{r_2}\right)^2, \quad c_{zz} = 1. \end{aligned} \quad (11)$$

Характеристическое уравнение системы первого приближения (9) распадается на два уравнения: одно квадратное, соответствующее пространственной переменной z , а другое биквадратное соответствующее переменным x, y .

Как видно, вопрос об устойчивости решается рассмотрением только первых двух уравнений системы (9). Составляя для них характеристическое уравнение, будем иметь:

$$\lambda^4 + (4 + c_{xx} + c_{yy})\lambda^2 + c_{xx}c_{yy} - c_{xy}^2 = 0. \quad (12)$$

Требуя чтобы корень полученного уравнения (12) относительно λ^2 не имели положительных вещественных частей, придем к необходимости следующих неравенств:

$$0 \leq c_{xx}c_{yy} - c_{xy}^2 \leq \frac{1}{4}. \quad (13)$$

Подставляя в полученные неравенства выражения для коэффициентов из (11), найдем необходимые условия устойчивости треугольных точек либрации в виде

$$\begin{aligned} 0 \leq 9y^{*2} \left\{ \left[\frac{(1-\mu)(x^* - x_1)^2}{R_1^2} + \frac{\mu(x^* - x_2)^2}{R_2^2} \right] \left(\frac{1-\mu}{R_1^2} + \frac{\mu}{R_2^2} \right) - \right. \\ \left. - \left[\frac{(1-\mu)(x^* - x_1)}{R_1^2} + \frac{\mu(x^* - x_2)}{R_2^2} \right]^2 \right\} \leq \frac{1}{4}. \end{aligned} \quad (14)$$

Как видно из (14), полученные условия из-за громоздкости не позволяют сделать общих выводов об устойчивости рассматриваемых точек либрации. Однако переход к полярным координатам позволяет вскрыть весьма простой геометрический смысл этих неравенств.

Введем углы ψ_1 и ψ_2 , образуемые радиусами-векторами $\vec{r}_1$ и $\vec{r}_2$ с осью Ox так, что

$$\begin{aligned}\sin \psi_1 &= \frac{y^*}{r_1}, & \cos \psi_1 &= \frac{x^* - x_1}{r_1} \\ \sin \psi_2 &= \frac{y^*}{r_2}, & \cos \psi_2 &= -\frac{x^* - x_2}{r_2}\end{aligned}$$

Очевидно, имеем $0 < \psi_\alpha \leq \frac{\pi}{2}$ ($\alpha = 1, 2$). Тогда неравенства (14) можно представить в виде

$$0 \leq 9\mu(1-\mu)\sin(\psi_1 + \psi_2) \leq \frac{1}{4}. \quad (15)$$

Также как и для коллинеарных точек либрации, в рассматриваемой нами плоской модельной задаче для треугольных точек либрации возможными оказались резонансы 3-го и 4-го порядков

$$\omega_1 = 2\omega_2, \omega_1 = 3\omega_2. \quad (16)$$

Используя алгоритм, подобный алгоритму построения резонансного множества КТЛ, в плоскости параметров (коэффициентов редукции) можно получить выражения

$$\mu_1 = \frac{1}{2} \left[1 - \frac{\sqrt{\frac{255Q_{12}}{4Q_1^{2/3} \cdot Q_2^{2/3}} - 16}}{\frac{\sqrt{Q_{12}}}{\sqrt[23]{Q_1} \cdot \sqrt[3]{Q_2}}} \right], \quad \mu_2 = \frac{1}{2} \left[1 - \frac{\sqrt{\frac{25Q_{12}}{4Q_1^{2/3} \cdot Q_2^{2/3}} - 1}}{\frac{5}{2} \frac{\sqrt{Q_{12}}}{\sqrt[3]{Q_1} \cdot \sqrt[3]{Q_2}}} \right], \quad (17)$$

определяющие резонансные множества 3-го и 4-го порядков для ТТЛ, отвечающие соответствующим значениям массового параметра μ .

Как известно из теории Колмогорова-Арнольда-Мозера [7,8], посвященной исследованию гамильтоновой динамической системы, устойчивая в линейном приближении система будет и устойчивой по Ляпунову за исключением множества точек, отвечающих внутреннему резонансу 3-го и 4-го порядков, в которых может быть нарушена устойчивость. Ниже приводятся области устойчивости в конфигурационном пространстве при различных значениях массового параметра основных излучающих тел (рис. 5-10). Как нетрудно заметить, область устойчивости эволюционирует при значительном изменении значений массового параметра компонентов двойной звезды: с уменьшением массы одного из компонентов звездной пары (двух основных излучающих тел) область устойчивости несколько раз увеличивается. А это в свою очередь означает, что в орбитальной плоскости область устойчивых скоплений частиц газопылевых

облаков или малых космических объектов с ненулевой парусностью с увеличением разницы масс между компонентами основных излучающих тел заметно расширяется. *Использование компьютерного математического моделирования и проведение вычислительного эксперимента для исследования динамики частиц космических газопылевых образований позволили в устойчивости в первом приближении указать множества точек при внутреннем резонансе 3-го и 4-го порядков.*




Рис. 5. Область устойчивости частиц газопылевых облаков в орбитальной плоскости при $\mu = 0,5$.

1 - область устойчивости в линейном приближении




Рис.6. Область устойчивости частиц газопылевых облаков в орбитальной плоскости при $\mu = 0,03$.

1-область устойчивости в линейном приближении

2 – резонансное множество точек 3-го порядка




Рис. 7. Область устойчивости частиц газопылевых облаков в орбитальной плоскости при $\mu = 0,3$.
1 – область устойчивости в линейном приближении.
2 – резонансное множество точек 3-го порядка




Рис. 8. Область устойчивости частиц газопылевых облаков в орбитальной плоскости при $\mu = 0,05$.
1- область устойчивости в линейном приближении;
2 – резонансное множество точек 3-го порядка.




Рис. 9. Область устойчивости частиц газопылевых облаков в орбитальной плоскости при $\mu = 0,3$.
1 – область устойчивости в линейном приближении
2 – резонансное множество точек 4-го порядка




Рис. 10. Область устойчивости частиц газопылевых облаков в орбитальной плоскости при $\mu = 0,05$.
1- область устойчивости в линейном приближении
2 - резонансное множество точек 4-го порядка

Таким образом, компьютерное математическое моделирование рассматриваемой задачи дает возможность визуализации расчетов и графическое представление полученных результатов численного анализа вычислительного эксперимента. В указанных областях устойчивости (рис. 4-10) частицы газопылевых образований будут оставаться устойчивыми по Ляпунову за исключением указанных в них кривых, отвечающих внутреннему резонансу 3-го и 4-го порядков, на которых может быть нарушена устойчивость.

ЛИТЕРАТУРА

1. Куницын.А.Л., Турешбаев.А.Т. Устойчивость треугольных точек либрации фотогравитационной задачи трех тел. // Письма в Астрон.журн., 1985. Т.11. №2. С.145-148.
2. Турешбаев А.Т.Об устойчивости компланарных точек либрации фотогравитационной задачи трех тел // Письма в Астрон. журн. 1986. Т.12. №9. С.722-725.
3. Лукьянов Л.Г. О семействе точек либрации в ограниченной фотогравитационной задаче трех тел // Астрон. журн. 1988. Т.65. №2. С.422-432.
4. Kunitsin A.L., Tureshbaev A.T. On the collinear libzation points in the photo-gravitational three-body problem //Celest. Mech.,1985. V.35, P.105-112.
5. Пережогин А.А., Турешбаев А.Т. Об устойчивости треугольных точек либрации в фотогравитационной задаче трёх тел // Астрон. журн. 1989, Т.66. С.859-865.
6. Арнольд В.И. Математические методы классической механики. М.: Наука, 1974. 432 С.
7. Маркеев А.П. Точки либрации в небесной механике и космодинамике. М.: Наука. 1978. 312 С.

УДК 81.93.29

ТЕЛЕКОММУНИКАЦИЯЛЫҚ ЖЕЛІЛЕРДЕГІ ДЕРЕКТЕРДІ ҚОРҒАУДЫҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ӘДІСТЕРІ: ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ НЕГІЗІНДЕ КИБЕР ШАБУЫЛДАРДЫҢ АЛДЫН АЛУ МҮМКІНДІКТЕРІ

Насырадин Б.Қ., Мырзамуратова А.А.

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, Қызылорда қаласы

Кілт сөздер: телекоммуникациялық желілер, деректерді қорғау, жасанды интеллект, кибер шабуылдар, машиналық оқыту, кибер қауіпсіздік, шабуылдарды анықтау және алдын алу.

Аңдатпа

Телекоммуникациялық желілер фишингке, зиянды бағдарламаларға және Zero-day сияқты күрделі кибершабуылдарға және дәстүрлі қорғаныс әдістерімен әрдайым бақыланбайтын басқа шабуылдарға ұшырайды. Мақалада деректерді қорғаудың заманауи әдістері және кибершабуылдардың алдын алудағы жасанды интеллекттің рөлі қарастырылады. Жасанды интеллект Машиналық оқыту және деректерді өңдеу арқылы қауіптерді автоматты түрде болжау және анықтау үшін тиімді шешімдерді ұсынады.

Аннотация

Телекоммуникационные сети подвержены фишингу, вредоносным программам и сложным кибератакам, таким как Zero-day и другим атакам, которые не всегда контролируются традиционными методами защиты. В статье рассматриваются современные методы защиты данных и роль искусственного интеллекта в предотвращении кибератак. Искусственный интеллект предлагает эффективные решения для автоматического прогнозирования и обнаружения угроз с помощью машинного обучения и обработки данных.

Annotation

Telecommunications networks are susceptible to phishing, malware, and sophisticated cyber attacks such as Zero-day and other attacks that are not always controlled by traditional security methods. The article discusses modern methods of data protection and the role of artificial intelligence in preventing cyber attacks. Artificial intelligence offers effective solutions for automatic threat prediction and detection using machine learning and data processing.

Телекоммуникациялық желілер қазіргі таңда деректерді тасымалдаудың негізгі құралы болып табылады. Осы желілердің қауіпсіздігі ұйымдар мен жеке тұлғалар үшін ерекше маңызға ие. Соңғы жылдары кибер шабуылдар мен зиянды бағдарламалардың күрделенуі деректердің қауіпсіздігіне төнген

кәтерлерді арттыруда. Әсіресе, шифрлау, фишинг, зиянды бағдарламалар және Zero-day шабуылдары телекоммуникациялық жүйелерді қорғауды қиындатады. Телекоммуникациялық желілердегі деректерді қорғаудың дәстүрлі әдістері осы күрделі қауіптерге әрдайым тиімді шешім бере алмайды. Осы тұрғыда жасанды интеллект қазіргі заманғы кибер қауіпсіздік үшін өте маңызды құрал болып табылады. Оның басты ерекшелігі – ол үлкен деректерді талдай отырып, жаңа шабуылдарды болжауға және олардың алдын алуға мүмкіндік береді. Жасанды интеллект жүйелері дәстүрлі қорғау құралдарымен салыстырғанда, шабуылдарды әлдеқайда ерте кезеңде анықтап, тиісті шараларды қабылдай алады.

Жасанды интеллект негізіндегі шешімдер келесі негізгі бағыттарда қолданылуда:

Шабуылдарды анықтау және алдын алу. ЖИ жүйелері телекоммуникациялық желілерде қалыптан тыс әрекеттерді (мысалы, күдікті трафик немесе фишинг) анықтау үшін машиналық оқыту алгоритмдерін қолданады. Бұл әдіс шабуылдарды тексерудің дәстүрлі әдістеріне қарағанда жылдам және тиімді [1].

Фишинг шабуылдарын анықтау, алдын ала болжау. Жасанды интеллект алгоритмдерін фишинг электрондық хаттарды немесе жалған веб-сайттарды анықтауға қолдануға болады. Мысалы, электрондық пошталардағы күмәнді белгілерді анықтау мақсатында Жасанды интеллект электрондық пошталардағы күмәнді сөйлемдер, домендер немесе басқа белгілерді тауып, оларды фишинг ретінде белгілейді. Бұл ақпараттарға жүйе жан-жақты талдау жасап, мүмкін болатын шабуылдарды алдын ала болжайды. Сонымен қатар, жасанды интеллект веб-сайттарды талдай отырып, фишингке тән ерекшеліктерді анықтай алады, мысалы, SSL сертификатының болмауы, домен атауының дұрыс емес жазылуы, табиғи тілдерді өңдеу (NLP) арқылы хабарламалардағы алаяқтық белгілерін анықтау және т.б.

Желі трафигін бақылау. Жасанды интеллект телекоммуникациялық желілерде трафикті талдап, күдікті әрекеттерді уақытында анықтауға мүмкіндік береді. Бұл әдіс бұрынғы қолмен немесе ереже негізінде жасалған шешімдерге қарағанда әлдеқайда жылдам әрекет етеді.

Кибер-шабуылдарды алдын ала болжау. Жасанды интеллект, әсіресе машиналық оқыту алгоритмдерін қолдана отырып, желіде болып жатқан әртүрлі аномалияларды бақылап, белгілі бір шабуыл түрлерінің орын алу мүмкіндігін алдын ала болжауға мүмкіндік береді. Мысалы, нормадан тыс трафикті анықтау. Бұл әдісте машиналық оқыту алгоритмдері, мысалы, нейрондық желілер, желідегі трафикті талдай отырып, қалыпты трафиктен ауытқуларды анықтайды. Егер трафиктің көлемі немесе бағытында кенеттен өзгерістер болса, бұл DoS немесе DDoS шабуылдары туралы белгі бере алады. Жасанды интеллект мүмкіндіктерімен желі портын сканерлеу арқылы да шабуылдарды болдырмау қадамдарын жүзеге асыруға болады. Бұл әрекет

әдетте хакерлердің желіде осал жерлерді іздейтін алғашқы қадамы болып табылады[2].

Зиянды бағдарламаларды алдын ала болжау. Жасанды интеллект зиянды бағдарламаларды (мысалы, вирус, троян, бағдарламалық шпион) алдын ала анықтау үшін де қолданылады. Мысалы, жүйеде болатын әртүрлі бағдарламалардың әрекеттерін талдай отырып, оларды қалыпты емес немесе күдікті ретінде тану. Бұл алгоритмдер жаңа немесе бұрын байқалмаған зиянды кодтарды алдын ала болжауға көмектеседі. Жасанды интеллекттің желідегі зиянды әрекеттерді анықтауының тағы бір мысалы ретінде қалыпты емес файлдардың ерекшеліктерін іздеп, айқындауын айтуға болады. Жасанды интеллект файлдардың мазмұны мен құрылымын талдап, зиянды бағдарлама болуы мүмкін күмәнді файлдарды анықтайды.

Құпиясөздер мен аутентификация жүйелерін бұзу әрекеттерін болжау. Жасанды интеллект жүйелері құпиясөздерді алдын ала болжау және аутентификация деректерін бұзу әрекеттерін анықтауға да қолданыла алады. Мысалы, Brute force шабуылдарын анықтау. Егер жасанды интеллект жүйесі көптеген сәтсіз аутентификация әрекеттерін байқаса, ол автоматты түрде brute force шабуылын болжайды. Сондай-ақ жасанды интеллект жүйелері құпиясөздердің қауіпсіздігін талдай отырып, олардың қаншалықты осал екенін болжай алады.

Жасанды интеллект көмегімен Zero-day шабуылдарының алдын алу да практикада қолданылып жүрген әдістердің бірі болып саналады. Zero-day шабуылдары әлі анықталмаған немесе патчталмаған осалдықтарды пайдаланатын шабуылдар болып табылады. Жасанды интеллект бұл шабуылдарды болжауда жүйедегі барлық осалдықтарды жылдам талдайды және жаңа шабуыл түрлерін табуға көмектеседі.

Жасанды интеллекттің ең қуатты құралдары – бұл машиналық оқыту және терең оқыту әдістері. Олар деректерді өңдеу және талдау бойынша өте үлкен мүмкіндіктер ұсынады.

Машиналық оқыту алгоритмдері телекоммуникациялық желілердегі күдікті әрекеттерді анықтауға мүмкіндік береді. Машиналық оқыту негізіндегі жүйелер үлгілерді үйрену арқылы жаңа шабуылдарды немесе аномалияларды тануға қабілетті. Машиналық оқыту технологиялары көптеген деректер жиынтығынан жаңа шабуылдарды танудың әдістерін қалыптастырады [1].

Нейрондық желілерді пайдалану. Терең оқыту жүйелері деректерді көп қабатты нейрондық желілер арқылы талдайды. Бұл әдіс дәстүрлі машиналық оқыту әдістерінен әлдеқайда күрделі және көп көлемде деректерді талдауда тиімді. Желілік қауіпсіздік үшін қолданылатын нейрондық желілер шабуылдарды болжау мен алдын алу үшін өте тиімді. Нейрондық желілерді зиянды трафик пен қалыпты трафик арасындағы айырмашылықты анықтау үшін оқытуға болады. Олардың көмегімен жүйе өздігінен жаңа шабуыл

түрлерін анықтай алады. Терең оқыту әдісі негізінде шабуылдардың сипаттамаларын анықтайтын модельдер құрылып, олар уақыт өте келе өзін-өзі жетілдіреді [3].

Жасанды интеллект желі қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін әртүрлі алгоритмдер мен әдістерді пайдаланады. Мысалы, машиналық оқытудың қадағаланатын, қадағаланбайтын, аномалияларды анықтау әдістері, терең оқыту әдістері шабуылдардың алдын ала болжау мүмкіндіктерін береді. Машиналық оқыту шабуылдарды болжау үшін үлкен көлемдегі желілік трафикті, шабуыл әрекеттерін және басқа да қауіпсіздікке қатысты деректерді талдайды. Қадағаланатын оқыту әдісінде жүйе белгілі бір шабуыл түрлерін тану үшін алдын ала белгіленген деректермен оқытылады. Бұл әдісте қолданылатын алгоритмдер желі қауіпсіздігін қамтамасыз етуде жиі қолданылуда, мысалы, логистикалық регрессия фишинг шабуылдарын немесе спам-хаттарды анықтауда, шешім ағаштары – желідегі күмәнді әрекеттерді жіктеуде, кездейсоқ орман желілік шабуылдарды (мысалы, DDoS) анықтауда қолданылса, экстемалды градиенттік бустинг (XGBoost, LightGBM) – күрделі қауіптерді талдап, тиімді болжам жасауға көмектеседі[4].

Қадағаланбайтын оқыту әдісі белгісіз шабуыл түрлерін (мысалы, Zero-day шабуылдары) анықтау мақсатында деректерді топтастыру арқылы қалыптан тыс әрекеттерді анықтау, желідегі қалыпты және аномалды трафикті бөліп, күдікті әрекеттерді анықтау, аномалиялар мен атиптік шабуылдарды болжау алгоритмдерін қолданады. Аномалияларды анықтау әдістері қалыпты желілік әрекеттерден ауытқуларды табуға көмектеседі, олар белгілі бір заңдылықтан тыс әрекеттерді табуда, қалыпты әрекеттерді оқып, кез келген ерекше оқиғаларды анықтауда, шабуылдар кезінде желідегі аномалияларды анықтада қолданылады.

Терең оқыту әдістері желілік қауіпсіздікке қатысты күрделі шаблондар мен белгілерді анықтауда пайдаланылады. Қайталанатын нейрондық желілер желілік трафиктің уақыттық заңдылықтарын зерттеп, ботнет, DDoS, және көпсатылы шабуылдарды анықтауда қолданылады. Конволюциялық нейрондық желілері желідегі шабуыл әрекеттерін кескіндер ретінде қарастырып, оларды талдауда кеінен қолданылады. Генеративті бәсекелес желілер белгілі бір шабуыл түрлерін болжау үшін деректердің синтетикалық үлгілерін жасап, жаңа шабуыл түрлерін алдын ала анықтауға көмектеседі. Күшейтілген оқыту әдісінде жүйе өз ортасын зерттеп, шабуылдарды болжау мен олардан қорғану стратегияларын дамытады. Олар қауіпсіздік жүйелерінде кибершабуылдарға қарсы реакцияны автоматтандырады, көп агенттік жүйелерді қолдана отырып, шабуылдарды алдын ала анықтайды[5].

Телекоммуникациялық желілерде деректерді қорғау үшін қолданылатын жаңа әдістердің бірі – бұл интеграцияланған жүйелер мен автоматтандырылған жауап шараларын пайдалану. Желі қауіпсіздігі

мәселесінде бір ғана қауіпсіздік механизмін немесе қауіпсіздік құралын қолдану қауіпсіздікті толыққанды қамтамасыз ете алмайды. Сондықтан әртүрлі қорғаныс механизмдерін бірге қолдану, қауіпсіздік әдістері мен алгоритмдерінің интеграциясы деректердің қауіпсіздігін жаңа деңгейге көтереді.

Жасанды интеллектті қолдану арқылы телекоммуникациялық желілердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін түрлі жүйелер біріктіріледі. Мысалы, ақпаратты шифрлау мен машиналық оқыту негізіндегі шабуылдарды анықтау жүйелері бір-бірімен үйлесімді жұмыс істей алады [2].

Жасанды интеллект пен блокчейн технологияларының бірігуі деректердің қауіпсіздігін күшейтуге көмектеседі, олар қауіпсіздік саласында бірін-бірі толықтыратын технологиялар болып саналады. Жасанды интеллект шабуылдарды алдын ала болжайды, күдікті әрекеттерді анықтайды, ал блокчейн – деректердің өзгермейтіндігін және сенімділігін қамтамасыз етеді, шабуылға төзімді инфрақұрылым ұсынады. Блокчейнде барлық транзакциялар үлестірілген жүйеде сақталады, бұл хакерлер үшін шабуыл жасау мүмкіндігін азайтады.

Жасанды интеллекттің телекоммуникациялық желілердегі деректерді қорғаудағы орны өте маңызды. Жасанды интеллект жүйелері деректердің қауіпсіздігін қамтамасыз етуде жаңа әдістер мен мүмкіндіктер ұсынады. Жасанды интеллект негізіндегі жүйелер кибер шабуылдарды автоматты түрде анықтап, жауап шараларын қабылдайды. Мысалы, күдікті әрекеттерді анықтау кезінде жүйе автоматты түрде шабуыл жасаушының трафигін бұғаттай алады. Сонымен қатар, олар кибер шабуылдардың алдын алу, шабуылдарды анықтау және жауап беру процестерін автоматтандыру арқылы телекоммуникациялық желілердің қауіпсіздігін жақсартуға көмектеседі.

Жасанды интеллекттің болашақтағы мүмкіндіктері өте зор. Ол тек кибер қауіптерді анықтап қана қоймай, телекоммуникациялық желілердің инфрақұрылымдарын одан әрі жетілдіру үшін де қолданылуы мүмкін.

Желі қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін, әсіресе шабуылдардың алдын алу, болжау жасауда жасанды интеллект қолдану маңызды және тиімді әдіс болып табылады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Козлов И.Н. "Информационная безопасность в эпоху цифровизации" // М.: Альпина Паблишер, 2022.
2. Microsoft. "AI-driven security systems and their role in preventing cyber attacks" // <https://www.microsoft.com/security>
3. Романов В.А. "Современные методы защиты данных в телекоммуникационных системах" // СПб.: БХВ-Петербург, 2023.
4. Мартынов А.Ю. "Машинное обучение в области кибербезопасности" // М.: Издательство МГУ, 2021.

5. Xin, Yang, et al. "Machine learning and deep learning methods for cybersecurity." *IEEE Access*, 6: 35365-35381.

ӘОЖ 004.6

БҰЛТТЫ ЕСЕПТЕУЛЕРДЕ ДЕРЕКТЕРДІ ҚОРҒАУ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ

Кабдолдина Н.О., Берікұлы С.

*Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, т.т.м. оқытушы
Қызылорда қаласы*

*Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, «Ақпараттық қауіпсіздік
жүйелері» мамандығының 3курс студенті
Қызылорда қаласы*

Түйінді сөздер: Шифрлау (Encryption), Мәліметтердің тұтастығы (Data Integrity), Аутентификация (Authentication), Кіруді басқару (Access Control), Құпиялылық (Privacy), Фаерволдар (Firewalls), Антивирус және зиянды бағдарламалардан қорғау (Antivirus & Malware Protection), VPN (Virtual Private Network), Көп факторлы аутентификация (Multi-Factor Authentication, MFA), Бұлттық қауіпсіздік протоколдары (Cloud Security Protocols), Байқау және аномалияларды анықтау (Monitoring & Anomaly Detection), DDoS шабуылдарынан қорғау (DDoS Protection), Zero Trust архитектурасы (Zero Trust Architecture), Журналдау және оқиғаларды талдау (Logging & Event Analysis)

Аңдатпа: Бұлтты есептеулер пайдаланушыларға икемділік, ауқымдылық және ресурстарға қолжетімділікті қамтамасыз ете отырып, қазіргі заманғы ІТ инфрақұрылымының ажырамас бөлігіне айналды. Алайда бұлтты қызметтерді пайдалану аясында деректерді қорғау мәселесі туындайды, себебі бұлтта сақталатын деректер әртүрлі қауіптерге ұшырауы мүмкін. Бұл мақалада бұлтты есептеулерде деректерді қорғаудың әртүрлі технологиялары, оның ішінде шифрлау, қолжетімділікті басқару, аутентификация, деректерді жоғалудан қорғау және қауіпсіздік мониторингі талқыланады. Сондай-ақ, қазіргі кездегі қиындықтар мен осы саладағы даму перспективасына назар аударылады.

Аннотация: Облачные вычисления стали неотъемлемой частью современной ИТ-инфраструктуры, предоставляя пользователям гибкость, масштабируемость и доступ к ресурсам. Однако использование облачных сервисов поднимает вопрос защиты данных, поскольку данные, хранящиеся в

облаке, могут подвергаться различным угрозам. В этой статье рассматриваются различные технологии защиты данных в облачных вычислениях, включая шифрование, контроль доступа, аутентификацию, защиту от потери данных и мониторинг безопасности. Также будет уделено внимание текущим проблемам и перспективам развития в этой области.

Abstract: Cloud computing has become an integral part of modern IT infrastructure, providing users with flexibility, scalability, and access to resources. However, the use of cloud services raises the issue of data protection, as data stored in the cloud may be exposed to various threats. This article examines various data protection technologies in cloud computing, including encryption, access control, authentication, data loss prevention, and security monitoring. It will also focus on current issues and development prospects in this area.

Бұлтты есептеулер (Cloud Computing) – деректерді қашықтағы серверлерде сақтау және өңдеу технологиясы. Бұлтты есептеулер — пайдаланушыға есептеу ресурстарына (серверлер, деректер қоймалары және қосымшалар) интернет арқылы қол жеткізуді қамтамасыз ететін технологиялар жиынтығы. Бұлтты технологиялар ІТ-инфрақұрылымды оңтайландырып, компанияларға шығындарды азайтуға және өнімділікті арттыруға мүмкіндік береді. Алайда, деректердің үшінші тарап серверлерінде сақталуы қауіпсіздік мәселелерін тудырады. Ұйымдар бұлтты технологияларды инфрақұрылымға арналған шығындарды үнемдеу, жоғары ауқымдылық және қызметтердің қолжетімділігі сияқты артықшылықтарына байланысты жиі қолдана бастады.

Алайда бұлтты қызметтерді пайдалану деректердің қауіпсіздігімен байланысты көптеген қауіптерді туындатады. Деректер бұлтта сақталатындықтан, олар хакерлік шабуылдар, ақпараттың ағып кетуі немесе жоғалуы сияқты қауіптерге ұшырауы мүмкін, бұл оларды қорғаудың кешенді шешімдерін енгізуді талап етеді.

Бұлтты технологияларды пайдалану кезінде ұйымдар келесі қауіптерге тап болуы мүмкін:

- Деректердің ағып кетуі: Тіпті сенімді қорғау шаралары болса да, кейде деректердің ағып кету қаупі сақталады, мысалы, аккаунтты бұзу немесе қауіпсіздік саясаттарының дұрыс болмауы нәтижесінде.
- Деректердің жоғалуы: Серверлердің немесе шабуылдардың ақаулары нәтижесінде деректердің жоғалуы мүмкін.
- Ресурстарды бірлесіп пайдалану: Бұлтты провайдерлер көбінесе виртуализацияланған ресурстарды пайдаланады және бір ұйымның деректері басқа клиенттер үшін кездейсоқ қолжетімді болуы мүмкін.
- Инфрақұрылымға шабуылдар: Бұлтты инфрақұрылымға шабуылдар да деректердің қауіпсіздігіне қауіп төндіреді.



1 сурет. Бұлтты есептеулердің қауіпсіздік схемасын көрсететін диаграмма

Деректерді қорғаудың негізгі технологияларының бірі — шифрлау. Бұл әдіс деректер ұрланған жағдайда оларды ашудың мүмкін еместігін қамтамасыз етеді. Деректерді тыныштық күйінде шифрлау (Data-at-rest encryption): әдісінде деректерді қатты дисктерде немесе бұлтты қоймаларда сақтағанда қорғауды қамтамасыз етеді. Деректерді тасымалдау кезінде шифрлауда (Data-in-transit encryption) бұл деректерді пайдаланушы мен бұлтты сервер арасында тасымалдау кезінде қорғауды қамтамасыз етеді. Әдетте бұл үшін TLS (Transport Layer Security) протоколы қолданылады. Гибридті шифрлауда симметриялық және асимметриялық шифрлауды біріктіру арқылы жылдамдық пен қауіпсіздікті теңестіруге мүмкіндік береді. Клиент жағында шифрлау жағдайында деректер бұлтқа жіберілмей тұрып, пайдаланушының өзінде шифрланады, бұл бұлтты провайдерлердің кілттерге қолжетімділігі жоқ болғандықтан, деректердің құпиялығын арттырады.

Қолжетімділікті дұрыс басқару және басқару бұлттағы деректердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін өте маңызды болып табылады. Бұлтты жүйелерде деректер мен ресурстар көптеген пайдаланушылар мен құрылғылар тарапынан қолжетімді болуы мүмкін, сондықтан олардың дұрыс басқарылуы қажет. Қолжетімділікті басқару пайдаланушылар мен жүйелерге белгілі бір ресурстарға кіруге немесе оларды пайдалануға рұқсат беру механизмін ұйымдастыруды білдіреді.

Ең алдымен, бұлтта деректердің қауіпсіздігі пайдаланушылардың жеке ақпараттарына және конфиденциалды мәліметтерге қол жеткізу мүмкіндігін шектеу арқылы қамтамасыз етіледі. Әрбір пайдаланушы немесе жүйе тек

өзіне қажетті деректерді ғана көріп, пайдалана алады, ал қажетсіз қолжетімділік шектеледі. Бұл үшін рұқсат деңгейлерін дұрыс белгілеу, аутентификация және авторизация процедураларын қатаң түрде жүзеге асыру қажет. Сонымен қатар, көпфакторлы аутентификация және рұқсат алу механизмдері (мысалы, рөлдер мен топтар арқылы) қауіпсіздікті арттырады.

Қолжетімділікті дұрыс басқару арқылы жүйелердің ішкі қауіпсіздігі мен сыртқы шабуылдарға төзімділігі де нығайтылады. Мұндай басқару деректерді ұрлау немесе бұзу мүмкіндігін азайтып, тексеру мен бақылауды жеңілдетеді. Сонымен қатар, жүйе ішінде пайдаланушылардың әрекеттері мен деректердің қозғалысы туралы толық журналдарды жүргізу арқылы қауіпсіздік ақаулары мен мүмкін қатерлерді уақытында анықтауға болады.

Бұлттағы деректердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін жауапкершілікті дұрыс бөлу де маңызды. Компаниялар мен ұйымдар деректерді сақтау, қорғау және пайдалану бойынша саясаттарды ұстанып, олардың дұрыс орындалуын бақылауы тиіс. Мұндай шаралар деректердің жоғалуынан, зақымдануынан немесе рұқсатсыз кіруден сақтайды. Әсіресе, бұлтты қызметтерді үшінші тараптарға беру жағдайында, келісімшарттық міндеттемелер мен қауіпсіздік талаптары міндетті түрде орындалуы қажет. Бұлттағы деректердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін қолжетімділікті дұрыс басқару және қатаң бақылау өте маңызды. Бұл тек ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін ғана емес, сонымен қатар заңды талаптарға сай болу үшін де қажеттілік болып табылады.

Қолжетімділікті дұрыс басқару және басқару бұлттағы деректердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін маңызды болып табылады.

- Рөлге негізделген қолжетімділікті басқару (RBAC, Role-Based Access Control): Бұл жүйеде деректер мен ресурстарға қолжетімділік пайдаланушының рөліне байланысты шектеледі. Мысалы, әкімшінің толық қолжетімділігі болса, қарапайым пайдаланушы тек шектеулі ақпаратты көре алады.

- Көп факторлы аутентификация (MFA): Бұл қауіпсіздіктің қосымша қабаты болып табылады, ол пайдаланушының жеке басын растауды бірнеше фактор арқылы талап етеді, мысалы, пароль және мобильді телефонға жіберілген бір реттік код.

- Минималды құқықтар принципі (Least Privilege): Әр пайдаланушы мен қосымшаға тек өз міндеттерін орындауға қажетті деректер мен функциялар ғана беріледі. Бұл есептік жазбаны бұзу жағдайында қауіптерді төмендетеді.

Деректерді жоғалудан қорғау (DLP) технологиясында деректерді жоғалту қаупін болдырмау және оларды жүйенің сәтсіздігі немесе шабуылдардан қорғауды қамтамасыз етуге бағытталған. Деректерді сақтандыру және қалпына келтіруде деректердің үнемі сақтандырылып, қалпына келтірілуі олардың жоғалуының алдын алады. Деректерді көшіруде

деректерді әртүрлі географиялық аймақтарда сақтап, олардың қолжетімділігі мен қорғалуы қамтамасыз етіледі.

Қауіпсіздік мониторингі және қауіптерді анықтау бұлттық инфрақұрылымның қауіпсіздігін қамтамасыз етуде маңызды рөл атқарады. Бұл процесстер арқылы ұйымдар өздерінің деректерін, жүйелерін және қызметтерін қауіп-қатерлерден қорғап, шабуылдар мен бұзушылықтарды ертерек анықтап, оларға қарсы шараларды дер кезінде қабылдай алады.

Қауіпсіздік мониторингі жүйелер мен желілерде әртүрлі әрекеттерді бақылап, барлық аномалды жағдайларды, бұзушылықтарды және ықтимал қауіптерді тіркейді. Бұл мониторинг көбінесе автоматтандырылған құралдар арқылы жүзеге асырылады, олар барлық жүйе әрекеттерін үздіксіз қадағалап, нақты уақыт режимінде деректерді жинап, анализдейді. Бұл жүйелер пайдаланушы әрекеттерін, жүйе сұрауларын, деректер тасымалдарын және басқа да маңызды қауіпсіздік көрсеткіштерін бақылайды. Қауіпсіздік мониторингінің көмегімен, әдетте, жүйедегі күдікті әрекеттер немесе шабуылға ұқсас белгілеулер анықталады.

Қауіптерді анықтау, әсіресе зиянды әрекеттер мен шабуылдарды бұрын болжау мүмкіндігіне негізделеді. Мұнда екі негізгі әдіс қолданылады: шабуылдарды бұрын болжау және шабуылдарды нақты уақытта анықтау. Шабуылдарды болжау көбінесе шабуылдардың үлгілері мен белгілі бір сипаттамалары негізінде жүйе ішіндегі қауіпті іс-әрекеттерді алдын ала анықтауға мүмкіндік береді. Нақты уақыттағы анықтау болса, жүйеге кірген шабуылдарды тез арада анықтап, оған жауап беру шараларын қабылдауға мүмкіндік береді.

Қауіптерді анықтау үшін әртүрлі құралдар мен әдістер қолданылады. Бұл процестердің ішінде жүйенің стандартты жұмысынан ауытқуларды анықтайтын алгоритмдер мен машиналық оқыту модельдері де бар. Бұл әдістер бүкіл жүйені жан-жақты бақылап, оның әрекеттеріндегі аномалияларды талдайды. Мысалы, егер бір пайдаланушы әдеттен тыс мөлшерде деректерді көшіріп алса, жүйе бұл әрекетті қауіпті деп белгілеуі мүмкін.

Қауіптерді анықтауда тағы бір маңызды аспект – жүйедегі барлық оқиғалардың логтарын жинақтау және оларды талдау. Бұл журналдар қолданушылардың әрбір әрекетін, жүйенің күйін және желідегі өзгерістерді тіркеп отырады. Талдау барысында қауіпсіздік жүйесі жиі кездесетін шабуыл түрлерін немесе аномалияларды анықтап, оларды ұқсас шабуылдармен салыстырып, қауіп-қатер деңгейін бағалайды.

Қауіптерді анықтау мен қауіпсіздік мониторингінің негізгі мақсаты – жүйедегі барлық ықтимал қауіп-қатерлерді уақытында анықтап, оларды болдырмау немесе жою үшін қажетті шараларды қабылдау. Бұл тек жүйені қорғап қана қоймай, сонымен қатар ұйымның деректерінің қауіпсіздігін арттырады, ол үшін тұрақты бақылау мен жетілдірілген қауіпсіздік шаралары

қажет.



2 сурет. Бұлттағы деректердің қауіпсіздігі

Бұлтта деректерді қорғау үшін қауіпсіздік мониторингі мен деректерді қорғау жүйелері маңызды болып табылады.

- IDS/IPS (Intrusion Detection Systems / Intrusion Prevention Systems): Бұл жүйелер шабуылдарды дер кезінде анықтап, олардың алдын алады.

- SIEM (Security Information and Event Management): Қауіпсіздік оқиғалары мен ақпараттарын жинақтау және талдау жүйесі қауіптерді анықтау үшін пайдаланылады.

- Пайдаланушылардың мінез-құлқын бақылау: Пайдаланушылардың күдік тудыратын әрекеттерін бақылап, бұл жүйені бұзу әрекеттерін анықтауға көмектеседі, мысалы, пайдаланушының деректерге қол жеткізуі әдеттен тыс болған жағдайда.

Виртуализация — бұлтты технологиялардың негізі. Виртуализацияланған ортада деректерді қорғау үшін келесі технологиялар қолданылады:

- Виртуалды машиналарды (VM) оқшаулау: Әрбір виртуалды машина бір-бірінен оқшауланған және бұл басқа клиенттерге деректерге қолжетімділік бермейді.

- Контейнеризация (мысалы, Docker): Контейнерлердегі деректердің қауіпсіздігі үшін оқшаулау және шифрлау қолданылуы мүмкін.

Бұлтты есептеулерде деректерді қорғаудың проблемалары мен қиындықтары. Бұлтты есептеулер бизнеске, жеке қолданушыларға және ұйымдарға икемділік, үнемділік және қолжетімділік ұсынғанымен, олармен бірге деректердің қауіпсіздігі мен қорғалуына қатысты бірқатар проблемалар туындайды. Бұлттық технологияларда деректер қашықтағы серверлерде сақталатындықтан, оның тұтастығы, құпиялылығы және қолжетімділігі басты мәселеге айналады.



3 сурет. Деректерді қорғау

Қазіргі таңда деректерді қорғау технологиялары жақсы дамығанымен, ұйымдарда келесідей қиындықтар бар, мысалы деректерді толық бақылаудың болмауы яғни, бұлтта деректер ұйымның серверлерінде емес, үшінші тарап провайдерлерінің серверлерінде сақталады, бұл деректердің ағып кету қаупін туғызады. Нормативтік және құқықтық мәселелерде ұйымдар деректерді қорғаудың халықаралық және ұлттық заңдарына, мысалы, GDPR немесе НІРАА сияқты ережелерге сәйкес болуы керек. Бұл бұлтты қызметтерді пайдалану кезінде қиындықтар тудыруы мүмкін. Ал бұлтты провайдерлерге қатысты қауіптерге хакерлер бұлтты провайдерлерге де шабуыл жасауы мүмкін, бұл көптеген клиенттердің деректерінің бұзылуына әкеледі.

Бұлтты есептеулерде деректерді қорғаудың болашағы жаңа технологиялар мен тәсілдердің дамуымен байланысты болады:

- Кванттық криптография: Кванттық есептеулер қазіргі шифрлау әдістерін бұзуы мүмкін, бірақ олар жаңа ультра қауіпсіз шифрлау жүйелерін құруға мүмкіндік береді.
- Жасанды интеллект: ИИ деректерді қорғауды жақсартуға, сондай-ақ қауіптерді уақытында анықтауға және олармен автоматты түрде күресуге көмектеседі.
- Микросегментация: Бұл бұлтты инфрақұрылымды шағын, қорғалған сегменттерге бөлу әдісі, деректердің қауіпсіздігін арттыруға мүмкіндік береді.

Бұлтты есептеулер икемділік пен ауқымдылық бойынша көптеген артықшылықтар ұсынғанымен, олар деректерді қорғау мәселесін алға тартады. Деректерді қорғаудың заманауи технологияларын, мысалы, шифрлау, қолжетімділікті басқару, сақтандыру және қауіпсіздік мониторингін енгізу ақпараттың жоғалуын немесе ұрлануын азайтуға көмектеседі. Алайда инфрақұрылымды толық бақылаудың болмауы және

нормативтік стандарттарға сәйкес болу қиындықтары ұйымдардың осы саланы дамытуы үшін қосымша күш-жігерді талап етеді.

Кванттық шифрлау мен жасанды интеллект сияқты технологиялар дамып келе жатқан кезде, бұлтта деректерді қорғаудың болашағы әлдеқайда қауіпсіз әрі тиімді болады.

Әдебиеттер тізімі

1. Якубова М.З. Ақпараттық қауіпсіздік негіздері [Мәтін] : оқу құралы / М.З. Якубова, А.К. Мукашева, О.А. Мананкова. - Алматы : Лантар books, 2021. - 114 б.
2. Камалова Г.А. Ақпараттық қауіпсіздік және ақпаратты қорғау [Мәтін] : оқу құралы/ Г.А. Камалова, Л.Б. Диярова. - Алматы : "Альманах" баспа үйі, 2019. - 116 б.
3. Ибрагимов Оспанәлі Мусақұлұлы. Қолданбалы криптография [Мәтін] : оқу құралы / О.М. Ибрагимов, Ж.С. Құрақбаев. - Алматы : Техноэрудит, 2021. - 112 б.
4. Баймульдин Мұрат Каирович. Ақпараттық жүйелердің қауіпсіздігі [Мәтін] : оқу құралы / М.К. Баймульдин, Д.Ж. Кайбасова. - Алматы : Техноэрудит, 2021. - 108 б.
5. Платонов В.В. Программно-аппаратные средства защиты информации [Текст] : Учебник / В.В. Платонов, М.А. Полтавцева. - Москва : Академия, 2020. - 288 с
6. Омарова С.А. Основы информационных систем и информационная безопасность [Текст] : Учебное пособие / С.А. Омарова. - Алматы :Альманахъ, 2023. - 206 с.

ӘОЖ: 004.048

SEO ОҢТАЙЛАНДЫРУДЫ ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫНДАҒЫ БИЗНЕС ТИІМДІЛІГІН ДАМУ: ПЕДАГОГИКАЛЫҚ СТРАТЕГИЯЛАР МЕН ӘДІСТЕР

Н.А. Турлугулова¹, Ж.О. Оралбекова²

¹ Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, Қызылорда қ.

² Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана қ.

Аңдатпа

Бұл мақалада SEO оңтайландыру арқылы білім берудегі бизнес өнімділігін арттыру үшін педагогикалық стратегиялар мен әдістерді пайдалану зерттеледі. Авторлар SEO оңтайландыруының негізгі принциптеріне шолу жасайды және бұл принциптерді білім беру саласында қалай сәтті қолдануға болатынын көрсетеді. Мақалада SEO-нің әртүрлі аспектілері, соның ішінде кілт сөздерді зерттеу, мазмұнды оңтайландыру, кері байланыс құру және жергілікті SEO стратегиялары қарастырылады. Сапалы оқыту мазмұнын құру, әлеуметтік желілерді пайдалану және нәтижелерді талдау сияқты педагогикалық стратегияларға ерекше көңіл бөлінеді.

Кілттік сөздер: SEO оңтайландыру, білім беру, SEO бағалауы, стратегиялар, әдістер.

Резюме

Данная статья исследует использование педагогических стратегий и методов для повышения эффективности бизнеса в образовании с помощью SEO-оптимизации. Авторы предлагают обзор основных принципов SEO-оптимизации и демонстрируют, как эти принципы могут быть успешно применены в сфере образования. Статья рассматривает различные аспекты SEO, включая анализ ключевых слов, оптимизацию контента, создание обратных ссылок и местные SEO-стратегии. Особое внимание уделяется педагогическим стратегиям, таким как создание качественного обучающего контента, использование социальных медиа и анализ результатов.

Ключевые слова: SEO-оптимизация, образование, SEO-оценка, стратегии, методы.

Abstract

This article explores the use of pedagogical strategies and techniques to improve business performance in education through SEO optimization. The authors provide an overview of the basic principles of SEO optimization and demonstrate how these principles can be successfully applied in the field of education. The article covers various aspects of SEO, including keyword research,


content optimization, backlink building, and local SEO strategies. Particular attention is paid to pedagogical strategies such as creating quality learning content, using social media and analyzing results.

Keywords: SEO optimization, education, SEO assessment, strategies, methods.

Қазіргі цифрлық дәуірде педагогика ақпараттық технологиялармен тығыз байланысты, ал білім беру саласындағы бизнес тиімділігі көбінесе оның онлайн-қатысуына және іздеу жүйелерінде айқындалуына байланысты. Бұл тұрғыда SEO-оңтайландыруды қолдану білім беру мекемелері мен жобаларын дамыту стратегиясының ажырамас бөлігіне айналады. Бұл мақалада біз білім беру саласындағы бизнестің тиімділігін арттыру үшін SEO-оңтайландыруды пайдаланудағы педагогикалық стратегиялар мен әдістердің маңыздылығына назар аударамыз.

Ғаламдық өзара байланыс дәуірінде интернет және онымен байланысты коммуникациялық технологиялар үстемдік етіп, бизнесте де, күнделікті өмірде де негізгі қажеттіліктің бірі екендігі сөзсіз. Интернет ғаламшардағы ең үлкен ақпарат көзіне айналды. Оның маңыздылығы іздеу жүйелерінің арқасында кеңейді. Іздеу жүйесінің құралдары бізге интернетте деректерді жылдам табуға көмектеседі. Көбінесе қолжетімді деректер пайдаланушының нақты қажеттіліктеріне қатысты емес. Тиісті деректерді табу үшін пайдаланушыларға тиімді іздеу құралы қажет. Сондықтан оның дәлдігін жақсарту үшін тек жіберілген сұранысты ғана емес, сонымен қатар пайдаланушының ақпараттық қажеттіліктерін қанағаттандыратын нәтижелерді қамтамасыз ету әрекетімен артады [1].

Кәсіпорын иесіне қолайлы SEO стратегиясын қолдану арқылы салыстырмалы түрде қысқа уақыт ішінде трафик пен рейтингті арттыруы мүмкіндігі бар [2]. Ақпараттық қоғам мен цифрлық кәсіп үшін SEO әдістерін қолдану зерттеу, құрылымдау, ішкі SEO, сілтеме құру, рейтингтер мен трафикті үздіксіз жақсарту және талдау кезеңдерінен тұрады (1-сурет).



1-сурет. SEO әдістерін қолдану кезеңдері

Tavosi M. мен Naghshineh N. АҚШ университеттерінің кітапханалары веб-сайттарын «Google SEO» және «Қолжетімділік» тұрғысынан салыстырып зерттеді. Осы екі параметр бойынша корреляциялық талдау жасап, әлсіз байланысын көрсетті. Кітапхана процестерін автоматтандыруды ескере отырып, SEO құралдары кітапханаларға цифрлық маркетинг мақсаттарына жетуге көмектесе алатынын тұжырымдады [3].

SEO – ағылшын тіліндегі Search Engine Optimization сөзінің аббревиатурасы, ал орыс тілінен аударғанда «іздеу жүйесін оңтайландыру» мағынасын білдіреді. SEO мәні мынада: техникалық маман іздеу роботтарына біздің сайтты тезірек табуға және оны іздеу нәтижелерінде мүмкіндігінше жоғары көрсетуге көмектеседі.

Кез келген оңтайландыру жобасының ең негізгі мақсаты қаржылық нәтиже болуы керек. Кәсіп үшін бұл жақсы инвестициялық қайтару коэффициентімен көбірек кіріс алуды білдіреді. Инвестицияларды қайтару коэффициентінің алғышарты - бұл оңтайландыру маманы назар аударуы керек сайттағы тиісті трафиктің көлемі. Бұл рейтингке немесе алынған сілтемелер санына байланысты барлық нәрселерден гөрі маңызды мақсат болып табылады. Тиісті трафиктің көбірек болуы кәсіп үшін (немесе веб-сайттары сатуға мамандандырылмаған адамдар үшін конверсияның жоғары коэффициенті) кірістің артқанын білдіреді.

Бүгінгі веб-талдама құралдары мұндай деректерді жинауды жеңілдетеді. Google Analytics шағын және орта өлшемді сайттар үшін жеткілікті құралдар жиынтығын ұсынады, бірақ ірі сайттар үшін Google Analytics Premium [4] қызметінің немесе Adobe Marketing Cloud [5] немесе Webtrends [6] сияқты басқа ақылы қызметтерден ақылы шешімдер қажет болуы мүмкін.

Талдамадан көруге болатын мәліметтер ауқымы кең. Сондықтан оңтайландыру маманы назар аударуы керек негізгі міндеттердің бірі - қандай деректерді ескеру керектігін және қандай деректерге назар аудармау керектігін шешу.

Соңғы бірнеше жыл ішінде іздеу жүйелері өздерінің алгоритмдерін жетілдірді және күрделендірді, бұдан олардың рейтинг факторлары, яғни іздеу нәтижелерінде сайттар құрылатын критерийлер, веб-сайтпен шектеліп қана қалмайды. Бүгінгі таңда саралау факторлары кәсіппен тікелей байланысты көптеген басқа аспектілерге, соның ішінде клиенттердің компанияға деген адалдығына, ассортименттің кеңдігіне және жеткізу шарттарына әсер етеді.

Соңғы 15-20 жылдар ішінде іздеу нәтижелеріндегі бәсекелестік көбейді, сонымен қатар іздеудегі жоғары позициялардың қайтарымы мен Интернеттің өзінде кәсіп көлемі артты. Іздестіру жүйесінен көп ақшаға тапсырыс түсе бастады, сәйкесінше оны алу күрделілігі айтарлықтай өсті.

Құрылымның күрделілігін, кәсіби рөлдер мен процеске қатысушылардың көптігін ескере отырып, олардың арасындағы қарым-қатынастың жоғары сапасы мен жылдамдығын сақтау, сондай-ақ бұрын жинақталған тәжірибе команданың бір қатысушысынан екіншісіне берілуі үшін білімнің сабақтастығын қамтамасыз ету өте маңызды.

Тиімділіктің кілттік көрсеткіштерін (key performance indicators, KPI) қою және олардың орындалуын тексерудің маңыздылығы алға қойған мақсаттарға қол жеткізуде, жобамен не болып жатқанын түсінуде және жұмыстың тиімділігін арттыруда қажет. SEO-де нәтижені әртүрлі көрсеткіштердің көмегімен өлшеуге болады. Әрине, ең маңыздысы қойылған мақсатқа жетудің көрсеткіші (трафикті арттыру, сату және т.б.) болып табылады [7].

SEO бағалау үшін қолданылатын кілттік көрсеткіштердің санаттары 2-суретте көрсетілген.



2-сурет. SEO бағалауы үшін кілттік көрсеткіштердің санаттары

SEO-мамандарымен жиі қолданылатын кілттік көрсеткіштері 1-кестеде келтірілген.

1-кесте. SEO-дегі кілттік көрсеткіштердің түрлері [4]

Классикалық көрсеткіштер		Кәсіп көрсеткіштері	
Негізгі	Қосымша	Негізгі	Қосымша
Көріну	Аудитория сапасы	Сайтқа кірушілер құны	Жаңа клиентті тарту құны
Іздеу трафигі	Бәсекелестер рейтингіндегі позициялар	Конверсия құны	Орташа есеп
Конверсиялар	Жекелеген сұраныстар бойынша бағдарлар	Жарнамаға инвестицияларды қайтару	Клиенттің өмірлік мәні

Алға жылжытатын барлық кілттік сұраныстардың жалпы немесе интегралды көріну динамикасы – бұл сайтты алға жылжыту жұмыстарының қаншалықты сәтті қозғалатынын түсінуге мүмкіндік беретін маңызды көрсеткіштердің бірі.

Веб-сайтыңызды алға жылжытатын барлық кілттік сұраныстардың жалпы немесе интегралды көріну динамикасы – бұл сайтты алға жылжыту

жұмыстарының қаншалықты сәтті қозғалатынын түсінуге мүмкіндік беретін маңызды көрсеткіштердің бірі.

Жалпы көріну — бұл бүкіл кілттік іздеу жүйелеріндегі әрбір сұраныстың орнын және танымалдылығын ескере отырып, барлық кілттік сұраныстардың жиынтығы бойынша алға жылжудың табыстылығын бақылауға мүмкіндік беретін шама.

- Сіздің барлық сұраныстарыңыз бүкіл іздеу жүйелерінде үштікке кірген кезде көріну 100% құрайды деп болжаймыз. Егер сіз Википедия немесе ВКонтакте болмасаңыз, бұл мүмкін емес шама екені түсінікті. Көптеген тақырыптарда сала жетекшілері көрінудің 35-50% құрайды. Бұл өте жоғары нәтиже болып табылады. Көріну динамикасы әдетте іздеу трафигінің динамикасымен байланысты. Әр түрлі ерекше көріністерді қадағалап отыру маңызды.

- Сұраныс топтары бойынша көріну. Барлық сұраныс түйіні, сондай-ақ сұраныс топтары бойынша бөлек көріну динамикасын қадағалаған жөн. Мысалы, сіз әр өнім санаты үшін көріну динамикасын бөлек бақылай аласыз. Осылайша сіз жалпы бағалауды ғана емес, сонымен қатар әртүрлі өнім топтары бойынша сату көлемін де болжай аласыз.

- Әр түрлі аймақтар бойынша көріну. Егер сіз әртүрлі аймақтарда алға жылжуға қызығушылық танытсаңыз, онда көріну динамикасын әр аймақта бөлек қадағалау керек, өйткені шығарылым барлық жерде әр түрлі.

- Бәсекелестердің көрінуі. Сіздің сайтыңыздың ғана емес, сонымен қатар бәсекелес сайттардың көріну динамикасын қадағалаған дұрыс. Бұл сіздің тақырып бойынша рейтингте не болып жатқанын түсінуге көмектеседі.

Білім беру саласында SEO-оңтайландыруды қолдану бірқатар педагогикалық стратегиялар мен әдістердің көмегімен тиімді болуы мүмкін. Кейбірін атап өтелік:

1. *Сапалы мазмұнды жасау*: пайдаланушылардың сұраныстарына жауап беретін және олардың қажеттіліктерін қанағаттандыратын ақпараттық және пайдалы мазмұнды әзірлеу. Бұл мақсатты аудиторияның назарын аударатын оқу материалдары, мақалалар, блогтар, бейне оқулықтар және басқа форматтар болуы мүмкін.

2. *Түйінді сөздерді зерттеу*: білім беру тақырыптарына қатысты кілт сөздер мен сұраныстарды талдау ең танымал тақырыптар мен аудиторияның қажеттіліктерін анықтауға көмектеседі. Осы мақсатта Google Keyword Planner сияқты SEO құралдарын пайдалануға болады.

3. *Іздеу жүйелері үшін мазмұнды оңтайландыру*: негізгі сөздер мен сөз тіркестерін тақырыптарға, ішкі тақырыптарға, мәтіндерге және мета-тегтерге енгізу мазмұнның іздеу жүйелерінде көрінуін арттыруға көмектеседі. Бұл әлеуетті клиенттерді немесе білім алушыларды көбірек тартады.

4. *Сапалы кері сілтемелерді жасау:* Беделді білім беру ресурстарынан кері сілтемелерді табу және орнату сіздің сайтыңыздың сенімділігін арттырады және іздеу нәтижелерінде оның рейтингін жақсартады.

5. *Нәтижелерді талдау және бақылау:* SEO-стратегиясының тиімділігін тұрақты талдау ең жақсы нәтижелерге қол жеткізу үшін мазмұнды және жылжыту әдістерін оңтайландыруға мүмкіндік береді. Google Analytics сияқты аналитикалық құралдарды пайдалану трафик пен пайдаланушы әрекетін бақылауға көмектеседі.

6. *Жергілікті SEO-стратегияларын пайдаланыңыз:* Егер сіздің білім беру бизнесіңіз белгілі бір аймаққа бағытталған болса, әлеуметтік медиа профильдерін жасау, жергілікті оқиғалар туралы блог жүргізу және жергілікті кілт сөздерді қосу сияқты жергілікті SEO-стратегияларын пайдалану жергілікті тұтынушыларды немесе студенттерді тартуға көмектеседі.

7. *Әлеуметтік медиа арқылы назар аудару:* білім беру мазмұнын алға жылжыту және аудиторияны тарту үшін әлеуметтік медианы пайдалану SEO-стратегиясында тиімді құрал болуы мүмкін. Кілт сөздер мен хэштегтерді пайдаланып, білім беру мазмұнын әлеуметтік платформаларда жариялау оның қолжетімділігін арттыруға және жаңа пайдаланушыларды тартуға көмектеседі.

Білім беру саласында SEO-оңтайландыруды пайдалану бизнестің тиімділігін арттырудың негізгі құралы ретінде өзінің маңыздылығын көрсетеді. Аталған зерттеу барысында біз контентті оңтайландыруға және білім беру мекемелері мен жобалардың іздеу жүйелеріндегі көрінісін жақсартуға бағытталған түрлі педагогикалық стратегиялар мен әдістерді қарастырдық.

Алайда, SEO-оңтайландыру сапалы білім беру мазмұнын, ыңғайлы пайдаланушы интерфейстерін және беделді тиімді басқаруды қамтитын білім беру бизнесін дамытудың неғұрлым ауқымды стратегиясының бір бөлігі болуы тиіс екенін естен шығармау қажет.

Қорыта айтқанда, SEO оңтайландыру – білім беру саласындағы бизнестің тиімділігін арттырудың қуатты құралы. Дұрыс таңдалған стратегиялар мен педагогикалық әдістерді үйлестіре отырып, аудиторияға пайдалы контент ұсыну арқылы бизнесіңіздің өсуін қамтамасыз етуге болады.

Әдебиеттер:

1. Manek F., Reddy A., Panchal V., Pinjarkar V. Hybrid crawling for time-based personalized web search ranking // Proceedings of the International Conference on Electronics, Communication and Aerospace Technology, ICECA 2017. – 2017. - P.252 – 255, DOI 10.1109/ICECA.2017.8203681

2. Husain T., Sani A., Ardhiansyah M., Wiliani N. Online shop as an interactive media information society based on search engine optimization (SEO) // International Journal of Computer Trends and Technology. – 2020. – Vol. 68 (3). – P. 53-57.

3. Tavosi M., Naghshineh N. Google SEO score and accessibility rank on the American University Libraries' websites: one comparative analysis // Information Discovery and Delivery. – 2023. – Vol. 51(2). P. 241–251.

4. Ашманов И. Оптимизация и продвижение в поисковых системах. – 4-издание. – Питер, 2018. - 513 с.

5. www.google.com/analytics/premium

6. www.adobe.com/ru/marketing-cloud.html

7. webtrends.com

УДК 006.2

КИБЕРҚАУІПСІЗДІК ПЕН АҚПАРАТТЫҚ ҚАУІПСІЗДІК: ҰҚСАСТЫҚТАРЫ МЕН АЙЫРМАШЫЛЫҚТАРЫ

Бексейтова Айнұр Болатбекқызы

*Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, т.ғ.м. аға оқытушы
Қызылорда қаласы*

Зкрия Ерсұлтан

*Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, «Ақпараттық қауіпсіздік
жүйелері» мамандығының 2курс студенті
Қызылорда қаласы*

Түйінді сөздер: Физикалық қауіпсіздік, криптографиялық қауіпсіздік, симметриялық шифрлау, асимметриялық шифрлау, хэш-функциялар, кванттық криптография фишинг, инсайдерлік қауіптер.

Аңдатпа: Ақпараттық қауіпсіздік пен киберқауіпсіздік бір-бірімен тығыз байланысты, бірақ олардың негізгі мақсаты мен қолдану салалары әртүрлі. Ақпараттық қауіпсіздік кең ауқымды түсінік болып табылады және кез келген форматтағы деректерді – қағаз түріндегі, физикалық тасымалдағыштардағы немесе электронды түрде сақталған ақпаратты қорғауды көздейді. Ал киберқауіпсіздік тек цифрлық жүйелер мен желілердегі ақпараттың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған. Киберқауіпсіздік көбінесе компьютерлік желілердегі, бағдарламалық жасақтамалардағы осалдықтарды жоюға және зиянды шабуылдардан қорғануға арналған шараларды қамтиды. Ақпараттық

қауіпсіздік стратегиялық, құқықтық және әкімшілік реттеуді қамтитын кеңірек ұғым болса, киберқауіпсіздік техникалық қорғаныс әдістеріне негізделеді.

Аннотация: Информационная безопасность и кибербезопасность тесно связаны, но их основная цель и области применения различаются. Информационная безопасность является всеобъемлющим понятием и предполагает защиту данных любого формата – информации, хранящейся на бумажных, физических носителях или в электронном виде. А кибербезопасность направлена исключительно на обеспечение безопасности информации в цифровых системах и сетях. Кибербезопасность часто включает меры по устранению уязвимостей в компьютерных сетях, программном обеспечении и защите от вредоносных атак. В то время как информационная безопасность – это более широкое понятие, которое включает стратегическое, правовое и административное регулирование, кибербезопасность основана на технических методах защиты.

Abstract: Information security and cybersecurity are closely related, but their main purpose and areas of application differ. Information security is a comprehensive concept and involves the protection of data in any format – information stored on paper, physical media or in electronic form. And cybersecurity is solely aimed at ensuring the security of information in digital systems and networks. Cybersecurity often includes measures to eliminate vulnerabilities in computer networks, software, and protection against malicious attacks. While information security is a broader concept that includes strategic, legal, and administrative regulation, cybersecurity is based on technical methods of protection.

Ақпараттық технологиялардың қарқынды дамуы қауіпсіздік талаптарын жаңа деңгейге көтерді. Кез келген ұйым мен жеке тұлғаның деректері түрлі киберқауіптерге ұшырайтындықтан, ақпараттық қауіпсіздік пен киберқауіпсіздікті қамтамасыз ету маңызды мәселеге айналып отыр.

Заманауи киберқауіптер үнемі өзгеріп, күрделене түсуде. Қазіргі таңда жасанды интеллект негізіндегі шабуылдар, кванттық есептеулерден туындайтын осалдықтар және ботнеттер арқылы автоматтандырылған зиянды шабуылдар кең таралған. Сонымен қатар, кибершабуылдар көбінесе компьютерлік желілер мен онлайн қызметтерге бағытталса, ақпараттық қауіпсіздікке қатысты қауіп-қатерлер деректердің жоғалуы, заңсыз қолжетімділік немесе ішкі қауіптерден тұрады. Инсайдерлік қауіптер, құжаттардың рұқсатсыз көшірілуі немесе заңдық талаптардың сақталмауы – ақпараттық қауіпсіздікке төнетін негізгі қатерлердің бірі.


Ақпараттық қауіпсіздік пен киберқауіпсіздікті қамтамасыз етуде мамандардың рөлі ерекше. Ақпараттық қауіпсіздік саласындағы мамандар деректерді қорғау стратегияларын әзірлеумен және ұйым ішіндегі қауіпсіздік шараларын ұйымдастырумен айналысады. Ал киберқауіпсіздік мамандары

компьютерлік жүйелерді және желілерді қорғау, хакерлік шабуылдарды анықтау және алдын алу, сондай-ақ бағдарламалық жасақтамалардың осалдықтарын жоюмен айналысады.

Технологияның дамуы жаңа қауіптерді тудыратыны сөзсіз. Кибершабуылдар жылдан жылға күрделене түсуде, сондықтан жаңа қорғаныс әдістері енгізілуде. Алдағы уақытта кванттық криптография кеңінен қолданысқа енеді деп күтілуде. Бұл технология қазіргі шифрлау алгоритмдерінен әлдеқайда қауіпсіз болады және кванттық компьютерлерден туындайтын қауіптерге төтеп бере алады. Сонымен қатар, Zero Trust стратегиясы да қауіпсіздікті күшейтудің негізгі бағыттарының бірі болмақ. Бұл модель ұйымдардың ішкі және сыртқы желілерінде қауіпсіздік деңгейін арттырып, әрбір пайдаланушы мен құрылғыны мұқият тексеруге мүмкіндік береді.

Жасанды интеллект пен машиналық оқыту әдістері де киберқауіптерге қарсы күресте маңызды рөл атқарады. Жасанды интеллект киберқауіптерді ерте анықтап, шабуылдарды алдын ала болжауға көмектеседі. Алайда, AI технологиялары кибершабуылдарды күшейту үшін де қолданылуы мүмкін. Deepfake технологиялары мен автоматтандырылған зиянды бағдарламалар жасанды интеллекттің көмегімен шынайы адамдарды алдап, фишинг шабуылдарын жетілдіруге мүмкіндік береді. Сондықтан болашақта AI-ды қорғау механизмдері мен қауіпсіздік жүйелерін күшейту қажет.

Ақпараттық қауіпсіздік пен киберқауіпсіздікті қамтамасыз ету тек технологиялық мәселе ғана емес, ол сондай-ақ ұлттық қауіпсіздік пен экономикалық тұрақтылыққа да әсер етеді. Сондықтан үкіметтер, ұйымдар және жеке тұлғалар жаңа қауіптерге алдын ала дайын болуы керек. Деректердің қорғалуын қамтамасыз ету үшін көпфакторлы аутентификацияны кеңінен енгізу, IoT құрылғыларын қауіпсіздендіру, сондай-ақ халықаралық киберқауіпсіздік стандарттарына сәйкестікті қамтамасыз ету маңызды



Кибершабуылдар тек қаржылық шығындарға ғана емес, ұлттық қауіпсіздікке де тікелей әсер етуде. Қазіргі уақытта киберқылмыскерлер тек жеке тұлғалардың мәліметтерін ұрлаумен шектелмей, медициналық жүйелерді, энергетикалық инфрақұрылымдарды және ғарыштық спутниктерді нысанаға алуда. Интернетке қосылған құрылғылардың (IoT) көбеюі де жаңа осалдықтардың пайда болуына себепші болып отыр. Бүгінде ботнет шабуылдары, SCADA жүйелеріне жасалатын шабуылдар және ақылды үйлердегі құрылғыларды басқару арқылы жасалатын зиянды әрекеттер белең алуда.

Кибершабуылдардың даму кезеңдері	Ерекшеліктері
1990-2000 жж.	Компьютерлік вирустар мен трояндық бағдарламалардың таралуы
2000-2010 жж.	DDoS-шабуылдар мен фишинг әдістерінің кеңінен қолданылуы
2010-2020 жж.	Мемлекеттік мекемелерге бағытталған шабуылдар мен ақпараттық соғыстардың дамуы
2020 жылдан бастап	Жасанды интеллект пен кванттық есептеулерді пайдалана отырып шабуылдардың күрделенуі

Жасанды интеллект технологиялары кибершабуылдардың тиімділігін арттырды. Автоматтандырылған фишинг, deepfake технологияларын пайдалану және AI көмегімен вирустарды анықтаудан жасыра алатын зиянды бағдарламаларды жасау – қазіргі заманғы қауіптердің қатарына жатады. Сонымен қатар, кванттық компьютерлер дәстүрлі шифрлау әдістерінің әлсіздігін пайдаланып, қазіргі RSA және ECC алгоритмдерін айналып өтуі

мүмкін. Мұндай қауіптің алдын алу үшін пост-кванттық криптографияны дамыту және гомоморфтық шифрлау әдістерін енгізу қажет.

Кибершабуылдардан қорғану үшін бірқатар жаңа қауіпсіздік стратегиялары енгізілуде. Zero Trust моделі бойынша әрбір пайдаланушы мен құрылғы аутентификациядан өтіп, үздіксіз мониторинг жүргізіледі. Бұл тәсіл корпоративтік желілер мен бұлттық инфрақұрылымдағы қауіпсіздікті күшейтуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, жасанды интеллект киберқауіпсіздік жүйелерін жетілдіру үшін де қолданылады. AI көмегімен аномалияларды анықтау, фишинг шабуылдарын автоматты түрде тану және зиянды әрекеттерді алдын ала болжау – заманауи қорғаныс жүйелерінің негізгі элементтеріне айналып отыр.

Киберқауіптер ғаламдық сипатқа ие болғандықтан, елдер арасындағы ынтымақтастық күшейе түсуде. Киберқылмыстармен күресу үшін ENISA, INTERPOL Cybercrime Unit, NATO Cyber Defence сияқты халықаралық ұйымдар жұмыс жүргізуде. Қазақстанда KZ-CERT ұлттық орталығы киберқауіптерді анықтау және алдын алу бойынша шаралар атқаруда. Сонымен қатар, елдегі заңнамалар халықаралық стандарттарға сәйкес жаңартылып, киберқауіпсіздік саласында нормативтік-құқықтық базаны жетілдіруге бағытталған.

Халықаралық ұйымдар	Қызметі
ENISA (Еуропалық киберқауіпсіздік агенттігі)	Еуропадағы киберқауіпсіздік стратегиясын үйлестіреді
INTERPOL Cybercrime Unit	Халықаралық киберқылмыстармен күреседі
NATO Cyber Defence	Әскери инфрақұрылымды қорғауға жауапты
KZ-CERT	Қазақстандағы киберқауіптерді анықтау орталығы

Кибершабуылдардың болашағы одан әрі күрделене түсетіні анық. Жасанды интеллект жүйелерін жаңылыстыратын нейрондық шабуылдар, биометриялық деректерді заңсыз пайдалану және ұлттық инфрақұрылымға бағытталған кибертерроризм әрекеттері жаңа қауіптер ретінде қарастырылуда. Осы қауіптерден қорғану үшін үкіметтер, ұйымдар және жеке тұлғалар өздерінің киберқауіпсіздік стратегияларын жетілдіруі тиіс.

Киберқауіптердің жылдан жылға күшейіп келе жатқаны нақты оқиғалармен дәлелденеді.. Қазақстанда қаржылық сектордағы ірі оқиғалардың бірі – Kaspi.kz жүйесіне жасалған DDoS-шабуыл болса, әлемдік деңгейде SolarWinds оқиғасы инфрақұрылымдық қауіптердің ауқымын көрсетті. Бұл шабуылдар қазіргі заманғы киберқауіптердің күрделілігін және қорғаныс жүйелерін жетілдіру қажеттігін айқындайды.

Цифрлық технологиялардың қарқынды дамуы киберқауіптердің күрделене түсуіне әкеліп, дәстүрлі қорғаныс әдістерінің тиімділігін әлсіретуде. Қазіргі таңда хакерлер мен кибершабуыл жасаушылар жаңа тактикалар мен зиянды бағдарламалар арқылы қорғаныс жүйелерін айналып өтудің жетілдірілген әдістерін қолдануда. Осыған байланысты, киберқауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін инновациялық қорғаныс технологияларын енгізу және олардың тиімділігін арттыру аса маңызды.

Киберқауіптер жыл сайын дамып, күрделене түсуде. Қазіргі заманғы IT-жүйелер мен киберқорғаныс әдістері жетілдірілгенімен, жаңа технологиялармен қатар жаңа осалдықтар пайда болуда. Болашақта киберқауіптердің даму бағыты кванттық есептеулер, жасанды интеллект, интернет заттары (IoT), биометриялық деректердің бұзылуы және кибертерроризм сияқты негізгі факторларға негізделуі мүмкін. Бұл қауіптерді алдын ала болжамдау және оларға қарсы қорғану стратегияларын әзірлеу аса маңызды.

Кванттық компьютерлер дәстүрлі криптографиялық алгоритмдерді әлсіретуі мүмкін. Қазіргі RSA, ECC, AES секілді шифрлау әдістері кванттық есептеулер арқылы оңай бұзылуы ықтимал. Бұл болашақта кванттық шабуылдар қауіпін арттырады. Осы мәселені шешу үшін пост-кванттық криптография әдістерін дамыту, Lattice-based encryption, Hash-based cryptography сияқты жаңа шифрлау алгоритмдерін енгізу, сондай-ақ ұлттық қауіпсіздік агенттіктерінің жаңа стандарттарға көшуі қажет. АҚШ, Қытай және Еуропалық Одақ кванттық есептеулерді дамытуға үлкен инвестициялар салып, осы технологиялардың болашақта киберқауіпсіздікке қалай әсер ететінін зерттеуде.

Жасанды интеллект (AI) қауіпсіздік жүйелерін жетілдіретіндей, оны киберқылмыскерлер де қару ретінде қолдана алады. Deepfake-технологиялар арқылы жалған бейнелер мен аудиожазбалар жасап, адамдарды алдау, автоматтандырылған зиянды бағдарламалар көмегімен антивирус жүйелерінен өтетін вирустарды жасау және AI негізінде фишингтік шабуылдар ұйымдастыру – болашақта кең таралуы мүмкін сценарийлер. Қорғану стратегияларының бірі – AI-ды киберқауіпсіздік саласында қолдану, яғни жасанды интеллект арқылы аномалияларды автоматты түрде анықтайтын жүйелерді енгізу және deepfake технологияларын танитын алгоритмдерді әзірлеу.

Биометриялық қауіпсіздік жүйелері (саусақ ізі, бет тану, көз торы сканері) кеңінен қолданылады. Алайда, Deepfake арқылы жасанды тұлға жасау, биометриялық деректерді заңсыз жинау және сату, сондай-ақ Face Swap технологияларын қолдану арқылы жалған идентификация жасау қауіптері артып келеді. Бұл мәселені шешу үшін көпфакторлы аутентификацияны (MFA) міндетті ету, биометриялық деректерді қорғау туралы заңнамаларды күшейту, сондай-ақ Deepfake анықтау үшін AI

алгоритмдерін дамыту қажет.

Кибертерроризмнің жаңа деңгейге көтерілуі мүмкін. Киберқылмыскерлер тек қаржылық пайда табу үшін ғана емес, мемлекеттер арасындағы қақтығыстарды ушықтыру үшін де киберқұралдарды пайдалана алады. Электр жүйелеріне шабуыл жасау (SCADA жүйелері), көлік инфрақұрылымдарын бұзу (Smart Cities жүйелері), сайлау жүйелерін бұзу және ақпараттық манипуляция жасау болашақта ұлттық қауіпсіздікке қатер төндіруі мүмкін. Бұл қауіптерге қарсы халықаралық ынтымақтастықты арттыру, стратегиялық инфрақұрылымдардың IT қауіпсіздігін күшейту және үкіметтер арасында ақпарат алмасу механизмдерін жетілдіру қажет.

Болашақ қауіптер	Қорғану стратегиясы
Кванттық компьютерлер	Пост-кванттық криптографияны дамыту
AI-мен күшейтілген шабуылдар	AI негізінде қорғаныс жүйелерін жетілдіру
IoT осалдықтары	IoT қауіпсіздік сертификаттарын енгізу
Биометриялық бұзу әдістері	Көпфакторлы аутентификацияны енгізу
Кибертерроризм	Ұлттық деңгейдегі киберқауіпсіздік стратегияларын әзірлеу

Кибершабуылдардың болашақта қаншалықты қауіпті болатынын ескере отырып, алдын ала дайындық жасау аса маңызды. Бұл қауіптерге қарсы тұру үшін үкіметтер, халықаралық ұйымдар және жеке компаниялар жаңа қорғаныс стратегияларын әзірлеп, заңнамалық өзгерістер енгізіп, технологиялық қауіпсіздік шараларын жетілдіруі қажет.

Киберқауіпсіздікті қамтамасыз етуде халықаралық стандарттар маңызды рөл атқарады. Бұл стандарттар ақпараттық қауіпсіздік жүйелерін ұйымдастыру мен реттеудің негізін қалыптастырады. Әлемде киберқауіпсіздікті басқару мен ақпараттық жүйелерді қорғау бойынша бірнеше маңызды стандарттар бар.

Киберқауіпсіздік стандарттары	Мазмұны
ISO/IEC 27001	Ақпараттық қауіпсіздік менеджменті жүйесін реттейді
NIST Cybersecurity Framework	АҚШ-тағы қауіпсіздік стандарттарының жиынтығы
COBIT	IT-менеджмент және ақпараттық қауіпсіздікке арналған стандарт
PCI DSS	Қаржы саласындағы төлем жүйелерін қорғау стандарты

ISO/IEC 27001 – ұйымдардың ақпараттық қауіпсіздік жүйесін құру мен

басқару тәсілдерін белгілейтін халықаралық стандарт. Ол ақпараттық қауіпсіздікке қойылатын талаптарды реттеп, компаниялар мен мемлекеттік мекемелерге ақпараттық жүйелерді қорғау бойынша нақты нұсқаулықтар береді.

NIST стандарттары АҚШ-та кеңінен қолданылатын және әлемнің көптеген елдері үшін үлгі болып саналатын ақпараттық қауіпсіздік талаптарын белгілейді. COBIT – IT-менеджмент пен киберқауіпсіздікті басқару үшін әзірленген стандарт, ал PCI DSS – қаржы және банк секторында төлем жүйелерінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін қолданылатын стандарт.

Қазақстан халықаралық тәжірибеге сүйене отырып, ISO/IEC 27001 стандартына сәйкес нормативтік базаны жетілдіруде. Сонымен қатар, еліміз NIST Cybersecurity Framework және PCI DSS стандарттарының талаптарын ескере отырып, қаржы және мемлекеттік секторда киберқауіпсіздік саясатын қалыптастыруда.

Киберқауіпсіздікті құқықтық реттеу цифрлық технологиялардың дамуына сәйкес үздіксіз жетілдіріліп отыруы тиіс. Жаңа технологиялардың қарқынды дамуы құқықтық нормаларды үнемі жаңартып отыруды қажет етеді. Мемлекеттер өздерінің заңнамаларын жетілдірумен қатар, халықаралық ынтымақтастықты нығайтып, бірлескен қауіпсіздік стратегияларын әзірлеуі қажет.

Әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасының «Ақпараттандыру туралы» заңы. – 2015 жылғы 24 қарашадағы №418-V ҚРЗ.
2. Қазақстан Республикасының «Киберқауіпсіздік тұжырымдамасы – Cyber Shield Kazakhstan». – Астана, 2017 ж.
3. General Data Protection Regulation (GDPR). – Еуропалық Парламент пен Кеңестің 2016/679 регламенті, 2018 ж.
4. ISO/IEC 27001:2022 – Ақпараттық қауіпсіздік менеджменті жүйесінің халықаралық стандарты.
5. NIST Cybersecurity Framework. – АҚШ Ұлттық стандарттар және технологиялар институты (NIST), 2023 ж.
6. IBM Security. "Cost of a Data Breach Report 2023". – IBM Research, 2023.
7. Statista. "Cyber Crime Costs Projected to Reach \$10.5 Trillion Annually by 2025". – Statista Research, 2023.
8. KZ-CERT: Қазақстандағы кибершабуылдар статистикасы. – 2023 жылғы есеп.
9. ENISA (European Union Agency for Cybersecurity) – <https://www.enisa.europa.eu>

- | | | | |
|---|------------|------|---|
| 10.INTERPOL | Cybercrime | Unit | — |
| https://www.interpol.int/en/Crimes/Cybercrime | | | |
| 11.NATO Cyber Defence – https://www.nato.int/cyber | | | |
| 12.Қазақстанның киберқауіпсіздік орталығы (KZ-CERT) – https://www.kz-cert.kz | | | |

ҒТАХР 81.93.29

БАСҚАРУ ЖҮЙЕЛЕРІНДЕГІ АҚПАРАТТЫ ҚОРҒАУ

Махамбаева И.У., Есіркепова А.Ө., Тілектес М.О.

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті

Аңдатпа

Мақалада ақпаратты қорғау технологияларының жаңа әдістері мен шешімдері қазіргі қауіптерге жауап беруге және басқару жүйелеріндегі деректердің тұтастығы мен құпиялығын қамтамасыз етуге бағытталғандығы қарастырылған.

Аннотация

В статье рассматривается, что новые методы и решения технологий защиты информации направлены на реагирование на существующие угрозы и обеспечение целостности и конфиденциальности данных в системах управления.

Abstract

The article considers that new methods and solutions of information security technologies are aimed at responding to existing threats and ensuring the integrity and confidentiality of data in management systems.

Кілт сөздер: VPN, IPSec, Remote Access, Extranet, cisco

Ключевые слова: VPN, IPSec, Remote Access, Extranet, cisco

Keyword: VPN, IPSec, Remote Access, Extranet, cisco

Ақпараттық коммуникациялардың қарқынды дамуы мен таралуы барлық ақпараттық процестер сияқты қоғамдық дамудың барлық процестерінің жаһандануына әкелді. Интернет пен бұқаралық ақпарат

құралдарының (БАҚ) кең таралуы: блогтар, форумдар, әлеуметтік желілер ақпарат көлемінің экспоненциалды түрде өсуіне әкеледі және онымен бірге қоғамның бұл ақпаратқа тәуелділігі де артады.

Бір ғимарат шеңберінде мекеменің компьютерлік желілерін құру мәселесі қиын шешілмейді. Дегенмен қазіргі заманғы корпорациялардың инфрақұрылымы корпорацияның өзінің географиялық бөліктерінен, серіктестіктерінен, клиенттерден және жеткізушілерден тұрады. Сондықтан корпоративті желі құру мәселесі қиынырақ болып табылады.

Internet дамуымен және ұжымдық түрде енуімен ақпараттың таралуы сапалы бола түсті. Пайдаланушылар арзан және қол жеткілікті Интернет каналдарын алды. Мекемелер критикалық коммерциялық және басқарушы ақпаратты беру үшін каналдарды пайдалануға ұмтылады.

Бизнесте желілік шабуылдарға нәтижелі қарсы әрекет ету үшін және белсенді әрі қауіпсіз қорғау мүмкіндіктерін қолдану үшін 1990 жылдың басынан бастап виртуалды жеке желілерді құру концепциясы – VPN (Virtual Private Network) жетілдірілді.

VPN виртуалды қорғалған желі құру концепциясы негізінде жеткілікті қарапайым идея жатыр: егер ауқымды желіде ақпарат алмасатын екі торап болса, онда осы екі торап арасына ашық желі арқылы берілетін ақпараттың тұтастығын қамтамасыз ету үшін виртуалды туннель құру керек. Бұл туннельге кіру мүмкіндігі белсенді және белсенді емес ішкі бақылаушыға өте қиын болуы керек. Виртуальды туннельдер құруда компанияның алатын артықшылықтары қаражаттың аз жұмсалуды болып табылады.

VPN (ағылш. Virtual Private Network) — басқа желінің, мысалы, Интернеттің үстінде жасалған логикалық желі. Қауіпсіз хаттамаларды қолдану арқылы ортақ желілер арқылы байланыс жүзеге асырылғанына қарамастан, шифрлау бөгде адамдардан жабылған ақпарат алмасу арналарын жасайды. VPN, мысалы, ұйымның бірнеше кеңселерін олардың арасындағы байланыс үшін бақыланбайтын арналарды пайдалана отырып, бір желіге біріктіруге мүмкіндік береді. Негізінде VPN жалға алынған желі сияқты көптеген қасиеттерге ие, бірақ ол Интернет сияқты жалпыға ортақ желі арқылы орналастырылған. Туннельдеу техникасының көмегімен деректер пакеттері кәдімгі нүктеден нүктеге қосылым сияқты жалпыға ортақ желі арқылы таратылады. Әрбір деректерді жіберуші-алушы жұбы арасында туннель түрі орнатылады - бір протоколдан алынған деректерді басқа пакеттерге инкапсуляциялауға мүмкіндік беретін қауіпсіз логикалық байланыс. Туннельдің негізгі компоненттері: бастамашы; бағытталған желі; туннель қосқышы; бір немесе бірнеше туннель терминаторлары. VPN жұмыс принципінің өзі негізгі желілік технологиялар мен хаттамаларға қайшы келмейді.

VPN шешімдерін бірнеше негізгі параметрлер бойынша жіктеуге болады:

1. Пайдаланылатын ортаның түрі бойынша:

а) Қауіпсіз VPN желілері. Бұл түрі ең көп таралған. Оның көмегімен сенімсіз желі, әдетте Интернет негізінде сенімді және қауіпсіз ішкі желіні құруға болады. Қауіпсіз VPN мысалдары: IPSec, OpenVPN және PPTP.

б) Сенімді VPN желілері. Бұл түрі тасымалдау ортасы сенімді болған жағдайларда қолданылады. Мұндай VPN шешімдерінің мысалдары: MPLS және L2TP. Бұл хаттамалар қауіпсіздікті қамтамасыз ету міндетін басқаларға ауыстырады деп айту дұрысырақ болар еді, мысалы, L2TP, әдетте, IPSec-пен бірге қолданылады.

2. Іске асыру әдісі бойынша: Арнайы бағдарламалық-аппараттық құралдар түріндегі VPN желілері. VPN желісін іске асыру бағдарламалық және аппараттық құралдардың арнайы жиынтығын қолдану арқылы жүзеге асырылады. Бұл іске асыру жоғары өнімділікті және, әдетте, қауіпсіздіктің жоғары деңгейін қамтамасыз етеді. VPN желілері бағдарламалық шешім ретінде. Олар VPN функционалдығын қамтамасыз ететін арнайы бағдарламалық жасақтамасы бар дербес компьютерді пайдаланады. Біріктірілген шешімі бар VPN желілері. VPN функционалдығы желілік трафикті сүзу, желіаралық қалқанды ұйымдастыру және қызмет көрсету сапасын қамтамасыз ету мәселелерін де шешетін кешенмен қамтамасыз етілген.

3. Мақсаты бойынша: Intranet VPN. Олар бір ұйымның бірнеше таратылған филиалдарын бір қауіпсіз желіге біріктіру, ашық байланыс арналары арқылы деректер алмасу үшін қолданылады.

Remote Access VPN. Олар корпоративтік желі сегменті (орталық кеңсе немесе филиал) мен үйде жұмыс істей отырып, үйдегі компьютерден корпоративтік ресурстарға қосылатын немесе іссапар кезінде корпоративтік ресурстарға қосылатын жалғыз пайдаланушы арасында қауіпсіз арна құру үшін пайдаланылады. ноутбук.

Extranet VPN. «Сыртқы» пайдаланушылар (мысалы, тұтынушылар немесе клиенттер) қосылатын желілер үшін пайдаланылады. Оларға деген сенім деңгейі компания қызметкерлеріне қарағанда әлдеқайда төмен, сондықтан соңғысының ерекше құнды, құпия ақпаратқа қол жеткізуіне жол бермейтін немесе шектейтін арнайы қорғаныс «сызықтарын» қамтамасыз ету қажет.

4. Протокол түрі бойынша: TCP/IP, IPX және AppleTalk үшін виртуалды жеке желілерді іске асыру бар. Бірақ бүгінде TCP/IP протоколына жалпы көшу үрдісі бар және VPN шешімдерінің басым көпшілігі оны қолдайды.

5. Желілік протокол деңгейі бойынша: ISO/OSI анықтамалық желі моделінің деңгейлерімен салыстыруға негізделген желілік протокол деңгейі бойынша.

VPN құрудың бірнеше нұсқасы бар. Опцияны таңдаған кезде VPN

құралының өнімділік факторларын ескеру қажет. Мысалы, егер маршрутизатор процессор қуатының шегінде жұмыс істеп тұрса, VPN туннельдерін қосу және ақпаратты шифрлау/шифрлауды қолдану бұл маршрутизатор қарапайым трафикті жеңе алмайтындығына байланысты бүкіл желіні тоқтата алады, VPN-ді былай қойғанда. Тәжірибе көрсеткендей, VPN құру үшін арнайы жабдықты қолданған дұрыс, бірақ егер қаражатта шектеу болса, онда сіз таза бағдарламалық шешімге назар аудара аласыз.

VPN желілері жалпыға қолжетімді Интернет арқылы деректерді туннельдеуге арналған хаттамаларды пайдалана отырып құрастырылады, ал туннельдеу протоколдары деректерді шифрлауды қамтамасыз етеді және пайдаланушылар арасында түпкілікті тасымалдауды қамтамасыз етеді.

Ақпаратты қорғау технологияларының жаңа әдістері мен шешімдері басқару жүйелерін тиімді әрі қауіпсіз етуге мүмкіндік береді. Жоғарыда көрсетілген технологиялар мен әдістер қазіргі қауіптерге жауап беруге және басқару жүйелеріндегі деректердің тұтастығы мен құпиялығын қамтамасыз етуге бағытталған. Олардың іске асырылуы ұйымдардың ақпараттық қауіпсіздігін бірнеше есе арттыра алады.

Cisco – ақпараттық қауіпсіздік саласында кең таралған шешімдер мен технологияларды ұсынатын әлемдегі жетекші компаниялардың бірі. Cisco өнімдері желілерді қорғау, деректер қауіпсіздігін сақтау және кибершабуылдардың алдын алу мақсатында қолданылады.

1. Cisco қауіпсіздік шешімдерінің негізгі санаттары

№	Қауіпсіздік шешімі	Қызметі	Мысалы
1	Желілік қауіпсіздік	Брандмауэрлер, шабуылдан қорғау	Cisco ASA, Cisco Firepower NGFW
2	Кіруді басқару (IAM)	Аутентификация және рұқсатты басқару	Cisco ISE, Cisco Duo Security
3	VPN және қашықтан қосылу	Қауіпсіз байланыс	Cisco AnyConnect, Cisco Secure Remote Worker
4	Инtruзияны анықтау және алдын алу (IDS/IPS)	Шабуылдарды анықтау және бейтараптандыру	Cisco Firepower IPS, Cisco Stealthwatch
5	Бұлттық қауіпсіздік	Бұлттық сервистердегі қауіпсіздік	Cisco Umbrella, Cisco CloudLock
6	DDoS шабуылдарынан қорғау	Желідегі трафикті қорғау	Cisco Secure DDoS Protection
7	Электрондық пошта мен веб қорғанысы	Фишинг және зиянды сайттардан қорғау	Cisco Secure Email, Cisco WSA

Cisco желісін пайдалану арқылы желілік қорғаныс жүйелерін тұрғызу — бұл бүгінгі күннің ең маңызды ақпараттық қауіпсіздік мәселелерінің бірі. Cisco компаниясы желілік құрылғылар мен шешімдер өндірушісі ретінде желілік қорғаныс жүйелерін жобалауда кеңінен қолданылатын түрлі құралдар мен технологияларды ұсынады.

Cisco желілік қорғаныс жүйелерін пайдалану арқылы қауіпсіздік

шараларын тиімді түрде жүзеге асыруға болады. Әрбір компонент (AI негізіндегі трафикті анықтау, DLP жүйелері, шифрлау) өзара интеграцияланып, қауіпсіздік деңгейін бірнеше есе арттырады. Cisco желісінің құралдары мен шешімдері басқару жүйелерінде ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін қажетті барлық мүмкіндіктерді ұсынады.

VPN (Virtual Private Network – виртуалды жеке желі) – бұл интернетке қосылған кезде деректерді шифрлау арқылы пайдаланушының жеке ақпаратын қорғауға мүмкіндік беретін технология. VPN қолдану арқылы сіз өзіңіздің интернет-трафигіңізді үшінші тараптардан жасырып, қауіпсіздікті қамтамасыз етеді.

VPN – интернетті қауіпсіз және анонимді пайдаланудың тиімді құралы. Деректерді шифрлау, IP-мекенжайды жасыру, қауіпсіз интернет байланысын қамтамасыз ету арқылы пайдаланушының жеке ақпаратын қорғайды. Дегенмен, сенімді VPN провайдерін таңдау маңызды, өйткені кейбір тегін қызметтер деректер қауіпсіздігін қамтамасыз етпеуі мүмкін.

VPN пайдалану – интернеттегі қауіпсіздігіңізді арттырудың маңызды қадамы.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. The History and Evolution of Intrusion Detection // SANS Institute. InfoSec Reading Room. URL: <https://www.sans.org/reading-room/whitepapers/detection/history-evolution-intrusion-detection-344>
2. Маркина Т.А. Средства защиты вычислительных систем и сетей. Учебное пособие. – СПб: Университет ИТМО, 2016. – 71 с.
3. Омельченко А. Управление доступом на основе ролей: преимущества, практика, особенности 2015. URL: <http://www.realitsm.ru/2015/06/upravlenie-dostupom-na-osnove-rolej-preimushhestva-praktika-osobennosti>
4. АНАЛИТИЧЕСКИЙ МАТЕРИАЛ. БОРЬБА С АТАКАМИ DDoS URL: http://www.cisco.com/web/RU/products/ps5887/products_white_paper0900aecd8011e927_.html
5. Воробьева А.А., Пантюхин И.С. История развития программно-аппаратных средств защиты информации. – СПб: Университет ИТМО, 2017. – 62 с.
6. Alagarsamy V. IoT – The Next Level of Terrorism 2016. URL: <https://www.linkedin.com/pulse/iot-next-level-terrorism-venkat-alagarsamy>.
7. July 2016 Cyber Attacks Statistics // HACKMAGEDDON. Information Security Timelines and Statistics. 2016. URL: <http://www.hackmageddon.com/2016/08/18/july-2016-cyber-attacks-statistics/>

8. RBAC is Dead – Now What?//he State of Security. News. Trends. Insights. 2015. URL: <http://www.tripwire.com/state-of-security/security-data-protection/security-controls/rbac-is-dead-now-what/>

FTAXP: 50.03

PYTHON ТІЛІНДЕ ДИСКІНІҢ АЙНАЛУ ЖЫЛДАМДЫҒЫН БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІН МОДЕЛЬДЕУ

Турсынтай Б.Е., Темирбек А.

Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті

Аңдатпа. Мақалада кері байланыс принципіне негізделген дискінің айналу жылдамдығын басқару жүйесі Python бағдарламалау тілінде модельденеді. Жұмыста басқару жүйесінің негізгі элементтері, олардың өзара әрекеттесуі және жылдамдықты тұрақтандыру процесі қарастырылады. Модельдеу нәтижелері жүйенің динамикалық сипатын және басқару тиімділігін көрсетеді.

Кілт сөздер: Дискінің айналу жылдамдығын басқару, кері байланыс, модельдеу, Python, пропорционал басқару құрылғысы.

Көптеген заманауи электрондық құрылғыларда дискінің тұрақты айналу жылдамдығын қамтамасыз ету маңызды. Мысалы ретінде, CD және винил диск ойнатқыштары, компьютердің дискілік жетектері, сондай-ақ басқа да дәлдікті қажет ететін жүйелерді айтуға болады. Бұл құрылғыларда диск айналымының жылдамдығы белгілі бір тұрақты мәннен ауытқымауы қажет. Мұндай ауытқулар қозғалтқышының тозуы, сипаттамаларының өзгеруі және басқа да сыртқы әсерлерден болады. Айналу жылдамдығын тұрақты мәнде ұстайтын басқару жүйесін синтездеу қажет.


Айналу қозғалысын жүзеге асыру үшін айналу жылдамдығы қолданылған кернеуге пропорционал болатын тұрақты ток қозғалтқышын қолданамыз. Қозғалтқыштың тиімді жұмыс істеуі үшін оған жеткілікті қуатты кіріс сигналы қажет. Сондықтан басқару жүйесіне күшейткіш құрылғыны қосу да міндетті.

Жүйені жүзеге асырудың екі нұсқасы қарастырылады: ашық контурлы және тұйық контурлы (кері байланысты) басқару жүйесі.

Ашық контурлы жүйе

Ашық контурлы жүйеде (1-сурет, а және б) дискінің қажетті жылдамдығына сәйкес келетін кернеу көзін пайдалану ұсынылады. Бұл

кернеу күшейтіліп, тікелей қозғалтқышқа беріледі. Бұл схема қарапайым әрі құрылымы жеңіл болғанымен, сыртқы әсерлер мен жүктеме өзгерістеріне бейім болады, себебі жүйеде кері байланыс жоқ. Демек, жылдамдықтағы өзгерістерді нақты бақылау мүмкін емес.





Сурет 1 – Дискінің айналу жылдамдығын басқарудың ашық контурлы жүйесі (а), жүйенің функционалдық схемасы (б)

Тұйық контурлы (кері байланысты) жүйе

Кері байланысты басқару жүйесінде (2-сурет, а және б) диск айналысының нақты жылдамдығын өлшейтін датчик қажет. Датчик ретінде айналу жылдамдығына пропорционал кернеу өндіретін тахогенератор қолдануға болады. Жүйеде тахогенератор сигналы кіріс сигналымен салыстырылады және олардың айырмасы негізінде қателік сигналы түзіледі. Бұл қате сигнал күшейтіліп, қозғалтқышқа беріледі, нәтижесінде жүйе өздігінен реттеліп, нақты жылдамдықты тұрақты деңгейде сақтайды.

Бұл тәсіл жүйенің сыртқы әсерлерге бейімделу қабілетін арттырады және дискінің тұрақты жылдамдықпен айналуын жоғары дәлдікпен қамтамасыз етеді.





Сурет 2 – Дискінің айналу жылдамдығын басқарудың тұйық контурлы жүйесі (а), жүйенің функционалдық схемасы (б)

Кері байланысты жүйе өзінің сипаттамалары бойынша ашық контурлы жүйеден асып түседі деп күтуге болады, себебі ол әрқашан қатені барынша азайтуға тырысады. Егер жүйе элементтері тұрақты сипаттамаларға ие болса, онда тұйық контурлы жүйеде ашық контурлы жүйенің ұқсас көрсеткішінен 100 есе асатын жылдамдықтың берілген мәнін ұстап тұру дәлдігіне қол жеткізуге болады.

Енді тұйық жүйенің математикалық моделін алайық.

1. Салыстыру элементі: қателік қажетті жылдамдық пен өлшенген жылдамдықтың айырмасы ретінде анықталады:

$$e(t) = r(t) - y_m(t)$$

2. Басқару құрылғысы (пропорционалды күшейткіш): басқару сигналы қателеге пропорционалды:

$$u(t) = K_p e(t)$$

Мұнда K_p - пропорционалды күшейту коэффициенті.

3. Күшейткіш: күшейткіш басқару сигналын K_a коэффициентіне көбейтеді:

$$u_d(t) = K_a u(t) = K_a K_p e(t)$$

Мұнда $u_d(t)$ - қозғалтқышқа берілетін кернеу.

4. Электрқозғалтқыш: қозғалтқышқа берілген кернеу моментке түрлендіріледі. Сонымен қатар, үйкеліс моменті айналуға қарсы әсер етеді:

$$\tau(t) = K_m u_d(t) - b \frac{dy(t)}{dt}$$

5. Диск (басқару объектісі): келесі теңдеумен сипатталады:

$$\frac{dy(t)}{dt} = \frac{K_m u_d(t) - by(t)}{J} = \frac{K_m K_a K_p (r(t) - y_m(t)) - by(t)}{J}$$

6. Тахогенератор (датчик): Нақты бұрыштық жылдамдықты кернеуге түрлендіреді:

$$y_m(t) = K_s y(t)$$

Жүйенің жалпы математикалық моделі: Жоғарыдағы теңдеулерді біріктіре отырып, жүйенің нақты жылдамдығының уақыт бойынша өзгеруін сипаттайтын дифференциалдық теңдеуді аламыз:

$$J \frac{dy(t)}{dt} + (b + K_m K_a K_p K_s) y(t) = K_m K_a K_p r(t)$$

Бұл модельді Python-да жүйенің өтпелі процестері арқылы талдауға мүмкіндік беретін бағдарлама кодының үзіндісінде жүйенің параметрлері келтірілген.


```
# Басқару параметрлері
Kp = 0.05 # Пропорционалды күшейту коэффициенті
setpoint_speed = 100 # Шартты жылдамдық бірлігі
inertia = 0.1 # Диск инерциясы
damping = 0.01 # Үйкеліс коэффициенті
dt = 0.1 # Уақыт қадамы
simulation_time = 50 # Модельдеу уақыты
time_points = [i * dt for i in range(int(simulation_time / dt))]

# Жүйе параметрлері
torque_factor = 1.0 # Басқару сигналынан моментке түрлендіру коэффициенті
tachogenerator_gain = 0.1 # Жылдамдықтан кернеуге түрлендіру коэффициенті


# Бастапқы мәндер
current_speed = 0
measured_speed_voltage = 0
speed_history = [current_speed]
setpoint_history = [setpoint_speed] * len(time_points)
control_signal_history = []
```

Сурет 3 – Python тіліндегі бағдарламадан үзінді


Модельдеу нәтижесінде басқару құрылғысының K_p - пропорционалды күшейту коэффициентінің әртүрлі мәндері кезіндегі жүйенің өтпелі процестерінің графиктері келтірілген. Графиктерден $K_p=1$ кезінде нақты жылдамдық 0,5с ішінде қажетті жылдамдыққа жақындап, оған жетеді, содан кейін сол мәнде қалады. Бұл пропорционалды басқару жүйесінің тиімді жұмыс істейтінін көрсетеді.



Сурет 4- $K_p=0,11$ кезіндегі жүйенің динамикасы



Сурет 5- $K_p=0,05$ кезіндегі жүйенің динамикасы



Сурет 6- $K_p=1$ кезіндегі жүйенің динамикасы

Бұл зерттеу жұмысында кері байланыс принципіне негізделген дискінің айналу жылдамдығын басқару жүйесі Python бағдарламалау тілінде сәтті модельденді. Модельдеу нәтижелері жүйенің жұмыс істеу принципін және қарапайым пропорционалды басқарудың мүмкіндіктерін көрсетеді. Python және matplotlib кітапханасы басқару жүйелерін модельдеу және талдау үшін қуатты құралдар болып табылады.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. Алиханов Д., Автоматика негіздері: Оқулық / Д.Алиханов, Ж. Шыныбай, А. Кулмахамбетова. - Астана: Фолиант, 2016.- 136 б.
2. Дорф Р.К., Заманауи басқару жүйелері: Оқулық / Р.К. Дорф. - Алматы, 2016.- 343 б
3. Меликов П.И. Python для аналитики данных. Практический курс [Текст]: Учебное пособие / П.И. Меликов. - Москва: Ай Пи Ар Медиа, 2023. - 426 с.
4. Python бағдарламалау тілі [Мәтін]: Оқу құралы / К.М. Беркимбаев, Г.Ж. Ниязова, С.С. Мауленов, Н.И. Байтерекова, Г.С. Искендірова. - Алматы: Adal, 2022. - 136 б.
5. Python тілінде программалау негіздері [Мәтін]: Оқу құралы / Г.З.Халықова, С.Н. Идрисов, Н.Т.Маликова, Г.Азат. - Алматы: Лантар books, 2022. - 316 б.

ГТАХР 27.01.45

ТЕОРИЯЛЫҚ БІЛІМДІ ПРАКТИКАМЕН ҰШТАСТЫРУДЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Джанысова Дарига Джанысовна

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, аға оқытушы

Қызылорда қ.

Андатпа: теориялық білімді практикамен ұштастыру мақсатында анықталған интегралды қолдану арқылы қисық сызықты трапецияның ауданын табуды мысалдардың көмегімен түсіндіру.

Аннотация: Объяснить на примерах, как найти площадь криволинейной трапеции с помощью определенного интеграла, чтобы объединить теоретические знания с практикой.

Abstract: Explain with examples how to find the area of a curved trapezoid using a specific integral to combine theoretical knowledge with practice.

Түйінді сөздер: интеграл, қисық сызықты трапеция, аудан, туынды, функция, нүкте, көлем, ұзындық.

Ключевые слова: интеграл, криволинейная трапеция, площадь, производная, функция, точка, объем, длина.

Keywords: integral, curved trapezoid, area, derivative, function, point, volume, length.

Техникалық-инженерлі мамандар даярлауда математика пәнін оқытудың мақсат негіздері-ол есептер шығаруда қажетті әртүрлі әдіс-тәсілдерінің қолданылу ерекшелігі болып табылатыны анық. Математика әр түрлі шамалар арасындағы байланыстарды зерттейтіні белгілі. Оның ішінде интеграл ұғымының кең қолдануының әсерінен оның негізгі мағынасын ашып және кейбір қолдануларын мысалдармен түсіндіру, тақырыпқа деген қызығушылықты тудыратыны сөзсіз. Интеграл ұғымы бір жағынан туындысы бойынша функцияны іздеу дегенді білдіреді. Мысалы: қозғалған нүктенің жүріп өткен жолын өрнектейтін функцияны сол нүктенің жылдамдығы бойынша табу және де аудан, көлем, доға ұзындығын өлшеу, күштің белгілі бір уақыт ішінде атқарған жұмысын табу, т.б. Осыған қатысты интеграл анықталған интеграл және анықталмаған интеграл болып ажыратылады. Міне, осыларды есептеу интегралдық есептеудің міндеті болып саналады. Біз сабақтарда анықталған интеграл ұғымымен танысып, оның геометриялық және физикалық есептерде қолданылуын жалпылай қарастырамыз, бірақ бұдан тақырыпқа деген қызығушылық арта қоймайды, өйткені, интегралдың қай салада, қай жерлерде қолдануын білмей, тек формулалар бойынша есептер шығарумен шектелеміз. Бұл

мақалада анықталған интегралдың геометрияда қолданылуын есептер шығару арқылы кеңірек түсіндірсек. Интегралдық есептеу-фигуралардың аудандарын есептеп табудың нәтижесінде пайда болғаны мәлім, яғни интегралдың геометриялық мағынасы- қисық сызықты трапецияның ауданын табу болып табылады. Берілген сызықтармен шектелетін фигураның ауданын табу үшін жазықтықта түзулер салу керек, олардың қиылысу нүктелерін табу керек, формуласын қолдану арқылы ауданын табу керек.

Бұл мақалада біз әдеттегі және кең таралған тапсырманы талдаймыз, яғни анықталған интегралды пайдаланып, қисық сызықты трапецияның ауданын қалай есептеуге болады, ол үшін тақырып бойынша нені білсек бізге жеткілікті болатынын анықтап алайық:

- 1) Анықталған интегралды кем дегенде орта деңгейде түсіну.
- 2) Ньютон-Лейбниц формуласын қолдана білу және анықталған интегралды есептеу.

Шындығында, фигураның ауданын табу үшін адамға анықталмаған және анықталған интеграл туралы соншалықты көп білім қажет емес.

Анықталған интегралдың геометриялық мағынасын пайдаланып кез келген жазық фигура ауданын есептеуге болады. Жоғарыдан үзіліссіз және теріс емес $y=f(x)$ функциясы графигімен, бүйір жақтарынан $x=a$, $x=b$ түзулерімен және төменнен Ox осінің $[a; b]$ кесіндісімен шектелген фигураны қисық сызықты трапеция деп атайды және оның ауданы a -дан b -ға дейін $f(x)$ функциясынан алынған интегралға тең екенін білеміз, яғни
$$S = \int_a^b f(x)dx = \int_a^b ydx$$
 формуласымен табылады. Қисық сызықты трапеция

ауданы табылатын жазық фигура болады.

Мысалдар келтірейік:

- 1-мысал. $x=0$, $x=\frac{\pi}{2}$, $y=0$, $y=\sin x$ болғанда қисық сызықты трапецияның

ауданын табу керек. Онда формула бойынша
$$S = \int_0^{\frac{\pi}{2}} \sin x dx = -\cos x \Big|_0^{\frac{\pi}{2}} = -(0-1) = 1$$

- 2-мысал. Қисық сызықты трапецияның ауданын табу керек, егер

$y=x^5$ және $y=x$. Қиылысуы нүктелері $A(0,0)$ және $B(1,1)$.

$$\text{Онда } S = \int_0^1 (x - x^5) dx = \frac{x^2}{2} \Big|_0^1 - \frac{x^6}{6} \Big|_0^1 = \frac{1}{2} - \frac{1}{6} = \frac{1}{3}$$

болады.

- 3-мысал. Қисық сызықты трапецияның ауданын табу керек, егер

$y^2 = 3x + 4$ және $x - y - 2 = 0$ болса. Алдымен қиылысу нүктелерін табамыз. Екі белгісізі бар теңдеулер жүйесін шешу бойынша қиылысуы нүктелері $A(0, -2)$ және $B(7, 5)$ екенін анықтаймыз. Сонда ізделінді қисық

сызықты трапецияның ауданы мынаған тең болады екен:

$$S = \int_{-2}^5 \left(y + 2 - \frac{y^2 - 4}{3} \right) dy = \left(\frac{y^2}{2} + \frac{10y}{3} - \frac{y^3}{9} \right) \Big|_{-2}^5 = 19 \frac{1}{18}.$$

Қорытынды: Жұмысты орындау барысында анықталған интегралдың геометриялық есептер шығаруда қолданылуы мысалдардың көмегімен түсіндірілді. Теориялық білімді практикамен ұштастыруға үйрену мақсатында анықталған интегралды қолдану арқылы қисық сызықты трапецияның ауданын табу мысалдары келтірілді. Интеграл ұғымының кең қолдануының әсерінен оның негізгі мағынасын ашып және кейбір қолдануларын мысалдармен түсіндіру, тақырыпқа деген қызығушылықты тудыратыны сөзсіз. Білім алушылардың пәнге деген қызығушылығын дамытуға бағытталған практикалық есептерді шешу- сабақтың сапасын арттырады, олардың белсенділігін қалыптастырады.

Әдебиеттер тізімі:

- 1.Қыраубаева А. М. Пәнді оқытудағы заманауи ізденістер: технология және жаңашылдық : оқу құралы / А.М. Қыраубаева, А.А. Қасымбек, Н.Қ. Мәтбек. - Алматы : Қазақ университеті, 2020. - 350 б.
Изучение влияния полученных островковых пленок серебра на люминесцентные характеристики антрацена показало, что присутствие наночастиц серебра приводит к значительному увеличению интенсивности флуоресценции антрацена в 2,5 раза, что связано с эффектом плазмонного резонанса и усилением электрического поля вблизи поверхности наночастиц. Время жизни возбужденного состояния молекул антрацена не изменяется, что подтверждает плазмонное усиление излучательного процесса.

Полученные результаты подтверждают, что наночастицы серебра способны эффективно модифицировать флуоресценцию молекул антрацена, что открывает перспективы для дальнейших исследований в области фотоники, сенсорных технологий и биомедицины.

Данное исследование демонстрирует значимость оптимизации условий синтеза наночастиц и их взаимодействия с молекулами люминофоров, что может стать основой для разработки новых материалов с улучшенными оптическими характеристиками.

Использованная литература

1. Gellé, A. et al. Applications of plasmon-enhanced nanocatalysis to organic transformations. *Chem. Rev.* 120, 986–1041 (2020).
2. Kazuma, E. & Kim, Y. Mechanistic studies of plasmon chemistry on metal catalysts. *Angew. Chem. Int. Ed.* 58, 4800–4808 (2019).
3. Zhan, C., Chen, X.-J., Huang, Y.-F., Wu, D.-Y. & Tian, Z.-Q. Plasmon-mediated chemical reactions on nanostructures unveiled by surface-enhanced Raman spectroscopy. *Acc. Chem. Res.* 52, 2784–2792 (2019).
4. Shi, X., Coca-López, N., Janik, J. & Hartschuh, A. Advances in tip-enhanced near-field Raman microscopy using nanoantennas. *Chem. Rev.* 117, 4945–4960 (2017).
5. Berweger, S., Atkin, J. M., Olmon, R. L. & Raschke, M. B. Light on the tip of a needle: plasmonic nanofocusing for spectroscopy on the nanoscale. *J. Phys. Chem. Lett.* 3, 945–952 (2012).
6. Guo, L. et al. Strategies for enhancing the sensitivity of plasmonic nanosensors. *Nano Today* 10, 213–239 (2015).
7. Yang, X., Yang, M., Pang, B., Vara, M. & Xia, Y. Gold nanomaterials at work in biomedicine. *Chem. Rev.* 115, 10410–10488 (2015).
8. Wang, C. & Astruc, D. Nanogold plasmonic photocatalysis for organic synthesis and clean energy conversion. *Chem. Soc. Rev.* 43, 7188–7216 (2014).
9. J. T. C. Lee, S. M. Lee, Y. H. Kim, et al. "A study on the photophysical properties of anthracene derivatives as potential fluorescent materials for optoelectronic applications". *Journal of Luminescence*, 2017. [DOI: 10.1016/j.jlumin.2017.07.016]
10. T. M. Miller, K. M. Watson, et al. "Organic light-emitting diodes (OLEDs) based on anthracene derivatives". *Organic Electronics*, 2018. [DOI: 10.1016/j.orgel.2018.01.014]
11. P. J. F. Harris, et al. "Anthracene-based materials for organic solar cells and sensor applications". *Journal of Materials Chemistry C*, 2019. [DOI: 10.1039/c9tc02499a]
12. D.P. Bhopate, P.G. Mahajan, K.M. Garadkar, G.B. Kolekar, S.R. Patil, Polyvinyl pyrrolidone capped fluorescent anthracene nanoparticles for sensing fluorescein sodium in aqueous solution and analytical application for ophthalmic samples, *Luminescence*. 30 (2015) 1055–1063, <https://doi.org/10.1002/bio.2858>.
13. J.S. Oliveira, E.J. Guidelli. Multitherapeutic nanoplatform based on scintillating anthracene, silver@anthracene, and gold@anthracene nanoparticles for combined radiation and photodynamic cancer therapies/*Materials Science & Engineering C* 126(2021)112122
14. Schouten, J. et al. "Anticancer and Scintillator Properties of Anthracene Derivatives." *Journal of Luminescence*, 2019.

15. Cheng, K., et al. "Development of anthracene-based scintillators for radiation detection." *Journal of Luminescence*, 2017.
16. G. Jha, P.K. Sahu, S. Panda, D.V. Singh, S. Patole, H. Mohapatra, M. Sarkar, Synthesis, photophysical studies on some anthracene-based ionic liquids and their application as biofilm formation inhibitor, *ChemistrySelect* 2 (2017) 2426–2432, <https://doi.org/10.1002/slct.201601964>.
17. Z. Yuan, S. Yu, F. Cao, Z. Mao, C. Gao, J. Ling, Near-infrared light triggered photothermal and photodynamic therapy with an oxygen-shuttle endoperoxide of anthracene against tumor hypoxia, *Polym. Chem.* 9 (2018) 2124–2133, <https://doi.org/10.1039/c8py00289d>.
18. S. Martins, J.P.S. Farinha, C. Baleizã, M.N. Berberan-Santos, Controlled release of singlet oxygen using diphenylanthracene functionalized polymer nanoparticles/ *Chem. Commun.* (2014) <https://doi.org/10.1039/c3cc48293f>.
19. M. Pramanik, N. Chatterjee, S. Das, K. Das Saha, A. Bhaumik, Anthracene-bisphosphonate based novel fluorescent organic nanoparticles explored as apoptosis inducers of cancer cells, *Chem. Commun.* 49 (2013) 9461–9463, <https://doi.org/10.1039/c3cc44989k>.
20. Mertens, M. et al. "Anthracene Derivatives for Cancer Therapy." *Bioorganic & Medicinal Chemistry Letters*, 2018.
21. Ma, X., et al. "Fluorescent anthracene-based probes for cellular imaging and cancer diagnostics." *Biomaterials*, 2016.
22. A. B. Feringa, et al. "Fluorescence properties of anthracene and its derivatives in the design of light-emitting devices". *Chemical Reviews*, 2015. [DOI: 10.1021/cr500313z]
23. Kadir Aslan, Zoya Leonenko, Joseph R. Lakowicz and Chris D. Geddes. Annealed silver-island films for applications in metal-enhanced fluorescence: interpretation in terms of radiating plasmons/ *Journal of Fluorescence*, Vol. 15, No. 5, September 2005 (© 2005) DOI: 10.1007/s10895-005-2970-z
24. Ю. А. Крутяков, А.А. Кудринский, А.Ю. Оленин, Г.В. Личискин. Синтез и свойства наночастиц серебра: достижения и перспективы/ *Успехи химии* 77 (3) 2008
25. M. G. Zhi, X. H. Zhong, et al. "Nanoparticles with controlled size and surface chemistry for efficient photocatalysis." *Journal of Nanoscience and Nanotechnology*, 2018.
26. A. C. Santos, J. A. Souza, et al. "Nanoparticle size and surface interaction in luminescent materials." *Journal of Luminescence*, 2017.
27. Liu, X., et al. "Plasmonic enhancement of fluorescence for sensor applications." **Journal of Materials Chemistry C*, 2016.
28. Saito, Y., et al. "Plasmon-enhanced fluorescence of organic dyes and its applications in bioimaging." **Scientific Reports*, 2017.
29. Zhang, J., et al. "Plasmonic enhancement of fluorescence and its applications in photonic devices." **Materials Today*, 2018.
30. O. Stranik, R. Nooney, C. McDonagh, B.D. MacCraith. *Plasmonics*, 2, 15 (2007)

31. M.W., J.R.Lakowicz, C.D.Geddes. J.Flourescence, 15, 53 (2005)
32. J.R.Lakowicz, B.P.Maliwal, J.Malicka, Z.Gryczynski, I.Gryczynski, J.Flourescence, 12, 431 (2002)
33. I-Y.S.Lee, H.Suzuki, K.Ito, Y.Yasuda. J. Phys. Chem. B, 108, 19368 (2004)
34. K.Aslan, P.Holly, C.D.Geddes. J. Mater. Chem., 16, 2846 (2006)
35. Зейниденов А.К., Ибраев Н.Х, Кучеренко М.Г. Исследование наночастиц серебра на электронные переходы в молекулах красителей и генерационные характеристики жидкостных лазеров на их основе/96 ВЕСТНИК ОГУ №9 (170) 2014
36. Брюханов В.В., Минаев Б.Ф., Цибульников А.В., Тихомирова Н.С., Слежкин В.А. Плазмонное усиление и тушение флуоресценции и фосфоресценции анионных и катионных красителей в различных средах/ Journal of Optical Technology, 535, 541.13(6)

КҮРІШ ҚАУЫЗЫ МЕН САБАНЫНАН БИОЧАР АЛУ

Бекхожаев М.Ғ. – Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, Инженерлі-технологиялық институты, Инжинирингтік технологиялар БББ, «Органикалық заттардың химиялық технологиясы» БББ 4-курс студенті.

Аппазов Н.О. - х.ғ.к., профессор. Қызылорда қаласы, 1200014, mbekhozhaev07@gmail.com

Кілт сөздер: биочар, күріш қауызы, күріш сабаны, термолиз, қайта өңдеу, тыңайтқыш, жаңартылатын отын.

Мақсаты: Күріш қауызы мен сабаны тәрізді ауылшаруашылық өсімдік қалдықтарынан биочар алу.

Аңдатпа: Биочар биомассаны термиялық өңдеу арқылы алынатын көміртекқұрамды материал, өзінің кеуекті құрылымына байланысты көптеген оң қасиетке ие, мысалы топырақтың қасиеттерін жақсартып ауа алмасуын, ылғал сақтауын, гумустың қалыптасуына оң әсер етеді, өсімдіктердің тамыр жүйесінің дамуын жақсартады. Күріш қауызы және сабанының термолизі түтікті пеште 300-500°C температурада азот атмосферасында іске асырылды. Термолиз өнімдері йод бойынша адсорбциялық белсенділік, су бойынша кеуектердің жинақтық көлемі, үйінділік тығыздық бойынша сипатталды.

Зерттеу әдістері: Алынған сорбенттің қасиеттері рентген-флуоресцентті спекторметрия, растрлы электронды микроскопия, калориметрия.

Зерттеу нәтижелері: Термолиз ұзақтығын арттырғанда сорбциялық сипаттамалар жақсарады, күріш сабанын 60 мин ұзақтықта және 300°C температурада термолиздегенде алынған биочар оңтайлы болып табылады, бұл жағдайда алынған өнімнің йод бойынша адсорбциялық белсенділігі 54,61%, су бойынша кеуектердің жинақтық көлемі 0,941 см³/г және үйінділік

тығыздығы 169,29 г/дм³ құрайды. Жұмыс ҚР ҒЖБМ BR21882415 бағдарламалық-нысаналы бағдарламасы аясында орындалды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Appazov N.O., Bazarbayev B.M., Assylbekkyzy T., Diyarova B.M., Kanzhar S.A., Magauiya S., Zhapparbergenov R.U., Akylbekov N.I., Duisembekov B.A. Obtaining biochar from rice husk and straw. News of the Academy of sciences of the Republic of Kazakhstan. – 2021. – V.1. – №445. – P.66-74 <https://doi.org/10.32014/2021.2518-1491.8>.
2. Аппазов Н.О., Дуйсембеков Б.А., Базарбаев Б.М., Диярова Б.М., Асылбеккызы Т., Магауия С.Б., Акылбеков Н.И., Жаппарбергенов Р.У., Курбанбаев А.И., Баимбетова Г.З. Патент на полезную модель №5759. Способ получения биочара из рисовой шелухи и соломы. Промышл. собственность. Офиц. бюлл. –2021. -№16.

Белсендірілген көмір алу технологиялары және қолданылатын шикізаттардың ерекшеліктері

Канжар С. А. Инженерлі-технологиялық институты, Инжинирингтік технологиялар БББ, «Бейорганикалық заттардың химиялық технологиясы» мамандығының 1-курс магистранты
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті

E-mail: sakenkanzhar@gmail.com

Аннотация: Белсендірілген көмір — жоғары адсорбциялық қасиеттері бар әмбебап сорбент. Ол газдарды, бу және сұйық орталарды тазарту, зиянды заттарды сіңіру және суды фильтрациялау үшін кеңінен қолданылады. Бұл зерттеуде белсендірілген көмір алу әдістері мен қолданылатын шикізаттар қарастырылды. Белсендірудің бу-газ, химиялық және термолиз әдістері зерттеліп, олардың ерекшеліктері анықталды. Со-термолиз әдісі әртүрлі шикізаттарды біріктіріп, белсендірілген көмірдің сапасын жақсартуға мүмкіндік беретіні дәлелденді.

Тірек сөздер: белсендірілген көмір, адсорбция, шикізат, термолиз, со-термолиз

Аннотация: активированный уголь-универсальный сорбент с высокими адсорбционными свойствами. Он широко используется для очистки газов, паровых и жидких сред, поглощения вредных веществ и фильтрации воды. В этом исследовании изучались методы получения активированного угля и

используемое сырье. Исследованы парогазовые, химические и термолитические методы активации, выявлены их особенности. Доказано, что метод Со-термолитиза позволяет комбинировать различные виды сырья и улучшать качество активированного угля.

Ключевые слова: активированный уголь, адсорбция, сырье, термолитиз, со-термолитиз

Annotation: Activated Carbon is a universal sorbent with high adsorption properties. It is widely used to purify gases, steam and liquid media, absorb harmful substances and filter water. In this study, methods for obtaining activated carbon and the raw materials used were considered. Steam-gas, chemical and thermolysis methods of activation were studied and their features were identified. It has been proven that the co-thermolysis method allows you to combine different raw materials and improve the quality of activated carbon.

Key words: activated carbon, adsorption, raw material, thermolysis, co-thermolysis

Зерттеу мақсаты: Белсендірілген көмірді алудың тиімді әдістерін анықтап, әртүрлі шикізаттардың әсерін зерттеу.

Зерттеу әдістері: Бу-газ және химиялық активтендіру, термолитиз және со-термолитиз технологиялары, сканерлеуші электронды микроскопия (SEM) және инфрақызыл-Фурье спектроскопиясы (FTIR)

Зерттеу нәтижелері: Зерттеу барысында әртүрлі шикізаттардан алынған белсендірілген көмір үлгілерінің кеуекті құрылымы, адсорбциялық қасиеттері және химиялық құрамы анықталды. Өсімдік қалдықтарынан алынған белсендірілген көмірдің кеуектілігі жоғары, ал көңнен алынған өнімнің күл мөлшері жоғары болды. Со-термолитиз әдісі арқылы алынған өнімдер жоғары сапалы, төмен күлді және жоғары адсорбциялық қабілетке ие екені анықталды.

Қорытынды: Зерттеу нәтижелері белсендірілген көмір алудың тиімді әдістерін көрсетіп, әртүрлі шикізаттарды қолданудың артықшылықтары мен кемшіліктерін анықтады. Со-термолитиз әдісі қалдықтарды тиімді қайта өңдеп, жоғары сапалы белсендірілген көмір алу мүмкіндігін береді. Бұл әдіс экологиялық тұрғыдан тиімді және экономикалық тұрғыдан үнемді шешім болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Appazov N., Diyarova B., Turmanov R., Zhapparbergenov R., Lygina O., Tapalova A., Saduakaskyzy K., Dzhiembaev B. Processing of rice husk and straw into activated carbon. Bulgarian Chemical Communications, Volume 53, Issue 3 (pp. 265 - 268) 2021; <https://doi.org/10.34049/bcc.53.3.0195>
2. Diyarova B., Appazov N., Bazarbayev B., Dzhiembaev B., Lygina O., Tapalova A.S. Production of activated carbon granulated by treatment of rice husk and straw with an oil sludge using polyvinyl acetate as a binder. Egyptian Journal of Chemistry. Vol. 66, No. SI 13 pp. 1871 - 1878 (2023). DOI: 10.21608/EJCHEM.2023.210552.7969

КҮРІШ ҚАУЫЗЫНАН НАТРИЙ АЛЮМОСИЛИКАТЫНЫҢ СИНТЕЗИ

Серикбаев М.С. – Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, Инженерлі-технологиялық институты, Инжинирингтік технологиялар БББ, «Органикалық заттардың химиялық технологиясы» мамандығының 4-курс студенті, Қызылорда қаласы, 120000, serikbaev_2016@mail.ru

Аппазов Н.О. – х.ғ.к., профессор, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, «Физика-химиялық талдау» әдістері ИБЗ бас ғылыми қызметкері, Қызылорда қаласы, 120000, nurasar.82@korkyt.kz

Кілт сөздер: күріш қауызы, натрий алюмосиликаты, адсорбент, алюминий сульфаты, натрий силикаты, йод бойынша адсорбциялық белсенділігі, рентген-флуоресцентті талдау, ИҚ спектроскопиясы, элементтік талдау.

Мақсаты: жоғарғы беттік ауданы мен ион алмасу қабілетіне байланысты әр түрлі салаларда табиғи және ағынды суларды тазарту үшін алюмосиликатты адсорбент жасау.

Аңдатпа: Күріш қауызынан натрий алюмосиликатын алу әдісі әзірленді, ол суды ауыр металдар мен органикалық ластаушы заттардан тазартуда тиімді. Әдіс экологиялық таза және үнемді, ауылшаруашылық қалдықтарын жою мәселесін шешеді.

Зерттеу нәтижелері:

1. Адсорбциялық белсенділік: йод бойынша максималды сорбциясы (81,2%) 700°C температурада қол жеткізіледі, содан кейін кеуектердің деградациясына байланысты белсенділік төмендейді.
2. Элементтік құрамы: SiO_2 , Al_2O_3 және Na_2O құрамы сорбциялық қасиеттерге әсер етеін температураға байланысты өзгереді.
3. ИҚ спектроскопиясы: Si-O-Si, Al-O-Si және Si-OH функционалды топтары бар алюминий силикат құрылымы расталды.
4. Бетінің морфологиясы: Талдау 700°C температурада сорбция үшін оңтайлы 0,1–1 мкм кеуекті құрылымды көрсетеді.

Қорытынды: Күріш қауызынан натрий алюмосиликатын синтездеу әдісі суды тазарту үшін экологиялық таза адсорбентті тиімді алуға мүмкіндік береді. 700°C температурада материал максималды сорбциялық белсенділікке жетеді, бұл оны суды тазартуға және катализатор ретінде пайдалы етеді. Күріш қауызын пайдалану ауылшаруашылық қалдықтарын жою мәселесін шешеді.

Қолданылған әдебиеттер

1. Аппазов Н.О., Айсауытова З.Ж., Ахатаев Н.А., Сыздыкбаев М.И., Өтен Д.С. Патент на полезную модель №6951. Способ получения адсорбента

на основе силиката кальция. Промышл. собственность. Офиц. бюлл. – 2022. - №11

2. Аппазов Н.О., Айсауытова З.Ж., Сыздыкбаев М.И., Ахатаев Н.А. Патент на полезную модель №5305. Способ получения силикатного адсорбента. Промышл. собственность. Офиц. бюлл. – 2020. - №33

Жұмыс Ғылым және жоғары білім министрлігінің BR21882415 бағдарламалық-нысаналы бағдарламасы аясында орындалды.

КҮРІШ ҚАУЫЗЫНАН ГИДРОТЕРМИЯЛЫҚ КАРБОНИЗАЦИЯ АРҚЫЛЫ ГИДРОЧАР АЛУ

Тойбазарова А.Б. – п.ғ.м., Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, «Физика-химиялық талдау» әдістері ИБЗ ғылыми қызметкері, ,
Қызылорда қаласы, 120000.

E-mail: toibazarovaaltynkul@gmail.com

Аңдатпа. Бұл зерттеу жұмысы күріш қауызы сияқты ауыл шаруашылығы қалдықтарын гидротермиялық карбонизациялау арқылы өңдеуді қарастырады. Гидротермиялық карбонизация (ГТК) – биомассадан жоғары калориялық құндылығы мен кеуектілігі бар көміртекті материал алу үшін қолданылатын инновациялық әдіс. Жұмыста күріш қауызының ГТК үдерісі әртүрлі температуралық және уақыттық шарттарда зерттелді.

Алынған гидрокөмірдің физика-химиялық қасиеттері (кеуектілік, тығыздық, адсорбциялық белсенділік, химиялық құрамы) талданды. Зерттеу нәтижелері 800°C температурада көміртегінің жоғары мөлшері (41,22%) және йод бойынша ең жоғары адсорбциялық белсенділік (63,37%) анықталғанын көрсетті.

Алынған гидрокөмір суды және ауаны тазарту, топырақ құрамын жақсарту, сондай-ақ биоотын ретінде пайдалану үшін экологиялық және экономикалық тұрғыдан перспективалы материал болып табылады.

Тірек сөздер: гидрочар, гидротермалды карбонизация, күріш қауыздары, ауыл шаруашылығы қалдықтары, сорбент.

Annotation. This research paper deals with the treatment of agricultural waste such as rice husks by hydrothermal carbonization. Hydrothermal carbonization (GTK) is an innovative method used to obtain a carbon material with high calorific value and porosity from biomass. In the work, the process of GTC of rice husk was studied under different temperature and time conditions.

The physico-chemical properties (porosity, density, adsorption activity, chemical composition) of the resulting hydrocarbon were analyzed. The results of the study showed that at a temperature of 800°C, a high carbon content (41.22%) and the highest adsorption activity in terms of iodine (63.37%) were detected.

The resulting hydrocarbon is an environmentally and economically promising material for water and air purification, improving soil composition, as well as for use as biofuels.

Key words: hydrochar, hydrothermal carbonization, rice husks, agricultural waste, sorbent.

Зерттеу мақсаты: Күріш қауызынан гидротермалды карбонизация әдісі арқылы гидрочар алу процесін жасау және оңтайландыру, сондай-ақ алынған өнімнің физика-химиялық қасиеттерін және адсорбциялық ерекшеліктерін зерттеу.

Зерттеу әдістері: Күріш қауызы гидротермиялық карбонизация әдісі арқылы өңделіп, алынған гидрокөмірдің физика-химиялық қасиеттері зерттелді. Бұл мақсатта келесі зерттеу әдістері қолданылды:

1. *Шикізатты дайындау*

- Күріш қауызы ағынды және тазартылған сумен жуылып, шаң мен кірден тазартылды.
- Тазартылған қауыз 105°C температурада кептіргіш шкафында 24 сағат бойы кептірілді.
- Кептірілген материал ұсақталып, тәжірибелерге дайындалды.

2. *Гидротермиялық карбонизация*

- 40 грамм күріш қауызына 40 мл су қосылып, қоспа SNOL 3/1100 LHM01 пешінде 230°C-тан 800°C-қа дейінгі температураларда 1 сағат бойы өңделді.
- Реакция аяқталған соң, пеш бөлме температурасына дейін салқындатылды.
- Алынған гидрокөмір ұнтақталып, зерттеулерге дайындалды.

3. *Физикалық және химиялық қасиеттерді анықтау*

- *Кеуектілік пен құрылымдық талдау:* Алынған гидрокөмірдің құрылымы мен кеуектілігі сканерлеуші электронды микроскоп (СЭМ) арқылы зерттелді. Өртүрлі температурада алынған үлгілердің микрофотографиялары құрылымның өзгерісін бағалау үшін қолданылды.
- *Элементтік құрамды талдау:* NEX CG Rigaku рентгендік флуоресцентті спектрометрі арқылы гидрокөмірдің химиялық құрамы анықталды (SiO₂, K₂O, CaO, Fe₂O₃ және т.б.).
- *Тығыздықты өлшеу:* Тығыздық гидрокөмірдің көлеміне қатысты массасын өлшеу арқылы анықталды.

- *Йод бойынша адсорбциялық белсенділік:*
Йод адсорбциясы бойынша гидрокөмірдің сорбциялық қасиеттері зерттелді. Бұл көрсеткіш материалдың кеуектілік деңгейін бағалауға мүмкіндік берді.
- *Күлділік пен ылғалдылықты анықтау:*
Көмірдің күл құрамын және ылғалдылық деңгейін анықтау үшін муфельді пеште кептіру және өлшеу әдісі қолданылды.

4. Температураның әсерін зерттеу

- Алынған гидрокөмір әртүрлі температуралық шарттарда салыстырылып, температураның өнім шығымы, кеуектілік және химиялық құрамға әсері бағаланды.

Зерттеу нәтижесі.

Карбонизация уақыты температураға байланысты 1-ден 4 сағатқа дейін өзгерді (230°C-тан 800°C-қа дейін). 800°C температурада және 60 минуттық реакция уақыты кезінде көміртектің ең жоғары шығымы (41,22%) және йод бойынша адсорбциялық белсенділік 63,37% болды.

800°C температурада алынған гидрочар ең жоғары кеуектілік пен сорбциялық қасиеттерді көрсетті, бұл электронды микроскопия деректерімен расталды. Карбонизация температурасының артуы кеуектіліктің өсуіне және гидрочардың физикалық қасиеттерінің жақсаруына әкелді.

Элементтік құрамға жасалған талдау нәтижесінде SiO₂ мөлшері 230°C-та 11,59%-дан 800°C-та 25,81%-ға дейін артқаны анықталды.

Қорытынды: Зерттеу нәтижесінде күріш қауызын өңдеу арқылы тиімді сорбент алу әдісі ұсынылды. Бұл әдіс ауыл шаруашылығы қалдықтарын қайта өңдеу арқылы экологиялық жүктемені азайтып, құнды өнім алуға мүмкіндік береді. Алынған гидрочар суды тазарту үшін адсорбент ретінде қолданыс табуы мүмкін. Жұмыс Ғылым және жоғары білім министрлігінің BR21882415 бағдарламалық-нысаналы бағдарламасы аясында орындалды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. A. Khosravi, H. Zheng, Q. Liu, M. Hashemi, Y. Tang, B. Xing, Chemical Engineering Journal, 430 (4), 133142 (2022). DOI: <https://doi.org/10.1016/j.cej.2021.133142>.
2. M. Kordi, N. Farrokhi, M.I. Pech-Canul, A. Ahmadikhah, Rice Science, 31 (1), 14 (2024). DOI: <https://doi.org/10.1016/j.rsci.2023.08.005>.
3. S. Masoumi, V.B Borugadda, S. Nanda, A.K.Dalai, Catalysts, 11 (8), 939 (2021).

КҮРІШ ҚАУЫЗЫН КАЛЬЦИЙ СИЛИКАТЫНА ӨНДЕУ ЖӘНЕ ОНЫҢ СОРБЦИЯЛЫҚ ҚАСИЕТТЕРІН ЗЕРТТЕУ

*Төлегенқызы М. – Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті,
Инженерлі-технологиялық институты, Инжинирингтік технологиялар
БББ-ның 2-курс магистранты*

meruert.tolegenkyzy22@gmail.com

Анотация: Бұл зерттеуде күріш қауызын кальций силикатына өңдеу арқылы жаңа экологиялық таза сорбент алынып, оның сорбциялық қасиеттері зерттелді. Күріш қауызынан натрий силикаты алынған соң, кальций хлоридімен өңделіп, кальций силикаты синтезделді. Алынған материалдың сорбциялық белсенділігі сулы ерітінділерден ауыр металл иондарын сорбциялау арқылы бағаланды. Эксперимент нәтижелері кальций силикатының тиімді сорбент ретінде қолданылу әлеуетін көрсетті, бұл әсіресе ауыр металдармен ластанған су көздерін тазарту үшін маңызды.

Кілт сөздер: күріш қауызы, кальций силикаты, сорбент, ағын суларды тазалау

Анотация: В этом исследовании путем переработки рисовой шелухи в силикат кальция был получен новый экологически чистый сорбент и исследованы его сорбционные свойства. После получения силиката натрия из рисовой шелухи его обрабатывали хлоридом кальция и синтезировали силикат кальция. Сорбционную активность полученного материала оценивали путем сорбции ионов тяжелых металлов из водных растворов. Результаты эксперимента показали потенциал использования силиката кальция в качестве эффективного сорбента, что особенно важно для очистки источников воды, загрязненных тяжелыми металлами.

Ключевые слова: рисовая шелуха, силикат кальция, сорбент, очистка сточных вод

Annotation: In this study, by processing rice husks into calcium silicate, a new environmentally friendly sorbent was obtained and its sorption properties were investigated. After obtaining sodium silicate from rice husks, it was treated with calcium chloride and calcium silicate was synthesized. The sorption activity of the obtained material was evaluated by sorption of heavy metal ions from aqueous solutions. The results of the experiment showed the potential of using calcium silicate as an effective sorbent, which is especially important for cleaning water sources contaminated with heavy metals.

Key words: rice husk, calcium silicate, sorbent, wastewater treatment

Мақсаты: Күріш қауызынан кальций силикаты негізіндегі экологиялық таза сорбент алу және оның сорбциялық қасиеттерін зерттеу.

Жұмыстың міндеттері:

Күріш қауызын әртүрлі градуcта кальций силикатына өңдеу;
Алынған материалдың йод бойынша адсорбциялық белсенділігін анықтау;

Сорбент үшін оңтайлы өңдеу температурасын анықтау.

Зерттеу әдістері: Синтез процесі әртүрлі температураларда жүргізілді (300-900°C). Алынған сорбенттің қасиеттері рентген-флуоресцентті спектрометрия, растрлы электронды микроскоп және ГОСТ 6217-74 стандарты бойынша йод адсорбциясын анықтау арқылы зерттелді.

Зерттеу нәтижелері:

- 700°C температурада өңделген сорбенттің йод бойынша адсорбциялық белсенділігі ең жоғары ($A = 56\%$) болды.
- Сорбенттің ауыр металдарды сулы ортадан тиімді сорбциялау қасиеті анықталды.

Қорытынды: Зерттеу барысында күріш қауызын қайта өңдеу арқылы алынған кальций силикатының ауыр металдарды адсорбциялау қабілеті жоғары екені дәлелденді. Бұл материалды ағын суларды тазарту үшін қолдану экологиялық және экономикалық тұрғыдан тиімді әдіс болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Patil N. B., Sharanagouda H. Rice husk and its applications: Review. International Journal of Current Microbiology and Applied Sciences, 2017.
2. Pham Thi Mai Thao, Kiyo H. Kurisu, Keisuke Hanaki. Greenhouse gas emission mitigation potential of rice husks for the An Giang Province, VietNam. Biomass and Bioenergy, 2011.
3. Handayani L., Aprilia S., Abdullah, et al. Sodium Silicate from Rice Husk Ash and Their Effects as Geopolymer Cement. Polymers, 2022.
4. Shukla S.S., Chava R., Appari S., et al. Sustainable use of rice husk for the cleaner production of value-added products. J. Environ. Chem. Eng., 2022

КҮРІШ САБАНЫНАН ЦЕЛЛЮЛОЗА АЛУ ТӘСІЛІ

Еспанова И.Д. – экология магистрі, Аппазов Н.О. – к.х.н., профессор, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, «Физика-химиялық талдау әдістері» ИБЗ ғылыми қызметкері, Қызылорда қаласы, 120000, indirka.25@mail.ru

Кілт сөздер: күріш сабаны, целлюлоза, аса жоғары жиілікті сәулелену.

Мақсаты. Күріш сабанын өңдеу арқылы целлюлозаны алу.

Аңдатпа. Бұл жұмыста күріш жинау кезінде көп мөлшерде пайда болатын ауылшаруашылық қалдығы, күріш сабанын өңдеу арқылы целлюлозаны алу әдістері зерттелді. Күріш сабанынан целлюлоза алудың оңтайлы жағдайын табу үшін, десиликациялау процесі натрий гидроксиді ерітіндісімен 5-40 минут ішінде 100-180 Вт қуаттылықта аса жоғары жиілікті сәулелену жағдайында жүргізілді. Десиликация процесінен кейін, алынған өнім делигнификацияланады, ол үшін аммоний молибдатының (целлюлозаның 0-5 мас.%) қатысуымен, сірке қышқылы мен сутегі пероксиді 1:1 қатынас қоспасымен, 5-40 минут ішінде, 100-180 Вт аса жоғары жиілікті сәулелену қуаттылық жағдайында жүргізілді. Алынған массаны ағарту үшін натрий гипохлоритінің концентрлі ерітіндісі қолданылды. Соңында, алынған целлюлозаның шығымы – 42,7-70,3 мас.% құрайды. Десиликация және делигнификация арқылы, аммоний молибдатының қатысуымен және натрий гипохлоритін қоспай, 15 минут ішінде 180 Вт қуатпен аса жоғары жиілікті сәулелену арқылы алынған целлюлоза оңтайлы болып табылады.

Зерттеу нәтижесі. Күріш сабанын өңдеу арқылы целлюлозаны алудың оңтайлы жағдайы анықталды. Тәжірибелік зерттеулер нәтижесінде күріш сабанын өңдеу арқылы алынған целлюлозаның, альфа-целлюлоза мөлшері анықталды.

Қорытынды. Зерттеу нәтижесінде күріш сабанын өңдеу арқылы целлюлоза алу әдісі ұсынылды, бұл әдіс ауылшаруашылық қалдықтарын қайта өңдеу арқылы экологиялық жағдайды жақсартуға, тұрақты дамуға ықпал етеді және құнды өнім алуға мүмкіндік береді. Зерттеу AP26104047 жобасы аясында орындалды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Еспанова И.Д., Ниязова Д.Ж., Канжар С.А., Бекхожаев М.Ғ., Аппазов Н.О. Переработка рисовой соломы в целлюлозу//Материалы IV международной научно-практической конференции «Science & Business-2024». Алматы, 2024. – С. 87-94.

2. Патент на полезную модель №7699. Аппазов Н.О., Еспанова И.Д., Ниязова Д.Ж., Молданазар А.А., Турманов Р.А., Жаппарбергенов Р.У., Акылбеков Н.И., Аппаз А.Н., Любчик С., Любчик С., Любчик А., Хосе

Оливейра Сантос, Сапарова Г.Т., Махсутбекова А.Ұ. Способ получения целлюлозы из рисовой соломы. Бюл. №52 Опул. 30.12.2022

ПОЛУЧЕНИЕ МОНОГЛИЦЕРИДОВ ЖИРНЫХ КИСЛОТ ИЗ РИСОВОГО МАСЛА

*Алимхан Б.Г. - магистрант 1 курс., Аппазов Н.О. – к.х.н профессор,
Қызылординский университет им Коркыт Ата «Инжиниринговые
технологии и экология» город Қызылорда: 120000 ; Beка_233@mail.ru*

Ключевые слова: синтез моноглицеридов, масло риса, глицеролиз, глицерин, диглицериды, триглицериды, чистота моноглицеридов.

Цель исследования: получение продуктов из рисового масла, содержащих 90% моноглицеридов, которые широко используются во многих отраслях.

Аннотация: Исследование посвящено синтезу моноглицеридов из рисового масла методом глицеролиза, с последующей очисткой и концентрированием продукта. Моноглицериды являются сложными эфирами глицерина и жирных кислот, используемыми в пищевой и фармацевтической промышленности в качестве эмульгаторов и стабилизаторов. Реакция глицеролиза проводилась в лабораторных условиях, где в реакторе смешивались рисовое масло, глицерин и различные катализаторы (NaOH, CaO) при температуре 200-240 °C в течение 4 часов. Для концентрирования моноглицеридов применялась молекулярная дистилляция, позволяющая отделить ди- и триглицериды. В качестве катализаторов использовались NaOH, KOH и CaO, которые обеспечивали различные выходы целевого продукта.

Результат исследования: Химический состав конечного продукта определялся с использованием газового хроматографа Agilent 5975C, что позволило точно определить содержание моноглицеридов и сопутствующих веществ. В лучшем случае, содержание моноглицеридов в конечном продукте достигло 93 %, при использовании гидроксида калия (KOH) и оксида кальция (CaO) в качестве катализаторов.

Заключение: Метод глицеролиза рисового масла, в сочетании с молекулярной дистилляцией, является эффективным для получения высококачественных моноглицеридов. Продукт с высокой чистотой можно использовать как функциональную добавку в пищевой и фармацевтической промышленности. Выполнен по проекту № AP23490056.

Список использованных источников

1 Appazov N.O., Syzdykbayev M.I., Appaz A.N., Nazarov E.A., Darmagambet K.Kh., Balykbayeva G.T., Abzhalelov B.B., Askarova G.Sh., Kim Yu.A. Microwave activation of isovaleric acid monoglyceride synthesis and its

antimicrobial activity. Bulgarian Chemical Communications, Volume 56, Issue1 (pp. 9-13) 2024. P. 9-13. DOI: 10.34049/bcc.56.1.5611

2. Лебедев Н.Н. Химия и технология основного органического и нефтехимического синтеза: Учебник для вузов. – М.: Химия, 1988. – 592 с.

ФУЛЛЕРЕН МЕН ФЛАВОНОИДТАР ТАНДЕМІ РЕАКЦИЯСЫ НӘТИЖЕСІНДЕ СУДА ЕРИТІН ҚОСЫЛЫСТАР СИНТЕЗІ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ БИОЛОГИЯЛЫҚ ҚАСИЕТТЕРІ

Ниязова Д.Ж. –п.ғ.м.,Аппазов Н.О. – к.х.н профессор.Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, «Физика-химиялық талдауәдістері» ИБЗ ғылыми қызметкері, Қызылорда қаласы, 120000,din_bota.87@mail.ru

Кілт сөздер: фитоматериалдар, наноматериалдар(НМ), фуллерен C60, дигидрокверцетин(ДГК).

Мақсаты: Наноматериалдармен модификацияланған фитоматериалдар негізінде амилоидты фибрилдердің ингибиторларын әзірлеу.

Аңдатпа. Бұл зерттеу фуллерен мен флавоноидтардың тандем реакциясы арқылы суда еритін жаңа қосылыстар синтезіне және олардың биологиялық қасиеттеріне бағытталған. Зерттеу нәтижесінде алынған өнім деменцияға алып келетін амилоидты фибрилдердің ингибиторы бола алатындығы дәлелденді.

Зерттеу нәтижесі. 1) 15 мл бензолдағы 15 мг фуллерен C60 ерітіндісіне 10 мл этанолдағы 139 мг ДГК ерітіндісі қосылды. Реакция қоспасы $t = 60^{\circ}\text{C}$ дейін қыздырылды және магниттік араластырғышта 24 сағат бойы араластырылды. Бөлме температурасына дейін салқындағаннан кейін реакцияға түспеген C60 фуллерені бөлінді, ол реакция ыдысының қабырғаларында бөлінеді. Еріткіштер айналмалы буландырғыштағы вакуумда бөлінді. Құрғақ қалдық тазартылған суда ериді және сүзіледі. Өнім- қоңыр түсті. Шығымы 47 %.

2) Тәжірибе алдыңғы әдіс бойынша жүргізілді, бірақ 70°C температурада 12 сағат ұзақтықпен UWave-2000 (220V/50Hz) маркалы микротолқынды реакторда жүргізілді. Өнім шығымы 83 %.

Қорытынды. Алдын-ала зерттеулерде C60 бар ДГК еритін кешен алынды. [C60-DHQ] кешені суда жоғары ерігіштігін және Альцгеймермен Паркинсон ауруларымен байланысты амилоидты фибрилдердің түзілуін тежейтін in-vitro маңызды биологиялық белсенділігін көрсетті. Бұл зерттеу Еуропалық Одақтың Horizon 2020 PhytoAPP EU (2021-2025) бағдарламасы аясында Мария Склодовская-Кюри 101007642 гранттық келісімі шеңберінде орындалды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Korobov M. V., Smith A. L. Solubility of fullerenes. — JOHN WILEY &

SONS, New York, 2000. — 53 p.

2. Semenov K.N., Charykov N.A., et al. Solubility of light fullerenes in organic solvents // J. Chem. Eng. Data. — 2010. — V. 55, No. 1. — P. 13–36.

СЕКЦИЯ № 5

РАДИАЦИОННАЯ ЭКОЛОГИЯ И ТЕХНОСФЕРНАЯ БЕЗОПАСНОСТЬ

ГТАХР: 86.33

МҰНАЙ-ГАЗ КЕШЕНІ КӘСІПОРЫНДАҒЫ ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАҒАЛАУ

Н. Б.Ермуханова, Ж.С.Жалел, М.Н.Бекенов

*Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, Қызылорда,
Қазақстан*

Аңдатпа. Мақалада мұнай-газ кешені кәсіпорындарындағы тәуекелдерді бағалау мәселелері қарастырылады. Өндірістік, экологиялық, экономикалық және технологиялық тәуекелдердің негізгі түрлері талданады. Сонымен қатар тәуекелдерді бағалаудың сапалық және сандық әдістері сипатталып, оларды басқару және төмендету стратегиялары ұсынылады. Зерттеу нәтижелері мұнай-газ саласындағы қауіпсіздік деңгейін арттыруға және өндірістік процестердің тұрақтылығын қамтамасыз етуге бағытталған.

Кілт сөздер: тәуекел, сапалық және сандық бағалау, интеграциялық тәсілдер, өндірістік тәуекел, мұнай-газ кешендері, қауіп-қатер.

Аннотация. В данной статье рассматриваются вопросы оценки рисков на предприятиях нефтегазового комплекса. Анализируются основные виды рисков: производственные, экологические, экономические и технологические. Также описаны качественные и количественные методы оценки рисков, предложены стратегии их управления и снижения. Результаты исследования направлены на повышение уровня безопасности в нефтегазовой отрасли и обеспечение устойчивости производственных процессов.

Ключевые слова: риск, качественная и количественная оценка, интеграционные подходы, производственный риск, нефтегазовые комплексы, опасность.

Annotation. This article examines risk assessment issues in oil and gas enterprises. The main types of risks: industrial, environmental, economic, and technological are analyzed. Qualitative and quantitative risk assessment methods are described, and strategies for their management and mitigation are proposed. The research results aim to enhance safety levels in the oil and gas sector and


ensure the stability of production processes.

Keywords: *risk, qualitative and quantitative assessment, integration approaches, production risk, oil and gas complexes, danger.*

Мұнай-газ өнеркәсібі әлемдік экономикада маңызды рөл атқарады, бірақ бұл салада тәуекелдер деңгейі өте жоғары. Өндірістік процестердің күрделілігі, қауіпті материалдармен жұмыс істеу, қоршаған ортаға әсер және экономикалық тұрақсыздық бұл саладағы негізгі қауіптерді арттырады. Мұнай-газ саласында тәуекелдер барлау, бұрғылау, өндіру, тасымалдау, өңдеу және сақтау сияқты кезеңдердің барлығында кездеседі. Бұл тәуекелдер жұмысшылардың қауіпсіздігіне, қоршаған ортаға, өндірістік жабдықтардың тұрақты жұмысына және кәсіпорындардың қаржылық жағдайына тікелей әсер етеді. Тәуекелдерді уақтылы анықтау және оларды басқарудың тиімді әдістерін қолдану өндірістің қауіпсіздігін қамтамасыз ету және экономикалық шығындарды азайту үшін маңызды. Тәуекелдерді басқару стратегиялары алдын алу шараларын, технологиялық жаңартуларды, нормативтік талаптарды сақтауды және тәуекелдерді болжау жүйелерін қамтиды. Мұнай-газ кешені кәсіпорындарында өндірістің барлық кезеңдерінде түрлі тәуекелдер туындайды. Негізгі тәуекелдер өндірістік, экологиялық, экономикалық және технологиялық болып бөлінеді.

Өндірістік тәуекелдер – мұнай-газ кәсіпорындарында кездесетін маңызды қауіптердің бірі. Бұл тәуекелдер өндірістік процестердің күрделілігімен, қауіпті материалдармен жұмыс істеумен және технологиялық жабдықтардың жоғары қысым мен температура жағдайында жұмыс істеуімен байланысты. Мұнай мен газ жанғыш заттар болғандықтан, өндірісте жарылыс және өрт қаупі жоғары. Құбыр жүйелеріндегі ақаулар, газдың ағуы немесе электр жабдықтарының қысқа тұйықталуы үлкен апаттарға әкелуі мүмкін. Сонымен қатар өндірістік жабдықтардың істен шығуы да қауіп төндіреді. Бұл техникалық тозу, коррозия немесе дұрыс пайдаланбау салдарынан орын алады, ал уақытылы жөндеу жүргізілмесе, өндірістің тоқтауына немесе апатты жағдайларға алып келуі мүмкін. Жұмысшылардың қателіктері, тәжірибенің жетіспеушілігі және қауіпсіздік ережелерін сақтамауы да тәуекел деңгейін арттырады. Құбырлар, бұрғылау қондырғылары мен резервуарлардың механикалық зақымдануы құрылымдық бұзылыстарға әкеліп, экологиялық және өндірістік шығындарға себеп болуы мүмкін. Бұл тәуекелдерді азайту үшін қауіпсіздік техникасын сақтау, жаңа технологияларды енгізу және өндіріс процестерін үнемі бақылау қажет [1-2].

Өндіріс қауіпсіздігін арттыру тұрғысынан ең маңыздысы: қауіпті анықтау процедуралары мен тәуекелді азайту шаралары. Мұнай-газ өнеркәсібінде персонал денсаулығына қандай да бір дәрежеде әсер етуі мүмкін тәуекелдердің келесі түрлерін анықтауға болады (1-сурет).



Сурет 1 - Өндірістік тәуекелдердің жіктелуі

Өндірістік тәуекелдерді азайту үшін қауіпсіздік техникасын сақтау, жаңа технологияларды енгізу және өндіріс процестерін үздіксіз бақылау қажет. Бұл тәуекелдерді тиімді басқару жұмысшылардың денсаулығы мен өмірін қорғауға, өндірістің үзіліссіз жүруін қамтамасыз етуге және қаржылық шығындарды азайтуға мүмкіндік береді.

Экологиялық тәуекелдер – мұнай-газ саласындағы кәсіпорындардың қоршаған ортаға тигізетін кері әсерімен байланысты қауіптер. Өндіріс барысында атмосфераға зиянды газдар бөлініп, жер, су ресурстары ластануы мүмкін. Әсіресе, мұнайдың теңізге немесе жерге төгілуі экожүйелерге үлкен зиян келтіреді, ал бұндай апаттардың салдарын жою ұзақ уақыт пен үлкен қаржылық шығындарды талап етеді. Атмосфераға көмірқышқыл газы мен метанның бөлінуі климаттың өзгеруіне ықпал етеді, ал өндіріс қалдықтарының дұрыс өңделмеуі топырақтың құнарсыздануына және өсімдіктер мен жануарлар әлемінің жойылуына себеп болуы мүмкін. Экологиялық тәуекелдерді төмендету үшін мұнай-газ кәсіпорындары заманауи тазарту технологияларын енгізіп, қоршаған ортаны қорғау шараларын қатаң сақтауы қажет.

Экономикалық тәуекелдер мұнай-газ кәсіпорындарының қаржылық

тұрақтылығына және ұзақ мерзімді дамуына айтарлықтай әсер етеді. Экономикалық тәуекелдер нарықтағы баға тұрақсыздығы, инвестициялық белгісіздік, қаржылық және құқықтық өзгерістермен байланысты. Мұнай мен газ бағасының құбылмалылығы компаниялардың табыстылығына тікелей ықпал етіп, өндіріс көлемін қысқартуға немесе жаңа жобаларды тоқтатуға мәжбүрлеуі мүмкін. Бағаның төмендеуі кәсіпорындардың қаржылық тұрақтылығын әлсіретіп, шығындардың көбеюіне әкеледі. Инвестициялық тәуекелдер де экономикалық тәуекелдерде маңызды рөл атқарады. Мұнай мен газ қорларын барлау және өндіруге салынған инвестициялар әрдайым өзін ақтамайды, себебі геологиялық зерттеулердің нәтижесі белгісіз болуы мүмкін. Қаржылық және валюта тәуекелдері де компаниялардың табысын азайтып, шығындарын арттыруы мүмкін. Сондай-ақ салық саясаты мен экологиялық реттеулердің өзгеруі қосымша қаржылық жүктеме түсіріп, өндіріс шығындарының өсуіне себеп болады. Сондықтан экономикалық тәуекелдерді азайту үшін нарықтық жағдайларды талдау, қаржылық тұрақтылықты сақтау және тиімді басқару стратегияларын қолдану қажет.

Технологиялық тәуекелдер – бұл жаңа технологияларды енгізу және пайдалану барысында туындайтын белгісіздік пен қауіптер. Олар өндіріс, бизнес, ғылым және күнделікті өмірдің барлық салаларында кездесуі мүмкін. Технологиялық тәуекелдерге жаңа технологиялардың күтілген нәтиже бермеуі, олардың нарыққа сәйкес келмеуі, өндірістік немесе ақпараттық жүйелердің істен шығуы, сондай-ақ хакерлік шабуылдар мен деректердің ұрлануы жатады. Автоматтандырудың әсерінен кейбір жұмыс орындарының қысқаруы да технологиялық тәуекелдердің бірі болып саналады. Кейбір жағдайларда жаңа технологияларға салынған инвестициялар өзін-өзі ақтамауы мүмкін, бұл да қаржылық шығындарға әкеледі. Технологиялық тәуекелдерді басқару үшін компаниялар жаңа технологияларды енгізбес бұрын мұқият зерттеу жүргізіп, тестілеу жасап, резервтік жоспарлар дайындайды. Ақпараттық қауіпсіздік шараларын күшейту және қызметкерлерді жаңа технологияларға бейімдеу бұл тәуекел үшін аса маңызды. Тиімді басқару стратегиялары технологиялық тәуекелдерді азайтып, компаниялардың бәсекеге қабілеттілігін арттыруға мүмкіндік береді [3-4].

Мұнай-газ саласындағы тәуекелдерді бағалау – кәсіпорындар үшін маңызды процесс. Бұл бағалау әдістері тәуекелдерді анықтап, олардың ықтимал салдарын бағалауға және тиісті алдын алу шараларын жоспарлауға мүмкіндік береді. Тәуекелдерді бағалау өндірістің тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін ғана емес, сонымен қатар қаржылық және экологиялық тұрақтылықты сақтау үшін де қажет. Дұрыс жүргізілген талдау қауіпті жағдайлардың алдын алуға, технологиялық процестерді жетілдіруге және жұмысшылардың қауіпсіздігін арттыруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар тәуекелдерді бағалау мұнай-газ кәсіпорындарының ұзақ мерзімді стратегиясын айқындауға, заңнамалық талаптарды орындауға және

элеуметтік жауапкершілікті күшейтуге ықпал етеді. Бұл процесс тұрақты даму қағидаларын сақтай отырып, кәсіпорындардың тиімділігін арттыруға көмектеседі.

Мұнай-газ кешені кәсіпорындарында қауіпті бағалау процедурасы қауіпсіздікті қамтамасыз етуде және төтенше жағдайлардың алдын алуда шешуші рөл атқарады. Мұндай кәсіпорындарда қолданылуы мүмкін тәуекелдерді бағалаудың екі негізгі тәсілі бар: сандық және сапалық. Ал қазіргі таңдағы тәуекелді бағалаудың әдістері интеграциялық жасанды интеллект әдістерімен жетілдірілген [5-6].

Интеграциялық тәсілдер – тәуекелдерді бағалаудың кешенді әдістерін қамтитын заманауи тәсіл. Бұл әдістер сапалық және сандық талдау құралдарын біріктіру арқылы тәуекелдерді жан-жақты бағалауға мүмкіндік береді. Мұндай тәсілдер тәуекел факторларының өзара байланысын зерттеуге, ықтимал сценарийлерді модельдеуге және тәуекелдерді болжаудың тиімділігін арттыруға көмектеседі.

Интеграциялық тәсілдердің артықшылықтары:

- Деректер негізіндегі шешімдерді қабылдау мүмкіндігін арттырады.
- Тәуекелдерді болжаудың дәлдігін жақсартыады.
- Тәуекелдер арасындағы байланыстарды тиімді анықтауға көмектеседі.
- Автоматтандырылған жүйелерді енгізу арқылы бағалау үдерісін жылдамдатады.

Қазіргі таңда мұнай-газ саласында интеграциялық әдістер технологиялық процестердің сенімділігін арттырып, қаржылық шығындарды азайтуға және экологиялық қауіптерді төмендетеді. Қолданылатын әдістер 1-кестеде көрсетілген:

Кесте 1 - Тәуекелдерді бағалау әдістері

Бағалау әдістері	Сипаттамасы
Сапалық бағалау әдістері	Тәуекелдерді сипаттап, олардың ықтималдығы мен әсерін сараптамалық бағалау арқылы анықтауға бағытталған әдістер. Бұл тәсілдер негізінен сарапшылардың пікіріне сүйенеді және нақты сандық көрсеткіштерге емес, сапалық талдауға негізделеді.
<i>FMEA (Failure Modes and Effects Analysis)</i>	Ақауларды анықтау және олардың салдарын бағалау әдісі
<i>HAZOP (Hazard and Operability Study)</i>	Қауіпті факторларды анықтау және олардың ықтимал әсерін талдау
<i>SWOT-талдау</i>	Кәсіпорынның күшті және әлсіз жақтарын, мүмкіндіктері мен қауіптерін талдау
Сандық бағалау әдістері	Нақты деректер мен математикалық есептеулерге негізделген тәсілдер. Бұл әдістер тәуекелдердің ықтималдығын есептеп, олардың әсер ету деңгейін сандық тұрғыда бағалауға мүмкіндік

	береді.
<i>Статистикалық талдау</i>	Апаттар мен тәуекелдер бойынша тарихи деректерді зерттеу
<i>Ықтималдық-сандық модельдер</i>	Тәуекелдің ықтималдығын есептеу
<i>Monte Carlo әдісі</i>	Ықтималдықтар теориясы негізінде тәуекелдерді модельдеу
Интеграциялық тәсілдер	Бірнеше бағалау әдістерін біріктіріп, кешенді сараптама жасауға мүмкіндік беретін тәсілдер. Бұл әдістер тәуекелдерді басқарудың жүйелік көзқарасын қамтамасыз етеді.
<i>Көпфакторлы талдау</i>	Бірнеше тәуекел факторларын біріктіріп бағалау
<i>Жасанды интеллект пен үлкен деректерді қолдану</i>	Тәуекелдерді болжау үшін Big Data мен Machine Learning құралдарын пайдалану

Сапалық бағалау әдістері қарапайымдылығы мен жылдамдығы жағынан тиімді, себебі олар тәуекелдерді алдын ала анықтауға және олардың ықтимал салдарын болжауға мүмкіндік береді. Алайда бұл әдістердің негізгі кемшілігі – субъективтілігі жоғары және нақты сандық көрсеткіштер бермеуі.

Сандық бағалау әдістері дәлдігімен ерекшеленеді, себебі олар нақты деректер мен математикалық модельдерге негізделген, бұл тәуекелдерді неғұрлым сенімді бағалауға мүмкіндік береді. Бірақ сандық әдістер күрделі есептеулерді қажет етеді және үлкен деректер көлемімен жұмыс істеуді талап етеді, бұл оларды кей жағдайларда қолдануды қиындатады [7].

Интеграциялық тәсілдер ең тиімді әдіс болып саналады, өйткені олар сапалық және сандық бағалаудың артықшылықтарын біріктіріп, кешенді талдау жүргізуге мүмкіндік береді. Интеграциялық тәсіл тәуекелдерді жан-жақты қарастырып, шешім қабылдауда дәлдік пен тиімділікті арттырады. Дегенмен, интеграциялық әдістерді қолдану көп ресурсты, жоғары білікті мамандарды және жетілдірілген технологияларды қажет етеді, бұл оны барлық кәсіпорындар үшін бірдей қолжетімді етпеуі мүмкін.

Мұнай-газ кәсіпорындарында қауіп-қатерді төмендету стратегиялары өндірістің қауіпсіздігін қамтамасыз етіп, экологиялық тұрақтылық пен қаржылық тұрақтылықты сақтауға бағытталған кешенді шаралар жүйесін қамтиды. Қауіп-қатерлерді басқару кәсіпорындардың ұзақ мерзімді тиімді жұмыс істеуі үшін маңызды және оны жүйелі түрде жүзеге асыру қажет. Өндірістік процестердің қауіпсіздігін арттыру үшін заманауи технологияларды енгізу, автоматтандыру жүйелерін қолдану және жабдықтардың сенімділігін арттыру аса қажет. Тәуекелдерді басқару жүйесі үнемі жетілдіріліп, өндірістік процестерде ықтимал ақаулардың алдын алу шаралары іске асырылуы тиіс.

Мұнай-газ кешені кәсіпорындарында қауіп-қатерді төмендету өндірістің қауіпсіздігін, экологиялық тұрақтылықты және қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз ету үшін маңызды. Қауіп-қатерді басқару кешенді түрде жүзеге асырылады және бірнеше негізгі бағыттарды қамтиды. Бұл стратегиялар апаттардың алдын алу, өндірістің тиімділігін арттыру және қоршаған ортаға

кері әсерді азайту мақсатында қолданылады. Технологиялық жетістіктерді енгізу, персоналдың біліктілігін арттыру және мемлекеттік реттеулерге сай болу арқылы қауіпсіздік деңгейін жақсарту мүмкіндігі бар. Тиімді қауіп-қатерді басқару кәсіпорындардың ұзақ мерзімді тұрақтылығын қамтамасыз етіп, олардың нарықтағы бәсекеге қабілеттілігін күшейтеді [8].

Кесте 2 - Қауіп-қатерді төмендету стратегиялары

Ұйымдастырушылық шаралар	Қызметкерлерді үнемі оқыту және біліктілігін арттыру; қауіпсіздік стандарттарын сақтау және нормативтік талаптарды күшейту; жұмысшылардың еңбек жағдайын жақсарту және тәуекел мәдениетін қалыптастыру.
Экологиялық қауіпсіздік шаралары	Ластанудың алдын алу және қалдықтарды тиімді басқару; экологиялық тұрақты технологияларды енгізу; қалпына келтірілетін энергия көздерін пайдалану және энергия тиімділігін арттыру.
Экономикалық шаралар	Сақтандыру жүйесін енгізу және қаржылық резервтерді құру; инвестициялық тәуекелдерді азайту үшін әртараптандыру стратегияларын қолдану; мұнай-газ саласының ұзақ мерзімді тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін нарықтық зерттеулер жүргізу.
Инженерлік және технологиялық шаралар	Автоматтандыру және цифрлық бақылау жүйелерін енгізу; төтенше жағдайларды болдырмау үшін заманауи технологияларды пайдалану; қауіпсіздік деңгейін арттыру үшін жаңа материалдар мен жабдықтар қолдану.

